6	Ташкент облысы	122	82	40
7	Ташкент қаласы	1	0	1
8	Хорезм облысы	3	3	0

Ал жоғарыда келтірілген Республикамыздың аймақтарындағы қазақ тілінде білім беретін мектептерде ана тілінде оқып жатқан оқушылардың саны туралы мәліметті төмендегі кестеден көруге болады.

№	Өзбекстан Республикасы 2023-2024 оқу жылы бойынша	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып	ЖАЛПЫ
1	Қарақалпақстан республикасы	16 72	1697	16 84	179 7	190 2	176 8	1860	190 3	187 5	152 5	12 92	189 75
2	Бұхара облысы	64	72	41	58	70	58	60	63	60	41	50	637
3	Жызақ облысы	1	6	2	4	0	0	5	7	4	5	6	40
4	Навай облысы	78 7	851	71 5	847	820	768	840	757	748	531	45 8	812 2
5	Сырдария облысы	7	5	0	6	5	5	3	5	4	3	4	47
6	Ташкент облысы	19 64	2087	17 68	211 5	199 4	210 2	2175	233 4	236 0	186 5	16 12	223 76
7	Ташкент қаласы	0	0	0	0	0	0	0	11	21	24	7	63
8	Хорезм облысы	19	10	10	15	13	16	19	26	17	24	10	179
	ЖАЛПЫ	45 14	4728	42 20	484 2	480 4	471 7	4962	510 6	508 9	401 8	34 39	504 39

Тақырыпқа негіз болған өзекті мәселе жөнінде сөз қозғасaq:

Өзбекстан Республикасында қазақ мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетіне ажыратылған сағат жоспары									
№	Пән атауы	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып	Жалпы
1	Қазақ тілі	2	2	1,5	1,5	1,5	1	1	10,5
2	Әдебиет	2	2	1,5	1,5	1,5	1	1	10,5
	Жалпы	4	4	3	3	3	2	2	21

Сондай-ақ Өзбекстан Республикасы оқулықтарды, оқу-әдістемелік және ғылыми-техникалық әдебиеттерді Республикалық мемлекеттік тілде, сондай-ақ ұлтаралық қатынастар тілінде басып шығаруды көздейді. Өзбекстан Республикасында басқа республикалармен белгілі бір келісімдер жасасқанда қазақ және басқа тілдерде оқытылатын мектептер оқулықтармен, оқу-әдістемелік, көркем және ғылыми-техникалық әдебиеттермен қамтамасыз етуге шектеу жоқ. Сондай-ақ, бауырлас республикаларда тұратын өзбек ұлтына өзбек тіліндегі оқу-әдістемелік, көркем және ғылыми-техникалық әдебиеттермен қамтамасыз етіледі. Өзбекстан Республикасы өзбек тілін Республикадан тыс жерлерде сақтауға және дамытуға, білім мен мәдениетті насихаттауға көмектеседі деп Мемлекеттік тіл туралы заңда белгілеп қойған.

Өзбекстан Республикасында басылған кітаптар, газеттер мен журналдар, мерзімді басылымдар негізінен мемлекеттік тілде шығарылады. Ол сондай-ақ қажеттілікті ескере отырып, қазақ және басқа тілдерде жарық көреді. Бұған жергілікті басылым Өзбекстан Республикасы министрлер кабинетінің «Нұрлы жол» атты газеті, аудандық «Бостандық даусы», «Тамды шаруагері» сынды газеттері, сонымен қатар Телебағдарламалар мен радиохабарлар негізінен Республикалық мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сондай-ақ, хабарлар қазақ тілінде және Өзбекстан Республикасының аумағында тығыз тұратын басқа ұлттардың тілдерінде жүргізіледі. Өзбекстан телерадиокомпаниясы Өзбекстан – 1 телеканалында жүргізілетін «Дидар» бағдарламасы мен Өзбекстан телерадиокомпаниясы Өзбекстан – 1 радиоканалында жүргізілетін «Арайлы өңір» бағдарламалары дәлел бола алады.

Қорыта айтқанда, Өзбекстан Республикасында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту – тарихи, мәдени және рухани тұрғыдан маңызды бағыттардың бірі. Бүгінгі таңда бұл салада бірқатар оң өзгерістер байқалады: қазақ тілінде білім беретін мектептер мен топтардың сақталуы, оқулықтардың жаңартылуы, ұлттық мерекелер мен әдеби кештердің өткізілуі – соның айғағы. Сонымен қатар, білім сапасын арттыру, жаңа әдістемелерді енгізу, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру сияқты мәселелер өзекті болып отыр. Жалпы алғанда, Өзбекстандағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту жүйесі дамудың жаңа сатысына көтеріліп келеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен жас ұрпақтың тілдік және мәдени танымын кеңейту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар болашақта екі халықтың достығын нығайтып, қазақ қауымының рухани тұтастығын сақтауға зор үлес қосады.

ҚЫТАЙДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНІ МЕН ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Дәлелбек Қайнар, Ахметбек Гүлжан
Қытай Халық Республикасы,
Сиань шет тілдері университетінің
қазақ тілі кафедрасы*

Түйіндеме: «Бір белдеу, бір жол» бастамасының аясында Қытай мен Қазақстанның ынтымақтастығын сапалы дамытудың контекстінде қазақ тілі маңызды коммуникациялық құрал және мәдениетаралық байланыстың көпірі ретінде өз стратегиялық маңызын арттырып отыр. Қытайдағы жоғары оқу орындары көпсалалы, халықаралық деңгейдегі қазақ тілі мамандарын даярлауда маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта қазақ тілі мамандығының дамуы шектеулі көлем, ресурстардың тапшылығы және кешенді мамандардың жетіспеушілігі секілді мәселелермен бетпе-бет келуде. Бұл мақала Қытайдағы университеттердегі қазақ тілі мамандарын даярлаудың стратегиялық мәні мен практикалық маңыздылығын талқылайды, сондай-ақ қазақ тілі мамандығының тұрақты дамуын

қамтамасыз ету, ұлттық тіл стратегиясына қызмет ету және Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасуды дамыту сияқты мәселелерін қарастырады.

Кілт сөздер: «Бір белдеу, бір жол» бастамасы; қазақ тілі мамандығы; шет тілін оқыту; тіл стратегиясы

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері 30 жылдан астам уақыт ішінде өңірлік ықпалы бар мемлекет ретінде дамып келеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуға бағытталған тіл саясаты қазақ тілінің елдегі әлеуметтік-коммуникативтік рөлін арттыруда. «Бір белдеу, бір жол» бастамасының ілгерілеуі және Қазақстан – Қытай саммитінің нәтижелері негізінде екі ел арасындағы саяси сенім, экономикалық байланыстар мен мәдени ынтымақтастық сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілді. Осы процесс барысында қазақ тілі маңызды ақпарат алмасу көпірі мен рухани мәдениетінің өзегі болып табылады. Жоғары оқу орындары мемлекеттік тіл саясатының маңызды жүзеге асырушы субъектісі ретінде жоғары деңгейлі, кешенді, мәдениетаралық коммуникация қабілетіне ие қазақ тілі мамандарын даярлаудың тарихи миссиясын өзіне жүктейді. Мемлекет стратегиясына қызмет көрсету, мәдениетаралық алмасуды дамыту және кәсіби инновацияны арттыру мақсатында, Қытай жоғары оқу орындарында қазақ тілі мамандарын даярлаудың стратегиялық мәні мен практикалық зерттеулерін талқылау, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының екінші тілдер бағдарламасын құрудағы маңызды мәселеге айналды.

I. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Қытай жоғары оқу орындарында қазақ тілі мамандарын даярлаудың стратегиялық мәні

Орталық Азия «Бір белдеу, бір жол» бастамасының негізгі құрлықтық дәлізі ретінде геосаяси артықшылықтары мен стратегиялық орнының күннен-күнге артуымен ерекшеленеді. Қазақстан тек «Бір белдеу, бір жол» бастамасын алғаш қолдаған мемлекет қана емес, сонымен қатар Қытай — Орталық Азия механизміндегі аймақтық ынтымақтастық құрылымдарының маңызды серіктесі болып табылады. Қытай мен Қазақстан арасындағы ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, энергия ресурстарын игеру, цифрлық экономика және білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық жобаларының үздіксіз дамуы барысында қазақ тілі мамандарын даярлау елдің стратегиялық деңгейіндегі қажеттілікке айналды. Қазақ тілі Қазақстанның мемлекеттік әлеуметтік құрылымын, саяси мәдениетін және экономикалық жүйесін түсіну үшін маңызды құрал болып табылады. Жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі мамандығы стратегиялық емес, жалпы қолданылатын тілдер қатарына жатпайтын мамандық ретінде, өзінің дамуы мен құрылысында білім беру аясынан тыс шығып, мәдениетаралық алмасу, аймақтық басқару мен мемлекеттің сыртқы саясатының маңызды құрамдас бөлігіне айналуға.

Қытай мен Қазақстанның мәдени байланыстарының тарихы көп ғасырлық және екі елдің халықтары арасында ұзақ уақыт бойы қарым-қатынас орнаған. Тіл үйренудің соңғы мақсаты тек құралды қолдану ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық түсінік пен эмоциялық үйлесімділікке жету. [1, 6 б.] Қытай университеттеріндегі қазақ тілі мамандығы тек тіл үйретумен ғана шектелмей, «тіл + елтану зерттеулері + коммуникациялық қабілет» секілді кешенді шетел тілін меңгеру арқылы құрамдас сыртқы күштерді даярлаудың мемлекеттік стратегиялық платформасы ретіндегі маңызды рөл атқаруы тиіс.

Халықаралық тіл мамандары, соның ішінде қазақ тілі мамандығының тәрбиеленген кадрлары, екіжақты ынтымақтастықты арттыруда негізгі күш болып табылады. Тіл мамандығының стратегиялық мәні, ең алдымен, ұлттық тілдік әлеуетті құруға ықпал етуінде, ол Орталық Азиямен байланыс орнату, дипломатиялық қызметтерді қамтамасыз ету және ұлттық дискурс жүйесінің толықтығын қамтамасыз ету үшін маңызды буын болып табылады.

Қазіргі уақытта, мемлекеттік басқару мүмкіндіктерінің заманауи үдерісінде «тілдік қызмет көрсету мүмкіндігі» қажеттілігі артып отыр. Әсіресе, Қазақстанмен шекаралас, яғни Қытай Халық Республикасының Шыңжаң Ұйғыр автономиялық районындағы қазақ тілі мамандары шекаралық сауда, кедендік тексеру, ұлттық білім беру мен қауымдастық басқару секілді маңызды мәселелерде елеулі рөл атқаруда. Жергілікті билік органдары, кәсіпкерлер

мен қоғамдық ұйымдар мемлекеттік саясатты түсіну, тілдік коммуникация және мәдениетін татуласу қабілеті бар қазақ тілі мамандарына деген қажеттілікті үнемі арттыруда.

Сондықтан, қазақ тілі мамандығын оқыту механизмін онтайландыру қажеттілігі туындап отыр, бұл өз кезегінде «академиялық» білім беруден «қолданбалы» және «басқарушы» мамандарға көшу қадамдарын қажет етеді. Осылайша, қазақ тілі мамандығының дамуы Қытайдың “шекара–Орталық Азия” тілдік басқару бірлестігін құруына, мемлекеттік тілдік әлеуетті қорғау жүйесін жетілдіруге негіз болады.

II. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы Қытай жоғары оқу орындарында қазақ тілі мамандарын даярлаудың практикалық зерттеулері

Қазіргі уақытта шет тілдер пәндері «инструменталды» көзқарастан «стратегиялық» көзқарасқа көшу үдерісінде түбегейлі өзгерістерге тап болып отыр. «Білім беру саласында қуатты мемлекет құру тұжырымдамасы (2024-2035 жж.)» [2] шұғыл қажеттілік туғызатын мамандықтарға ерекше назар аударып, негізгі, жаңа және аралас ғылымдарды дамыту, жойылып бара жатқан және сирек пәндерді қолдауды баса көрсетеді. Бұл мемлекет тарапынан қолданбалы емес тілдердің, әсіресе «Бір белдеу, бір жол» бойындағы мемлекеттерге бағытталған тілдердің дамуына жоғары көңіл бөлетіндігін көрсетеді, соның мақсаты – ұлттық тілдік әлеуетті арттыру және мемлекеттік стратегиялық талаптарға қызмет ету.

«Білім беру қуатты мемлекетті құру жөніндегі жоспарлау тұжырымдамасы (2024-2035 жж.)» сонымен қатар «үздік инновациялық таланттарды анықтау және даярлау механизмін жетілдіру» [2] және «стратегиялық қажеттілік туындататын және жаңа салаларда мемлекеттік үздік инновациялық таланттарды даярлаудың жаңа моделдерін зерттеу» [2] сияқты талаптарды алға тартады. Бұл қазіргі уақытта жоғары деңгейдегі, кешенді тілдік мамандарға деген сұраныстың бар екендігін көрсетеді. Осыған байланысты шетел тілін оқытуда тілдік білім мен елтану зерттеулері, халықаралық коммуникация, интеллектуалдық технологиялар сияқты көп салалы интеграцияны жүзеге асыру қажет. «Тіл + мамандық + технология» кешенді мамандарды даярлау мақсат етілуде.

Бұдан шығатын қорытынды, қазақ тілі мамандығының құрылымы дәстүрлі «тіл мен әдебиет» парадигмасында тоқтап қалмауы қажет, мемлекеттік стратегиялық мақсаттарға қызмет ету тұрғысынан жаңа курстарды енгізіп, қолдану аясын кеңейту және мамандық түрлерін әртараптандыруды жетілдіру қажет.

«Білім беру қуатты мемлекетті құру жөніндегі жоспарлау тұжырымдамасы (2024-2035 жж.)» аясында қазақ тілі мамандарын даярлау процесін «тілді оқыту» деңгейінен «кешенді қабілеттерді қалыптастыруға» тереңдету бағытында дамыту қажет, білім беру сапасын ұлттық талаптарға дәл сәйкестендіру қажет.

1. «Шет тілі + Елтану зерттеулері» кешенді курс жүйесін құру

«Шет тілі + Елтану зерттеулері» екі бағытты біріктіретін курс жүйесін құру қазақ тілі мамандарының кешенді қабілеттерін арттырудың негізгі кілті болып табылады. Ең алдымен, тіл курстары негізінде Қазақстанның саяси жүйесі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, заңдары, мәдениеті, сыртқы саясаты сияқты модульдік курстарды жүйелі түрде енгізу қажет. Мысалы, «Қазақстандағы заманауи саясат пен сыртқы саясат», «Қытай-Қазақстан сауда-экономикалық ынтымақтастығына кіріспе», «Орталық Азияның тарихы мен мәдениеті» сияқты курстар ашу арқылы студенттердің тілдік түсінігін саясаттық талдау қабілетіне дейін кеңейтуге болады.

Сонымен қатар, елтану зерттеулері платформаларымен өзара әрекеттестікті күшейту қажет. Әр университеттің «Қазақстан зерттеулері орталығы», «Орталық Азия зерттеулері орталығы», «Шанхай ынтымақтастық ұйымы зерттеулері орталығы» секілді ғылыми платформалар арқылы оқу мазмұнын және зерттеу нәтижелерін бөлісу және трансформациялау, курстардың ғылыми тереңдігін және практикалық аясын арттыруға қол жеткізуге болады.

Соңында, «екі ментор» жүйесін дамыту қажет. Тіл оқытушылары мен ғылыми сарапшылардың бірлесе отырып, қазақ тілі мамандығы студенттерін тәрбиелеуі

студенттердің тілдік сөйлеу қабілетін арттырып қана қоймай, аймақтық талдау, халықаралық коммуникация және басқа бағыттарда ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, бұл мультидисциплинарлы кешенді мамандарды даярлау моделін қалыптастырады.

2. «Өндіріс пен білімді бірлестіру, ЖОО мен кәсіпорынның ынтымақтастығы» тәрбиелеу механизмі

Нарыққа бағытталған, «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қызмет ететін қазақ тілі мамандарын даярлау үшін университет пен қоғам қажеттіліктері арасындағы «қабырғаны» бұзу қажет, оқу мен практиканы терең интеграциялау қажет. Механизмді дамыту тұрғысынан, университеттер Қытайлық компаниялармен, трансшекаралық электрондық коммерция платформаларымен, халықаралық ұйымдармен тұрақты ынтымақтастық қатынастарын орнатып, тәжірибелік оқу базаларын бірлесе құруы тиіс. Мысалы, Қазақстанда инфрақұрылым, электр энергетикасы, пайдалы қазбалар, логистика сияқты қызметтермен айналысатын компаниялармен қатынасып, студенттерге аудару қызметтері мен мәдени үйлестіру саласында тәжірибе жасау мүмкіндіктерін ұсыну.

Сонымен қатар, «салада тәжірибе + тілдік қызмет + аударма жобалары» интеграцияланған платформасын құру қажет, осылайша студенттер нақты саладағы ортада оқу тапсырмаларын орындауға мүмкіндік алады. Мысалы, студенттерді «Еуропа-Азия көрмесіне» немесе «Жібек жолы көрмесіне» қатыстыру, оларға ауызша аударма тәжірибесін алуына мүмкіндік беру. Жобалық және тапсырмалық бағыттағы оқыту практикасы студенттердің тілдік дағдыларын дамытуға, саясаттық мәтіндерді түсінуге, күтпеген жағдайларды шешуге және мәдени айырмашылықтарды келіссөз жүргізу қабілетін арттыруға көмектеседі, бұл олардың болашақта халықаралық компанияларға немесе халықаралық ұйымдарға кіруіне негіз болады.

3. Ақпараттық технологиялар арқылы «Ақылды тіл білімі» жаңа экожүйесін құру

Жасанды интеллекті және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы тіл оқытуға жаңа құралдар мен жаңа сахналар береді. Қазақ тілі мамандарын даярлау цифрландыру үрдісіне сәйкес болуы қажет, «ақылды тіл білімі» экожүйесін құру қажет. Бір жағынан, студенттердің сөйлеу интонациясын, тіл логикасын, сөйлеу дәлдігін автоматты түрде анықтайтын және кері байланыс беретін сөйлеу бағалау жүйесін құру арқылы оқытудың дәлдігі мен тиімділігін арттыру қажет; екінші жағынан, студенттерге сабақтан тыс уақытта пайдалануға болатын, жаңалықтар мәтіндері, құқықтық құжаттар, мәдени оқу құралдары, күнделікті диалогтар секілді мазмұнды қамтитын қытай-қазақ екітілді ресурстар базасын әзірлеу, уақыт пен кеңістік шектеулерін жою.

Курстың форматы бойынша, жоғарғы оқу кезеңінде «Жасанды интеллектті қолдану арқылы ауызша аударма тәжірибесі» сияқты интеграциялық курстарды енгізу, студенттердің тілдерді қолдану тиімділігін және кросс-мәдени коммуникация дағдыларын арттыру. Сондай-ақ, «Ақылды сынып + иммерсивті оқыту» технологиялық платформасын құру қажет, виртуалды симуляциялық тәжірибелік оқыту енгізіліп, «халықаралық келіссөздер симуляциясы жүйесі» сияқты жобаларды жүзеге асыру арқылы студенттерге цифрлық платформада көп рөлді, көп тілдік коммуникация тәжірибесін жүргізуге мүмкіндік беріледі.

4. «Сыртқа шығу + Ішке шақыру» халықаралық ынтымақтастық платформасын құру

Халықаралық ынтымақтастық қазақ тілі мамандарын даярлауда халықаралық деңгейдің маңызды көрсеткіші. Университеттер екі бағытты «Сыртқа шығу + Ішке шақыру» халықаралық алмасу платформасын көп арналы, көп форматты түрде дамытуы қажет. Ең алдымен, Қазақстанның жетекші университеттерімен нақты ынтымақтастық жобаларын кеңейту, студенттердің алмасуы, бірлесіп даярлау сияқты іс-шараларды өткізу арқылы студенттердің шекарадан тыс оқуға жолын ашу.

Сондай-ақ, оқу орнында «Қытай-Қазақстан мәдениеті аптасы», «Қазақ тілі байқауы», «Жібек жолы тіл қызметтері форумдары» секілді шараларды ұйымдастырып, Қытайдағы елшіліктер, сарапшылар, мәдени елшілерді қатыстыру арқылы мәдениаралық алмасу атмосферасын қалыптастыру және студенттердің жаһандық көзқарастарын кеңейту. Сонымен қатар, Қазақстанның тәжірибелі мамандары мен ғалымдарын шақырып,

мәдениаралық қатынас туралы дәрістер, тарих пәндері сияқты тақырыптық курстар өткізу арқылы студенттердің кампус ішінде нақты, жүйелі оқу бағдарламаларын алуына мүмкіндік беру. Тұрақты халықаралық ынтымақтастық механизмін құру студенттердің тілдік қабілеттері мен халықаралық танымдарын арттыруға ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Қытай арасындағы академиялық алмасу мен мәдени өзара тәжірибе алмасуды нығайтуға да ықпал етеді.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы тереңдеп, ынтымақтастық кеңейіп жатқан жаңа уақыт кезеңінде, университеттердегі қазақ тілі мамандығының дамуы білім беру саласындағы міндеттерден ғана емес, сонымен қатар ұлттық стратегиялық тілдік әлеуетті дамытудағы маңызды жұмыс болып табылады. Университеттер «адамды тәрбиелеудің» негізгі міндетінің жетекшілігімен, мемлекеттік стратегияларға қызмет ету, мәдениетті үйлестіруді дамыту, халықтар арасындағы достық байланысты нығайту міндеттерін алып, мамандық мазмұны, тәрбиелеу іс-шарасы, платформалық механизмдерінде жүйелі инновацияларды жүзеге асырып, ұлттық тілдік әлеует жүйесінде үлкен рөл атқаруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Lado, Robert. Language and Culture. The University of Michigan Press, 1957.
2. Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесі. «Білім беру қуатты мемлекетті құру жөніндегі жоспарлау тұжырымдамасы (2024–2035 жылдар)». 2025 жылғы 19 қаңтар. ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің ресми сайты.

БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ӘЗІРЛЕУ МАҢЫЗЫ



***Картбаева Дарига Андреевна**
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
«Алматы облысы бойынша кәсіби дамыту институты»
филиалы
«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы»
кафедраның аға оқытушысы*

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – білім алушыларымыздың функционалдық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы дегеніміз – оқушының қоршаған ортадағы табиғи құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіруі, ғылыми дәлелдер келтіріп қорытынды жасауы, тәжірибелік өмірде биологиялық білімді қолдана алуы. Осы бағытта сабақтарда ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру тапсырмаларын құрастыру маңызды рөл атқарады.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы – бұл қазіргі заманғы қоғамда әрбір жеке тұлға үшін өте маңызды дағды. Ол тек ғылыми фактілерді білумен шектелмейді, сонымен қатар ғылыми әдістерді түсінуді, дәлелдерге негізделген шешімдер қабылдауды және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қамтиды. Биология пәні осы сауаттылықты қалыптастыруда ерекше рөл атқарады, өйткені ол тірі табиғаттың күрделі жүйелерін, олардың өзара байланысын және адамның табиғатқа әсерін зерттейді.

Оқушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын арттыру арқылы біз оларды болашақтағы ғылыми-техникалық прогреске дайындаймыз және олардың қоршаған әлемді тереңірек түсінуіне мүмкіндік береміз. Бұл сауаттылық оқушыларға ақпараттық ағында дұрыс бағдар жасауға, жалған ғылыми мәліметтерді ажыратуға және өз бетінше зерттеулер жүргізуге қабілетті болуға көмектеседі.

Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірде кездесетін жағдаяттарға бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін бейімделу дағдысы мен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты анықтауға арналған тапсырмалар жоспарлау міндетті болып табылады.

PISA зерттеулерінің алдыңғы нәтижелері бойынша, қазақстандық мектеп оқушылары пәндік білімдерін еске түсіру немесе өздеріне таныс оқу жағдайларында қолдана алу деңгейінде меңгергені байқалған, бірақ білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда қолдануда едәуір қиындықтар туындаған; табиғи құбылыстарды, нақты деректерді, технологиялар мен оларды енгізудің қоғам мен қоршаған орта үшін салдарын түсіндіруге дайындықтарының жетіспеушілігі байқалған; зерттеулер негізінде қорытынды жасау, проблемаларды шешу жолдарын ұсыну, ғылыми деректерді жетік түсіндіру және бағалау, келтірілген қорытындылардың дұрыстығын бағалау білігі қалыптаспағандығы көрсетілген.

Жалпы жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – бұл жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері бойынша меңгерген білімдерін қолдана білу, мәселелерді анықтау және тиісті шешім қабылдау үшін негізделген қорытындылар тұжырымдау және қорытынды жасай білу қабілеттерінің деңгейі. Сондықтан осы жинақта биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар әзірлеудің тиімді амалдарын ұсынуды жоспарлап отырмыз. Тапсырмалар нақты бір шынайы өмірлік жағдаят сипаттамасы- мен және негізгі тапсырмаға байланысты туындаған бірқатар мәселелер түрінде беріледі.

Мәнмәтін – бұл тапсырмада келтірілген проблемалық жағдайға қатысты негізгі тақырып. PISA зерттеуінде бұл жағдайлар мына салаларға жіктеледі: денсаулық; табиғи ресурстар; қоршаған орта; қауіптер мен тәуекелдер; ғылым мен технологияның байланысы. Сонымен бірге ұсынылған жағдай үш деңгейдің біреуінде ғана қарастырылуы мүмкін: жеке (оқушының өзіне, оның отбасы және достарына байланысты), жергілікті/ұлттық (жергілікті мәселелерге байланысты) және жаһандық (әлемнің әртүрлі түкпірінде болып жатқан құбылыстарды қарастырғанда).

Жаратылыстану-ғылыми пәндерінің жаңартылған бағдарламаларында білім беру мазмұны құндылықтарға бағытталған тәсілге негізделіп, жеке тұлғалық, отбасылық, мемлекеттік, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуды көздейтінін жоғарыда атап айтқан болатынымын. Мәнмәтін – осы тапсырманы функционалды сауаттылықты дамытуға бағытталған деп есептеуге болатын өте маңызды шарт. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық білімді дерексіз жағдайларда емес, шынайы өмірлік жағдаяттарға қолдана алу дағдыларын көздейді. Проблемалық жағдаяттар берілген мәнмәтін: «Жаратылыстану-ғылыми білім не үшін қажет болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап береді. Мәнмәтінсіз берілген тапсырмалар (есептер) бұл сұрақты ашық қалдырады, содан оқушылардың мұндай есептерді шешуге күш салуы мағынасыз болып қалады. Жалпы орта білім беру деңгейінің оқу бағдарламалары оқушылардың бойында іргелі ғылыми түсініктерді оқып-білу арқылы жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруды жүзеге асырады.

7–9-сыныптарға арналған «Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасы мазмұнындағы «Қоршаған орта» саласына қатысты оқу мақсаттары жүйесінде мәнмәтіндердің түрлі деңгейлері қалай екенін қарастырайық. Жеке тұлғалық деңгейде «Қоршаған орта» саласы «7.3.2.1 адам және экожүйе арасындағы өзара әсерді сипаттау» деген оқу мақсатымен, жергілікті/ұлттық деңгейде «8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру» оқу мақсатымен байланысты болуы мүмкін. Жаһандық деңгейде осы мәнмәтінді «9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру» оқу мақсатында ашуға болады. Мәнмәтіндегі проблемалық жағдаят сол пән саласы немесе нақты пән бойынша меңгерілген теориялық білімді дұрыс қолдану арқылы шешілуі тиіс. Яғни, атап отырғанымыздай жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерін оқу барысында оқушылар табиғат заңдылықтарын, үдерістерді,

құбылыстарды күнделікті өмірде кездестіретін үдерістер мен құбылыстарға байланыстыра алуы керек.

Тапсырмалардың мұндай түрлері оқушылардың жауап беру кезіндегі ойлау дағдысын бағалауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқушылардан ұсынылған сызба немесе мәтінмен жұмыс жасау, талдау, тірек сөздерді қолдана отырып, дәлелденген қорытындыларды жүйелеу және тұжырымдау дағдылары талап етіледі. Жоғарыда көрсетілген нақты ақпарат көздерімен (сызба, диаграмма, мәтін және т.б.) жұмыс дағдыларын «7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құрастыру», «9.2.4.10 шежіре сызбасын құру», «8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау», «9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау» және т.б. оқу мақсаттары аясында дамытуды жүзеге асыруға болады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан «Құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру» құзыреттілігі бағдарлама мазмұнындағы материалдармен тікелей байланысты екені айқын. Оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары Блум таксономиясындағы етістіктерді қолдану арқылы құрылып, оқушылардың нақты іс-әрекеттерін болжайды, ол білімнің қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге дағдылардың дамуына да мүмкіндік береді. «Құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру» құзыреттілігі когнитивті әрекеттер: білу, түсіндіру, негіздеу, дәлел келтіру, салыстыру, тұжырымдау, бағалау және т.б.

Сонымен бірге тәжірибеде қарастырылатын тағы бір әдіс проблемалық оқыту (Problem-Based Learning, PBL). Ол оқушылардың проблеманы шешу дағдыларын, сыни тұрғыдан ойлауын, қарым-қатынасын және білімді өз бетінше ізденуін дамытуға бағытталған инновациялық әдістеме. Дайын білімді беруге басты назар аударылатын дәстүрлі әдістерден айырмашылығы, PBL үдерісті зерттеу механизмдерін де белсенді түрде қамтиды. Бұл теорияны практикада қолдануды талап ететін биология сияқты пәндер үшін PBL әсіресе маңызды етеді

Статистикалық талдау деректерін жинау алгоритмдері

1. Мәліметтерді жинау
2. Сипаттамалық статистика
3. Корреляциялық талдау
4. Регрессиялық талдау
5. Салыстырмалы талдау
6. Деректерді визуализациялау
7. Гипотеза тестілері

Мысалы:

1. Популяцияның тығыздығын бағалау. Белгілі бір түрдің әртүрлі аймақтарындағы популяциясының тығыздығын өлшеңіз.
2. Өсімдіктердің өсуін талдау. Әртүрлі жағдайларда (ылғалдылық, жарықтандыру) өсімдіктердің өсуін зерттеп, нәтижелерді салыстырыңыз.
3. Экожүйедегі түрлерді салыстыру. Бір экожүйедегі екі түрдің көптігін салыстырып, олардың арасындағы бәсекелестікке талдау жасаңыз.
4. Халықтың жастық құрылымы. Популяцияның жас құрылымын анықтап, жас бойынша бөліну графигін көрсетіңіз.
5. Көші-қон ағындарын талдау. Жыл мезгілдері бойынша жануарлардың миграциясын зерттеп, қоныс аударатын даралардың орташа санын есептеңіз.
6. Тірі қалуды салыстыру. Қоршаған орта жағдайларына (мысалы, температура) байланысты әртүрлі түрлердің өмір сүру жылдамдығын салыстырыңыз.
7. Құнарлықты зерттеу. Әртүрлі топтағы даралардың құнарлылығын өлшеңіз және орташа мәндерін салыстырыңыз.
8. Популяциядағы гендердің таралуы. Популяциядағы аллель жиілігін бағалаңыз және гипотезаны тексеру үшін хи-квадрат тестін орындаңыз.
9. Әртүрлі жағдайларда бактериялардың өсуі. Әртүрлі температурадағы бактериялардың өсу жылдамдығын зерттеп, корреляциялық талдау жүргізіңіз.

10. Түрлердің әртүрлілігін зерттеу. Ауданның әртүрлі аймақтарындағы түрлердің әртүрлілігін анықтаңыз және Шеннон индексын есептеңіз.

11. Жануарлардың мінез-құлқын талдау. Жануарлардағы белгілі бір мінез-құлық түрлерінің жиілігін жазып, таралу талдауын жүргізіңіз.

12. Морфологиялық белгілердің өзгергіштігін зерттеу. Бір түрдегі даралардың ұзындығы, салмағы немесе басқа сипаттамалары туралы деректерді жинаңыз және таралу гистограммасын жасаңыз.

13. Көбеюдің сәттілігін бағалау. Әртүрлі жағдайларда әр түрлі топтардың ұрпақтарының санын салыстырыңыз.

14. Халықтың өсуін талдау. Белгілі бір уақыт аралығындағы халық санының өсу динамикасын талдаңыз.

15. Популяцияның маусымдық өзгерістерін зерттеу. Популяция өлшемдерін маусымдар бойынша салыстырыңыз және айырмашылықтарды тексеру үшін ANOVA іске қосыңыз.

Статистикалық талдау деректерін негізделген қорытындылар нәтижелерді жүйелі түрде талдау және статистикалық көрсеткіштердің мәндерін түсіндіру арқылы жасалады.

Сізге негізделген қорытынды жасауға көмектесетін негізгі қадамдар:

1. Зерттеу контекстін түсіну
2. Сипаттамалық статистиканы талдау
3. Трендтер мен заңдылықтарды анықтау
4. Тексеру гипотезасын қолдану
5. Корреляциялық және себеп-салдарлық байланыстарды талдау

Мысалы: 1. Нәтижелердің практикалық маңыздылығын түсіну үшін өлшемдердің әсерін (мысалы, орташа айырмашылықтар, регрессия коэффициенттері) талдаңыз. Нәтиже статистикалық маңызды болса да, оның практикалық маңыздылығы аз болуы мүмкін.

2. Жүйелі қателер немесе деректердегі кездейсоқ қателер сияқтыларды ықтимал көздерін қарастырыңыз. Ықтимал әсер мәндерінің ауқымын түсіну үшін көрсеткіштер сенімділік интервалдарын бағалау

3. Нәтижелеріңізді бастапқы гипотезамен және зерттеу сұрақтарымен байланыстырыңыз. Нәтижелер сіздің үмітіңізді қалай растайтынын немесе жоққа шығаратынын дәлелді түрде түсіндіріңіз. Егер күтпеген нәтиже болса, ауытқудың ықтимал себептерін анықтау үшін қосымша талдау жүргізіңіз.

4. Деректерді түсіндіре алатын және олардың ықтималдығын бағалай алатын ықтимал балама гипотезаларды талдаңыз. Бұл тұжырымдардың дәлелдерге немесе бұрмаланған интерпретацияларға негізделмегенін қамтамасыз етуге көмектеседі.

5. Барлық жүргізілген талдаулар негізінде қорытынды талдау жасаңыз. Қажет болса, нәтижелерді практикалық мақсаттарда қалай пайдалануға болатынын сипаттаңыз.

6. Қорытындыларды, зерттеудің мүмкін болатын шектеулерін қосыңыз және болашақ зерттеулердің бағыттарын ұсыныңыз.

Тапсырмалар әзірлеудің негізгі ұстанымдары

1. Өмірмен байланыстыру – күнделікті өмірде кездесетін биологиялық құбылыстарды пайдалану.

2. Зерттеушілікке бағыттау – бақылау, тәжірибе жасау, гипотеза құру.

3. Интеграция – математика, физика, химия, география пәндерімен байланысты тапсырмалар құрастыру.

4. Сыни ойлау – деректерді талдау, салыстыру, дұрыс/бұрыс пікірді анықтау.

5. Коммуникативтілік – пікір алмасу, дәлел келтіру, топпен жұмыс.

Тапсырма әзірлеудің әдістемелік қадамдары (болжам бойынша)

1. Оқыту мақсаттарын анықтау, оқу бағдарламасына сәйкестендіру.

2. Проблемалық оқыту-өмірлік жағдаятпен байланыстыру.

3. Зертханалық тәжірибелер – бақылау, тәжірибе жасау арқылы қорытынды шығару. Зерттеу әрекетіне жетелейтін сұрақ қою.

4. Кейс-әдіс – нақты жағдайды талдау арқылы шешім қабылдау.

5. Жобалық жұмыс, қорытындылау, дәлелдеуге мүмкіндік беру.

6. Цифрлық ресурстарды пайдалану: интерактивті платформалар мен виртуалды зертханалар.

Мұғалім үшін тиімді әдіс-тәсілдер

- Сұрақ қою техникасы: ашық сұрақтар («неліктен?», «қалай?»).
- Жобалық оқыту: шағын зерттеу, презентация.
- Кейс-әдіс: өмірден алынған нақты жағдайларды талдау.
- Дискуссия және пікірталас: сыни ойлауды дамыту.
- АКТ қолдану: виртуалды лаборатория, симуляция.

Тапсырма мазмұнын жоспарлауға арналған ұсыныстарды қарастыру.

1.Проблемалық жағдаятқа негізделген тапсырмалар

Табиғат құбылыстарына қатысты мысалдар беру. Оқушыны зерттеуге, дәлелдеуге жетелейді.

2. Зертханалық-тәжірибелік жұмыстарға негізделген тапсырмалар

Тәжірибе жасау, нәтижені кестеге салып талдау, қорытынды жасау.

Мысалы: «Тәжірибеде өсімдіктің фотосинтез процесін дәлелдейтін мысалдар ұсынып, оттегінің бөлінуін зерделеніздер».

3. **Блум таксономиясы бойынша талдау тапсырмалары** (диаграмма, кесте, суретпен жұмыс) График немесе сурет мазмұнын талдау, қорытынды шығару.

Мысалы: «Берілген диаграмма бойынша жануарлардың популяция санының өзгеруіне әсер ететін факторларды түсіндіріңіз».

4. Критериалды ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар

- «Егер ..., онда ...» түріндегі болжам жасату.

- Мысалы: «Егер жапырақтағы булану үдерісі жүрмей қалса, өсімдікте қандай өзгерістер болады?».

5. PISA үлгісіндегі тапсырмалар

Оқушыға мәтін беріледі, мәтін мазмұнын талдап, практикалық шешім ұсынады.

Мысалы: «Астың ашу үдерісі неге байланысты? Оны алдын алу үшін қандай шаралар қолдану керек?».

6. **Кіріктірілген тапсырмалар. Биология тапсырмаларының мазмұнын химия, география, физика пәндері мазмұнымен байланыстыру.**

Мысалы: «Парниктік жылу биосфераға қалай әсер етеді?».

Осылайша білім алушыларды бәсекеге қабілетті тұлға ретінде алған білімдерін өмірде қолдана алуына ықпал ететін тапсырмалар мазмұнын түсіну пән мұғалімі үшін тиімді болып табылады. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру үшін биология сабақтарында тапсырмалар зерттеушілік, өмірлік жағдаяттарға негізделген, деректерді талдауға бағытталған болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020.

2. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша оқу тапсырмаларының жинағы. Нұр-сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Алтынсарин, 2022.

3. Білім берудегі STEM-тәсілін іске асырудың дидактикалық негіздері. Әдістемелік құрал. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023.

4. Жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын және үлгілік оқу жоспарын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024.

5. Интернет ресурстары



Педагогикалық инновациялар Педагогические инновации



ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН VR/AR ПЛАТФОРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Тлеубекова Ботакөз Тургамбаевна

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*

Оспанов Едилбай Түлебаевич

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*

Аннотация. Бұл мақалада қазақ әдебиетін заманауи цифрлық технологиялар арқылы оқыту мүмкіндіктері қарастырылады. Атап айтқанда, виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) платформаларын білім беру процесіне енгізу жолдары талданады. VR/AR технологиялары арқылы оқушыларды әдеби кейіпкерлермен «жанды» кездесуге, тарихи-мәдени контексті терең сезінуге мүмкіндік беретін оқыту формалары ұсынылады. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні дәлелденеді. Зерттеуде VR/AR технологияларын қазақ әдебиеті сабағында қолданудың тиімділігіне жасалған тәжірибелер мен шетелдік білім беру жүйесіндегі ұқсас жобаларға салыстырмалы талдау жасалған. Мақалада цифрлық платформалар арқылы ұлттық әдеби мұраны жаңа буынға тиімді жеткізудің әдістемелік негіздері ұсынылады. Бұл тәсілдер болашақта қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық бағыты ретінде кеңінен қолданылуы мүмкін.

Негізгі сөздер: цифрлық технология, оқыту әдістері, қазақ әдебиеті, тәсілдер, VR құралдары, VR және AR қолдану тәжірибесі

Қазіргі білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Сандық трансформация дәстүрлі оқыту әдістерін жаңғыртып, білім беру процесіне инновациялық технологияларды, соның ішінде виртуалды (VR) және толықтырылған (AR) шындықты кеңінен енгізуге жол ашты. Бұл технологиялар оқу үдерісін визуализациялау, интерактивтілік пен дербестендіру арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу материалын терең әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдері өзгеріп, білім беру жүйесі олардың цифрлық сауаттылығын, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталуда. Бұл тұрғыда VR/AR технологияларын қолдану тек техникалық бағыттағы пәндерде ғана емес, әдебиет сияқты гуманитарлық пәндерде де ерекше орын алуда. Әдебиет пәнінің табиғаты көркемдік пен қиялға негізделетінін ескерсек, оны визуалды әрі тәжірибелік тұрғыда ұсыну — білім алушылардың шығармамен тереңірек байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Осы орайда қазақ әдебиетін оқытуда VR/AR технологияларын енгізудің өзектілігі артып келеді.

Виртуалды (VR) және толықтырылған (AR) шындық технологиялары әртүрлі пәндер бойынша иммерсивті және интерактивті оқыту тәжірибесін қамтамасыз ету арқылы білім беруді өзгертеді [1; 2; 3; 4]. Бұл технологиялар оқушылар мен студенттердің оқуға деген мотивациясы мен белсенділігін арттырып, алған білімін ұзақ уақыт есте сақтауға көмектеседі. Өсіресе, күрделі ұғымдарды көрнекі түрде көрсетуге және зерттеуге мүмкіндік беретін жаратылыстану ғылымдары сияқты пәндерді оқытуда VR/AR технологияларының тиімділігі жоғары. Виртуалды және толықтырылған шындық арқылы абстрактілі түсініктерді нақты визуалды бейнелермен көрсету оқушылардың материалды тереңірек түсінуіне ықпал

етеді. Сонымен қатар, бұл технологиялар арқылы оқыту процесі қызықты әрі интерактивті сипатқа ие болып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. [4]. VR және AR шындық технологиясы биологиядағы анатомиядан бастап математикадағы геометрияға дейін және тарихи жәдігерлермен танысуда өте тиімді [1]. Ал тілді оқытуды AR және VR нақты және виртуалды әлемді қолдана отырып, тілді оқытудың жетілдірілген әдістерін қолду мүмкіндіктерін ұсынады [2]. Бұл технологиялар оқыту мен оқу нәтижелерін жақсарту үшін айтарлықтай мүмкіншіліктерді ұсынғанымен, бағасы, қолжетімділігі және мұғалімдерді қолднуға үйрету сияқты түрлі қиындықтар кеңінен кездеседі [4; 3]. Дегенмен, осындай кедергілерге қарамастан, AR және VR оқу тәжірибесін ілгерілету арқылы білім беру әдіс-тәсілдерін өзгертуге мүмкіндігі мол [4; 3].

Цифрлық нысандар арқылы шынайылықты толықтыруға байланысты барлық технологиялар шынайылықтың екі полярлы нұсқаларының арасында орналасқан: біз өмір сүретін шынайылық және виртуалды шынайылық. Шынайылық - бұл физикалық кеңістіктегі қосымша объектілердің мүлдем болмауы, яғни физикалық кеңістіктің өзі. Виртуалды шынайылық - бұл нақты объектілердің мүлдем болмауы. Іс жүзінде шынайылық көбінесе ішкі жиындарға бөлінеді. Екі классикалық ішкі жиынтық - толықтырылған шынайылық (augmented reality, AR) және виртуалды шынайылық (virtual reality, VR). Бірінші жағдайда, шынайылықты әртүрлі объектілермен толықтыратын технологиялар, екіншісінде виртуалды шынайылықты нақты объектілермен толықтыратын технологиялар деп түсіндіріледі [5].

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту әдістерін жаңғырту – уақыт талабы. Осы орайда заманауи технологияларды қолдану арқылы пән мазмұнын тиімді әрі тартымды түрде жеткізу жолдары кеңінен қарастырылуда. Әдебиет – тек мәтіндік емес, рухани-мәдени мұраны жеткізуші сала болғандықтан, оны заманауи құралдармен оқыту оқушылар мен студенттердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, көркем шығарма мазмұнын терең сезінуге жағдай жасайды. Әсіресе, қазақ әдебиетін VR/AR платформалар арқылы оқыту — ұлттық құндылықтарды жаңаша танып, тарихи-мәдени сана қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақ әдебиетін оқытуда VR (виртуалды шындық) және AR (толықтырылған шындық) технологияларын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері, тиімді жолдары және оларды оқу процесіне енгізудің нақты үлгілері қарастырылады. Мақсаты – әдебиетті оқытудағы инновациялық тәсілдердің педагогикалық әлеуетін ашу және қазақ әдебиетінің мазмұнын цифрлық форматта оқыту арқылы білім алушылардың танымдық қабілетін арттыру жолдарын ұсыну.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Виртуалды және толықтырылған шындықты қолдану зерттеуі әртүрлі зерттеу әдістерін қамтиды. Осы бағыттағы әдістемелік базаны талдау бізге бірнеше әдістерді анықтауға мүмкіндік берді, олар кейін әдебиет өкілдерін зерттеуде қолданылды:

1.VR және AR технологияларын білім беру саласында қолдануға қатысты ғылыми мақалалар, зерттеулер мен жарияланымдар бойынша әдеби шолу. Бұл әдіс саланың қазіргі жағдайын түсінуге, кемшіліктерді анықтауға және шешілмеген мәселелерді белгілеуге көмектеседі.

2.Оқу үдерісіне қатысатын мұғалімдер, студенттер және басқа қатысушылар арасында VR және AR қолдану тәжірибесі туралы мәліметтер жинау мақсатында сауалнама жүргізу.

3.VR және AR технологиялары қолданылатын сабақтардың барысын бақылау, студенттер мен оқытушылардың бұл технологиялармен өзара әрекетін зерттеу. Ұзақ мерзімді бақылау мен ұзақ мерзімді эсерлерді талдау студенттердің және шығармашылық мамандықтардың түлектерінің кәсіби дамуына VR және AR технологияларын қолданудың қаншалықты терең ықпал ететінін анықтауға мүмкіндік береді.


4.VR және AR технологияларын білім беруде қолданудың этикалық талдауы, соның ішінде деректердің құпиялылығы, қауіпсіздігі және әлеуметтік-мәдени мәселелер.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – ұлт руханияты мен тарихи сананың негізгі тірегі. Олардың шығармаларын жаңа технологиялар арқылы оқыту – жастардың әдебиетке деген

қызығушылығын арттырып, мазмұнды терең меңгеруіне жол ашады. VR (виртуалды шындық) және AR (толықтырылған шындық) технологияларын пайдалану тиімді әдіс ретінде қарастырылады.



1-сурет. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың STEM технологиялар зертханасының VR құралдары




2-сурет. VR құралдарына арналып жасалған суреттер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер арасында VR және AR технологияларын қолдану тәжірибесі мен бұл технологияларды әдебиет пәнін оқытуда пайдалану мүмкіндіктеріне қатысты көзқарастарын анықтау мақсатында сауалнама мен фокус-топтық сұхбат жүргізілді. Сұхбатқа барлығы 24 студент қатысты және ол фокус-топ форматында ұйымдастырылды. Ал сауалнама бірінші және төртінші курс аралығындағы 150 студентке таратылды. Зерттеу басталар алдында барлық қатысушыларға сауалнамаға жауап беру және зерттеудің кез келген кезеңінде қатысудан бас тартуға құқығы бар екені түсіндірілді.

Сауалнама нәтижесінде бакалавриат деңгейінде білім алып жатқан 78 студент жауап берді. Олардың ішінде 4-курс студенттері белсенділік танытып, қатысушылардың 41%-ын құрады. Ал 1-курс студенттерінің басым көпшілігі сауалнамаға қатысудан бас тартты. Қатысушылардың курс бойынша пайыздық үлесі 1-диаграммада көрсетілген.

Зерттеу барысында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың STEM технологиялар зертханасындағы VR құралдары қолданылды. Сұхбатқа қатысқан студенттер зертханадағы VR құрылғыларымен танысып, көру және тәжірибеден өткізу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, VR құралдары негізінде жасалған визуалды материалдармен жұмыс жүргізілді.




1-диаграмма. Сауалнамаға қатысушылар.

Нәтиже. Виртуалды шындық пен толықтырылған шындық технологияларын білім беру жүйесіне біріктіру қазіргі қолданыстағы педагогикалық тәсілдерге, әсіресе гуманитарлық ғылымдарға ерекше серпін алып келеді. VR және AR STEM салаларынан бастап тілдерді меңгеруге және арнайы білім алуға дейінгі әртүрлі пәндер бойынша алынатын ақпараттар мен дағдыларды дамытуды жақсартатын иммерсивті, интерактивті және тартымды оқыту тәжірибесін ұсынады [6]. Бұл технологиялар білім берудегі түрлі педагогикалық тәсілдерді толықтыра отырып, студенттерге қоршаған ортамен неғұрлым тереңірек әрекеттесу мүмкіндігін береді, бұл үлкен қызығушылық пен күрделі ұғымдарды тереңірек түсінуге ықпал етеді [7]. VR әр түрлі оқу орталарын құрастыру мүмкіндігі жоғары тәжірибе мен есте сақтау сапасын арттырады [8]. VR және AR-дың тарихи ортаны қайта құру, дерексіз тақырыптарды айқын көрсету және қатысуға негізделген баяндауларды жеңілдету әлеуеті студенттердің әдеби мәтіндермен қатынасу тәсілін өзгерте алады. Студенттерге әдеби әңгімелер әлеміне қадам басуға мүмкіндік бере отырып, бұл технологиялар дәстүрлі мәтіндік талдаудың шектеулерінен шығуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кейіпкерлерді, параметрлерді және тақырыптық элементтерді тереңірек және нақты түсінуге ықпал етеді. Бұл студенттердің жаңа технологияламен хабардар болуымен тікелей байланысты. Зерттеу жүргізу барысында қойылған сұрақтар нәтижесі бойынша VR және AR технологияларын білетін студенттердің саны біршама екендігі байқалды. Олар бұл туралы «жақсы білемін» деп 45 пайызға жуығы жауап берсе, дәл осы шамада, тек естіген бірақ, қолданбаған екен. Ал 10 пайыздан астамы мүлдем білмейтін болып шықты.

2-БӨЛІМ: Жалпы көзқарас Сіз VR (виртуалды шындық) және AR (кеңейтілген шындық) технологиялары туралы білесіз бе?


78 ответов



2-диаграмма. Студенттердің VR және AR туралы білетіндіктері.

Сіз бұл технологияларды оқу процесінде қолданған ба едіңіз?


78 ответов



3-диаграмма. VR және AR-ды оқу процесінде қолдану.


Ал 3-диаграмма оқу үдерісінде 37 пайыздан астамының қолданып көргендігін көрсетеді. Дегенмен 39 пайызға жуығы мүлдем қолданбаған екен.

Сонымен қатар зерттеуге қатысшылардың 74 пайызы VR және AR-ды әдебиет сабағында қолдану студенттердің қызығушылығын арттыратындығы деп көрсеткен, ал 59 пайызы шығарманы терең түсінуге көмектеседі деп жауап берген. Әрине, «уақытша тренд», «дәстүрлі әдістер жақсы» деген пікірлер де бар, бірақ қатысушылардың басым көпшілігі VR және AR-дың әдебиет сабағында кеңінен қолданылуын қалайды (4-диаграмма).



4-диаграмма. Әдебиет пәнінде VR және AR-ды қолдану бойынша көзқарастары.

Виртуалды шындық пен толықтырылған шындық технологияларын білім беру жүйесіне біріктіру дәстүрлі оқыту әдістемелерін, әсіресе әдебиеттік білім беру саласында жақсарту үшін бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер беретіні анық. Осы орайда қойылған сұраққа кейіпкер бейнесін визуалдау үшін VR мен AR технологиясының мүмкіндігі мол деген пікірді 68 пайызға жуық студент қолдаған. Ал сауалнамаға қатысқан студенттердің 54 пайызға жуығы әдеби кеңістікті сезінуге мүмкіндік береді деп санайды екен. Сонымен қатар студенттер VR мен AR технологиясының мүмкіндігін поэзияны әсерлі етіп жеткізуде, сюжеттік желіні интерактивтендіруде, ойын түрінде викториналар құрастыруда, сахналық қойылымдар жасауда пайдалануға болады деп санайды (5-диаграмма).




5-диаграмма. VR мен AR технологиясын қолдану туралы пікірлер.

Білім беруде AR және VR технологияларын қолдану соңғы жылдары артып келеді, бірақ әдеби бағында қолдану әлі кең етек ала қоған жоқ. Егерде ЖОО-да оқыту барсында әдебиет сабағында AR және VR технологияларын қолданылса, сабаққа қызығушылықтарын білу мақсатында қойылған сұраққа 63 пайызға жуық студент «иә, міндетті түрде» деген жауапты таңдады. Бұл студенттердің сабаққа деген қызығшылығын арттыруға мүмкіндік беретін технология екенін дәлелдейді (6-диаграмма).

Егер университет VR/AR технологиясымен әдебиет пәнін ұсынса, қатысар ма едіңіз?

78 ответов



6-диаграмма. Әдебиет пәнінде қолданылуы жөніндегі пікірлер.

Талқылау. Бұл зерттеу Қазақ Тілі мен Әдебиеті мамандығы бойынша Оқитын қазақстандық студенттердің Виртуалды Шындық (VR) және Толықтырылған Шындық (AR) технологияларын білім беруде қолдануға қатысты түсініктері мен тәжірибелерін зерттеді. Әр түрлі оқу жылдарындағы студенттерден тұратын фокус-топтың жауаптарын тақырыптық талдау негізінде VR/AR-ны педагогикалық практикаға интеграциялауға қатысты бірнеше негізгі тақырыптар пайда болды.

1.Бастапқы қызығушылық және шектеулі экспозиция

Соңғы зерттеулер әртүрлі секторларда виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологияларына қызығушылықтың артып келе жатқанын аңғартады. VR және AR әлеуетіне көптеген қызығушылықтар бар және бұл технологиялар білім, туризм және тұтынушылар тәжірибесі сияқты салаларда пайдалану артып келеді. Зерттеулер AR және VR медиасының оқу ортасындағы мотивация, қызығушылық және көзқарас сияқты аффективті сипаттамаларға оң әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді [9]. Кітапханалар мен мұражайлар қызмет көрсетуді жақсарту үшін VR және AR-мен жабдықтауға тырысуда, мәселен, Facebook осы технологиялардың негізгі инвесторы және платформасы ретінде көріне бастады [10]. Жоғары шығындар мен пайдаланушының бейімделу мәселелері сияқты қиындықтарға қарамастан, VR және AR болашағы инновациялар мен салалардағы трансформацияны ынталандыру мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Виртуалды Шындық (VR) және Толықтырылған Шындық (AR) сияқты жаңа технологиялардың әдебиеттік білім берудегі интеграциясын студенттер дәстүрлі педагогикалық тәсілдердің қуатты жетілдірілуі ретінде кеңінен қабылдайды. Фокус-топтардың жауаптары барысында бірнеше негізгі тақырыптар пайда болды. Негізгі артықшылығы белсенділік пен визуализацияның артуы болды. Студенттер VR ЖӘНЕ AR дерексіз әдеби көріністерді өмірге әкелуге көмектесетінін, оларды салыстырмалы және қызықты ете алатынын атап өтті: «біз романдардағы көріністерді, сюжеттерді сезіне аламыз» (студент-7) және «Қазақ әдебиетінің тарихи жағдайларын зерттеуге мүмкіндік береді» (студент-5). Бұл иммерсивті технологиялар оқушылардың мотивациясын және мазмұнмен

эмоционалды байланысын айтарлықтай жақсартатынын көрсететін зерттеулерге сәйкес келеді.

1 - ші және 2-ші курс студенттерінің басты тақырыбы олардың академиялық ортада VR/AR-ға шектеулігі, яғни қол жетімділігінің аздығы, сондай-ақ осы құралдарды қолдануға деген қызығушылығы болды. Құралдардың бейтаныс болғанына қарамастан, студенттер бұл құралдарды қолдануға барынша ынталы болды. Бір студент: «мен әлі VR немесе AR қолданбағанмын, бірақ мен қолдануға қатты қызығыман» деп атап өтті. Бұл зерттеулер көрсеткендей студенттерге мүмкіндік берілген кезде жаңа технологияларды ынталы түрде қабылдайтынын көрсетеді.

2. Жақсартылған визуализация

Виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) сабақ беру барысында визуализация әдістерін жақсартуға бағытталған. Көп перспективалы визуализация бір уақытта бірнеше қызығушылық аймақтарын көрсету арқылы навигация тиімділігін арттырады [11]. Визуалды қабылдау мен иммерсивті орталардағы өзара әрекеттесудегі әртүрлі қиындықтарды шеше отырып, тиімдірек, түсінікті және пайдаланушыға ыңғайлы VR және AR тәжірибесіне бірлесіп ықпал етеді. Сұхбат барысында барлық студенттер, әсіресе 3-4 курс студенттері, ӘДЕБИ мазмұнды визуализациялауды жақсартудағы VR/AR құндылығын атап өтті. 4-курс студенті: «киіз үй» немесе «батыр» туралы оқудың орнына, оны көріп, «сезінуге» болады. Бұл иммерсивті технологиялар қазақ әдебиетін оқытуда ерекше маңызды болып табылатын тарихи, мәдени және лингвистикалық контексттерді түсінуді айтарлықтай жақсартатынын көрсетеді. Осыған ұқсас нәтижелерді иммерсивті технологиялар көптеген сенсорлық жолдарды тарту арқылы терең оқытуды қолдайды деп мәлімдеген ғалымдар хабарлады.

3. Инфрақұрылым және тілдік кедергілер

Толықтырылған шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) технологиялары білім беру мен коммуникацияны түрлендіру үшін, әсіресе тіл үйретуде әлеуеті зор [12] Дегенмен, бірнеше кедергілер олардың кең таралуына тежейді. Оларға инфрақұрылымдық шектеулер, шығындар, локализацияланған мазмұнның болмауы, мұғалімдердің жеткіліксіз дайындығы жатады [13]. Технологиялық кедергілерді еңсеру және қабылдауды арттыру үшін AR/VR мазмұны мен қызметтерін жасау және тарату үшін цифрлық платформаларды дамыту ұсынылады [14]. Осы қиындықтарға қарамастан, AR/VR технологиялары студенттердің белсенділігін арттыруға, аландаушылықты азайтуға мүмкіндік жасайды [15]. Сұхбат барсында студенттер практикалық мәселелерді, соның ішінде құрылғылардың жетіспеушілігін, оқытушылардың да білі бермейтіндігін және қазақ тіліндегі VR/AR мазмұнының жетіспеушілігін айтты. 2-курс студенті: «Көптеген оқытушылар VR және AR бойынша дайындықтан өтпеуі мүмкін.» Бұл кедергі инфрақұрылым педагогикалық амбициялардан жиі артта қалатын Орталық Азияда EdTech технологиясын енгізудегі кеңірек қиындықтарды қайталайды [15]. Бұл олқылықты жою оқытушылардың біліктілігін арттыру және локализацияланған цифрлық ресурстарды құру бойынша келісілген күш-жігерді қажет етеді [16].

4. Педагогикалық ұсыныстар

AR және VR технологиялары иммерсивті және интерактивті оқыту тәжірибесін ұсына отырып, білім беруді өзгертеді. Бұл технологиялар әртүрлі білім беру салаларында студенттердің мотивациясын, белсенділігін және оқу нәтижелерін жақсартады [17]. AR және VR симуляциялар мен интерактивті орталар арқылы білімді сақтауды, дағдыларды меңгеруді жақсартады және сыни ойлауды дамытады [18]. Білім берудегі AR және VR тиімді интеграциясы педагогикалық тұрғыдан негізделген дизайнды, оқытушылардың біліктілігінің жоғары боуын және технологиялардың қолжетімділік мәселелерін қарастыруды талап етеді [15; 19]. Бұл технологиялар үлкен үміт бергенімен, қаржылық шығындар мен техникалық инфрақұрылым талаптары сияқты қиындықтар қала беретіні анық. Алдағы уақытта педагогтардың тәжірибесін, технологияға қолжетімділікті артырып және оқу

бағдарламаларына үздіксіз интеграциялау қажет. Білім берудегі AR және VR әлеуетін толық іске асыру үшін оқытушылар мен технологиялық компаниялар арасындағы үздіксіз зерттеулер мен ынтымақтастық өте маңызды [20]. Педагогикалық тұрғыдан студенттер бұл құралдар оқытудың әртүрлі стильдерін қолдайды деп сенді. Олардың бірі атап өткендей, «бұл әр түрлі типтегі оқушыларға—көру, есту және сезінуіне мүмкіндік береді» (студент-4). Кейбір студенттер технологияға шамадан тыс тәуелділік дәстүрлі оқу мен аналитикалық ойлаудан алшақтатуы мүмкін деп алаңдаушылық білдірді: «Әдебиет көрнекілікке емес, қиялға арналуы керек» (студент – 2). Сонымен қатар, қол жетімділік маңызды мәселе ретінде көтерілді: «Барлық жоғары оқу орындары бұл технологияға қол жеткізе алмайды... бұл студенттер арасында теңсіздікке әкелуі мүмкін» (студент-1), бұл технологияны жетілдіретін білім беруде әділ инфрақұрылымның қажеттілігін көрсетеді.

Фокус-топ қатысушылары VR / AR енгізуді жақсарту бойынша сындарлы ұсыныстар берді. Ұсыныстарға мұғалімдерді даярлау, интерактивті AR материалдары және оқу жоспарының нәтижелерімен мұқият сәйкестендіру кірді. Бір студент: «Виртуалды шындық әрекеттерін оқу нәтижелерімен байланыстыруды» ұсынды, бұл оқытуды жобалау принциптері туралы хабардарлықты атап өтті. Студенттердің жетекшілігімен жасалған бұл идеялар иммерсивті оқыту орталарына арналған озық тәжірибелер бойынша жаһандық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар бұл ұсыныстар айтарлықтай шығармашылық қызығушылықты көрсетті. Дегенмен, студенттер технология негізгі әдеби дағдыларды алмастырмай, қазіргі әдебиетті оқыту әдістерін толықтыруы керек деген оймен келіседі: «виртуалды шындықты ауыстырушы емес, қосымша көмекші құрал ретінде пайдаланыңыз» (студент - 8). Бұл тепе-теңдік дәстүрлі әдістерді толық алмастырудан гөрі ойластырылған интеграцияны жақтайтын қолданыстағы академиялық дискурсты көрсетеді.

«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан цифрлық экономиканы дамытуды көздеп отыр. Біздің міндетіміз – ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның даму деңгейі бойынша өңірдегі көшбасшылықты нығайту. Үкімет заңнаманы 5G, «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, жаңа цифрлық қаржы құралдары сияқты тың технологиялық құбылыстарға бейімдеу қажет», - деді [21].

Қорытындылай келе, студенттер әдеби білім берудегі VR/AR технологияларына қатысты ынтасы мен сыни көзқарасын қатар көрсетті. Олар өзара әрекеттестікті, түсінуді арттыруда бұл құралдардың әлеуетін мойындағанымен, оны педагогикалық тұрғыдан негізделген, әділ және мақсатты түрде енгізу қажеттігін де атап өтті. Зерттеу нәтижелері Қазақстандық студенттердің VR/AR интеграциясына оң көзқараспен қарайтынын және оны тіл мен әдебиет пәндерінде қолдануға бейім екенін дәлелдеді. Олардың пікірі инфрақұрылымдық дайындық пен педагогикалық қолдаудың маңыздылығын айқындайды. Қолда бар мәселелерге қарамастан, жүйелі тәсіл мен қолдау көрсетілген жағдайда VR/AR технологиялары білім беру саласына тың серпін әкелетіні анық. Әсіресе, қазақ әдебиеті сияқты рухани-мәдени мұраға негізделген пәндерді оқытуда бұл технологиялар жаңа мүмкіндіктер ашып, білім берудің сапасы мен мазмұнын жаңа деңгейге көтеруге сеп болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Fitria, Tira Nur. “Augmented Reality (AR) and Virtual Reality (VR) Technology in Education: Media of Teaching and Learning: A Review.” *International Journal of Computer and Information System (IJCIS)* (2023): n. pag.
- 2.Alizadeh, M. (2019). Augmented/virtual reality promises for ELT practitioners. In P. Clements, A. Krause, & P. Bennett (Eds.), *Diversity and inclusion*. Tokyo: JALT.
- 3.Mones, Barbara. “Before and after AR/VR: empowering paradigm shifts in education.” *SIGGRAPH Asia 2017 Symposium on Education* (2017): n. pag.

4.Bhatnagar, Dr Anjali. “Reimagining classroom practices with the lens of virtual reality and augmented reality for quality learning teaching in schools.” *International Education and Research Journal* (2024): n. pag.

5.Дополненная реальность=школа будущего [Электронды ресурс]. URL: <http://evtoolbox.ru/ev-toolbox/education>

6. Thangavel, Sathya, Revolutionizing Education Through Augmented Reality (AR) and Virtual Reality (VR): Innovations, Challenges and Future Prospects (March 03, 2025). Available at SSRN: <https://ssrn.com/abstract=5195697> or <http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.5195697>

7. Al-Ansi M.A., Jaboob M., Garad A., Al-Ansi A. (2023) Analyzing augmented reality (AR) and virtual reality (VR) recent development in education. *Social Sciences & Humanities Open* 8 <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2023.100532>

8.Sari, M., Muntholib, Habiddin, Dasna, I.W., & Sumari (2025). The Effect of Augmented Reality and Virtual Reality Media on Affective Characteristics (Interest, Motivation, and Attitude) in Chemistry Learning: A Literature Review. *Orbital: The Electronic Journal of Chemistry*.

9.Oyelude, A.A. (2018). Virtual reality (VR) and augmented reality (AR) in libraries and museums. *Library Hi Tech News*.

10.Wu, M., & Popescu, V. (2018). Efficient VR and AR Navigation Through Multiperspective Occlusion Management. *IEEE Transactions on Visualization and Computer Graphics*, 24, 3069-3080.

11.Staggini, G., & Cersosimo, R. (2021). VR-ISLAND: Virtual Reality, Inclusion and Special Language Needs. *CHIItaly 2021: 14th Biannual Conference of the Italian SIGCHI Chapter*.

12.Алмуханбетова, А. (2025). Мұғалімдер үшін жаңа өлшемдер: AR-VR және Жасанды интеллект. *Eurasian Science Review an International peer-reviewed multidisciplinary journal*.

13.Mondal, H., & Mondal, S. (2025). Adopting augmented reality and virtual reality in medical education in resource-limited settings: constraints and the way forward. *Advances in physiology education*.

14.Kshniakin, P.A., Mokeev, A.D., & Chaplygin, S. (2020). Infrastructure Platform for Creating and Distributing VR/AR Solutions.

15.Gulzhan, Niyazova, Zholaushievna, Rustam Abdrakhmanov, Elvira Adylbekova and Koshanova Gulnazira Danebekkyzy. “APPLYING AUGMENTED AND VIRTUAL REALITY IN ONLINE AND OFFLINE EDUCATION.”

16.Philippe, S., Souchet, A. D., Lameraz, P., Petridis, P., Caporal, J., Coldeboeuf, G., & Duzan, H. (2020). Multimodal teaching, learning and training in virtual reality: a review and case study. *Virtual Reality & Intelligent Hardware*, 2(5), 421-442. <https://doi.org/10.1016/j.vrih.2020.07.008>

17.Mystakidis, S.; Fragkaki, M.; Filippousis, G. Ready Teacher One: Virtual and Augmented Reality Online Professional Development for K-12 School Teachers. *Computers* 2021, 10, 134. <https://doi.org/10.3390/computers10100134>

18.Izmagambetova R., Karsybayeva R., Aitzhanova E. Augmented and virtual reality technology in education: a new dimension of learning. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(80), 2023 ж. 49-58

19.AlGerafi, M.A.M.; Zhou, Y.; Oubibi, M.; Wijaya, T.T. Unlocking the Potential: A Comprehensive Evaluation of Augmented Reality and Virtual Reality in Education. *Electronics* 2023, 12, 3953. <https://doi.org/10.3390/electronics12183953>

20. Исмоилов, Шухрат. “Виртуальная реальность и дополненная реальность в образовательных дисциплинах.” *Инновационные решения для повышения конкурентоспособности отечественной науки: сборник статей международной научной конференции (Санкт-Петербург, Май 2024)* (2024): n. pag.

21. Жантуреев Ж.Ж. Ғылыми-техникалық құралдар жүйесінде пилотсыз аппараттарды қолданудың орындылығы туралы мәселе Хабаршы — Вестник. 2025. № 2 (88) – 379 б.

<https://kpa.edu.kz/kz/category/9-nauka-kz/9-4-o-zhurnale-habarshi-vestnik-kz/journal-kz/>

БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ КЕРІ БАЙЛАНЫС: SMART ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҮЛГЕРІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Шакеров Шалкар Кусаингазыевич

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру
Ұлттық орталығы» АҚ «Алматы облысы бойынша
кәсіби дамыту институты» филиалы,
Жетісу облысы бойынша өкілдігінің аға оқытушысы*

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – білімді жай ғана меңгеретін емес, оны өмірде тиімді қолдана алатын, функционалдық сауаттылығы жоғары тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатқа жетудің негізгі құралы – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру. Дәстүрлі, тек қорытынды бағаға негізделген бағалау әдістері оқушыны ынталандырудан гөрі, оны жазалау құралына айналдырды.

Сондықтан білім беруде SMART (Self-directed, Motivated, Adapted, Resource-enriched, Technology-integrated) қағидаттарын енгізу бағалау жүйесін түбегейлі қайта қарауды қажет етеді. Осы мақалада оқушылардың үлгерімін арттыруға бағытталған бағалаудың заманауи әдістері, сапалы кері байланыс беру тәсілдері және олардың оқушыларды ынталандырудағы рөлі талданады.

1. SMART Оқыту Контексіндегі Бағалаудың Өзектілігі

SMART оқыту (өзін-өзі басқаратын, ынталы, бейімделген, ресурстармен қамтамасыз етілген, технологиямен біріктірілген) – білім беруді цифрландыру және жекелеу идеяларымен тығыз байланысты.

SMART оқыту жағдайындағы бағалаудың негізгі талаптары:

1. Жекелеу (Adapted): Бағалау құралдары әр оқушының оқу қарқынына және қажеттіліктеріне бейімделуі керек. Баға оқушының басқалармен салыстыруы емес, оның жеке ілгерілеуін көрсетуі тиіс.

2. Өзін-өзі басқару (Self-directed): Оқушылардың өз бетінше рефлексия жасауына және өз жетістіктерін бағалауына мүмкіндік беру.

3. Технологиямен біріктіру (Technology-integrated): Бағалау үдерісінде цифрлық құралдарды (онлайн платформалар, виртуалды симуляциялар) белсенді пайдалану.

Бұл талаптарды орындау үшін дәстүрлі бағалау (тек қорытынды баға) жеткіліксіз. Оның орнына қалыптастырушы бағалауға (ҚБ) басымдық беріледі.

2. Үлгерімді бағалаудың тиімді әдістері

SMART оқыту ортасында оқушылардың құзыреттіліктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін келесі әдістер мен тәсілдер тиімді:

2.1. Критериалды бағалау жүйесі (КБЖ)

Критериалды бағалау – бұл бағалаудың ең негізгі жаңа әдісі.

- Нақтылық пен түсініктілік: Оқушы жұмысты бастамай тұрып-ақ, оның жетістігінің критерийлері және дескрипторлары белгілі болады. Бұл оқушының нені орындауы керектігін нақты түсінуіне көмектеседі.

- Әділдік: Баға субъективті пікірге емес, тек орындалған жұмысқа және оның критерийлерге сәйкестігіне негізделеді.

- Қолдану: Әрбір тапсырмаға (жоба, шығармашылық жұмыс, зертханалық жұмыс) бағалау рубрикасын (критерийлер мен деңгейлер сипатталған кесте) жасау арқылы жүзеге асады.

2.2. Портфолио әдісі (Жетістіктер картасы)

Портфолио – оқушының белгілі бір уақыт аралығындағы оқу жетістіктерінің, ілгерілеуінің және өзін-өзі реттеу қабілетінің дәлелдері жинақталған құжат.

- Үздіксіз дамуды көрсету: Ол тек соңғы нәтижені емес, даму динамикасын көрсетеді. Оқушы өз қателіктерінің түзетілген нұсқасын, рефлексиялық жазбаларын қосады.

• Сандық портфолио: SMART ортада цифрлық портфолиолар (Google Classroom, MS Teams немесе арнайы электронды жүйелерде) қолданылады. Бұл мұғалімге кез келген уақытта оқушының жұмысына қол жеткізуге және кері байланыс беруге мүмкіндік береді.

2.3. Peer Assessment және Self-Assessment (өзара және өзін-өзі бағалау)

Бұл әдістер SMART оқытудың өзін-өзі басқару қағидатын іске асырады.

• Сыни ойлауды дамыту: Оқушылар критерийлерді қолдана отырып, өз жұмысын және құрбыларының жұмысын талдайды. Бұл олардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді.

• Жауапкершілік: Оқушылар бағалау үдерісіне белсенді қатысып, өз оқуына деген жауапкершілігін арттырады.

• Қолдану: ҚБ кезінде оқушыларға бағалау критерийлері беріледі. Олар осы критерийлерге сүйеніп, бір-біріне конструктивті кері байланыс береді.

3. Сапалы кері байланыс – ынталандырудың негізі

Бағалаудың әдістемелері қаншалықты жақсы болса да, егер олар сапалы кері байланыспен толықтырылмаса, тиімсіз болып қалады. Кері байланыс – бұл оқушыға жұмыстың сапасы туралы хабарлап қана қоймай, алға қарай дамудың бағытын көрсететін құрал.

3.1. Сапалы кері байланыстың қағидаттары

Кері байланыс эффективті болу үшін келесі шарттарға сәйкес келуі керек (Д. Хэтти және Г. Тимперли негізінде):

Қағидат	Сипаттамасы	Мысал
Уақтылы болуы	Жұмыс орындалғаннан кейін мүмкіндігінше тез берілуі керек.	Тесттен кейін 10 минут ішінде негізгі қателерді талдау.
Нақтылық (Конкреттілік)	Мінез-құлыққа немесе жеке қасиетке емес, жұмыстың нәтижесіне бағытталуы керек.	"Жақсы жазылған" емес, "Екінші абзацтағы дәлелің мәселені толық ашқан".
Алға бағыттаушы	Не істеу керектігін ғана емес, қалай істеу керектігін көрсетуі керек.	"Осы критерийге жетпедің" емес, "Осы тақырып бойынша қосымша екі дереккөзді пайдаланып, аргументіңді күшейт".
Мотивациялық	Оқушының күшті тұстарын атап өтуден басталуы керек.	"Сен бұл тапсырмада тақырыптың негізгі идеясын дұрыс анықтадың, енді дәлелдерді жүйелеуге көңіл бөл".

3.2. Кері байланыстың тиімді тәсілдері

1. Екі жұлдыз және Бір тілек (Two Stars and a Wish): Оқушының жұмысындағы екі жақсы тұсын (жұлдыз) және оған бір ғана даму бағытын (тілек) көрсету. Бұл кері байланысты оңтайлы және орындалуға жеңіл етеді.

2. Сэндвич ережесі (Sandwich Rule): Кері байланысты позитивті пікірден бастау, содан кейін сыни/түзетуші пікірді ортаға қою, және соңында тағы да позитивті пікірмен аяқтау.

3. Кері байланыс үштігі: Кері байланысты келесі үш сұраққа жауап беру арқылы құру:

- Қайда барасың? (Мақсат)
- Қазір қайдасың? (Қазіргі деңгей)
- Келесі қадам не? (Даму бағыты)

4. Оқушыларды ынталандырудағы бағалаудың рөлі

Бағалау мен кері байланыстың негізгі нәтижесі – оқушының ішкі мотивациясын қалыптастыру.

4.1. Сыртқыдан ішкі мотивацияға өту

• Дәстүрлі бағалау (баға): Көбінесе сыртқы мотивацияға (жақсы баға алу, ата-ананың мақтауы) негізделеді. Бұл мотивация қысқа мерзімді және нәтижеге бағытталған.

• Жаңа бағалау (кері байланыс): ішкі мотивацияны (білуге деген құштарлық, өз дамуын көру) нығайтады. Оқушы баға үшін емес, білім үшін жұмыс істей бастайды.

4.2. Өсу менталитетін қалыптастыру (Growth Mindset)

Кері байланыс оқушыға қателік – бұл оқу мүмкіндігі екенін түсінуге көмектеседі.

• "Мен математиканы түсінбеймін" (Тұрақты менталитет) дегеннің орнына, оқушы "Мен бұл тапсырманы әлі толық түсінген жоқпын, бірақ істей аламын" (Өсу менталитеті) деп ойлай бастайды.

• Мұғалімнің кері байланысы оқушының күш-жігерін, талпынысын және қолданған стратегиясын бағалауға бағытталуы керек, ал қабілетін емес.

• Қорыта айтқанда, бағалаудың заманауи әдістері – критериалды бағалау, портфолио, өзін-өзі және өзара бағалау – SMART оқыту жағдайында оқу үдерісінің маңызды құрамдас бөлігіне айналуға бастайды. Бұл тәсілдер оқушылардың тек білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі реттеу, сыни ойлау және ішкі мотивация дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мұғалімнің негізгі міндеті – бағалауды жазалау емес, оқушыны дамыту құралы ретінде қолдану. Сапалы кері байланыс арқылы оқушыға өзінің қателіктерін түсінуге және алдағы оқу қадамдарын анықтауға мүмкіндік беріледі. Осы арқылы біз білімді ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Д. Хэтти (Hattie, J.) & Тимперли, Г. (Timperley, H.) (2007). The Power of Feedback. Review of Educational Research, 77(1), 81–112.
2. Блум, Б.С. (Bloom, B.S.) (1968). Learning for mastery. Evaluation Comment, 1(2), 1-12.
3. Двейк, К. (Dweck, C. S.) (2006). Mindset: The New Psychology of Success. New York: Random House. (Мақалада "Өсу менталитеті" қағидасын негіздеу үшін)
4. Шыныбеков, Д.Ә. (2018). Критериалды бағалау: теориясы және практикасы. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ.
5. ҚР Білім және ғылым министрлігінің (2020). Қазақстан Республикасында орта білім беруді жаңғырту және бағалау жүйесін жетілдіру бағдарламасы. (Отандық білім берудегі өзгерістерді негіздеу үшін)
6. Smarter Balanced Assessment Consortium. (2014). Formative Assessment Practices: A Review of the Literature. (Қалыптастырушы бағалау әдістемелерін негіздеу үшін).

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА КІРІКТІРІЛГЕН МОДЕЛЬДЕР АРҚЫЛЫ ХИМИЯ МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Ибашев Б.О., Ақылбекова Т.Н., Мукатаева Ж.С.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аңдатпа: Мақалада автор жоғары оқу орындарында химиялық мамандық студенттерінің экологиялық сауаттылығын арттыру үшін ТРАСК және ТЕСІ сияқты интеграцияланған білім беру модельдерін қолдануды қарастырады. ТРАСК моделі теориялық білімдерді практикалық дағдылармен және технологиялық құралдармен біріктіруге мүмкіндік береді, бұл студенттерге нақты экологиялық мәселелерді шешуге көмектеседі. ТЕСІ моделінің аясында автор экологиялық процестерді талдау және модельдеу үшін технологиялар мен элеуметтік есептеулерді қолдануды атап өтеді, бұл студенттерге экологиялық зерттеулер және тұрақты даму саласында жаңа мүмкіндіктер ашады.

Кілтті сөздер: ТРАСК, ТЕСІ, химия, кіріктірілген модельдер.

Аннотация: В статье рассматривается использование интегрированных образовательных моделей ТРАСК и ТЕСІ в высших учебных заведениях для повышения экологической грамотности студентов химических специальностей. Модель ТРАСК способствует объединению теоретических знаний с практическими навыками и технологическими инструментами, что помогает студентам решать реальные экологические

задачи. В рамках модели TESI автор подчеркивает использование технологий и социальных вычислений для анализа и моделирования экологических процессов, что открывает новые возможности для студентов в области экологических исследований и устойчивого развития.

Ключевые слова: TPACK, TESI, химия, интегрированные модели.

Abstract: The article explores the use of integrated educational models TPACK and TESI in higher education to enhance the environmental literacy of chemistry students. The TPACK model facilitates the integration of theoretical knowledge with practical skills and technological tools, enabling students to address real environmental challenges. Within the TESI framework, particular attention is given to the application of technologies and social computing for analyzing and modeling ecological processes, which opens up new opportunities for students in ecological research and sustainable development.

Keywords: TPACK, TESI, chemistry, integrated models.

Қазіргі қоғам көптеген экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр, бұл тек кәсіби білімге ғана емес, сонымен қатар жоғары дамыған экологиялық құзыреттіліктерге де мамандарды даярлауды ерекше маңызды етеді. Жоғары білімнің маңызды міндеттерінің бірі — экологиялық аспектілерді әртүрлі ғылыми пәндерге, оның ішінде химияға да интеграциялау. Химия ғылымы экологиялық проблемалармен тікелей байланысты, өйткені ол табиғаттағы заттардың өзара әрекеттесу процесін ғана емес, экожүйелерді сақтау үшін тұрақты технологияларды әзірлеуді де қамтиды. Осыған байланысты студенттерге химия негіздерін меңгеруге ғана емес, сондай-ақ алған білімдерін экологиялық мәселелерді шешуге қолдануға көмектесетін интеграцияланған білім беру модельдерін құру қажеттілігі туындап отыр. Ғаламдық экологиялық мәселелер мен қоғамның тұрақты дамуы жағдайында экологиялық сауаттылықтың маңыздылығы даусыз. Химия мамандығының студенттері үшін тек химия саласындағы негізгі білімдерді меңгеріп қана қоймай, осы білімдерді экологиялық мәселелерді шешуге қолдана білу қабілетін дамыту да маңызды. Мұндай кешенді көзқарасты қалыптастыру үшін тиімді құрал — теориялық білімдер, практикалық дағдылар мен қазіргі технологияларды біріктіретін интеграцияланған білім беру модельдерін қолдану болып табылады.

TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) және TESI (Technology, Society, Interactions) модельдері осы контексте жоғары оқу орындарында оқытудың сапасын арттыру және студенттердің экологиялық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Біздің жағдайда мұндай интеграцияланған модельдерді қолданудың өзектілігі студенттердің экологиялық сауаттылығын тиімді дамытуға бағытталған заманауи оқу тәжірибелерін қалыптастыру қабілетінде жатыр. Мұндай тәсілдер химия, экология, педагогика және технология салаларындағы білімдерді синтездеуге мүмкіндік береді, бұл студенттерде қазіргі экологиялық мәселелерді шешуге кешенді және жауапты көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу әдістері. Соңғы жылдары химия және экологиялық сауаттылықты оқытуда технологиялар мен педагогикалық модельдерді интеграциялау мәселелеріне арналған ғылыми жарияланымдардың әдебиет шолуы мен сындарлы талдауы жүргізілді.

Нәтижелер. Жоғары оқу орындары терең түсінік қалыптастыратын және студенттерге экологиялық мәселелерді шешу мүмкіндігін беретін жаңа модельдерді интеграциялауды талап етеді. Химия мамандығының студенттері үшін экологиялық сауаттылықты толықтай қалыптастыру үшін тек химия саласындағы негізгі білімдерді меңгеріп қана қоймай, осы білімдерді тұрақты шешімдер әзірлеу үшін қолдана білу және экологияға тиімді қамқорлық жасау да маңызды. Осы контексте талдау нәтижесінде TPACK және TESI сияқты интеграцияланған модельдер химияны оқытуда экологиялық сауаттылықты арттыру үшін күшті құралдарға айналғаны көрсетілді.


TPACK моделі — бұл технологияларды оқыту процесіне тиімді интеграциялау үшін мұғалімнің қажетті білімдерін сипаттайтын ең танымал білім беру концепцияларының бірі. Бұл модель үш негізгі саланы қамтиды: пәндік мазмұн (контенттік білімдер), педагогикалық білімдер және технологиялық білімдер [1, с. 1870]. Химияны оқытуда TPACK моделі ерекше

құнды болып табылады, себебі ол оқытушыларға химия, экологиялық мәселелер мен заманауи білім беру технологияларын біртұтас жүйеге синтездеуге көмектеседі. Бұл тәсілдің маңызды аспектісі — ТРАСК тек теориялық білімдерді беру ғана емес, студенттерді инновациялық технологияларды пайдалана отырып, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған практикалық іс-әрекетке тартудың маңыздылығын атап өтеді [2, с. 651].

ТРАСК моделіндегі білімдер пәннің мазмұнына қатысты, ол қазіргі экологиялық қиындықтарды ескере отырып жаңартылуы қажет. Химияны оқытуда бұл табиғатта жүріп жатқан химиялық процестерді және олардың экожүйелерге әсерін зерттеуді қамтиды. Мысалы, су айдындарының ластануына, топырақтарда ауыр металдардың жинақталуына немесе қышқыл жаңбырлардың пайда болуына әкелетін химиялық реакцияларды түсіну осы мәселелермен күресу әдістерін әзірлеудің негізі болып табылады. Экологиялық аспектілерді химиялық білімге интеграциялау студенттерге олардың білімдерін қоршаған ортаға химиялық заттардың әсерін азайтуға бағытталған шешімдерді әзірлеуде қалай қолдануға болатынын көруге көмектеседі [3, с. 182]. Бұл жағдайда ТРАСК моделі ақпаратты тек беру ғана емес, сонымен қатар курс құрылымын студенттерге осы білімдерді нақты экологиялық жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретіндей етіп құруға көмектеседі.

ТРАСК моделіндегі педагогикалық білімдер студенттерде білімдерді меңгеру мен дағдыларды дамытуға ең тиімді ықпал ететін оқыту әдістерін таңдау мен қолдануға бағытталған. Бұл жобалық оқыту, мәселе негізінде зерттеулер жүргізу, кейс-методтарды және талқылауларды қолдану, сондай-ақ лабораториялық жұмыстар мен далалық зерттеулерді белсенді пайдалану сияқты әдістерді қамтиды. Химия мамандығының студенттері үшін тек теорияны түсіну ғана емес, сонымен қатар білімдерін тәжірибеде қолдана білу маңызды. Экологиялық жобаларды, мысалы, су айдындарын ластануды талдау немесе ауаны тазарту әдістерін әзірлеуді оқу процесіне енгізу студенттерге өз мамандығының маңыздылығын және олар шешуге қатыса алатын ғаламдық экологиялық мәселелерді түсінуге мүмкіндік береді. ТРАСК моделі аясындағы педагогикалық тәсіл білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді, онда студенттер тек білім алып қана қоймай, сыни ойлау, терең талдау дағдыларын да дамытады [4, с. 46].


ТРАСК моделінің үшінші компоненті — технологиялық білімдер — ерекше маңызды. Білім берудің цифрландыру жағдайында технологиялар оқыту процесінде барған сайын маңызды рөл атқаратынын түсінеміз. Химия саласында бұл экологиялық деректерді талдау және химиялық процестерді модельдеу үшін виртуалды лабораторияларды, симуляцияларды, білім беру платформаларын қолдануды қамтиды [5, с. 38].



1-сурет-1. ТРАСК моделінің құрылымы.

Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар материалды тереңірек және тиімді меңгеруге жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, су айдындарында немесе атмосферада ластаушы заттардың таралуы сияқты химиялық процестерді модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану студенттерге тек теориялық аспектілерді зерттеп қана қоймай, виртуалды ортада тәжірибе жасауға мүмкіндік береді, бұл материалды жақсы меңгеруге ықпал етеді. Технологиялық құралдар зерттеу жұмыстарын жүргізуге, экологиялық деректерді талдауға, химиялық заттардың қоршаған ортаға әсерін модельдеуге және экожүйелерді қорғау үшін инновациялық шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді [6, с. 110].

TESI моделі адамның және технологиялардың өзара әрекеттесуін, сондай-ақ междисциплинарлық тәсілдерді зерттеуге бағытталған. Біздің жағдайда, TESI зерттеулері әртүрлі технологиялардың экологиялық сауаттылықты шешуге қалай қолданылатынын зерттеуге бағытталған. TESI тәсілдерінің маңызды аспектілерінің бірі — үлкен деректер көлемін талдауға және әртүрлі химиялық және экологиялық процестердің салдарын болжауға мүмкіндік беретін әлеуметтік есептеулер мен желілік технологияларды қолдану [7, с. 22]. Мұндай технология білім беру процесінде тиімді қолданылуы мүмкін, себебі ол студенттерге химиялық процестердің экологиялық салдарын модельдеуге және экологиялық қауіптерді болдырмау немесе азайту үшін жаңа шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді.



2-сурет. TESI моделінің дизайны.

Әлеуметтік есептеулер мен желілік технологияларды химия білімінде қолдану студенттерге экологиялық зерттеулер саласында жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, ауа немесе су айдындарын ластану туралы деректерді талдайтын платформаларды қолдану студенттерге нақты жағдайлармен жұмыс істеуге, ластанудың себептерін зерттеуге және шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай дағдылар ғаламдық экологиялық мәселелер жағдайында, тұрақты дамуды шешуге кешенді көзқарас талап етілген кезде ерекше маңызды болады [8, с. 23].

TESI қолдайтын негізгі элементтердің бірі әртүрлі білім салаларын біріктіретін пәнаралық білім беру жобаларын әзірлеу. Біздің жағдайда жобалар су сапасын жақсарту, химиялық ластанушылармен күресу немесе тұрақты технологияларды әзірлеуге бағытталған. Мұндай жобалар аясында студенттер химия, экология, технологиялар және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы білімдерін қолдана отырып, қоғам үшін практикалық маңызы бар инновациялық шешімдер әзірлейді. TESI арқылы білім алу дағдылары қалыптасып, студенттер тек пәнді меңгеріп қана қоймай, сыни ойлау, инновациялық мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді [9, с. 2].

Осылайша, TRACK және TESI сияқты интеграцияланған модельдерді қолдану химия бойынша студенттердің экологиялық сауаттылығын жетілдіруде маңызды қадам болып табылады. Педагогикалық әдістердің, технологиялардың және экологиялық білімдердің үйлесімі студенттерге химияны тиімді меңгеруге ғана емес, экологиямен байланысты нақты мәселелерді шешуге қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін икемді және динамикалық білім беру ортасын қалыптастыруға көмектеседі. Жоғарыда аталған тәсілдер студенттерде экологиялық мәселелерді шешуге кешенді және жауапты көзқарас қалыптастыруға және ғаламдық экологиялық қиындықтар жағдайында практикалық қызметке дайын болуға ықпал етеді.

My teacher...
Content Knowledge - CK (A) ... demonstrated sufficient scientific knowledge of chemistry. (B) ... thought about the scientific contents of chemistry as an expert on the subject. (C) ... deeply understood the scientific contents of chemistry.
Pedagogical Knowledge – PK (D) ... was able to expand my thinking ability through challenging tasks. (E) ... guided me to adopt appropriate learning strategies. (F) ... was able to monitor my learning.
Pedagogical Knowledge of Content – PKC (G) ... managed to deal with the most common misconceptions I had. (H) ... addressed different teaching strategies to guide me in thinking and learning chemistry. (I) ... managed, in different ways, to help me understand chemical knowledge.
Technological Knowledge – TK (J) ... presented effective technical skills when using technologies in remote teaching. (K) ... knew how to solve technical problems related to technology during remote teaching. (L) ... used various internet tools and social media in his classes.
Pedagogical Technological Knowledge – PTK (M) ... was able to use technology to insert myself into real-world situations. (N) ... helped me to use technology and get data, plan and verify my learning. Used different forms of knowledge representation and to work collaboratively.

1-кесте. Оқыту тәжірибесінде TRACK моделін анықтау үшін қолданылатын мәлімдемелер.

Интеграцияланған модельдер тұрақты даму және экология мәселелерін шешуге қабілетті мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады, бұл қазіргі білім берудің басты мақсаты болып табылады.

Қорытындылай келе химия бойынша студенттердің экологиялық сауаттылығын жоғары оқу орындарында TRACK және TESI сияқты интеграцияланған модельдер арқылы жетілдіру тиімді тәсіл ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл модельдерді қолдану студенттердің сыни ойлау қабілеттерін дамыту, междисциплинарлық білім беру ортасын құру және қоршаған ортаны қорғау үшін тұрақты шешімдер әзірлеуге қабілетті мамандарды даярлау сияқты көптеген артықшылықтарды ұсынады. Технологияларды, экологияны және химияны білім беру процесіне интеграциялау экологиялық мәселелерді шешуге кешенді көзқарас

қалыптастыруға ықпал етеді, бұл сөзсіз білім беру сапасын арттырады және студенттердің ғаламдық экологиялық қиындықтарды шешуге дайындығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Zimmermann F., Melle I., Huwer J. Developing prospective chemistry teachers' TPACK—A comparison between students of two different universities and expertise levels regarding their TPACK self-efficacy, attitude, and lesson planning competence //Journal of Chemical Education. – 2021. – Т. 98. – №. 6. – С. 1863-1874.
2. Rodríguez Moreno J., Agreda Montoro M., Ortiz Colon A. M. Changes in teacher training within the TPACK model framework: A systematic review //Sustainability. – 2019. – Т. 11. – №. 7. – С. 1870.
3. Handayani S., Hussin M., Norman M. Technological pedagogical content knowledge (TPACK) model in teaching: A review and bibliometric analysis //Pegem Journal of Education and Instruction. – 2023. – Т. 13. – №. 3. – С. 176-190.
4. Chaidam O., Poonputta A. Learning Achievement Improvement of 1st Grade Students by Using Problem-Based Learning (PBL) on TPACK MODEL //Journal of Education and Learning. – 2022. – Т. 11. – №. 2. – С. 43-48.
5. Gong X. et al. Unpacking chemistry teachers' pedagogical reasoning and decisions for a PhET simulation: a TPACK perspective //Journal of Chemical Education. – 2022. – Т. 100. – №. 1. – С. 34-44.
6. Шевцова С. И., Зубарев А. М., Меньшиков В. В. Организационно-управленческие модели инновационных инжиниринговых центров с участием вузов //Успехи в химии и химической технологии. – 2018. – Т. 32. – №. 8 (204). – С. 109-111.
7. Aslanyan-rad E. A systematic review of the EFL student's TPACK model development from the WebQuest education components formation. – 2024. – С. 25.
8. Marcia M. Hughes and 3 more. Emotional Intelligence In Action: Training and Coaching Activities for Leaders and Managers // Pfeiffer; 1st edition. – 2011. – С. 114.
9. Marcia M. Team Emotional and Social Intelligence (TESI Short) Poster // John Wiley & Sons Ltd. – 2008. – С. 2.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДА ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Шиналиев Нұрмахан Азаматұлы

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің докторанты,
«№24 лицейі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Аннотация: Мақалада қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқыту үдерісінде геймификация әдісін қолданудың маңызы мен тиімділігі қарастырылған. Автор заманауи білім беру жүйесінде оқушының мотивациясын арттыру, белсенділігін қалыптастыру және оқу мотивациясын күшейту мақсатында ойын элементтерін қолданудың жолдарын көрсетеді. Сабақта геймификация элементтерін пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту тәжірибесі талданады. Зерттеу барысында ZipGrade сияқты цифрлық құралдардың көмегімен оқушылардың оқу жетістігін бағалау және кері байланыс алу тәсілдері ұсынылған. Мақалада геймификация әдісінің қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы қолданбалы маңызы айқындалып, оқыту процесін жаңғыртудың инновациялық жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: геймификация, қазақ тілі мен әдебиет, мотивация, функционалдық сауаттылық, цифрлық құрал, ZipGrade, педагогикалық инновация.

Аннотация: В статье рассматривается значимость и эффективность применения метода геймификации в преподавании казахского языка и литературы. Автор показывает пути использования игровых элементов с целью повышения мотивации учащихся, формирования их активности и вовлеченности в учебный процесс. Рассматривается опыт развития функциональной грамотности, творческого и критического мышления учащихся через внедрение элементов геймификации. В исследовании представлены способы оценки учебных достижений и получения обратной связи с помощью цифровых инструментов, таких как ZipGrade. Метод геймификации демонстрирует практическую значимость в преподавании казахского языка и литературы и открывает инновационные пути модернизации образовательного процесса.

Ключевые слова: геймификация, казахский язык и литература, мотивация, функциональная грамотность, цифровые инструменты, ZipGrade, педагогические инновации.

Бүгінде жаһандану дәуірінің көрінісі адамзаттың технологиялық жетістігімен сабақтас болып отыр. Білім беру кеңістігі жалпыадамзаттық құндылықты игеру жолында заман талабына сай оқытудың озық үлгілерін негізге алып, дамуға бет алды. Бұл білім алушының сұранысынан туындайтын тенденция екендігі белгілі. Оқу үрдісінде оқушыға әсер ететін сыртқы факторларға қарағанда, ішкі уәж әлдеқайда тиімді көмек көрсетеді. Оқушының сабақтағы белсенділігі мен ынта-жігерінің жоғары болуы басты назарда болады. Осы тұста әр мұғалімнің ойында «Оқушыларды сабағыма қалай қызықтыра аламын немесе оқушының ынтасыз болуын немен байланыстыратынын» деген сұрақтар туындайды. Шетелдік мұғалімдер осы мәселеге назар аударып, оқушыларының өз бетінше сабақ жүргізіп, белсенді оқу арқылы мақсатқа жетудің жолдарын дағды ретінде оқушыларына үйрете білген. Бұл – метатану ұғымының терең деңгейде қалыптасқандығын білдіреді. Әмірлі диалогтан бас тартып, сабақ мақсаттарына жету үшін метасана ашық диалог арқылы жүзеге асады және нәтижеге жетелейді. Осындай қағиданы ескере отырып, оқушылардың неге қызығатынын сұрағанымда сабақта ойын элементтерінің болуын өтінді. «Бала – балалық пен даналықтың арасында өмір сүреді» деген нақыл сөз бар. Балалықтың ойынға қызығатынын ескере отырып дұрыс бағыттасақ, даналықтың биігінен көрінетініміз анық.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бітін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру» деген сөзінен білімнің тәжірибеге негізделіп, оқушы үніне құлақ түру қажеттігін назарға алады [1, 298 б.].

Ғалымның «Ойнаңдар, ойлаңдар» әдісі – балалардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдіс. Бұл әдіс Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастарын көрсететін маңызды элементтердің бірі болып табылады. Ол қазақтың білім беру жүйесінде оқыту әдістерін жаңаша қарастырып, оқу мен тәрбие процесінде баланың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытуға баса назар аударды [1, 142 б.].

Күнделікті қолданысқа енгізіліп отырған заманауи ойын технологияларын пайдалану және трендік ойындармен сабақтастыру оқушының білімге деген көзқарасын өзгертеді. Бұл сабақ барысында «қауіпсіз қате» ұғымының қолданысқа енгендігін көрсетеді, яғни кателесуден қорықпаған оқушыда белсенді іс-әрекет пен танымдық дамуы ілгері басады.

Оқу үдерісін геймификациялау барысында мобильді бағдарлама арқылы оқушының жасаған іс-әрекеті бойынша сыйлық беріледі. Бұл оқу үлгерімінің жақсаруына айтарлықтай үлес қосады. Геймификациядағы негізгі ұстаным – мінез-құлықты интерактивті реттеуді қамтамасыз ету және ойынның барлық функционалдығын тез меңгеру үшін білім алушыдан тұрақты түрде өлшенетін кері байланыс алу болып табылады [2].

Білім алушылардың ынтасын арттыру, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және қиын материалдарды жеңіл әрі қызықты түрде ұсыну мүмкіндіктері осы әдістің тиімділігін көрсетеді. Геймификация оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Ойын элементтері оқу процесіндегі күрделіні жеңілге айналдырып, балаларды әрі

қарай оқуға ынталандырады. Бұл әдіс оқу процесін қызықты әрі көңілді етеді, нәтижесінде олар оқуға деген қызығушылығын жоғалтпайды. «Белсенді қатысу мен бәсекелестік, өзіндік бағалау және жетістіктерді көру арқылы оқушылар креативтілік қабілеттерін көрсетеді.

ZipGrade бағдарламасы арқылы оқушылар тест сұрақтарын тез және жарыс түрінде орындап, нәтижесін сканерлеу арқылы бір-бірімен бәсекеге түсе алады. Бұл бағдарлама арқылы 8-9 сынып оқушылары «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша әдеби шығармаларды оқып, тілдік дағдыларын дамытты. Оқушылар Д.Исабековтың «Бекет», О.Бөкейдің «Бәрі де майдан», С.Шаймерденовтың «Мезгіл», Т.Нұрмағамбетовтың «Қарлығаштың ұясы», Н.Дәутайұлы «Алтын балық», Т.Жексенбайдың «Бала бүркіт» туындыларын оқыды.

Аталған әдеби туындыларды оқу арқылы оқушылардың сыни ойлау арқылы анализ жасау, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, функционалды сауаттылықты арттыру, көркем әрі айшықты сөйлеудің жолдарын меңгеру, 4К моделі мен Soft skills икемді дағдыларды қалыптастырды. Көркем туындыдан алған үзінділер мен идеялық ерекшеліктерді шығармашылық жұмыс жасау кезінде қолдануға дағдыландырды. Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, «үздіксіз білім алу» қағидасын, кітап оқу мәдениетін қалыптастырды. Әрбір туындыны оқыған соң нәтиже тақтасында оқушылардың жеткен жетістігі мен оқу динамикасы көрсетілді. Бұл сынып ішінде зияткерлік бәсекеге ұласты. ZipGrade бағдарламасын қолдану барысында оқушылардың әдебиет пәніне қызығушылығы артқанын байқадым. Шабыттанбаған іс нәтиже бермейді. Табысты оқу - оқушылардың креативті ойлауынан туындаған өнім. Төменде оқушылардың эссе жұмысынан алынған үзінділер. Ел боламын десең, бесігіңді түзе"- деген М.Әуезовтің сөзі бекер айтылмаған. Бесік тербетіп, баласына бесік жырын айтқан ана әйел теңсіздігінің құрбаны болса, қоғам өркениет туралы ойлауға қабілетсіз. Қайран бақытсыз Жамал... Қ.Б..

Өнердің биігін бағындырған ел ағасы Естемістің өмірі ескексіз қайық секілді. Өнерді биік десек те өмірдің заңына бағынуы керек. Тағы да бір кем дүние... А. А..

"Аққулар ұйықтағанда" поэмасы - аяулы ана мен жер-ананың махаббатын сипаттайды. Табиғат-ана киелі аққуды аңсап, Жетімкөлді ойлап жетімсіресе, ана бала тағдырына алаңдаулы. Қарама-қайшылық. Бүкіл әлем таңданып оқитын шығарма деп айтуға болады. Ж.І.. Қазақ әдебиетінде классикалық туындылар көп. Бірақ неге қазақ әдебиетінде «Нобель сыйлығының лауреаты болған қазақ жазушысы жоқ»? "Аққулар ұйықтағанда" поэмасы арқылы Мұқағали лайық деп ойлаймын. Әлкей, Қаныш, Қадырлар туған қазақ топырағында Нобель сыйлығы болуы керек. Е.З..

Қазақ тілі сабағында оқушыларға сөз тіркесінің түрі мен байланысу тәсілдерін оқытуда сөйлем ішінде сөздердің бір-бірімен байланысын жинақтау арқылы жүзеге асты. Сөйлем құрамында сөздердің сөз тіркесін жасай алу мүмкіншілігі грамматикалық форма арқылы байланысты болатыны түсіндірілді. Қалаға келдім, қаладан келдім сөз тіркесінде белгілі бағытты білдірсе, екінші сөз тіркесінде шыққан жердің мекенін білдіріп тұр. Сөз тіркестерінің (қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу) ерекшелігін талдағанда алдымен сөз тіркесінің семантикалық өрісін назарға алдым. (Тәртіпті бала жақсы оқиды) Бала оқиды, тәртіпті бала, жақсы оқиды тіркестерінде (бала оқиды) предикаттық қатынас, қимыл іс-әрекеттің иесі, (тәртіпті бала) қимыл іс-әрекет иесінің қасиеті, (жақсы оқиды) қимыл іс-әрекеттің сапалық мәнін білдіріп тұр. Сөз тіркесінің семантикалық өрісін түсіндіру арқылы оқушы жаттанды білімді емес, жұмсалымдық мағынаны тану арқылы білімдерін жетілдірді. ZipGrade бағдарламасы арқылы қазақ тіліндегі сөз тіркесінің байланысу түрлері, тәсілдері тақырыптарын бекіту кезінде тиімді қолданылды. Сабақтағы белсенді ойын әрекеті жеке тұлғаның қажеттіліктерін белсенді іске асыруға, сәттілік мотивтерін пайдалануға, өзін-өзі жүзеге асыруға, білім алушыларға жағымды эмоционалдылық сипат тікелей әсер етеді. Геймификацияда ең күшті уәждердің бірі – ойыннан шабыт алу, білім алушыны әр түрлі іс-шараларға белсенді және ынталы қатысуға итермелейді, ынталандырып жігерлендіреді. Нәтижесінде субъектілердің ойын үрдісіне ғана емес, сонымен бірге білім беру үрдісіне де

қатысуы артады. Ойын – бұл жұмыс мүмкіндіктерін көрсететін үрдіс деп бекер айтылмаған; ойын – бұл қуаныш тудыратын және сонымен бірге жауапкершілікті білдіретін жағдай [3] .

Қорытындылап айтар болсақ, геймификация әдісін қазақ тілі мен әдебиет сабағында қолдану тілдік бірліктердің қолданысын талдауда, әдеби шығармалардың мазмұндық-идеялық ерекшелігін ажыратуда оқушының белсенділік құралдарын қосумен құнды. Мотивацияны қолдану, нақты оқу оқиғалары жағдайында мінез-құлық үлгілерін құру туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Геймификация элементтерін кеңінен пайдалану осы технологиялық жүйенің маңызды артықшылықтарын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-т. – Алматы, «Алаш», - 2005
2. Абишева Ж.М., Разахова Б.Ш. Білім берудегі геймификация. «Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу» атты X халықаралық конференция еңбектері, 16-18 маусым, 2022 ж.
3. Токжигитова А.Н. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. Геймификация элементтері арқылы білім алушылардың белсенділігін анықтау. № 3(144)/2023

SMART-ЦЕЛИ КАК ИНСТРУМЕНТ ЭФФЕКТИВНОГО ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

*Сулейменова Анар Кенжегуловна
Алматинской области, Илийского района
КГУ «СШ №51»
учитель русского языка и литературы*

Аннотация. В статье рассматривается применение технологии SMART-целеполагания как инструмента формирования читательской грамотности на уроках русского языка и литературы. Раскрываются принципы построения SMART-целей и их влияние на мотивацию, осознанность и учебную самостоятельность школьников. Представлены практические примеры формулировки целей, направленных на развитие умений анализа, интерпретации и аргументации при работе с текстами. Подчеркивается значимость четкого и измеримого целеполагания для достижения метапредметных образовательных результатов в условиях реализации требований ГОСО.

Ключевые слова: SMART-цели, читательская грамотность, русский язык, литература, метапредметные результаты, целеполагание.

Аннотация. Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде SMART-мақсат қою технологиясын қолдану қарастырылады. SMART-мақсаттарды құру принциптері және олардың оқушылардың мотивациясына, хабардарлығына және оқу тәуелсіздігіне әсері ашылады. Мәтіндермен жұмыс жасау кезінде талдау, түсіндіру және дәлелдеу дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттарды тұжырымдаудың практикалық мысалдары келтірілген. МЖМБС талаптарын іске асыру жағдайында Мета-Пәндік білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін нақты және өлшенетін мақсат қоюдың маңыздылығы атап өтіледі.

Түйінді сөздер: SMART-мақсаттар, оқу сауаттылығы, орыс тілі, әдебиет, Мета-пәндік нәтижелер, мақсат қою.

Abstract. The article examines the application of SMART goal-setting technology as a tool for developing reading literacy in Russian language and literature classes. It reveals the principles of setting SMART goals and their impact on students' motivation, awareness, and academic independence. The article provides practical examples of setting goals aimed at developing students'

skills in analyzing, interpreting, and arguing when working with texts. It emphasizes the importance of clear and measurable goal setting for achieving metasubject educational outcomes in accordance with the requirements of the State Educational Standard.

Keywords: SMART goals, reading literacy, Russian language, literature, metasubject results, goal setting.

Читательская грамотность является одной из ключевых компетенций, формируемых в рамках современного образования. В соответствии с требованиями ГОСО, ученик должен не только уметь читать, но и понимать, интерпретировать, анализировать и критически осмысливать прочитанный текст. На уроках русского языка и литературы эта компетенция развивается наиболее органично и многогранно, что делает данные предметы основой для её целенаправленного формирования.

Однако результативность этого процесса во многом зависит от качества педагогического планирования. Эффективное формирование читательской грамотности требует чёткого целеполагания, структурированности образовательного процесса и активного включения учащихся в собственную познавательную деятельность. В данном контексте особое значение приобретает технология SMART-целеполагания, которая позволяет формулировать конкретные, измеримые и достижимые цели. Такой подход способствует повышению мотивации школьников, развитию их самостоятельности и улучшению качества усвоения учебного материала. Более того, внедрение SMART-подхода в образовательную практику отражает современные тенденции педагогики, направленные на повышение результативности обучения, индивидуализацию образовательных маршрутов и развитие метапредметных компетенций учащихся. Целью статьи является обоснование эффективности применения технологии SMART-целеполагания как инструмента формирования читательской грамотности на уроках русского языка и литературы, а также выявление педагогических условий, способствующих успешной реализации этого подхода в образовательной практике. [1]

Основная часть. Прежде чем рассматривать возможности применения SMART-обучения, важно определить, что означает аббревиатура SMART.

Этиология и сущность аббревиатуры SMART. В образовательной практике она расшифровывается как:

- *S — Specific (конкретность)*
- *M — Measurable (измеримость)*
- *A — Achievable (достижимость)*
- *R — Relevant (значимость)*
- *T — Time-bound (ограниченность во времени).*

Это не специальная теория обучения и не просто "умное обучение с помощью технологий", а инструмент эффективного целеполагания, который применяется как в педагогике, так и в управлении проектами, саморазвитии и образовательной аналитике.

Понятие SMART впервые было предложено Джорджем Т.Дораном в 1981 году для управления. Затем, с развитием информационных технологий SMART-подход получил новое дыхание. Появление интерактивных платформ, приложений, образовательных нейросетей и цифровых оценочных инструментов позволило интегрировать принципы SMART в учебный процесс, обеспечив его гибкость, персонализацию и высокую результативность.

Современное SMART-обучение опирается на следующие ключевые принципы:

1. *Конкретность (Specific):* Цели должны быть чётко сформулированы, чтобы ученик ясно понимал, чего от него ожидают.

2. *Измеримость (Measurable):* Каждый этап обучения должен поддаваться объективной оценке — это помогает отслеживать прогресс и корректировать действия.

3. *Достижимость (Achievable):* Цели должны быть реалистичными, соответствовать уровню подготовки учащегося и доступным ресурсам.

4. *Значимость (Relevant):* Учебные задачи должны быть актуальны и практически применимы для ученика.

5. *Ограниченность во времени (Time-bound)*: Установление чётких сроков выполнения способствует развитию навыков тайм-менеджмента.

Дополнительно выделяют следующие принципы:

- *Систематичность* — обучение должно иметь чёткую структуру и логику.
- *Доступность* — адаптация образовательного процесса под возможности каждого
- *Ориентация на результат* — фокус на конкретных достижениях и навыках.[2]

Связь SMART-обучения с формированием читательской грамотности заключается в том, читательская грамотность включает не только технику чтения, но и способность анализировать, интерпретировать и критически оценивать тексты различных типов. Именно поэтому важна постановка чётких, измеримых и значимых целей на каждом этапе работы с текстом.

Примеры SMART-целей на уроках русского языка и литературы:

- *Определить основную идею текста и подтвердить её двумя цитатами (в течение 15 минут);*
- *Выделить авторскую позицию и выразить собственное мнение в виде краткого эссе (не менее 100 слов, за 25 минут);*
- *Проанализировать образ главного героя, используя 3 примера из текста и термины литературного анализа (в течение домашнего задания).*

Такое целеполагание делает работу с текстами осознанной, а результаты — измеримыми и управляемыми.

Педагогические условия эффективного внедрения SMART-обучения

Чтобы SMART-подход стал реальным инструментом формирования читательской грамотности, необходимо соблюдение ряда условий:

- Обучение педагогов основам SMART-целеполагания;
- Использование цифровых инструментов и платформ;
- Гибкое планирование с учётом уровня учеников;
- Поддержка самостоятельной работы и рефлексии;
- Организация оценки, ориентированной на развитие.

Для эффективной реализации SMART-целеполагания используются следующие цифровые инструменты и методы:

1. *Адаптивные программы и платформы*: Программные приложения или онлайн-сервисы, которые адаптируют учебный материал и тестовые задания под индивидуальные потребности каждого учащегося. Они выявляют слабые места и предлагают соответствующие задания для укрепления знаний.

2. *Онлайн-тестирование и оценивание*: Виртуальные системы позволяют проводить тесты и контрольные задания с использованием компьютера или мобильных устройств. Это обеспечивает быструю, объективную оценку и автоматическое выставление результатов.

3. *Формативные инструменты оценки*: Формативная оценка позволяет непрерывно отслеживать и оценивать достижения учащихся в процессе обучения. Применяются журналы успеваемости, портфолио, рубрики оценки и другие методы.

4. *Визуализация данных*: Интерактивные дашборды и графики помогают преподавателям и ученикам лучше понимать динамику успехов и прогресса, выявлять тренды и зоны, требующие дополнительного внимания.

5. *Онлайн-форумы и коммуникационные инструменты*: Платформы для общения и обмена знаниями способствуют созданию активной и динамичной образовательной среды.

6. *Электронные портфолио*: Позволяют учащимся сохранять и систематизировать учебные работы и достижения, а также получать обратную связь от преподавателей и родителей. [3]

Ниже в таблице 1 представлены некоторые популярные образовательные платформы с аналитическими инструментами, которые способствуют эффективному внедрению SMART-целеполагания в учебный процесс.

Таблица-1

Платформа	Ссылка	Описание возможностей
Google Classroom	classroom.google.com	Предоставляет инструменты для создания заданий, отслеживания прогресса и получения отчетов по успеваемости учащихся. Поддерживает сбор и анализ данных обучения.
Edmodo	edmodo.online	Образовательная платформа с возможностью управления классом и анализа учебных данных. Преподаватели могут отслеживать успехи и выявлять проблемные зоны.
Kahoot!	kahoot.com	Интерактивная платформа для игровых викторин. Предоставляет детальную статистику по результатам учащихся, что позволяет анализировать уровень усвоения материала.
ClassDojo	classdojo.com	Инструмент для управления поведением и академическим прогрессом. Предоставляет аналитические данные для адаптации педагогических стратегий.
Nearpod	nearpod.com	Платформа для создания интерактивных уроков. Обеспечивает сбор и анализ данных о понимании учащимися учебного материала.

Но это не полный перечень платформ. В ходе практики также представляют интерес и другие образовательные платформы, которые мы бы предлагали рассмотреть в нижеприведенной таблице № 2 [4]

Таблица 2

Платформа	Краткое описание	Основные возможности	Рекомендации по применению
Google Формы	Сервис для создания тестов и опросов с удобным интерфейсом и быстрым сбором ответов.	- Разнообразные типы вопросов- Готовые шаблоны (анкеты, тесты, рабочие листы)- Автоматическая и ручная оценка- Экспорт в Excel- Настройка времени теста- Совместная работа преподавателей	- Использовать для дистанционного и очного контроля знаний- Применять для рефлексии и сбора обратной связи- Автоматизировать проверку и анализ результатов тестов
Lumio	Многофункциональный инструмент для создания интерактивных уроков и игр, адаптирующийся к разным условиям.	- Импорт и улучшение уроков- Совместная и индивидуальная работа учащихся- Мониторинг прогресса через дашборд- Интерактивный контент и игры	- Внедрять в смешанное обучение (онлайн и офлайн)- Использовать игровые элементы для мотивации- Следить за прогрессом учеников в режиме реального времени
Google Jamboard	Онлайн-доска для визуализации и совместной работы с оперативной обратной связью.	- Виртуальная плоскость для идей- Гибкие настройки приватности- Совместное обсуждение- Быстрая оценка и комментирование	- Использовать для групповых проектов и мозговых штурмов- Визуализировать сложные темы- Организовывать интерактивные обсуждения в

Платформа	Краткое описание	Основные возможности	Рекомендации по применению
			классе и дистанционно
Padlet	Виртуальная доска для комбинирования информации и проектной деятельности.	- Проверка результатов-Проекты и взаимодействие-Технология «Перевернутый класс»- Обратная связь от учеников и родителей-Создание учебных материалов	- Применять для организации проектной работы и коллективных заданий-Использовать для обмена отзывами и идеями- Внедрять в методики активного обучения и самообразования

Выводы. Применение технологии SMART-целеполагания в образовательной практике позволило выделить следующие ключевые выводы:

-*SMART-цели*-действенный инструмент планирования, способствующий развитию читательской грамотности через чёткое, осознанное и мотивированное обучение.

-Он развивает метапредметные навыки:

- понимание и интерпретация текста;
- критическое мышление;
- формирование собственной позиции;
- саморегуляция учебной деятельности.

-Цифровые платформы усиливают эффективность подхода за счёт:

- быстрой обратной связи;
- анализа результатов;
- персонализации;
- визуализации прогресса.

-Интеграция SMART-подхода в уроки литературы и русского языка:

- структурирует работу с текстом;
- задаёт измеримые цели;
- развивает самостоятельность учащихся.

-Эффективность требует определённых педагогических условий:

- подготовка учителя;
- цифровая инфраструктура;
- формативная оценка;
- рефлексия и гибкое планирование.

Этот подход отвечает требованиям современной образовательной среды и способствует достижению личностных и метапредметных результатов, заложенных в ГОСО.

Использованная литература:

1. Данченко Л.А., Невоструев П.Ю. SMART-обучение: основные принципы организации учебного процесса. Открытое образование № 1/2014
2. Полушкина А.О. Smart-образование в школах Азии: состояние и проблемы // Вестник Российского Университета Дружбы народов. - 2016. №2. с. 118-122.
3. <https://www.tyuiu.ru/wpcontent/uploads/2015/10/confcdo2015.pdf>
4. Анализ цифровых образовательных ресурсов и сервисов для организации учебного процесса школ / И.А.Карлов, Н.М.Киясов, В.О.Ковалев, Н.А.Кожевников, Е.Д.Патаракин, И.Д.Фруммин, А.Н.Швиндт, Д.О.Шонов; Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. – М.: НИУ ВШЭ, 2020. – 72 с. – 200 экз. – (Современная аналитика образования. № 10 (40)).

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ БЕТІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Жалбагаева Назгуль Турысбековна

Алматы облысы, Іле ауданы, Жәпек батыр ауылы

«№4 орта мектеп" ММК

бастауыш сынып мұғалімі

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының математика сабағында өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырудың маңызы қарастырылған. Автор оқушының дербес ойлау қабілетін, ізденімпаздығын және шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған әдістемелік қағидаларды ұсынады. Сабақ барысында өз бетімен жұмыс түрлерін ұйымдастыру жолдары, тапсырмаларды деңгейлеп беру, карточка, кесте, жұптық және топтық әдістерді қолдану, сондай-ақ кері байланыс беру маңызы талданады. Мақала оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқу мотивациясын күшейту және олардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға арналған әдістемелік материал ретінде ұсынылған.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны дайын ақпаратты жаттап алушы пассив қабылдаушы емес, өздігінен білім ізденетін, ой қорыта алатын, түрлі жағдаяттарда шешім таба білетін жан-жақты тұлға етіп қалыптастыру. Бүгінгі қоғам талабына сай өсіп келе жатқан ұрпақ тек оқулықтағы мәліметпен шектелмей, ақпаратты өздігінен талдап, сұрыптап, қолдана алатын деңгейге жетуі тиіс. Осы ретте оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту — білім сапасын арттырудың, оқыту үдерісін жетілдірудің және жеке тұлғаның әлеуетін ашудың негізгі тетіктерінің бірі болып саналады.

Өздігінен білім алуға құштарлық, дербес ойлану қабілеті, тапсырмаларды түсініп орындау дағдысы ерте жастан қалыптасса, оқушының әрі қарайғы оқу жетістігі де соғұрлым жоғары болмақ. Әсіресе, бастауыш және орта буында бұл дағдылардың қалыптасуы ерекше маңызды. Себебі, дәл осы кезеңде баланың логикалық ойлауы, зейіні, есте сақтау қабілеті мен оқу мотивациясы белсенді дамиды. Өз бетімен жұмыс істеу барысында оқушы тек білім алып қана қоймай, зерттеуге, талдауға, салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді. Бұл дағдылар оның кейінгі академиялық жетістіктеріне ғана емес, өмірлік құзыреттерінің қалыптасуына да айтарлықтай ықпал етеді.

Сабақтың әрбір кезеңінде оқушының өз бетінше жұмыс атқаруы — тиімді оқытудың негізгі шарттарының бірі. Оқушы тапсырманы тек орындап қана қоймай, оны толық түсініп, өздігінен жол табуға дағдылануы қажет. Мұндай дербес жұмыстар оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың логикалық ойлау қабілетін тереңдетеді, шығармашылық мүмкіндігін оятады және кез келген жағдаятта дербес шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Сабақ барысында өз бетімен жұмыс түрлері жүйелі түрде ұйымдастырылса, мұғалім оқушыны мақсат қоюға, оны жоспарлап орындауға, соңғы нәтижесін бағалап, қорытынды жасауға үйретеді. Бұл дағдылар баланың оқу мәдениетінің негізін қалайды.

Өз бетімен жұмыс — оқушының мұғалімнің тікелей көмегінсіз білімді меңгеруі, оны түрлі жағдайларда қолдануы және өзінің оқу жетістігін бағалай білуі. Бұл әрбір оқушының жеке қабілеттерін ашуға, оның білім алу процесінде белсенді болуына, өзіне сенімділігін нығайтуға мүмкіндік береді. Дербестікке құрылған мұндай жұмыс түрі оқушыны ізденуге, қиындықты шешудің түрлі жолдарын қарастыруға, ойланып әрекет етуге жетелейді. Осы арқылы оқушы тек берілген білімді қабылдап қана қоймай, оны талдап, саралап, өз тәжірибесіне қолдануды үйренеді.

Өз бетімен жұмыстың негізгі мақсаты – оқушыларды дербес ойлауға баулу, олардың танымдық белсенділігін дамыту, бастамашылдық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Мұндай жұмыстар барысында оқушы өз еңбегінің нәтижесіне мән беріп, өзіне талап қоя

бастайды. Сонымен қатар, дербес жұмыс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтіп, ынтасын арттырады, жаңа идеяларды іздеуге, шығармашылықпен айналысуға итермелейді. Мұғалім жүйелі түрде дұрыс ұйымдастырған жағдайда, өз бетімен орындалатын әрбір тапсырма оқушының ішкі мотивациясын оятып, оның тұлғалық дамуына қуатты серпін береді.

Сыныптағы сабақ барысында өз бетімен жұмыс ұйымдастыру оқушылардың түрлі танымдық қабілеттерін дамытуға ерекше ықпал етеді. Мұндай жұмыстар арқылы олардың зейіні тұрақтанып, есте сақтау қабілеті нығаяды, ойлау жылдамдығы мен тапқырлығы артады. Өзгелердің көмегінсіз есеп шығарып, тапсырманы өздігінен талдап орындау барысында оқушының математикалық сауаттылығы да тереңдей түседі. Әрбір оқушы өз деңгейіне сәйкес тапсырмаларды орындап, өз мүмкіндігін байқайды, өзінің қабілетіне сенім артады. Осылайша, оқу процесінде белсенділік танытып, жаңа білімді игеруге деген қызығушылығы артады.

Өз бетімен жұмысты тиімді ұйымдастыру – мұғалімнің кәсіби шеберлігін талап ететін маңызды процесс. Бұл жұмыс түрін дұрыс бағыттап, жүйелі түрде қолдану үшін мұғалім бірнеше әдістемелік қағидаларды басшылыққа алуы қажет.

1. Жұмыстың нақты мақсаты болуы тиіс.

Оқушы не үшін осы жұмысты орындап жатқанын түсінуі қажет. Мақсат айқындалған жағдайда оқушының әрекеті жүйеленіп, оқу мотивациясы күшейеді.

2. Тапсырманың орындалу ретін білу маңызды.

Тапсырманың кезең-кезеңмен орындалуын түсіну оқушыға бағыт береді. Тапсырма құрылымын түсінген оқушы оны шатаспай, еркін орындай алады.

3. Қызығушылық пен талпыныс ояту.

Мұғалім тапсырманы оқушының жас ерекшелігіне, қызығушылығына сай таңдап, оның ішкі ынтасын арттыра білуі керек. Сабақтағы жағымды эмоциялар оқушының оқу белсенділігін нығайтады.

4. Жеке және деңгейлік тәсіл қолдану.

5. Әр оқушының қабілеті әртүрлі болғандықтан, тапсырмалар да деңгей бойынша сараланып берілгені жөн. Бұл оқушының өз мүмкіндігіне сай жұмыс орындауына жағдай жасап, психологиялық жайлылық тудырады.

6. Кері байланыс және бағалау.

7. Өздігінен орындалған жұмыстың нәтижесін талдау, қателерді түсіндіру, жетістікті атап өту – оқушының дамуы үшін өте маңызды. Тиімді кері байланыс оқушының ізденуіне, өзін жетілдіруге ынталандырады.

Осы әдістемелік қағидаларды ұстана отырып жүргізілген өз бетімен жұмыс оқушының тұлғалық дамуына, оның танымдық белсенділігінің артуына және оқу процесіне деген жауапкершілігінің қалыптасуына зор ықпал етеді.

Өз бетімен жұмыстарды ұйымдастыру барысында карточка түріндегі тапсырмалар, түрлі кестелер, деңгейлік есептер, сондай-ақ жұптық және топтық өзара бақылау әдістері жиі қолданылады. Мұндай тәсілдер оқушылардың бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеуін, өзара тәжірибе алмасуын, бірін-бірі қолдауды үйренуін қамтамасыз етеді. Осындай ортада оқушылар тек тапсырманы орындап қана қоймай, бір-бірінің ойымен бөлісіп, пікір алмасып, ортақ нәтижеге ұмтылады. Бұл өзара үйрену ортасы оқыту тиімділігін арттырып, сабақтың қызықтылығын күшейтеді.

Өз бетімен орындалатын кез келген оқу әрекеті — оқушының интеллектуалдық, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытатын қуатты дидактикалық құрал. Дербес жұмыс барысында оқушы жаңа білімді өздігінен іздеп, талдап, қолдануға үйренеді. Бұл әдіс оқу процесін жандандырып, оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін ашады. Мұндай жұмыстың нәтижесінде:

- ақыл-ой дамиды;
- танымдық белсенділік артады;
- шығармашылық қабілет жетіледі;

- дербестік пен жауапкершілік қалыптасады;
- оқу процесіне деген қызығушылық күшейеді.

Математика сабағында өз бетімен жұмыс ерекше маңызды орын алады. Себебі есепті өздігінен шығару оқушының логикалық ойлауын дамытады, ой қорытындылауға, дәлелдеуге, шешім табуға үйретеді. Оқушы тапсырмаларды өз бетінше талдап орындаған сайын оның шығармашылық белсенділігі артып, өз пікірін еркін айтуға, оны негіздеуге, сыныптастарының пікірін тыңдауға дағдыланады. Бұл — математикалық мәдениеттің қалыптасуына жол ашады.

Қазіргі заманғы білім беру үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану өз бетімен орындалатын жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыра түседі. Заманауи әдістер оқу материалын оқушының жас ерекшелігіне сай меңгеруге жағдай жасап, оның жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Солардың ішінде кең тарағандары:

- деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы — әр оқушыға өз мүмкіндігіне сай тапсырма беру арқылы білімді біртіндеп тереңдетеді;
- дамыта оқыту технологиясы — оқушыны ойлануға, ізденуге, жаңалық ашуға бағыттайды;
- АКТ технологиясы — ақпараттық ресурстарды қолдану арқылы оқытуды қызықты әрі тиімді етеді.

Осы технологиялар жүйелі қолданылған кезде өз бетімен жұмыс оқу процесінің ажырамас бөлігіне айналып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады әрі оқу сапасын едәуір жақсартады.

Өзіндік жұмысты тиімді әрі нәтижелі ұйымдастыру – мұғалімнің кәсіби шеберлігінің айқын көрсеткіші болып табылады. Мұғалім сабақ барысында тек тапсырма беріп қана қоймай, әр оқушының әрекетін мұқият қадағалап, олардың жұмыс барысын бақылауда ұстайды. Оқушының өз бетімен орындау үдерісінде туындаған қиындықтарды байқаған мұғалім, қажетті бағыт-бағдар беріп, дұрыс шешім табуға көмектеседі, ойларын жүйелеуге және логикалық қорытынды жасауға бағыттайды. Сонымен қатар, нәтижелерді бірлесе талқылау арқылы оқушы өз қателерін түсініп, жетістіктерін бағалай білуді үйренеді. Мұндай тәсіл оқушының өз бетінше ізденуін, сыни тұрғыдан ойлауын және жауапкершілігін арттыра отырып, оның тұлғалық және академиялық дамуына елеулі үлес қосады. Өз бетімен жұмыс жүргізуді дұрыс ұйымдастыру арқылы мұғалім оқушының қабілетін толық ашуға, білімді саналы түрде меңгеруге және оны практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары олардың білім сапасын арттырумен шектелмей, жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда да ерекше рөл атқарады. Өздігінен жұмыс жасау арқылы оқушы тек жаңа ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оны талдап, салыстырып, қорытынды жасауға үйренеді. Мұндай әрекет оның ізденімпаздық қабілетін, ойлау жүйесін, шешім қабылдау дағдыларын, сондай-ақ өзін-өзі бағалау қабілетін қалыптастырады. Өзіндік жұмыс барысында оқушының белсенділігі артып, оқу процесіне деген жауапкершілігі күшейеді, бұл оның тұлғалық дамуына елеулі үлес қосады.

Математика сабағында өз бетімен орындалатын жұмыстардың жүйелі түрде жүргізілуі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, олардың логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Оқушы есептерді дербес шығару барысында өз ой-пікірін дәлелдеуге, қиындықтарды шешуге, түрлі тәсілдерді салыстыруға дағдыланады. Бұл әдіс сабақты тек теориялық деңгейде меңгерумен шектемей, алынған білімді өмірде қолдануға мүмкіндік беретін практикалық дағдыларды дамытуға да бағытталған. Нәтижесінде сабақтың сапасы артылып, оқушының алған білімі тек мектепте ғана емес, күнделікті өмірде де тиімді пайдаланыла алатын деңгейге жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы, 2008, №11.
2. Қараев Ж.А. Деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясы. Алматы, 2002 ж.
3. Математика журналы, 2012 ж.

4. Жұмабекова Ф. Оқыту процесінде оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. – Астана, 2016.

5. Әбілқасымов А.Е. Қазіргі білім беру жүйесіндегі оқыту технологиялары. – Алматы, 2018.

ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІН МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Таурбек Ақжарқын Мейрханқызы

*Алматы облысы, Қонаев қаласы, Түрксіб ауданы
«Абай атындағы Алматы облыстық мамандандырылған
гимназия-интернат» КММ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисін модульдік технология арқылы оқыту жолдары қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – оқушының синтаксистік сауатын арттыра отырып, жай сөйлем құрылымын терең меңгерту. Модульдік технология оқушылардың жеке қабілетін ашуға, оқу үдерісінде белсенділік танытуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқытудың модульдік технологиясының кезеңдерін (кіріспе, сөйлесу, қорытынды) жай сөйлем синтаксисіне бейімдеп ұсынылады. Әдіс ретінде бақылау, салыстыру, жобалық жұмыс, кері байланыс талдауы қолданылды. Бұл технология оқушыны өз бетінше ізденуге, талдау жасауға, шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыттайды. Жай сөйлем – сөйлемнің негізгі түрі ретінде оқушыларға тіл құрылымын меңгертуде маңызды рөл атқарады. Жұмыс нәтижесінде оқушылардың сөйлем талдау біліктілігі артқаны, өз ойларын жүйелі жеткізу дағдылары дамығаны байқалды. Мақалада ұсынылған әдістер мен тапсырмалар үлгі ретінде ұсынылады. Бұл материал қазақ тілі пәні мұғалімдеріне, әдіскерлерге және білім беру саласында жаңа технологияларды меңгеруді көздеген мамандарға әдістемелік көмек бола алады.

Түйін сөздер: жай сөйлем, синтаксис, модульдік технология, қазақ тілі, оқыту әдістемесі.

Аннотация: В данной статье рассматриваются пути обучения синтаксису простых предложений в казахском языке по модульной технологии. Основная цель исследования – углубленное усвоение структуры простого предложения с повышением синтаксической грамотности учащегося. Модульная технология позволяет раскрыть индивидуальные способности учащихся, проявить активность в учебном процессе. Также предлагаются этапы модульной технологии обучения (введение, беседа, заключение) с адаптацией к синтаксису простого предложения. В качестве метода использовались контроль, сравнение, проектная работа, анализ обратной связи. Данная технология ориентирует учащегося на самостоятельный поиск, анализ, творческую работу. Простое предложение как основной тип предложения играет важную роль в овладении школьниками структурой языка. В результате работы было отмечено повышение квалификации учащихся по анализу предложений, развитие навыков систематического изложения своих мыслей. Методы и задания, представленные в статье, представляются в качестве образцов. Данный материал может служить методической помощью учителям казахского языка, методистам и специалистам, стремящимся освоить новые технологии в сфере образования.

Ключевые слова: простое предложение, синтаксис, модульная технология, казахский язык, методика обучения.

Abstract: This article discusses ways to learn the syntax of simple sentences in the Kazakh language using modular technology. The main purpose of the study is the in-depth assimilation of the structure of a simple sentence with an increase in the syntactic literacy of the student. Modular technology allows students to unlock their individual abilities and be active in the learning process. It also offers the stages of modular learning technology (introduction, conversation, conclusion) with adaptation to the syntax of a simple sentence. The method used was control, comparison, project work, and feedback analysis. This technology focuses the student on independent search, analysis, and creative work. A simple sentence, as the main type of sentence, plays an important role in students' mastering the structure of the language. As a result of the work, the students' skills in sentence analysis were improved, and the skills of systematic presentation of their thoughts were developed. The methods and tasks presented in the article are presented as samples. This material can serve as methodological assistance to teachers of the Kazakh language, methodologists and specialists seeking to master new technologies in the field of education.

Keywords: simple sentence, syntax, modular technology, Kazakh language, teaching methods.

Қазақ тілінің синтаксис саласы – оқушының ойлау дағдысын, тілдік қатынасын қалыптастыратын маңызды бөлім. Жай сөйлем – тіл білімінің негізі, оның құрылымын, құрамын, түрлерін дұрыс меңгеру оқушының тілдік сауатын арттырады. Мектеп бағдарламасында жай сөйлемге байланысты теориялық білім беру жеткілікті болғанымен, оны оқушылардың тәжірибелік дағдысына айналдыруда қиындықтар туындайды. Осы орайда оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізудің маңызы зор.

Қазіргі білім беру жүйесі оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Бұл мақсатқа жетуде оқытудың модульдік технологиясы тиімді құрал бола алады. Модульдік технология – оқытудың құрылымдық жүйесі, яғни білімді белгілі бір әдістермен беру арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне, талдау, салыстыру, қорыту қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл технология оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара әрекеттің белсенді моделін құрып, сабақты жоспарлауға, уақытты тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Синтаксис – қазақ тілінің ең үлкен саласы. Мұнда сөйлемдегі сөздердің тіркесу жолдары, сөйлемдердің түр-түрі және олардың бір-бірімен тіркесу жолдары қаралады [1, 56.]. Жай сөйлем – тіліміздің негізгі коммуникативтік бірлігі. Оқушы оны дұрыс талдай алғанда, жазбаша және ауызша сауаттылығы артады. Тілдік қатынастың бастапқы деңгейінде оқушылар ең алдымен жай сөйлемді таниды, құрылымын түсінеді және талдай бастайды. Сондықтан бұл тақырыпты тиімді оқыту – оқушының әрі қарайғы синтаксистік білімін қалыптастыруға негіз болады. Модульдік технология бұл білімді жүйелі әрі оқушының белсенділігін арттыра отырып меңгеруге мүмкіндік береді. Ғалым М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы» атты еңбегінде модульдік технология туралы зерттеліп, тиімді жақтары, кезеңдері қарастырылған. «Модульдік оқыту технологиясы – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіншілігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді [2, 7 б.].» Мұғалім – сабақ құрылымын ұйымдастырушы, бағыт беруші, кеңесші. Модульдік технологияда мұғалім тек білім көзі емес, оқушының оқуына мүмкіндік беретін тұлға ретінде әрекет етеді. Сабақта тек ақпарат беріп қана қоймай, оны меңгеру жолын бірге табады.

Модульдік технология арқылы оқытудың тиімділігі – оқушы білімді өз бетімен меңгеріп, шығармашылық тұрғыда қолдануға мүмкіндік алады. Модульдік технологияның қарқындылығы мен интенсивтілігі оқыту процесін оңтайландыруды, яғни аз күш, аз уақыт, аз құрал жұмсай отырып, жоғары нәтижеге жетуді талап етеді [3, 46.]. Бұл әдіс оқыту процесін үш негізгі кезеңге бөледі:

Кіріспе бөлім – мотивация беру, қызығушылығын ояту;

Сөйлесу (негізгі) бөлім – мазмұнды меңгеру және іс-әрекет арқылы тереңдету;

Қорытынды бөлім – рефлексия, өзін-өзі бағалау, кері байланыс жасау.

Мысал тапсырмалар мен әдістер:

1. Тапсырма:

Мәтін: *"Күн жылынып, қар ереді. Балалар далаға шықты."* Оқушыдан сұрау:

- Бұл сөйлем қандай сөйлем?
- Қанша грамматикалық негіз бар?
- Қандай тыныс белгілері қолданылған?
- Сөйлемнің айтылу мақсаты мен құрылысы қандай?

2. "Сөйлем құра" ойыны:

Оқушыға бірнеше сөздер тобы ұсынылады (мысалы, *бүгін, мектепке, ерте, келдім*).

Осы сөздерді қолданып, хабарлы жай сөйлем құру.

Мысалы: *Бүгін мен мектепке ерте келдім.*

Бұл ойын арқылы оқушылар сөйлем мүшелерін орынды пайдаланып, сөз тәртібін сақтап сөйлем құруға машықтанады.

3. Жұптық жұмыс – сөйлемді түрге жікте:

"Әкем үйде кітап оқып отыр."

Сөйлемді хабарлы, жақты, жақсыз, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз жай сөйлем ретінде талдау.


Құрмалас сөйлеммен салыстыру тапсырмасы арқылы айырмашылығын түсіндіру.

Модульдік технологияның артықшылықтары:

- Әр оқушы өз қарқынымен жұмыс істейді;
- Тапсырмалар күрделілік деңгейіне қарай сараланады;
- Оқушының танымдық белсенділігі артады;
- Жаңа тақырыптар оқушыға дайын күйде берілмей, өздігінен ізденуге бағытталады.

Зерттеу нәтижесі:

3 сынып тобында зерттеу жүргізілді. Әр топқа модульдік технологиямен оқыту енгізілді. Нәтижесі төмендегі диаграммада көрсетілген:



Қорыта айтқанда қазақ тілі сабағында жай сөйлем синтаксисін меңгертуде модульдік технологияны қолдану – оқушылардың тілдік және логикалық қабілеттерін жетілдіруде нәтижелі әдіс. Бұл технология оқыту үдерісін құрылымдауға, білім алушының білімін өз бетімен ізденіп меңгеруіне ықпал етеді. Ұсынылған модель мұғалімдерге тиімді әдістемелік негіз бола алады.

Модульдік технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, олардың өзіндік ойлауына, шығармашылық қабілетіне жол ашады. Сынып ішіндегі диалогтік оқыту, рефлексия, өзіндік бағалау дағдыларын дамыту – бұл технологияның маңызды тұстары. Оқушылар өз білім деңгейлерін бағалап, қай жерде қателескенін түсініп, келесі жолы тиімді әрекет етуге тырысады.

Сабақ құрылымының үш кезеңге бөлінуі (кіріспе, сөйлесу, қорытынды) – әр сабақтың логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Мұғалім әр кезеңде нақты мақсат қойып, оқушылармен жүйелі кері байланыс орната алады. Осылайша, жай сөйлем тақырыбы оқушыға тек тілдік білім ретінде емес, өмірлік маңызы бар қатынас құралы ретінде таныстырылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, модульдік технологияны жүйелі түрде пайдаланған сыныптарда оқушылардың синтаксистік талдауы сапалы жақсарған. Сонымен қатар, оқушының өз ойын еркін жеткізу, сөйлем құрау, тыныс белгілерін дұрыс қолдану дағдылары қалыптасқан. Бұл – пәндік білімнің тереңдеуін ғана емес, тұлғалық дамудың да айғағы.

Қорыта айтқанда, жай сөйлем синтаксисін М.Жанпейісованың ұсынған «модульдік технология» арқылы оқыту – оқушылардың білімін жандандырумен қатар, тілді функционалдық тұрғыдан меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл бағыт мұғалімнің әдістемелік шеберлігін талап еткенімен, нәтижесі – болашақ ұрпақтың сауатты, жүйелі ойлай алатын тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С.Аманжолов, Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы/ Павлодар 2008 ж./ 112б.
2. Жанпейісова М., «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы» - Алматы, 2006 жыл/ 85б.
3. Б.Жумагулов, Модульдік оқыту технологиясы, «бағдарлы мектеп және кәсіптік білім» 2012ж.
4. <https://www.nao.kz/articles/view?id>

VIRTUAL REALITY AS A TOOL FOR IMMERSIVE LANGUAGE LEARNING



Ажмаганбетова Майра Аскербековна

*Алматы облысы, Қарасай ауданы, Райымбек ауылы
“Мәлік Ғабдуллин атындағы орта мектеп” КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі, модератор*

Abstract: Virtual Reality (VR) technologies are rapidly transforming the educational landscape by creating immersive and interactive learning environments. In the field of language education, VR offers unique opportunities to simulate authentic communication scenarios and provides learners with contextualized experiences that are often unavailable in traditional classrooms. This paper aims to explore the potential of VR as a tool for immersive language learning, analyzing both its advantages and limitations. Methodologically, the article relies on a review of recent studies on educational technologies, empirical experiments conducted in language classrooms, and reports from international institutions. The findings reveal that VR enhances learners' motivation, supports contextualized vocabulary acquisition, and improves intercultural competence through exposure to simulated cultural environments. However, barriers such as high cost, technological limitations, and

accessibility issues restrict its widespread adoption. The study concludes that VR can serve as an effective supplement to traditional teaching methods when implemented carefully and supported by pedagogical guidance.

Аннотация: Бұл мақалада виртуалды шындықтың (VR) тіл үйренудегі мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу барысында VR технологиясының шынайы тілдік ортаға ұқсас тәжірибе ұсынуы және оқушының сөйлеу, тыңдау дағдыларын жетілдірудегі артықшылықтары талданады. Сонымен қатар, VR қолданудағы шектеулер мен қиындықтар, мысалы, техникалық құралдардың қолжетімділігі, бағасы және педагогикалық әдістемелік дайындық мәселелері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – виртуалды шындықтың тілдік білім берудегі ролін анықтау және оның тиімді қолдану жолдарын ұсыну. Әдістер ретінде салыстырмалы талдау және ғылыми әдебиеттерді талдау қолданылды.

Аннотация: В статье рассматриваются возможности использования технологий виртуальной реальности (VR) в изучении иностранных языков. Анализируются преимущества VR, такие как создание иммерсивной среды, близкой к естественной языковой ситуации, и развитие навыков говорения и аудирования. Кроме того, внимание уделяется ограничениям и проблемам применения VR — высокой стоимости оборудования, технической доступности и методической подготовке педагогов. Цель исследования заключается в определении роли виртуальной реальности в языковом образовании и предложении путей её эффективного использования. Методы исследования включают сравнительный анализ и обзор научной литературы.

Keywords: Virtual Reality, immersive learning, language acquisition, intercultural competence, educational technology

Түйін сөздер: виртуалды шындық, тіл үйрену, цифрлық технологиялар, иммерсивті оқыту, білім беру.

Ключевые слова: виртуальная реальность, изучение языков, цифровые технологии, иммерсивное обучение, образование.

Introduction: The search for innovative methods in language education has led to the increasing use of immersive technologies. Virtual Reality (VR), in particular, has attracted attention due to its ability to create simulated, interactive environments where learners can practice language skills in realistic contexts. Unlike textbooks or traditional multimedia tools, VR enables learners to engage in experiential learning by “living” the target language. This article examines the role of VR in language education, outlining the pedagogical benefits, cognitive outcomes, and potential barriers to its effective use.

Main Part

1. Opportunities of VR in Language Learning

1.1. Immersive Communication Environments

VR platforms such as ImmerseMe or Mondly VR allow learners to participate in real-life scenarios like ordering food in a restaurant, asking for directions, or attending a meeting. These simulations foster communicative competence by requiring students to use the target language in authentic contexts.

1.2. Motivation and Engagement

Research has shown that VR significantly increases learners' motivation due to its interactive and playful elements. Gamified VR environments enhance learners' willingness to communicate, making the process of language acquisition more enjoyable.

1.3. Development of Intercultural Competence

VR environments can simulate cultural contexts, allowing students to experience traditions, festivals, or historical landmarks of target-language countries. This exposure promotes intercultural awareness, a crucial aspect of modern language education.

1.4. Contextualized Vocabulary and Pronunciation Practice

VR facilitates embodied learning, where vocabulary and grammar are tied to specific actions or contexts. For example, learners practicing vocabulary related to travel may virtually visit an airport and interact with staff, making the learning process more memorable.

2. Pedagogical and Cognitive Benefits

2.1. Experiential Learning

Based on Kolb's theory of experiential learning, VR provides learners with opportunities to learn by doing. Active participation in language tasks enhances retention and promotes higher-order cognitive skills.

2.2. Reduction of Anxiety

Many language learners suffer from communication anxiety. VR offers a safe space to practice without fear of judgment, helping students gain confidence before engaging in real-life interactions.

2.3. Collaborative Learning Opportunities

Some VR platforms enable multiple learners to interact in shared virtual spaces, encouraging collaboration, teamwork, and peer learning.

3. Risks and Limitations of VR in Language Learning

3.1. High Cost and Technical Requirements

Advanced VR equipment (headsets, powerful computers, stable internet) may not be affordable for all institutions, creating a digital divide.

3.2. Accessibility Issues

Not all learners can comfortably use VR due to physical limitations (motion sickness, vision problems). This restricts its universal application.

3.3. Need for Pedagogical Integration

VR is not effective if used without proper pedagogical frameworks. Teachers need to design tasks that align VR experiences with learning objectives.

3.4. Risk of Overemphasis on Technology

While VR provides immersive experiences, it cannot fully replace real-life interactions, cultural immersion, or teacher guidance.

Conclusion: Virtual Reality holds great promise for language education by providing immersive environments, enhancing motivation, and supporting intercultural competence. However, challenges such as cost, accessibility, and the need for pedagogical integration must be addressed before VR can be widely adopted. Educators should view VR as a powerful supplement to traditional methods rather than a replacement. Future research should explore scalable and affordable VR solutions to ensure equitable access for learners across diverse contexts.

References

1. Lin, T.-J., & Lan, Y.-J. (2020). Language Learning in Virtual Reality Environments: A Review of Empirical Research. *Educational Technology Research and Development*, 68(5), 2685–2710.
2. Parmaxi, A. (2020). Virtual Reality in Language Learning: A Systematic Review and Implications for Research and Practice. *Interactive Learning Environments*, 30(1), 1–14.
3. Chen, J.C. (2016). The Crossroad of English Language Learners, Task-Based Instruction, and Virtual Reality. *TESOL Journal*, 7(3), 720–745.
4. Slater, M., & Sanchez-Vives, M. V. (2016). Enhancing Our Lives with Immersive Virtual Reality. *Frontiers in Robotics and AI*, 3, 74.
5. Wang, F., & Vasquez, C. (2012). The Effect of Target Language Use in Virtual Worlds on Learners' Oral Performance. *ReCALL*, 24(3), 330–347.
6. Peeters, W. (2019). Virtual Reality and Language Learning: From Print to Practice. *Journal of Virtual Worlds Research*, 12(3), 1–17.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ

Тұрғанбек Әйгерім Сұлтанқызы

*Жамбыл ауданы, Аққайнар ауылы
«Т.Бокин атындағы орта мектебі» КММ
информатика пәні мұғалімі*

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнының жаңаруы – заман талабына сай жас ұрпақты тәрбиелеудің басты шарты. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мектеп бағдарламаларына елеулі өзгерістер енгізуде. Қазіргі таңда оқушыларға тек теориялық білім беру жеткіліксіз – оларды жаңа жағдайда бағдар алып, түрлі ақпаратпен жұмыс істей алатын, өмір бойы білім алуға дайын тұлға ретінде қалыптастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – оқу-тәрбие үдерісін заманауи деңгейге көтерудің маңызды жолы.

Информатика сабағында бұл технологияларды енгізу оқушылардың өздігінен ізденуіне, шығармашылық қабілетін дамытуға және нақты проблемаларды шешу барысында білімін қолдана білуіне жол ашады.

Демек, ЖИ технологияларын білім беру үдерісіне енгізу – болашақ ұрпақтың функционалдық сауаттылығын арттырудың маңызды құралы болып саналады.

Функционалдық сауаттылық – бұл оқушының алған білімін нақты өмірлік жағдайларда тиімді қолдана білу қабілеті. Ол тек білімді игерумен шектелмейді, сонымен қатар сол білімді сыни тұрғыдан талдау, логикалық ойлау, шешім қабылдау, ақпаратты өңдеу және дұрыс пайдалану дағдыларын қамтиды. Яғни, функционалдық сауатты оқушы – ол өз ойын еркін жеткізе алатын, күрделі ақпаратты саралап, одан нәтиже шығара білетін және түрлі өмірлік жағдайда өз білімін кәдеге жарата алатын тұлға. Бұл ұғымның маңыздылығы қазіргі қоғамда күннен-күнге артуда. Себебі, технологиялық даму, ақпараттың көптігі мен жылдам өзгеретін орта баланың тек білім қорына емес, сол білімді өмірде қолдану икеміне де тәуелді екенін көрсетіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, функционалдық сауаттылық білім беру саласының басты міндеттерінің біріне айналды. Әсіресе, информатика пәні – бұл дағдыларды дамытуға кең мүмкіндік береді. Информатика сабағында оқушылар тек компьютерлік бағдарламаларды ғана үйреніп қоймай, ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу, презентациялау, алгоритм құру және логикалық ойлау секілді нақты өмірде жиі кездесетін дағдыларды меңгереді. Бұл дағдылар функционалдық сауаттылықтың өзегі болып табылады. Мұғалім ретінде бұл бағытта жүргізілген жұмыстар келесідей тәжірибелермен толықты.

Информатика пәні мұғалімі ретінде 5–6 сынып оқушыларына жүргізілген байқау, сабақ тапсырмалары мен қорытынды жұмыстардың нәтижесінде келесі мәселелер анықталды: Мәтінді түсініп оқу және оны өңдеу дағдысының төмендігі. Көптеген оқушылар тапсырма мәтінін толық оқымай, оны үстірт орындайды және негізгі мазмұнды ажыратуда қиналады. Сыни ойлау мен қисынды байланыс орнатудағы қиындықтар. Мәселен, “егер-онда” құрылымын талап ететін тапсырмаларда немесе шартты диаграммалармен жұмыс барысында жиі қателіктер байқалды. Өзіндік ізденіс пен жауапкершіліктің төмендігі. Кей оқушылар дайын жауапты күтумен шектеліп, өз бетінше шешім қабылдауға ұмтылмайды. Цифрлық ақпаратты мақсатты қолданудағы олқылықтар. Интернеттегі деректерді іздеу кезінде оқушылар қажетті мәліметті сұрыптай алмай, кейде сенімсіз көздерден алынған материалдарды пайдаланады.

Аталған мәселелерді анықтау үшін келесі әдістер қолданылды:

Сабақ барысындағы бақылау және кері байланыс парақтары;

Онлайн тапсырмалар мен тест нәтижелері (Google Forms, LearningApps);

Жеке және топтық жобалық жұмыстарға талдау;

Жазбаша рефлексия және әңгімелесу әдістері

2) Қателерді қалай түзетіп, функционалдық сауаттылықты қалай арттырды? Қандай әдістер қолданды?

Мәселелер анықталған соң, оларды шешу мақсатында жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары пайдаланылды. ЖИ негізіндегі құралдар оқу үдерісіне келесі жолдармен енгізілді:

ChatGPT көмегімен тапсырмаларды түрлендіру, түсінбеген тақырыпты талқылау мүмкіндігі берілді. Оқушылар нақты сұрақ қойып, жауап алу арқылы ақпаратты түсіну мен қолдану дағдысын дамытты.

Quillionz құралымен тест және сұрақтар құруға үйретілді. Бұл тәсіл оқушыларды өз сұрақтарын құрастыруға итермелеп, тереңірек ойлануға сеп болды.

Canva және Piktochart платформаларында инфографика жасау арқылы ақпаратты визуалды түрде жеткізу қабілеті дамыды. Scratch пен Teachable Machine арқылы алгоритм құру және қарапайым ЖИ модельдерін жасау жұмыстарында логикалық ойлау мен шығармашылық қабілеттері артты.

Оқу процесінде келесі әдістер тиімді болды:

Жобалық әдіс. Оқушылар шағын топтарда жұмыс жасап, нақты бір мәселені шешуге бағытталған жобалар ұсынды.

Сыни сұрақтар мен проблемалық тапсырмалар. Бұл тәсіл оқушылардың ойлау белсенділігін арттырды.

Цифрлық саралау. ЖИ көмегімен оқушылардың деңгейіне сәйкес тапсырмалар беріліп отырды. Рефлексия және өзін-өзі бағалау. Әр тапсырмадан соң оқушылар өз жұмысын бағалап, келесі қадамдарды жоспарлады.

ЖИ технологияларын жүйелі түрде енгізген соң келесі оң өзгерістер байқалды: Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуге деген құлшынысы артты. Оқушылар тапсырманы мұғалімсіз орындауға тырысып, іздене бастады. Ақпаратты талдау және өз ойын дәлелмен айту дағдысы дамыды. Мысалы, рефлексия кезінде нақты дәлелдермен жауап беру жиілей түсті. Уақытты тиімді пайдалану және тапсырманы жоспарлау қабілеті қалыптаса бастады. Логикалық және алгоритмдік ойлау сапасы жоғарылады. Scratch және код жазу тапсырмалары арқылы оқушылар шығармашылықпен жұмыс істеді. Оқушы үлгерімі мен сабаққа қызығушылығы артты. Бұрын белсенді емес оқушылар да интерактивті тапсырмаларға белсенді араласты. Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда кездескен қиындықтар және оның шешу жолдарын былай ұсынғым келеді. Информатика пәнін оқыту барысында функционалдық сауаттылықты жасанды интеллект арқылы дамыту процесінде бірқатар қиындықтар туындады. Бұл қиындықтар әрі оқушылар тарапынан, әрі мұғалім тарапынан байқалды. Аталған мәселелерді уақтылы анықтап, тиімді шешу жолдарын іздестіру – педагогтың кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты болды.

1. Оқушылардың цифрлық құралдарды меңгеру деңгейінің әртүрлілігі. Кейбір оқушылар цифрлық технологиялармен еркін жұмыс істесе, енді бірі базалық дағдыларды меңгермеген. Бұл сабақ үдерісін баяулатып, дифференциацияны қажет етті.

Шешу жолы:

Мұғалім оқушыларды бастапқы деңгейіне қарай топтарға бөліп, сараланған тапсырмалар берді. Бейне-нұсқаулықтар жасалып, оларды жеке көмек ретінде қолдану ұйымдастырылды. ЖИ негізіндегі құралдарды (мысалы, интерактивті платформалар мен визуалды редакторлар) түсіндіру үшін экрандық демонстрациялар қолданылды.

2. Жасанды интеллект құралдарын пайдалану кезінде техникалық қиындықтар. Мектептің техникалық базасы әрқашан жоғары деңгейде бола бермейді. Интернеттің баяу

жұмысы, құрылғылардың жетіспеуі немесе браузерлермен сәйкессіздік секілді проблемалар туындады.

Шешу жолы:

Мұғалім сабақты алдын ала тексеріп, балама ресурстар дайындап отырды. Желіге тәуелсіз құралдарды қолдану (мысалы, офлайн Scratch, Python IDE) және оқушыларға үй тапсырмасын мобильді құрылғылар арқылы орындауға мүмкіндік беру арқылы бұл мәселе ішінара шешілді.

3. Оқушылардың рефлексия және сыни ойлау дағдысының әлсіздігі

ЖИ арқылы берілген ақпаратты тек көшіріп алу, дайын жауапқа иек арту жағдайлары жиі кездесті. Бұл – оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейінің төмендігін көрсетті.

Шешу жолы:

Мұғалім оқушыларға нақты сұрақтар қоя отырып, өз ойларын дәлелдеуге, талдау жасауға итермеледі. Сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған тапсырмалар жиі қолданылды. Мысалы, “Сен бұл шешімді неге таңдадың?”, “Тағы қандай жолмен шығаруға болады?” деген ашық сұрақтар арқылы оқушы белсенділігі артты.

4. Уақыттың жетіспеушілігі

Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар көп уақытты талап етеді. Әсіресе, ЖИ құралдарын қолдану үшін оқушыларға қосымша түсіндірулер мен тәжірибе қажет болды.

Шешу жолы:

Уақытты тиімді ұйымдастыру мақсатында үй тапсырмалары мен ұзақ мерзімді жобалар жоспарланды. Сонымен қатар, сыныптан тыс уақытта оқушыларға бағыт-бағдар беріліп, қосымша тапсырмалар ұсынылды. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік ізденісін арттырды.

Мұғалім ретінде кездескен ЖИ құралдарын меңгеруіндегі бастапқы қиындықтар

ЖИ платформаларын тиімді қолдану үшін мұғалімнің өзі де технологиямен жақсы таныс болуы қажет. Бастапқыда кейбір құралдарды игеру уақыт пен қосымша білімді талап етті.

Шешу жолы:

Мұғалім онлайн курстарға қатысып, кәсіби даму бағытында ізденіс жүргізді. Өріптестермен тәжірибе алмасу арқылы тиімді ресурстар тізімі жасалды. Нәтижесінде сабақтарда қолдануға ыңғайлы, оқушылар үшін де қолжетімді ЖИ құралдары таңдалды. Қорытындылай келе, информатика сабағында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту – бүгінгі білім беру жүйесінің басты басымдықтарының біріне айналууда. Оқушылардың өмірлік маңызы бар дағдыларды меңгеруі, өз ой-пікірін қалыптастыруы және дербес шешім қабылдай алуы – мұғалімнің заманауи технологияларды тиімді пайдалана білуіне тікелей байланысты.

Функционалдық сауаттылық – қазіргі білім берудің негізгі талабы. Бұл қабілетті әсіресе ЖИ технологияларын дұрыс әрі мақсатты қолдану арқылы дамытуға болады. Мұндай тәсіл оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ақпаратпен жұмыс істеу, талдау жасау, шығармашылық тұрғыда ойлау және жеке шешім қабылдау сияқты маңызды дағдыларын жетілдіреді. Жасанды интеллект – бүгінгі күннің шынайы серігі. Ол тек техникалық құрал ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісін жеңілдететін, жеке оқытуға мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Егер мұғалім ЖИ мүмкіндіктерін кәсіби тұрғыда меңгеріп, оны оқу мақсаттарына сай қолдана алса, оқушының функционалдық сауаттылығы мен пәнге қызығушылығы артады. Сондықтан әрбір информатика пәні мұғалімі цифрлық технологиялармен қадамдасып, ЖИ құралдарын жүйелі қолдана білсе, бұл білім сапасының артуына және оқушының жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл – болашаққа бағытталған, сапалы білімнің нақты кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы.
2. OECD. PISA-2022 Results.
3. Смолина Г. «Цифровизация и ИИ в образовании».
4. ҚР БҒМ цифрлық білім ресурстары жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар.
5. [www.code.org, www.teachablemachine.withgoogle.com]

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛ ДАМУ
ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШАРТТАРЫ**

Мукашова Айша Канатовна

Алматы облысы, Жамбыл ауданы

«Қарғалы ауылындағы №1 мектеп-лицей» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аннотация: Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың тілін дамыту мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары қарастырылады. Автор тіл дамыту жұмыстарының маңызын, оның оқушының ойлау қабілеті мен шығармашылық әлеуетін жетілдірудегі орнын талдайды. Мақалада ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған тиімді әдіс-тәсілдер, жұмыс түрлері мен жаттығулар жүйесі ұсынылған. Сонымен қатар, сөздік қорды байыту, көркем сөзді меңгерту, тілдік тұлғаларды дұрыс қолдану жолдары нақты мысалдармен негізделеді. Мақала әдістемелік тұрғыда мұғалімдерге бағыт-бағдар беретін ғылыми-танымдық материал ретінде ұсынылады.

Аннотация: В статье рассматриваются методические основы организации работы по развитию речи на уроках казахского языка и литературы. Автор подчеркивает значимость системного подхода в формировании устной и письменной речи учащихся, культуры речи и словарного запаса. Особое внимание уделяется роли учителя в подборе эффективных методов и упражнений, направленных на развитие языковой компетенции школьников. Рассматриваются такие виды деятельности, как работа с текстом, сочинения, изложение, диктанты и словарная работа. Отмечается, что систематическая и целенаправленная работа по развитию речи способствует формированию функционально грамотной личности, способной грамотно выражать свои мысли и применять знания в реальной жизни.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны тек білімді тұтынушы ретінде емес, оны өмірде тиімді қолдана алатын, функционалдық сауаттылығы жоғары тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда тіл дамытудың орны ерекше. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары – оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіру, тіл мәдениетін қалыптастыру, көркем сөзге деген эстетикалық талғамын дамыту бағытында маңызды рөл атқарады.

Тіл мен сөйлеу процесін кезең-кезеңімен оқыту, оқушының дұрыс сөйлеуіне мән беру, ауызша және жазбаша тілін дамыту, тіл мәдениетін жетілдіру – қазақ тілі мен әдебиет пәнінің басты міндеттерінің бірі. Әр мұғалім аталған пәндерде тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен ұйымдастырып, жүйелі түрде жүргізе білсе, бұл оқушылардың қоршаған ортаны жан-жақты түсінуіне, өмірлік құбылыстарды өз сөзінде дұрыс қолдана білуіне жағдай жасайды.

Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі көркем сөздің табиғатын, ерекшеліктерін таныта отырып, оны оқушыларды тіл мәдениетіне баулудың тиімді құралы ете білуі тиіс. Оқушының тілін дамыту – оның ойлау қабілетін жетілдірумен тығыз

байланысты. Себебі оқушы пәнді оқып үйренгенімен, күнделікті өмірде өз іс-әрекеттері, көрген-білгені жайлы ойын жүйелі жеткізіп отырмаса, ол білім толыққанды болмайды. Сондықтан тіл дамыту мәселесі ойлау қабілетімен ұштастырылып, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігі негізінде ұйымдастырылуы қажет.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстары нақты тәрбиелік процестің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Бұл жұмыстар қай жерде, қалай жүргізілуі тиіс? Оқушылардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктер қандай әдіс-тәсілдер арқылы түзетіледі? Осы секілді сұрақтарға жауапты педагогикалық, психологиялық және әдістемелік тұрғыдан негіздей алатын маман – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болуға тиіс.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін жетілдіру және сапалы білім беру – қазіргі заман мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру үрдісі бүгінгі таңда тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге бағытталуда. Алайда, бұл мақсаттар мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен дұрыс ұйымдастырған жұмысы негізінде ғана жүзеге асады. Сондықтан оқушылардың тілін дамыту мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында мектеп көлемінде жүйелі шаралар белгіленіп, мақсатты жұмыстар жүргізілуі қажет. Бұл бағытта, әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері оқу материалының мазмұны мен түріне қарай, сабақ барысында да, сыныптан тыс уақытта да тіл дамыту жұмыстарын үздіксіз әрі мақсатты түрде жүргізуге міндетті. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын жүйелі жеткізуге, еркін сөйлеуге баулитын тиімді тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Бұл жұмыстарды дұрыс ұйымдастырып, жүйелі жүргізу – әдебиетті сөз өнері ретінде шығармашылықпен әрі шеберлікпен оқытудың бір көрінісі. Тіл дамытуға бағытталған жұмыстар оқушының ойлау қабілетін, ойын анық жеткізе білуін және шығармашылық ізденісін жетілдіреді. Бұл арқылы оқушы тек білім алып қана қоймай, қабілеті ашылып, дарыны ұшталуына мүмкіндік туады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдыларына мынадай талаптар қойылады:

- Оқушы ойын жүйелі, байланысты түрде әңгімелеп жеткізе білуі керек;
- Сөзі мазмұнды әрі тартымды болуы тиіс;
- Әдеби тіл нормаларын сақтап, мәнерлеп сөйлеуге дағдылануы қажет;
- Сөздерді орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құрастырып ойын жеткізе білуі тиіс.

Тіл дамытудың басты құралы – сөздік қор. Оқушының сөздік қоры мол әрі оны тиімді қолдана білуі жүйелі жұмыстың нәтижесі. Сөздік қорды байыту мақсатында іріктелетін ұғымдар мен атаулар ұлттық дәстүр, тарихи таныммен байланысты болса, оның тәрбиелік және танымдық маңызы артады. Себебі оқушы туған халқының тарихымен, салт-дәстүрімен танысып, сөздік қорын молайтады.

Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – оқушыны сауатты, дұрыс жазуға, ойын ауызша және жазбаша түрде жүйелі, грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан сауатты жеткізуге үйрету. Мұғалім бұл бағытта грамматикалық ережелерді меңгерту, тыныс белгілерін дұрыс қою, көркем әдебиетті оқуға баулу және үлгі көрсету жұмыстарын үздіксіз жүргізуі қажет.

Әрбір мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен ұйымдастыра білсе, оқушы күнделікті өмірдегі құбылыстарды терең түсініп, білгенін ауызекі сөйлеуде де дұрыс қолдануға машықтанады.

Тіл дамыту жұмыстары келесі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады: ауызша және жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, мазмұндама, шығарма, диктант, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұрақтарға жауап жаздыру, жоспар құру, кітап оқу, т.б. Жаңа сөздер оқушыларға мәтіндер мен диалогтар арқылы, жаттығу үлгілерінде қолданысымен бірге ұсынылады. Әр сабақта оқушының сөздік қоры жаңа сөздермен

толықтырылып, жыл өткен сайын байып отыруы тиіс. Бұл бағыттағы негізгі мақсат – оқушының сөздік қорын жүйелі түрде кеңейту.

Бұл үшін келесі жұмыстарды орындау қажет:

1. Жаңа сөздердің мағынасын оқушыға нақты түсіндіру;
2. Жаңа сөздің есте сақталуын қамтамасыз ету;
3. Жаңа сөзді қолданысқа енгізіп, қолдану дағдысын қалыптастыру;
4. Жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту;
5. Сөздікпен жұмыс жүргізуге үйрету.

Сөздік қорды байытудың тағы бір тиімді жолы – мақал-мәтелдер сөздігін құрастыру. Мақал-мәтелдер оқушының есінде тұрақтап, сөйлеу тілін көрікті әрі әсерлі етеді. Оқушы оларды мазмұндама, шығарма жазуда және күнделікті сөйлесуде қолдана алады.

Жаттығулар арқылы тіл дамыту

Егер оқушы қазақ тілінен меңгерген сөздік қорын қарым-қатынаста қолдана алмаса, оны толық меңгерді деп айту қиын. Сондықтан сөздік қорды байыту тек сөз жаттаумен шектелмей, оны сөйлеуде қолдану дағдысымен бірге жүруі қажет. Бұл үшін оқушы тілдік тұлғалардың қолданылу заңдылықтарын білуі тиіс. Бұл – грамматиканың міндеті. Грамматикада сөздерді бір-бірімен байланыстыратын сөз түрлендіруші қосымшалар, олардың қандай сөз табына жалғанатыны, қандай мағына беретіні, осы арқылы сөз тіркесінің, сөйлемнің жасалуы және сөйлемдердің байланысу заңдылықтары оқытылады. Екінші тілді үйретуде жаттығулардың маңызы зор. Себебі тілге үйрету жаттығу арқылы жүзеге асады. Жаттығулар тілдік материал негізінде оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай іріктеледі. Жалпы, жаттығулар екіге бөлінеді: тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулары.

Тілдік жаттығулардың мақсаты – грамматикалық материалдарды меңгерту. Олар тілдік тұлғаны таныстырып, оны дұрыс қолдануға үйретеді. Тілдік тұлғаларды автоматты түрде қолдану дағдысын қалыптастырады. Мұндай жаттығулардың түрлері көп: кейбіреулері тілдік тұлғаның қолданылу үлгісін көрсетсе, енді біреулері оқушыны оны сөйлем ішінде дұрыс таңдауға машықтандырады.

Қорыта келе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тіл дамыту жұмыстары – оқушылардың тілдік, танымдық, шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, оларды еркін сөйлеп, сауатты жазуға үйретудің негізгі құралы. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушының тек сөздік қорын байытып қана қоймай, логикалық ойлау, жүйелі сөйлеу, әдеби тіл нормаларын сақтау дағдыларын жетілдіреді. Тіл дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілген жағдайда, оқушылардың тілдік тұлғаларды дұрыс қолдану білігі артып, олардың сөйлеу мәдениеті жоғарылайды. Мұндай жұмыс түрлері – тілдік жаттығулар, мәтінмен жұмыс, шығармашылық тапсырмалар – білім мазмұнын терең меңгеруге және тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері тіл дамыту жұмыстарын мақсатты, әдістемелік тұрғыдан сауатты ұйымдастыруы тиіс. Бұл — заманауи білім беру талаптарына сай, функционалдық сауатты, тіл мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеудің тиімді жолы.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. -Алматы, 2001.-301 б.
- 2.Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. -Алматы:РБК, 2000. -207 б.
- 3.Құрман Н. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесіндегі қазақ тілінен сабақ үлгілері. -Алматы, 2001. -142 б.
- 4.Оқыту үрдісінде педагогикалық технологияларды пайдалану// Білім берудегі менеджмент. -Алматы, 2006. -11 б.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Каракушекова Фатима Наубатовна

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
«Алматы облысы бойынша кәсіби дамыту институты» филиалы,
«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы»
кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі ақпараттық қоғамда оқушылардың тек теориялық білімді меңгеруі жеткіліксіз; олар бұл білімді нақты өмірлік жағдаяттарда қолдана алуы тиіс. Бұл талап функционалдық сауаттылық ұғымының маңызын арттырады. Халықаралық салыстырмалы зерттеулер, соның ішінде PISA (Халықаралық оқушыларды бағалау бағдарламасы), білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін көтерудің өзектілігін көрсетіп отыр.

Функционалдық сауаттылық ұғымы 1950–1960 жылдары ЮНЕСКО құжаттарында алғаш рет ғылыми айналымға енді. Сол кезеңде бұл термин негізінен адамның оқу және жазу дағдыларын күнделікті өмірде қолдану қабілетімен – жұмысқа орналасу, тұрмыстық және ресми құжаттарды толтыру, ақпаратты түсініп пайдалану сияқты базалық қажеттіліктермен байланыстырылды. Технологиялардың дамуына байланысты функционалдық сауаттылық ұғымы кеңейе бастады. Оған математикалық сауаттылық (сандық ақпаратты түсіну), ғылыми сауаттылық және экономикалық сауаттылық қосылды. 1990 жылдар: Жаһандану мен ақпараттық революция басталып, оқушылардың өмірлік құзыреттіліктерін бағалау қажеттілігі туындады. PISA (Programme for International Student Assessment) бағдарламасының дамуы осы кезеңге тұспа-тұс келеді.

3. Цифрлық дәуір және информатика пәнінің (XXI ғасыр)

2000 жылдардың басы: Интернет пен компьютерлік технологиялардың кең таралуына байланысты цифрлық сауаттылық және ақпараттық сауаттылық функционалдық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөлігіне айналды.

Информатика пәні: Осы кезеңнен бастап, информатика пәні тек бағдарламалауды үйретуден гөрі, оқушыларға ақпараттық ортада қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу дағдыларын беруге көшті. Қазіргі кезең: Функционалдық сауаттылық – тек технологияны қолдану ғана емес, сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу және жаңа ақпараттық құралдарды өз бетінше меңгеру қабілетінің жиынтығы.

Функционалдық сауаттылық – бұл оқушының алған білімін, дағдыларын және құзыреттерін нақты өмірлік мәселелерді шешу үшін тиімді пайдалана алу қабілеті. Функционалдық сауаттылықты адам өмірінің қауіпсіздігінің кепілі, оның өзгермелі әлемде табысты өмір сүруінің құралы ретінде түсіну.

Оқу сауаттылығы (ОС) – адамның өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ой елегінен өткізу және оқумен айналысу қабілеті.

Математикалық сауаттылық (МС) – жеке тұлғаның математикалық пайымдаулар жүргізу және нақты әлемнің әртүрлі контексттеріндегі мәселелерді шешу үшін математиканы тұжырымдау, қолдану, түсіндіру қабілеті.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы (ЖҒС) – жаратылыстану ғылымдарын тану және сұрақтар қою, жаңа білімді меңгеру, жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және жаратылыстану мәселелеріне қатысты ғылыми дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды тұжырымдау үшін жаратылыстану білімін меңгеру және пайдалану қабілеті. Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық адамның компьютерді зерттеу, шығармашылық, қарым-қатынас жасау және күнделікті тапсырмаларды мектепте, жұмыс орнында және қоғамда орындау үшін тиімді пайдалану қабілетін білдіреді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың проблемалық әдісі

Проблемалық оқыту әдісі – оқушыларға дайын білімді беруден гөрі, оларды проблемалық жағдаяттарға немесе нақты өмірлік мәселелерге тап ету арқылы, осы мәселелерді шешу барысында жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше игеруге бағыттайтын оқыту әдісі. Оқушының білімге деген танымдық белсенділігін арттыру және оларды шығармашылық ізденіске тарту. Проблемалық жағдаят – оқушының қолда бар білімі мен шешім қабылдауға қажетті жаңа білім арасындағы сәйкессіздік тудыратын жағдай.

Информатика сабағында проблемалық әдісті қолдану жолдары

Информатика пәні проблемалық оқыту әдісін қолдануға өте қолайлы, әсіресе алгоритмдік және цифрлық сауаттылықты дамытуда. Алгоритмдік проблемалар: Мысал: "Егер мектеп асханасындағы оқушылардың келу кестесі үнемі өзгеріп отырса, кезек күту уақытын азайту үшін оңтайлы кесте қалай құрылуы керек? Бұл мәселені шешу үшін Python немесе Pascal тілінде қандай алгоритм жазуға болады?" Деректерді өңдеу проблемалары: Мысал: "Ауа райының соңғы 10 жылдағы деректері берілген. Егер біз келесі жылы жаздағы ең ыстық аптаны болжағымыз келсе, Excel/бағдарламалау құралдары арқылы қандай деректерді талдау керек және негізгі тенденцияны қалай анықтауға болады?" Қауіпсіздік проблемалары (Цифрлық сауаттылық): Мысал: "Сынып оқушыларының әлеуметтік желідегі құпиясөздері ұрланды. Осы мәселенің негізгі себебін (техникалық, адамдық фактор) анықтаңыз және осындай жағдайға жол бермеу үшін ең тиімді үш қорғаныс шарасын ұсыныңыз." Жобалық проблемалар: Мысал: "Мектепке арналған кітапханадағы кітаптарды автоматтандыру жүйесі қажет. Оқушылар мен мұғалімдер үшін осы жүйенің қандай функциялары болуы керек? Осы жүйенің дерекқорын (Database) қалай құрамыз?"

Проблемалық әдістің кезеңдері

- Проблемалық жағдаятты туғызу: Мұғалім оқушылардың назарын аударатын, бірақ дайын жауабы жоқ сұрақ қояды немесе тапсырма береді.
- Проблеманы тұжырымдау: Оқушылар топта жұмыс істей отырып, мәселенің мәнін анықтайды және шешілуі тиіс сұрақты нақтылайды.
- Гипотезалар ұсыну: Мүмкін болатын шешімдер мен жолдарды (алгоритмдерді, бағдарламаларды) ұсыну.
- Шешімді тексеру (Зерттеу): Оқушылар ізденеді, деректерді жинайды, код жазады, тәжірибе жасайды (мысалы, кодты іске қосады).
- Қорытынды жасау және Дәлелдеу: Табылған шешімді талдау және оның дұрыстығын немесе тиімділігін дәлелдеу.

Проблемалық оқыту оқушыларды пассивті тыңдаушы емес, белсенді ізденушіге айналдырады, бұл олардың функционалдық сауаттылығын шынайы өмір жағдайында дамытудың ең маңызды кілті болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың жобалық әдісі (Project-Based Learning).

Жобалық әдіс – оқушының функционалдық сауаттылығын дамытудың интеграцияланған және практикалық формасы. Бұл әдісте оқыту процесі оқушылардың белгілі бір түпкілікті өнімді (жобаны) жасауына негізделеді.

1. Жобалық әдістің мәні және ерекшеліктері

• Мәні: Оқушыларға ұзақ мерзімді, кешенді және нақты өмірлік мәселелерге негізделген тапсырма беріледі. Олар жобаны аяқтау барысында бірнеше пәннің (информатика, математика, дизайн және т.б.) білімін қолданады.

• **Нәтижеге бағытталуы:** Жобалық әдіс әрдайым айқын және қоғамға пайдалы нәтижемен (мысалы, мобильді қосымша, мектепке арналған деректер базасы, сайт) аяқталады.

• Жобаның бағалау критерийлерін (функционалдығы, кодтың тазалығы, дизайн, қорғау сапасы) алдын ала белгілеу.

• **Тьюторлық қолдау:** Мұғалімнің дайын жауап беруші емес, керісінше, оқушыларды бағыттаушы (тьютор) рөлін атқаруы.

• **Рефлексия:** Жоба аяқталғаннан кейін оқушылардың "Нені үйрендім?", "Қандай қиындықтар туындады?", "Келесіде не өзгертер едім?" деген сұрақтарға жауап беруін қамтамасыз ету.

Жобалық әдіс оқушыларға болашақ мамандығына қажетті дағдыларды (проект-менеджмент, командада жұмыс істеу, презентация) меңгерту арқылы олардың функционалдық сауаттылығын едәуір жоғарылатады. Информатика сабақтарында оқушының тек бағдарламаны меңгеріп қана қоймай, оны белгілі бір мақсатқа жету үшін пайдалана алуы (мысалы, Excel-ді үй бюджетін есептеуге қолдану) көзделеді. Мұғалімнің көмегінің жаңа ақпараттық құралдарды тез меңгеру және қауіпсіздік ережелерін сақтау. Оқушының цифрлық ортадағы қиындықтарға (вирус, ақпараттық шабуыл) дайын болуы, мәселені шешуге деген жауапкершілігі мен мотивациясын артыру. Оқушыларды бағалау жүйесіне практикалық және қолданбалы жұмыстарды енгізу арқылы тиімділікті өлшеу. Мұғалімдер оқушыларға арнап жеке адамға немесе жергілікті мәселеге негіздеп тапсырмалар құрастыру арқылы оқушының функционалдық сауаттылығын дамыта алады. Ол оқушы үшін түсінікті болғанда оқушының қызығушылығы оянады деп ойлаймын. Информатика бойынша функционалдық сауаттылық тапсырмаларына өте жақсы мысал. Төмендегі тапсырмада Жігер мен Жұлдыздың алгоритмдік ойлауын, бағдарламалау сауаттылығын және математикалық білімін (сандардың қасиеттерін) біріктіруін талап етеді. Мысалы: *Әр жұма сайын болатын қосымша сабақта Жігер және оның досы Жұлдыз мұғалім сандардың қасиеттері жайлы ақпараттарды қолдана отырып python-да код құруды тапсырды.*

1. М натурал саны берілген. Сол санның тақ сандарының көбейтіндісін анықтайтын программа құрыңыз.

2. М натурал саны неше таңбалы сан екенін анықтаңыз

М натурал саны берілген. Сол санның цифрларының арасындағы цифр 4-ке тең болса, онда оны дәрежеленіз

Санның тақ цифрларының көбейтіндісін анықтау

1. М санын енгізу.

2. Көбейтіндіні сақтау үшін, бастапқы мәні 1-ге тең (себебі көбейтінді) product айнымалысын құру.

3. Санның цифрларын біртіндеп тексеру үшін цикл (while) қолдану.

4. Цикл ішінде санның соңғы цифрын $M \bmod 10$ арқылы алу.

5. Егер бұл цифр тақ болса (яғни, $\text{цифр} \bmod 2 \neq 0$), оны product айнымалысына көбейту.

6. Саннан соңғы цифрды алып тастау үшін санды 10-ға бөлу ($M // 10$).

7. Цикл сан 0-ге тең болғанша жалғасады.

М натурал санын енгізу try: `M = int(input("Натурал М санын енгізіңіз: ")) # Темік сандарды немесе 0-ді енгізбеуді қамтамасыз ету if M <= 0: print("Натурал сан енгізіңіз.") else: # Көбейтіндіні сақтауға арналған айнымалы product = 1 # Санның бастапқы мәнін сақтап қою (нәтиже шығару үшін) temp_M = M # Санның цифрларын тексеру while temp_M > 0: digit = temp_M % 10 # Соңғы цифрды алу # Тақ цифрды тексеру if digit % 2 != 0: product *= digit #`

Көбейту temp_M //= 10 # Санның соңғы цифрын алып тастау # Нәтижені шығару if product == 1 and M % 2 == 0: # Егер М санда тақ цифр болмаса (тек 1 ғана қалса) print(f'{M} санында тақ цифрлар жоқ. Көбейтінді: 1 (немесе 0)') elif product == 1 and M == 0: print (f'Тақ цифрлардың көбейтіндісі: 0') else: print(f'{M} санының тақ цифрларының көбейтіндісі: {product}') except ValueError: print ("Дұрыс сан форматын енгізіңіз.")

Бұл тапсырманы шешудің бірнеше жолы бар:

1-әдіс (математикалық – ұзындығын санау):

1. М санын енгізу.
2. Цифр санын санау үшін, бастапқы мәні 0-ге тең count айнымалысын құру.
3. Санды 10-ға бөлген сайын count-ты 1-ге арттыру.

2-әдіс (Жолдық - ең қарапайым):

1. М санын енгізу.
2. Санды жолға (string) түрлендіру.
3. Жолдың ұзындығын len() функциясы арқылы анықтау.

Python коды (Жолдық әдіс - ең тиімдісі)

```
Python
# М натурал санын енгізу
try:
M_str = input("М санын енгізіңіз: ")
M = int(M_str)
# Ұзындығын len() функциясы арқылы анықтау
length = len(M_str)
print(f'{M} саны {length} таңбалы сан.')
except ValueError:
print("Дұрыс сан форматын енгізіңіз.")
```

3-тапсырма: 4 цифрының дәрежесін есептеу

Тапсырманы нақтылау және Алгоритм

Тапсырма: "М натурал саны берілген. Сол санның цифрларының арасындағы цифр 4-ке тең болса, онда оны дәрежелендіз."

Бұл тапсырманы екі түрлі түсінуге болады, бірақ оқу контекстіне сәйкес, ең ықтимал мағынасы:

"Егер М санында 4 цифры кездессе, онда 4-ті санның өзіне (М) дәрежелендіз." (яғни, 4^M).

Алгоритм (4 цифры кездессе, 4^M есептеу):

1. М санын енгізу.
2. Санды жолға түрлендіру.
3. Егер '4' цифры жолда in операторы арқылы табылса:
 - o 4^M -ті pow() функциясы немесе ** операторы арқылы есептеу.
4. Әйтпесе, 4 цифры жоқ екенін хабарлау.

Python коды

```
Python
# М натурал санын енгізу
try:
M_str = input("М санын енгізіңіз (мысалы, 145 немесе 237): ")
M = int(M_str)
# Егер 4 цифры бар болса, тексеру
if '4' in M_str:
# Дәрежеленді орындау
result = 4 ** M
print(f'Санда 4 цифры бар. 4-ті {M}-ші дәрежеге шығарғандағы нәтиже: {result}')
```

```
# Егер нәтиже тым үлкен болса, ғылыми форматта көрсетуге болады
# print(f"Нәтиже (ғылыми форматта): {result:.2e}")
else:
    print(f"Санда 4 цифры кездеспейді. Дәрежелеу орындалмайды.")
except ValueError:
    print("Дұрыс сан форматын енгізіңіз.")
except OverflowError:
```

```
print("Нәтиже тым үлкен, компьютердің есте сақтау шегінен асып кетті.")
```

Қорыта келгенде, информатика пәні бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бұл тек білім беру жүйесінің талабы ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың цифрлық дәуірдегі табысты өмірінің негізгі кепілі.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі тиімділігі:

1. Теориядан Тәжірибеге Көшу: Функционалдық сауаттылық оқушыларға мектеп қабырғасында алған теориялық білімдерін (алгоритмдер, деректер құрылымы, бағдарламалық логика) нақты өмірлік және кәсіби мәселелерді шешуге (мысалы, "Жігер мен Жұлдыздың" тапсырмаларындағыдай) қолдануға мүмкіндік береді.

- Проблемалық әдіс (Problem-Based Learning) оқушыларды дайын жауаптан бас тартып, сыни ойлауға және өз бетінше ізденуге баулиды.

- Жобалық әдіс (Project-Based Learning) білімді кешенді қолдануды талап етеді және оқушының жоспарлау, командалық жұмыс және дайын өнімді ұсыну дағдыларын қалыптастырады. Бұл әдістер арқылы информатика сабағы өмірмен тікелей байланыстырылады.

2. Кешенді Құзыреттілікті Қалыптастыру: Нәтижесінде оқушы тек компьютерлік сауатты ғана емес, сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік, деректерді талдау және цифрлық этика сияқты ХХІ ғасырдың негізгі дағдыларын меңгерген, ақпараттық қоғамның белсенді қатысушысы болып шығады. Информатика пәні бойынша функционалдық сауаттылық тапсырмаларын жүйелі түрде меңгерудің тиімділігі – оқушылардың адаптациялану қабілетін арттырып, оларды үздіксіз өзгеріп отыратын цифрлық ортада табысты болуға дайындайтын тұрақты білім беру стратегиясы болып табылады. Мұғалімдердің міндеті – осы тиімді әдістерді оқу процесіне терең енгізу арқылы, әрбір оқушының ақпараттық құралдарды қолданушы ғана емес, сонымен бірге жасаушы және проблемаларды шешуші болуына жағдай жасау.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі. Информатика пәні бойынша оқу бағдарламасы және оқу жоспары. (Тиісті сыныптар мен деңгейлер).

2. ҚР Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспары (2012-2016 жылдар).

3. Сейдахметов Б.А. Оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы: Рауан, 2012. (Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы инновациялық әдістер туралы.)

4. Рахметов Б.Р. Мектеп информатикасын оқыту әдістемесі. Астана: Фолиант, 2018. (Информатиканы оқытудағы практикалық бағыт және қолданбалы есептер.)

5. PISA (Programme for International Student Assessment) материалдары. PISA – 2022 зерттеуінің негізгі нәтижелері және цифрлық ортадағы оқушылардың құзыреттіліктерін бағалау. (OECD ресми сайтының деректері). (Функционалдық сауаттылықтың халықаралық өлшемдерін талдау үшін.)

6. Е.С. Ветрова, А.А. Павлов. Цифровая грамотность и ее роль в формировании функциональной грамотности школьников. Педагогические науки. 2020. (Цифрлық және ақпараттық сауаттылықтың өзара байланысы туралы.)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СИНТАКСИСТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сұлтанбек Дулат Мейрамбекұлы

«Ш. Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты

Аңдатпа: Мақалада қазақ тіліндегі функционалдық синтаксисті оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздері қарастырылды. Зерттеу барысында жай сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктері мен айтылу мақсаттарын меңгерудің тілдік құзыреттілікті дамытудағы маңызы көрсетілді. Сонымен қатар, функционалдық тапсырмалардың оқыту үрдісіндегі рөлі мен олардың оқушылардың коммуникативтік және практикалық дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігі талданды. Мақала мектеп бағдарламасымен байланысқан тапсырмалар үлгілерін ұсына отырып, қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға бағытталған ғылыми негіздерді қалыптастыруға үлес қосады.

Кілт сөздер: функционалдық синтаксис, қазақ тілі, оқыту әдістемесі, жай сөйлем, құрылымдық ерекшеліктер, коммуникативтік құзыреттілік, функционалдық тапсырмалар, тілдік білім, мектеп бағдарламасы.

Аннотация: В статье рассматриваются научно-теоретические основы методики преподавания функционального синтаксиса казахского языка. В ходе исследования показано значение усвоения структурных особенностей и коммуникативных типов простого предложения в развитии языковой компетенции учащихся. Кроме того, проанализирована роль функциональных заданий в учебном процессе и их эффективность в формировании коммуникативных и практических навыков обучающихся. Представляя примеры заданий, связанных со школьной программой, статья вносит вклад в формирование научных основ, направленных на повышение качества преподавания казахского языка.

Ключевые слова: функциональный синтаксис, казахский язык, методика преподавания, простое предложение, структурные особенности, коммуникативная компетенция, функциональные задания, языковые знания, школьная программа.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Бұл талап тілдік білім беру мазмұнына да тікелей ықпал етуде. Әсіресе, қазақ тілі пәні арқылы оқушының күнделікті өмірде тілдік білімін орынды қолдана білуі — білім берудің басты мақсатына айналды. Осы орайда функционалдық грамматиканың, соның ішінде функционалдық синтаксистің рөлі ерекше. Себебі тілдік құрылымдарды, атап айтқанда, жай сөйлем мен оның түрлерін оқушы тек теориялық деңгейде емес, практикалық, коммуникативтік мақсатта пайдалана алуы тиіс.

Функционалдық синтаксис — сөйлемнің құрылымын тек грамматикалық емес, мағыналық, прагматикалық жағынан да қарастыратын сала. Бұл бағытты мектепте оқыту оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, ойын нақты, түсінікті жеткізуіне, тілдік бірліктерді жағдаятқа сай қолдануына мүмкіндік береді. Алайда мектептегі грамматикалық білім беру жүйесінде бұл бағыт толық ескерілмей келеді. Сондықтан қазақ тіліндегі функционалдық синтаксисті оқыту әдістемесін ғылыми-теориялық тұрғыда қарастыру — өзекті мәселе.

Осы мақалада функционалдық синтаксистің мазмұны, білім беру процесіндегі орны және оны меңгерудің әдістемелік негіздері қарастырылады. Сонымен бірге мектеп бағдарламасына негізделген нақты тапсырма үлгілері мен оларды қолдану тиімділігі талданады.

Қазақ тіл біліміндегі синтаксистік бірліктер — сөйлем мен сөз тіркесі — тілдік қатынастың негізгі құралдары болып табылады. Дәстүрлі грамматикада синтаксистік

құрылымдар көбінесе формалды-грамматикалық тұрғыда қарастырылса, функционалдық синтаксис бұл құрылымдарды мағына, мақсат, жағдаят және сөйлеу жағдаятына байланысты қолдану аясында зерттейді. Бұл – оқушылардың тілдік білімін шынайы коммуникативтік ортада қолдануына мүмкіндік беретін әдістемелік бағыт.

Функционалдық синтаксис – сөйлемнің құрылымдық ерекшелік құрамымен қатар, оның мазмұндық (семантикалық), прагматикалық (қолдану мақсаты), коммуникативтік (сөйлесу жағдаятына сай қолдану) жақтарын қарастыратын сала. Бұл бағыт оқушының өмірлік дағдыларын қалыптастыруға, логикалық және жүйелі ойлауына, ойын нақты жеткізуіне көмектеседі.

Мектеп бағдарламасында жай сөйлем, оның айтылу мақсатына қарай түрлері (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) және құрылымдық ерекшеліктеріне қарай (жалаң, жайылма, толымсыз, атаулы) түрлері оқытылады. Алайда бұл білім тек теориямен шектеліп, оны өмірлік жағдаяттарда қолдануға арналған тапсырмалар жеткіліксіз. Осы тұрғыда функционалдық синтаксиске негізделген тапсырмалар үлгісін әзірлеу – маңызды қажеттілік.

Мысалы, оқушыларға «Хабарландыру жаз», «Өтініш жаз», «Сұхбат дайында», «Арыз құрастыр» деген секілді тапсырмалар арқылы сөйлем түрлерін жағдаятқа сай құрастыруды ұсыну – олардың функционалдық сауаттылығын дамытады. Мұндай тапсырмаларда оқушылар сөйлем түрін өз бетінше таңдай отырып, тілдік бірліктердің қызметін түсініп, мағыналық реңкін сезінуді үйренеді.

Функционалдық синтаксисті оқыту барысында келесі әдістемелік ұстанымдар басшылыққа алынуы тиіс:

1. Сөйлемді жағдаятпен байланыстыру – сөйлемнің түрі мен құрылымын нақты өмірлік мақсатқа сай қолдану.
2. Коммуникативтік бағыттылық – сөйлем арқылы белгілі бір қатынас орнату.
3. Тапсырманың практикалық маңызы – сөйлем құрастыру арқылы нақты құжат, хабарлама, әңгіме, пікір айту, рефлексия жасау.

Жоғарыда аталған тәсілдер білім алушының тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оқушының функционалдық білімін де дамытады. Бұл тәсілдер білім берудегі қазіргі талаптармен толық үндеседі.

Функционалдық синтаксисті мектепте оқытуда оқушылардың тілдік білімін өмірлік жағдаяттармен ұштастыру басты мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл бағытта грамматикалық құрылымдарды формалды меңгертумен шектелмей, оқушының сөйлеу әрекетінде синтаксистік бірліктерді мақсатқа сай қолдану дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Осыған орай, синтаксис тақырыптарын меңгертуде оқушылардың коммуникативтік қажеттіліктері мен функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырма түрлерін кіріктіру – оқытудың тиімділігін арттырады. Мұндай тапсырмалар шынайы өмірлік жағдаяттарға негізделіп құрылып, оқушының сөйлемді жағдаятқа сай құра білу, сөйлеу мақсатына қарай түрлендіре алу, құрылымдық ерекшеліктерді нақты түсіну сияқты дағдыларын жетілдіреді. Төменде синтаксистік бірліктерді оқытудың функционалдық негіздегі бірқатар тапсырма үлгілері ұсынылады.

8-сыныптың оқу бағдарламасынан алынған оқу мақсаттарына негізделген, оқушылардың функционалдық дағдыларын қалыптастыратын тапсырма үлгілері:

№1 тапсырма үлгісі

Лексикалық тақырып: 7-бөлім: Театр өнері мен мәдениеті («Театр тарихы»)

Әдеби тілдік норма: Жай сөйлемдердің құрылымдық ерекшелігі

Оқу мақсаттары:

8.3.4.1 оқылым/тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу немесе жасанды интеллектіні қолдану;

8.4.4.4 – жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.

Тапсырма:

1-қадам. «Театр тарихы» тақырыбындағы оқылым мәтінін мұқият оқыңдар.

2-қадам. Берілген жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемге мәтін мазмұны бойынша айналдырыңдар. Баяндау желісін сақтап реттілікпен орналастырыңдар.

Римдіктер меңгерді.

Театр өнері дамыды.

Халық тамашалады.

Кемшіліктер айтылды.

Көрермендер қошеметтеді.

Актерлер ойнады.

3-қадам. Жазған қысқаша мәтіндерді тезиске айналдырыңдар.

4-қадам. Мәтіндеріңді ЖИ-ге салып, тезис жазып беруін сұраңдар. Өзіңнің жазған тезисіңмен салыстырыңдар.

Бұл тапсырма оқушылардың сөйлем құрау дағдысын жетілдіреді, мәтін мазмұнын жинақтап жеткізу дағдысын дамытады және ЖИ көмегімен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

№2 тапсырма үлгісі

Лексикалық тақырып: 5-бөлім: Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер («Заңсыз аң аулау»)

Әдеби тілдік норма: Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер

Оқу мақсаттары:

8.3.4.1 - эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу. (аргументативті эссе).

8.4.4.2 - тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану.

Тапсырма:

1. А.Құнанбаевтың «Кансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін оқып, тақырыбы мен идеясын анықтау

2. Қазіргі таңдағы аң аулаудың өзектілігі, заңсыз аң аулағандарға көрсетілетін нормативтік актілер туралы ой қозғаңыз

3. Төменде берілген есімді сөздер мен етістіктерді қолдана отырып «Аңшылық – ұлттық дәстүр ме, әлде табиғатқа жасалған қастандық па?» тақырыбында ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырып аргументативті эссе жазыңдар. Тұрлаусыз мүшелердің астын сызыңдар.

Есім сөздер: аң, аңшы, мерген, дәрі, күш, уақыт, дала, табиғат, адам

Етістіктер: аулау, қорғау, пайдалану, шығу, қолдану, қайту, бару, көтеру.

Бұл тапсырма оқушылардың тілдік және сыни ойлау дағдыларын кешенді түрде дамытуға бағытталған. Ол эссе жазу арқылы өз ойын жүйелі әрі дәлелді түрде білдіруге, тақырыпты жан-жақты қарастырып, қарсы пікірлерді салыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің қызметін түсініп, оларды дұрыс қолдануға дағдыландырады. Бұл тапсырма ұлттық құндылықтар мен экологиялық мәселелерді байланыстыра отырып, оқушылардың функционалдық грамматикалық сауаттылығын арттырады және қоғамдық өзекті тақырыптар бойынша коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіреді.

Қазақ тілінің синтаксистік құрылымын терең меңгеру — тілдік тұлғаның танымдық және коммуникативтік қабілетін дамытуға негіз болады. Әсіресе, жай сөйлемдердің айтылу мақсаты мен құрылымдық түрлерін түсіну оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыруға,

түрлі жағдаятта ойын сауатты жеткізуге, жазылым мен айтылым әрекеттерін тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді. Жай сөйлемдерді меңгеру — функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың бір жолы ретінде қарастырылады. Жай сөйлемдердің құрылымдық ерекшелігін меңгеруде оқушыға берер функционалдық маңызы:

1. Ойын нақты, жүйелі жеткізеді.
2. Сөйлеу және жазу мәдениетін қалыптастырады.
3. Түрлі жағдаятта тілдік норманы сақтауға үйретеді.
4. Ресми және бейресми қатынаста дұрыс сөйлем құрауға көмектеседі.
5. Құжат, өтініш, хат, хабарлама жазуда пайдалы.
6. Сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдерді тиімді қолдануға дағдыландырады.
7. Функционалдық сауаттылықты арттырады.
8. Әртүрлі мамандықтарда (журналист, мұғалім, заңгер, т.б.) кәсіби қарым-қатынасты

жақсартыды. ЭССЕ

9. Оқушының тілдік және коммуникативтік құзыретін дамытады.
10. Өз ойын сенімді жеткізіп, қоғамдық ортада еркін сөйлеуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі функционалдық синтаксисті оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін зерделеу барысында оның тілдік білімді терең әрі жүйелі меңгеруге ықпал ететіні анықталды. Функционалдық синтаксис оқушыларға жай сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктерін түсініп, сөйлеу мен жазу барысында олардың коммуникативтік қызметін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде тілдік құзыреттілікті арттырып, оқу мен өмірдегі қарым-қатынасты жеңілдетеді.

Оқыту әдістемесінде функционалдық тапсырмалар мен практикалық жаттығулардың маңызы зор екені белгілі болды. Олар оқушылардың теориялық білімін өмірлік жағдайларға қолдануға үйретеді, сөйлемдердің айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігін нақты және дәл меңгеруге ықпал етеді. Мұндай тәсілдер тіл білімінің тек грамматикалық аспектілерін емес, сонымен қатар оның коммуникативтік және әлеуметтік функцияларын да тиімді оқытуға жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі функционалдық синтаксисті оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін дамыту — тілдік сауаттылықты жоғарылатудың және оқушылардың жан-жақты тілдік қабілеттерін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер мен әдістемелік құралдарды жетілдіру оқыту сапасын арттыруға және қазақ тілін терең меңгеруге септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі. Оқулық / Ермекова Т. - Алматы:Эверо, 2024. – 332 бет.
2. Ильясова Н. Ә. Сөз тіркесі синтаксисі: оқу құралы / Н.Ә. Ильясова. - Алматы: КазНПУ им. Абая "Ұлағат", 2019. - 144 б.
3. Рахметова, Р. С. Қазақ тілі синтаксисі: коммуникативтік-танымдық аспект : Ғылыми монография / Р. С. Рахметова. - Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ "Ұлағат" баспасы, 2014. - 264 б.
4. Қазақ тілінің функционалдық грамматикасының өзекті мәселелері : Ғылыми жинақ / ред. Д. А. Әлкебаева. - Алматы : Қазақ университеті , 2013. - 137 б.
5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
6. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/ Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова. – Алматы: Мектеп, 2018 – 200 б.

ИНТЕГРАЦИЯ ЗАДАЧ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ В ПРОЕКТИРОВАНИЕ УРОКА РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ: МЕТОДЫ И СПОСОБЫ ИХ ПРИМЕНЕНИЯ

Мергенбаева Маржан Сабетбековна

учитель русского языка и литературы

КГУ "СШ №23 с. Тонкерис"

Талгарского района Алматинской области

Аннотация: В статье рассматриваются активные методы обучения как средство развития критического мышления и функциональной грамотности школьников на уроках русского языка и литературы. Анализируются современные педагогические подходы и практические приемы, способствующие формированию у учеников навыков анализа, аргументации и смыслового чтения. Представлены конкретные примеры использования активных методов на уроках с учетом возрастных особенностей. Сделаны выводы о значимости активных методов для повышения мотивации и эффективности учебного процесса.

Ключевые слова: активные методы обучения, критическое мышление, функциональная грамотность.

Түйіндеме: Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сыни ойлауы мен функционалдық сауаттылығын дамыту құралы ретінде оқытудың белсенді әдістері қарастырылады. Оқушылардың талдау, дәлелдеу және семантикалық оқу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін заманауи педагогикалық тәсілдер мен практикалық әдістер талданады. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтарда белсенді әдістерді қолданудың нақты мысалдары келтірілген. Оқу процесінің мотивациясы мен тиімділігін арттыру үшін белсенді әдістердің маңыздылығы туралы қорытындылар жасалды.

Кілт сөздер: оқытудың белсенді әдістері, сыни тұрғыдан ойлау, функционалдық сауаттылық.

Abstract: The article discusses active learning methods as a means of developing critical thinking and functional literacy among schoolchildren in Russian language and literature classes. It analyzes modern pedagogical approaches and practical techniques that contribute to the formation of students' skills in analysis, argumentation, and meaningful reading. The article presents specific examples of using active methods in lessons, taking into account the age-related characteristics of students. The article concludes that active methods are essential for increasing motivation and improving the effectiveness of the learning process.

Keywords: active learning methods, critical thinking, functional literacy.

Современное образование ориентировано не только на передачу знаний, но и на формирование универсальных учебных навыков, среди которых особое место занимает читательская грамотность. Умение понимать, анализировать, интерпретировать и критически осмысливать тексты различного типа является ключевым компонентом успешного обучения по всем предметам, особенно по русскому языку, где работа с текстом является центральным элементом содержания.

В условиях перехода к компетентностному подходу возрастает необходимость интеграции задач читательской грамотности в традиционные школьные уроки. Уроки русского языка, как фундаментальные по своей природе, предоставляют широкие возможности для развития у учащихся навыков осмысленного чтения, умения извлекать информацию, устанавливать логические связи и оценивать содержание текста.

Цель данной статьи — показать, каким образом можно спроектировать урок русского языка с учётом задач читательской грамотности, а также проанализировать методические приёмы, позволяющие эффективно интегрировать развитие этих навыков в структуру урока. В качестве примера будет рассмотрен конкретный учебный сценарий, иллюстрирующий применение данных подходов на практике.

В обновления современных условиях требования к содержанию образования и перехода к компетентностной модели обучения всё более актуальной становится задача формирования читательской грамотности учащихся. Этот термин охватывает не только умение технически читать текст, но и включает способность осмысленно воспринимать информацию, интерпретировать её, делать выводы, анализировать структуру текста, распознавать авторскую позицию и критически относиться к прочитанному.

Согласно международным исследованиям (в частности, PISA), читательская грамотность — это способность человека понимать, использовать и оценивать письменные тексты, размышлять о них и заниматься чтением для достижения собственных целей, развития знаний и участия в общественной жизни. Таким образом, читательская грамотность выходит за рамки предметного образования и становится важнейшим универсальным навыком XXI века. [1]

Преподавание русского языка предоставляет уникальные возможности для развития читательской грамотности. Именно на уроках родного языка учащиеся осваивают такие виды деятельности, как:

- анализ структуры текста;
- понимание лексического и смыслового значения слов и выражений;
- определение основной и второстепенной информации;
- работа с разными типами текстов (научными, художественными, публицистическими и др.);
- формирование умения задавать вопросы по тексту и аргументированно отвечать на них.

Кроме того, в рамках преподавания русского языка возможно целенаправленное развитие умений, связанных с интерпретацией текста, его критическим осмыслением, а также с оценкой достоверности информации, что особенно важно в условиях современного информационного общества.

В практике преподавания русского языка и литературы активные методы позволяют учащимся выйти за рамки традиционного восприятия учебного материала и включиться в процесс как полноправные участники познавательной деятельности. Учащиеся становятся исследователями, собеседниками, авторами текстов и участниками обсуждений, что способствует формированию у них устойчивой учебной мотивации и личностной включенности.


Особое значение имеют методики, направленные на развитие мыслительной активности. Применение стратегии «толстых и тонких вопросов» позволяет формировать у учащихся умение задавать и различать вопросы разного уровня сложности. Приёмы визуализации, такие как кластеры, развивают навык структурирования информации. Метод ИНСЕРТ [3] помогает организовать активное чтение с пометками, способствуя более глубокому осмыслению текста. ПОПС-формула [4] позволяет ученику научиться грамотно излагать свои мысли, выражать идеи и стремиться к познанию нового, опираясь на собственный опыт. А педагог, научив школьников правильно пользоваться технологией составления ответа по такой схеме, получает возможность эффективнее использовать время урока и качественнее проверять уровень знаний детей.

Таким образом, активные методы обучения открывают широкие возможности для реализации компетентного подхода в школе, делая образовательный процесс не только эффективным, но и личностно значимым для каждого учащегося.

На уроках русского языка и литературы активные методы расширяют рамки изучения грамматики и орфографии, развивая речевые и мыслительные умения. Работа с текстами-стимулами, редактирование, составление разных жанров текстов формируют языковую культуру и критическое мышление. Применение редактирования текста и коллективное составление высказываний помогают развить умение аргументировать и осмысливать содержание. Метод синквейна [5] способствует краткому и логичному выражению мысли, что важно для школьников.

Например, на практическом материале демонстрируемом в таблице №1, представлен план групповой и индивидуальной работы учеников, направленный на изучение темы «Одежда крестьянских детей». Ученики делятся на три группы: первая составляет кластер по теме, вторая – синквейн к слову «одежда», третья – диаграмму Венна, сравнивая одежду крестьянских и современных детей. После выполнения заданий группы представляют свои результаты у доски. На этапе закрепления проводится индивидуальная работа по ПОПС-формуле, где учащиеся рассуждают о том, как выглядеть хорошо одетыми и что для этого необходимо.

Таблица №1

Среди на урока 30 мин	Групповая работа 1 группа. Составить кластер «Одежда крестьянских детей» 2 группа. Составьте «синквейн» к слову «одежда» 3 группа: Заполнить диаграмму Венна 1) Одежда крестьянских детей; 2) Одежда современных детей V. Закрепление изученного материала. Индивидуальная работа Вы хотите выглядеть хорошо одетыми людьми? Что для этого необходимо? Ответьте ПОПС –формулой	Составляют кластер Составляют синквейн Заполняют диаграмму Венна Группы защищают работы у доски. отвечает ПОПС –формулой	Дескрипторы: -составляет, заполняет необходимую информацию 1 балл Дескрипторы: -дает полный ответ - объясняет свою точку зрения - приводит пример из жизни - 2 балла	Бумага, маркеры 
--------------------------------	---	---	--	--

Вопросы, рассматриваемые в плане урока, представленные в таблице №1, четко структурированы: организационный момент, актуализация знаний, изучение нового материала, закрепление и рефлексия. Применение активных форм обучения, таких как стратегия «Бельевая веревка», физкультминутка, кластер, синквейн, диаграмма Венна, метод ПОПС, демонстрирует разнообразие методов, способствующих вовлечению учащихся в учебный процесс. Учтены межпредметные связи с литературой и обществознанием, что усиливает актуальность и практическую значимость урока.

Следует отметить, что применение такого рода активных форм обучения создаёт благоприятные условия для сотрудничества и обмена мнениями между учащимися, а его четкое соответствие целям урока делает план работы ясным и понятным.

В процессе профессиональной деятельности осуществляется систематический поиск эффективных педагогических средств, направленных на развитие критического мышления и формирование функциональной грамотности учащихся.

На уроках русского языка и литературы нами успешно применяются такие методы, как дискуссия, стратегия критического мышления, а также работа с открытыми и проблемными вопросами. Эти подходы позволяют создавать условия для развития у школьников навыков анализа, сопоставления, выдвижения гипотез и осознанного выбора.

Например, при изучении темы «О чём может рассказать одежда?» в рамках раздела «Культура одежды» учащиеся знакомятся с художественным текстом И.С.Тургенева, осуществляют смысловой и языковой анализ, проводят исследовательскую работу с лексическим материалом, формируют выводы, соотнося содержание текста с жизненным опытом.

Значительное внимание уделяется разнообразию форм работы: индивидуальной, парной и групповой. При выполнении заданий используются элементы визуализации, приёмы творческого и ассоциативного мышления, физкультминутки и упражнения на релаксацию. Всё это способствует созданию благоприятного эмоционального климата и активизации мыслительной деятельности школьников.

Следует отметить, что использование активных методов обучения позволяет обеспечить комплексное развитие учащихся, повысить уровень их учебной мотивации и сформировать основу для функционального использования знаний в реальных жизненных контекстах.

Вывод. Таким образом, рассмотрение теоретических основ показало, что функциональная грамотность и критическое мышление являются ключевыми компонентами современного образования, обеспечивающими способность младших школьников понимать, анализировать информацию и использовать знания в жизненных ситуациях. Эти качества формируются не спонтанно, а требуют целенаправленного педагогического воздействия с использованием соответствующих подходов и методик. Анализ сущности и особенностей активных методов обучения выявил, что они способствуют вовлечению учащихся в процесс познания через практическую, исследовательскую и коммуникативную деятельность. Методы, такие как дискуссия, проблемное обучение, синквейн, кластер, диаграмма Венна, позволяют развивать самостоятельность, инициативность, умение задавать вопросы и критически воспринимать информацию. Применение активных методов на уроках русского языка и литературы позволяет эффективно интегрировать обучение с развитием критического мышления и функциональной грамотности. Работа с текстами, редактирование, составление синквейнов, использование стратегии ПОПС и других методик повышает интерес учащихся, развивает их речь, мышление и понимание языковых закономерностей.

Определены эффективные приёмы и условия формирования функциональной грамотности и критического мышления: создание учебных ситуаций, стимулирующих осмысленную деятельность, использование приёмов визуализации, методов активного чтения и рассуждения. Важным условием является организация сотрудничества, разнообразие форм и методов работы, учёт возрастных особенностей и постоянная рефлексия со стороны учеников.

Использованная литература:

1. Аналитический отчет «Результаты Казахстана в международных исследованиях качества образования: исследование причин отставания». – Центр анализа и стратегии «Белес», под ред. Ирсалиева С.А., 2020. – 308 С.
2. Сарыбеков Т.Т. Развитие критического мышления младших школьников в условиях обновленного содержания образования // Образование и наука в XXI веке. г. Тараз 2020. – №3(56). – С. 45–51.
3. Захарова Е.С. Применение технологии модерации и активных методов обучения на уроках русского языка / Т.А. Баженова [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://4portfolio.ru/view/view.php?id=32322>
4. Вопросы формирования и оценивания функциональной грамотности средствами учебных предметов: учебно-методическое пособие. – Санкт-Петербург: Государственное автономное образовательное учреждение дополнительного профессионального образования «Ленинградский областной институт развития образования», 2021. – С. 7-43. – EDN WXBDMT.
5. <http://didaktor.ru/priyomy-obratnoj-svyazi-pops-formula>
<http://nsportal.ru/shkola/russkiy>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

А.К.Абдикалыкова, Ж.С.Бухарбаева

*Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
«Үмбетәлі Кәрібаев атындағы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері*

Қазіргі таңда елімізде оқушы жастардың кітап оқымайтыны жасырын емес. Бұл – оқушылардың оқу сауаттылық деңгейінің біршама артта қалып келе жатқанын көрсетеді. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Білім берудегі кітап оқуға үйрету мәселесі әрдайым өзекті болғанымен, оқу сауаттылығын дамыту – еліміздің мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңаша бағыт болып табылады. Оқу сауаттылығы – қазіргі қоғамдағы өмірге дайындықтың ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқу мәдениеті – оқушылардың басқа пәндерді табысты меңгеруі үшін аса маңызды. Себебі тәжірибе көрсеткендей, егер оқушылар жеткілікті деңгейде оқымаса, олардың сауаттылығының дамуы тежеледі, ауызша және жазбаша сөйлеу тілі жеткіліксіз болады. Жақсы оқуды меңгермеген оқушы басқа пәндер бойынша да қажетті деңгейде білім көрсете алмайды.

Оқу сауаттылығы — адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға тез бейімделе білуі. Оқушының оқу сауаттылығын дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің алатын орны ерекше. Осы тұрғыда оқушыға халықтың қоғамдық-әлеуметтік өмірін, арман-мүддесін таныту, оларға рухани-адамгершілік тәрбие беру және дүниеге көзқарасын қалыптастыру — қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің басты мақсаты болып табылады. Сонымен бірге, оқу сауаттылығы — оқушылардың жазбаша мәтіндерді түсінуі және өмірде қолдануы, мәтін бойынша ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануы, сондай-ақ әлеуметтік ортаға бейімделуі болып табылады. Демек, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмыс істеу дағдысын толық қалыптастыруға негізделеді. Қазақ тілі мен әдебиетін оқи отырып, оқушылар негізгі төрт тілдік дағды бойынша — тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары — бойынша түсініктері мен қабілеттерін кеңейтеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында осы дағдылардың ерекшеліктерін ескеру оқу сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады және өз нәтижесін береді деп есептеймін. Мектебімізде оқушылардың және қоғамның оқу сауаттылық деңгейін көтеру мақсатында «Оқуға құштар мектептен — оқуға құштар қоғамға» жобасы жүзеге асырылуда. Әр сыныптың ерекшелігіне сәйкес іс-әрекеттерді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы мектепте бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін «Оқылым шеңбері», «Мектеп театры», «Менің отбасым — оқырман», «Отбасы-мектеп» сияқты жобалардың іс-шара жоспарлары әзірленіп, белсенді түрде іске асырылуда.

II. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалды.

I-бөлім: Сабақ барысында.

II-бөлім: Сыныптан тыс іс-шаралар.

I. Сабақ барысы:

1. Көз жүгіртіп оқу (мазмұнын түсіну үшін оқу)
2. «Іштей оқу» минуты (сабақ барысында белгіленген уақытта 5 минут оқу)
- 3 «Бір минут оқып, түсінігінді баянда» (жылдамдыққа оқыту)
4. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу (мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу)
- 5.«Үздік аудио оқылым», «Үздік бейне оқылым» (мәнерлеп оқу, дауыс ырғағы)

II. Жоғарыда аталған жобаларды іске асыруда, оқушылардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту және рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында сабақтан тыс іс-шара қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің онкүндігінде көрініс тапты:

1.«SMART-CINEMA» 8-сыныптар арасында «Ақылдың алты қалпағы» әдісі бойынша бейнероликті талдау

2. «Үздік аудио және бейне оқылым» байқауы (5-сыныптар арасында)

3. «Қызықты кітаппен демалыс» марафоны 7-сыныптар

4. «Кейіпкерге хат жазу» челлендж 2-11 сыныптар

5. «Оқы және өзгеге сыйла» 6-сыныптар

6.«Классиканы бірге оқимыз» коворкинг алаңы

Оқу сауаттылығын арттыру жұмыстарының басты мақсаты: оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне және оларға ой жүгірте білуі, мәтін мазмұнына өзіндік тұжырым жасай алуы. Оқылым мәтіндер негізінде жүзеге асырылады. [3] Сондықтан оқылым дағдысы оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы деп айта аламын. Атап айтсақ, көз жүгіртіп оқу (мазмұнын түсіну үшін оқу) - мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу. Бұл оқылым түрі БжС технологиясында ерекше көрініс табуда. Оқушыларға мәтіннің көлеміне қарай уақыт беріледі, сол уақытта оқушы мәтінді, мәтіннің мазмұнын мен идеясын түсініп оқып шығады. Оқушылардың мәтінді және мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсініп оқып шыққаны, оқушылардан сұрақтар қою арқылы тексеріледі. «Күбірлеп оқу» минуты (белгіленген уақытта 5 минут оқу). Бұл оқылым түрі де мазмұнын түсініп оқуға бағытталған. Белгіленген уақытта берілген мәтінді оқып шығады. Сабақ барысында оқушылармен жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде түсініп оқу дағдысы төмен оқушылардың 18%-дан 26%-ға, орташа оқитын оқушылардың 39%-дан 42%-ға, жоғары оқушылардың 46%-дан 54%-ға артты. Оқушының мәтінді түсініп оқуы, мәтінді талдау дағдысын арттырады. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу (мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу) мұнда мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мұнда сынып оқушыларына мәтін оқуға беріледі немесе мұғалім өзі оқып береді. Мұғалім мәтінді оқып жатқан уақытта оқушылар негізгі ақпаратты тауып, жазып отырады. Бұл оқылым түрі мәтін ішіндегі ақпаратты тауып алу үшін оқу түрі болып табылады. Бұл оқылым түрі аталған технологияның «Ауызша сабақ-4» картасы түрінде іске асырылуда. Мәтінді тыңдағанда немесе оқушының жеке өзі оқығанда оқушылар негізгі ақпаратты естерінде сақтап алып, берілген кестедегі ұяшықтарды толтырады. Бұл кестеде бірінші бағанда мерзімдер, оқиғалар, атаулар, екінші бағанда адамдар, аңдар, үшінші бағанда терминдер, түсініктер, ережелер, құрылымдар толтырылады. Нақты ақпаратты табу үшін оқу нәтижесінде оқушылардың зейін, қабылдау, есте сақтау сияқты негізгі ойлау қабілеттері қалыптасады. Бұл оқылым түрінің тағы бір ерекшелігін атап өтетін болсақ, тыңдаған немесе оқыған ақпараттан ең негізгісін тандап алуды үйренетіндігі байқалды. Детальді түрде оқу (әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу) мәтіндегі ақпараттың мағынасын түсіну үшін сөзбе-сөз оқу, айтылған ойды толық түсінуге, ақпаратты өз қажетіне қарай нақтылап түсінуге бағытталады.

Сабақ барысында оқушылардың мәтінді түсініп оқу дағдысының төмендігі байқалды. Мәтінде берілген ақпаратты, негізгі және қосымша мәліметті түсінбеген оқушы «сұрақтарға толық жауап бере алмайды» бұны біз БжС технологиясын қолдану арқылы оқушылардың мәтінді қаншалықты түсінгендерін сұрақтарға жауап беру немесе бере алмауына байланысты анықтап отырдық, «кейіпкерлерге салыстырмалы анализ жасай алмайды», «мәтіннің негізгі ойы мен астарлы ойын таба алмайды», «мәтінді талдау дағдысы жеткіліксіз», «сөздік қоры аз» тағы басқа кемшіліктер анықталды. Осы кемшіліктерді жою мақсатында оқушылардың оқу жылдамдығы мен қатесіз оқу деңгейін көтеру үшін «Күбірлеп оқу», «Көз жүгіртіп оқу минутын» енгіздік. «Үздік аудио» байқауында аудио жазбалар жазып, «Үздік бейнежазба» байқауында өлеңді, мәтінді мәнерлеп оқыттық. Оқушылар өздері аудиожазбаны, видеожазбаны қызығушылықпен тыңдап, тапсырмаларды мұқият орындау нәтижесінде оқушылардың тыңдалым дағдылары артқанын, әдеби кітаптарды оқуға қызығушылығы көтерілгендігі байқалды. Тыңдалымнан кейін «рөлдік ойын, ыстық орындық» әдістерді қолдансақ, (рөлдік ойындардың нәтижесінде оқушылардың бір-біріне мейірбандықпен қарап, түсіну дағдысын дамытады, сонымен қатар сыни ойлауды күшейтіп, шешім қабылдауға мүмкіндік беретіні анықталды), оқылым мәтіндері бойынша «балық қаңқасы», «қос жазба күнделігі» стратегиясы оқушылардың мәтіннен әсер еткен тұсын анықтап, соған түсініктеме

беруге тырысып, оқу дағдысы, ойлау қабілеті дамиды, ал «ПОПС формуласы» әдісі бойынша оқушының сөйлеу қабілетін дамытып, жазылымда қорытынды ой-пікір білдіріп, хат, әңгіме, «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» уақытын қосып, эссе жазып, мәтінді «Аяқталмаған сөйлем», «Төрт сөйлем» әдісі арқылы талдағандары ұтымды болды. Айтылымда диалогтік оқыту мен пікірталас әдістерін қолданамыз. Диалог барысында оқушылар сыни ойлауға, қолдағы бар ақпаратты қолдана отырып, нақты жағдаятты талдау арқылы пікірлерді салыстырады, дұрыс шешім қабылдауға үйренетіндігі көрінді. Мәтін бойынша берілген ақпаратты түсіну дағдылары 34%-дан 48%-ға, негізгі идеяны және мәтіндегі көптеген көзқарастарды анықтау дағдысы 49%-дан 56%-ға, тыңдалған материал бойынша диалогке түсуде 36% дан 52% -ға артты. «Оқу сауаттылығы» адам баласының қоғам өміріне араласу үшін жазба мәтіндерді түсініп және оған рефлексия жасай білуін, оның мазмұнын өз мақсаттарына пайдалана алуын, білімі мен мүмкіндіктерін дамытуын білдіреді. Олай болса, оқылым барысындағы тапсырмада әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған қадамдар бар. Алғашқы қадам мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, мұнда жоғарыда атап өткендей, мәтін бойынша түсінгендерін сұрақтар қою арқылы тексеріп алу, одан кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналады. Оқылымнан кейінгі тапсырмада мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Бұл дегеніміз мәтінді оқушылар берілген уақытта жеке дара оқып болған соң, топта немесе жұп болып оқып, мәтін мазмұнын топта немесе жұпта талқылайды. Осы кезде оқушыларға талқылау сұрақтары беріледі. Мұндағы сұрақтар олар жазған тірек сөздер, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылады. Бұл мәселен, бір оқиғаны сипаттап беру немесе оқиғаға баға беруде көрініс табады. Тақырыптық сөздік қор жазуда оқушылардың өмірлік тәжірибесі де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алады.

Оқу сауаттылығын арттыруда БЖС технологияның тиімді жақтары оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін, логикасын дамытуға бағытталған. Бірнеше сөз көлеміндегі тірек сөздер оқытылатын тақырыптың негізгі мағынасын көрсетеді және ақпараттарды өз бетінше іздеуге, жаттап алуға негізделген. Тірек немесе кілт сөздерді табу, оқушыларда ақпараттық құзіреттілік дағдысы қалыптасады, олар кез келген ақпараттың негізін тауып үйренеді. Бірнеше сұрақтан тұратын қарама қарсы сұрау нәтижесінде оқушылардың оқу сауаттылығының деңгейін, оның зейіні мен ойлау қабілетін көтеруге мүмкіндік береді. Одан кейін сыни сұрау дұрыс және қате сұрақтар арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеті сияқты маңызды дағдыны қалыптастырады. Тақырыптық сөздік қор бес минут көлеміндегі жазба жұмысы. Бұл кезеңнің маңыздылығы сөздік қор оқушылардың есінде қаншалықты қалғанын көрсетеді.

Оқушылардың тілдік дағдылары, мәтінді түсініп оқу қабілеті, көркем әдебиет оқуға деген қызығушылығы, сөз саптау, өзіндік пікірін жеткізу деңгейінің төмендігі, оқушылардың мәтінді талдау дағдысының жеткіліксіздігі, сөздік қорының аздығы, интернет желісінің кері әсері оқу сауаттылығының өз деңгейінде дамуына әсерін тигізуде. Сондықтан қазақ тілі сабағында оқылым дағдыларын дамыту үшін тапсырмаларды жүйелі құрастырудың маңызы зор, бұл дегеніміз оқылым дағдыларының ерекшеліктерін меңгеру оқушылардың оқу сауаттылығын арттырады. Осыған байланысты оқу сауаттылығының ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау біздің басты мақсаттарымыздың бірі. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан мұғалімдердің басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыра алатын тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. Назарбаев Зияткерлік мектебі-2021 жыл.
2. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектебі, Нұр-Сұлтан 2020 жыл.
3. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері. Мақала. Алматы қаласы, 2021 жыл

ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

(на материале рассказа в. Голявкина «В любом деле нужно уметь работать»)

Алиева Аида Гусейновна

учитель русского языка и литературы

КГУ «Средняя школы им. Толе би»

Алматинская обл., Енбешиказахский район, с. Толе би

Аннотация: В статье рассматриваются современные подходы к развитию коммуникативной грамотности школьников на уроках русского языка и литературы. Акцент сделан на применении активных методов обучения, способствующих формированию навыков устной и письменной речи, критического мышления и умения аргументировать собственную позицию. Показан пример организации урока на материале рассказа В. Голявкина «В любом деле нужно уметь работать» с использованием приёмов групповой дискуссии, творческих заданий и анализа текста. Описанные стратегии включают этапы работы с текстом, направленные на развитие аналитических, речевых и социальных компетенций. В работе подчёркивается, что системное использование данных методик повышает учебную мотивацию и формирует универсальные учебные действия, востребованные в образовательной и социальной среде XXI века. Приведённый опыт может быть адаптирован для разных возрастных групп и уровней подготовки учащихся.

Ключевые слова: коммуникативная грамотность, активные методы обучения, развитие речи, творческие задания.

Annotation: This article explores modern approaches to developing students' communicative literacy in Russian language and literature lessons. The focus is placed on the use of active teaching methods that enhance oral and written speech skills, critical thinking, and the ability to justify one's own opinion. An example is provided of a lesson based on V. Golyavkin's short story "In Any Work You Must Be Able to Do It Well," using group discussion, creative tasks, and text analysis. The described strategies include stages of working with the text aimed at developing analytical, speech, and social competences. The article emphasizes that systematic application of these methods increases learning motivation and forms universal learning actions demanded in the educational and social environment of the 21st century. The presented experience can be adapted for different age groups and levels of students' preparation.

Keywords: communicative literacy, active teaching methods, speech development, creative tasks

Аңдатпа: Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың коммуникативтік сауаттылығын дамытуға арналған заманауи тәсілдер қарастырылады. Ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын, сыни ойлауды және өз пікірін дәлелдей білу қабілетін қалыптастыруға ықпал ететін белсенді оқыту әдістерін қолдануға назар аударылған. В. Голявкиннің «Кез келген істе жұмыс істей білу керек» әңгімесі негізінде топтық талқылау, шығармашылық тапсырмалар және мәтінді талдау әдістері ұсынылған. Сипатталған стратегиялар мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерін қамтиды, олар аналитикалық, сөйлеу және әлеуметтік құзыреттерді дамытуға бағытталған. Жүйелі қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, ХХІ ғасырдағы білім беру және әлеуметтік ортада сұранысқа ие әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырады. Ұсынылған тәжірибе әртүрлі жас топтары мен дайындық деңгейлеріне бейімделе алады.

Түйінді сөздер: коммуникативтік сауаттылық, белсенді оқыту әдістері, сөйлеуді дамыту, шығармашылық тапсырмалар.

Развитие коммуникативной грамотности — одно из приоритетных направлений современного образования, отражённое в Федеральных государственных образовательных стандартах [1]. Этот навык подразумевает умение ясно выражать мысли, понимать

собеседника, вести диалог и аргументировать позицию, а также воспринимать и перерабатывать информацию в устной и письменной форме.

Актуальность темы обусловлена тем, что в школьной практике всё ещё преобладает репродуктивная модель обучения, при которой учащиеся получают знания в готовом виде, а возможности для развития навыков продуктивного общения и критического мышления ограничены. Между тем, формирование коммуникативной грамотности в рамках уроков русского языка и литературы позволяет интегрировать языковое, культурное и личностное развитие обучающихся.

Цель исследования — выявить и описать эффективные стратегии формирования коммуникативной грамотности на уроках русского языка и литературы с использованием активных методов обучения на примере рассказа В. Голявкина «В любом деле нужно уметь работать».

На уроках русского языка и литературы работа над речевыми умениями органично сочетается с анализом художественных произведений. Текстовая основа позволяет сочетать языковой, культурный и личностный аспекты обучения. Важным условием является использование активных методов и стратегий, стимулирующих учащихся к осмысленному взаимодействию.

Основная часть

1. Теоретические аспекты

Коммуникативная грамотность включает несколько взаимосвязанных компонентов: речевые умения, понимание контекста общения, способность к аргументации, критическое восприятие информации и толерантность к иной точке зрения [2]. Формирование этих умений требует комплексного подхода и опоры на интерактивные формы работы.

2. Эффективные стратегии формирования

В педагогической практике доказали результативность:

Групповая дискуссия - учит аргументировать и слушать других;

Ролевая игра - моделирует речевые ситуации;

Творческие задания - письма героям, альтернативные финалы;

Метод ассоциативных схем - помогает структурировать информацию;

Рефлексивные формы - письменные отзывы, дневники читателя [3,4].

3. Пример применения (рассказ В. Голявкина)

Материал рассказа «В любом деле нужно уметь работать» позволяет отработать все этапы работы с текстом.

Предтекстовый этап: обсуждение пословиц и прогнозирование содержания;

Текстовый этап: выделение ключевых эпизодов, определение авторской позиции;

Послетекстовый этап: составление плана, групповое обсуждение, эссе на тему трудолюбия [5].

4. Результаты использования методов

Применение активных методов на уроках русского языка и литературы на основе рассказа В. Голявкина показало положительное влияние на формирование ключевых компонентов коммуникативной грамотности у школьников. В ходе работы учащиеся продемонстрировали:

- повышение интереса к художественному тексту за счёт личностной вовлечённости;
- развитие навыков диалогического общения — учащиеся активнее вступали в дискуссию, учились уважительно выслушивать мнение одноклассников и аргументированно высказывать свою точку зрения;
- улучшение качества письменных работ: заметно возросла связность высказываний, логичность построения аргументации, использование выразительных языковых средств;
- формирование навыков рефлексии и самооценки — через читательские дневники и устные обсуждения дети учились осмысливать собственные мысли, чувства и отношение к героям;

- развитие социально значимых компетенций: ответственности, сотрудничества в группе, толерантности, умения вести конструктивный диалог.

Кроме того, в ходе анкетирования, проведённого по завершении серии уроков, большинство учащихся отметили, что формат урока был для них необычным и интересным, а задания способствовали более глубокому пониманию темы труда и личной ответственности. Учителя также отметили, что подобный подход стимулирует творческое мышление, развивает эмоциональный интеллект и способствует формированию позитивной учебной мотивации.

Выводы. Системное включение активных методов обучения в структуру уроков русского языка и литературы способствует не только более глубокому освоению содержания художественного текста, но и формированию у школьников полноценной коммуникативной грамотности как метапредметного навыка. Благодаря целенаправленной работе с текстом, групповым обсуждениям, рефлексии и творческим заданиям, учащиеся учатся выражать и обосновывать своё мнение, уважать чужую точку зрения, вести аргументированный диалог, а также использовать язык как инструмент осмысления и интерпретации окружающего мира. Представленные в статье методики доказали свою эффективность как в образовательной, так и в воспитательной плоскости, поскольку не только способствуют развитию речевых и аналитических умений, но и затрагивают ценностно-смысловую сферу личности. Данный подход может быть успешно адаптирован для различных возрастных категорий и уровней подготовки, а также применён при работе с другими литературными произведениями. Таким образом, формирование коммуникативной грамотности средствами художественного текста и активных методик обучения становится важным условием подготовки учащихся к жизни в информационно насыщенном, социально ориентированном обществе XXI века.

Список литературы:

1. Федеральный государственный образовательный стандарт среднего общего образования (ред. 2021 г.). — М.: Просвещение, 2021.
2. Асмолов А.Г. Формирование универсальных учебных действий в основной школе. — М.: Просвещение, 2020.
3. Гальскова Н.Д. Современные подходы к развитию речевой компетенции школьников // Русский язык в школе. — 2022. — №4. — С. 3–10.
4. Куликова Л.В. Активные методы обучения на уроках русского языка и литературы. — М.: ФЛИНТА, 2023.
5. Егорова Н.А. Развитие коммуникативной грамотности школьников средствами художественного текста // Методист. — 2021. — №6. — С. 14–19.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Балтабаева Салиха Нуркешовна,
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Еңбекші ауылы,
«Еңбекші ауылындағы орта мектеп» КММ.
математика пәнінің мұғалімі

Аннотация Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жайлы баяндалады. Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін өмірде қолдана білу қабілеті. Мақалада математикалық білім негізінде оқушылардың шынайы өмірмен байланыс орнату, логикалық ойлауын талдау, бағалау және дәлелдеу қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған әдістемелер мен тәжірибелік жұмыстар қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – математика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдарын анықтап, тиімді

педагогикалық тәсілдерді ұсыну. Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы, бақылау және педагогикалық тәжірибе әдістері қолданылды. Мақалада мысал ретінде есептерді өмірмен байланыстыру, интербелсенді тапсырмалар мен жобалық жұмыстар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары ұсынылған. Сонымен қатар, қазақстандық білім беру мазмұнында орын алған өзгерістер мен стандарттарға сүйене отырып, функционалдық сауаттылықтың мәні мен мазмұны сарапталып, тиімді дидактикалық әдістермен бекіту жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, математикалық құзыреттілік, логикалық ойлау, шынайы өмірлік есептер, оқыту әдістері, жобалық жұмыс, білім сапасы, оқу жетістігі

Аннотация: В статье рассматривается развитие функциональной грамотности учащихся на уроках математики. Под функциональной грамотностью понимается способность ученика применять полученные знания в реальной жизни. Цель исследования – определить эффективные пути формирования функциональной грамотности на уроках математики. Используются методы описания, сравнения, педагогического наблюдения и анализа. Рассматриваются примеры заданий, связывающих математику с реальной жизнью, проектные работы, интерактивные упражнения, а также изменения в казахстанской системе образования.

Ключевые слова: функциональная грамотность, математическая компетентность, логическое мышление, жизненные задачи, методы обучения, проектная работа, качество образования, учебная успеваемость

Abstract: The article discusses the development of students' functional literacy in mathematics lessons. Functional literacy is defined as the ability of students to apply acquired knowledge in real-life situations. The purpose of the study is to identify effective ways to develop functional literacy through mathematics education. Descriptive, comparative, pedagogical observation and analysis methods were used. The article provides examples of tasks that link mathematics to real life, project-based learning, interactive exercises, and changes in the Kazakhstani education system.

Keywords: functional literacy, mathematical competence, logical thinking, real-life tasks, teaching methods, project work, education quality, academic achievement

Қазіргі заманда қоғам өмірінің түрлі салаларында туындайтын мәселелерді шеше алатын, шығармашылықпен ойлайтын, білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алатын тұлға тәрбиелеу – білім беру жүйесінің басты мақсаты. Бұл талаптар білім беру мазмұнын жаңартуға, оқушының жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған. Осыған байланысты оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – өзекті мәселелердің біріне айналды. Функционалдық сауаттылық – бұл оқушының алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуі, түрлі өмірлік жағдаяттарда тиімді шешім қабылдауы.

Математика – функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда жетекші пәндердің бірі. Себебі математика оқушыны логикалық ойлауға, дәлелдеуге, талдауға, саралауға және шешім қабылдауға үйретеді. Алайда дәстүрлі оқытуда оқушылардың теориялық біліммен шектеліп қалуы жиі кездеседі. Осыған байланысты қазіргі заманда математиканы өмірмен байланыстыра отырып оқыту, оқушының шынайы өмірде кездесетін мәселелерді шешуге бейімделуіне мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың күнделікті өмірде кездесетін түрлі ақпаратты дұрыс түсініп, оны талдап, тиімді шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Математика пәні бұл бағытта кең мүмкіндіктерге ие. Біріншіден, пән мазмұнында өмірмен тығыз байланысы бар тапсырмаларды енгізу маңызды. Мысалы, қаржылық сауаттылыққа байланысты есептер, статистикалық деректерді талдау, диаграммалармен жұмыс, күнделікті өмірдегі өлшем бірліктерін қолдану сияқты.

Екіншіден, оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажет. Атап айтқанда:

Проблемалық оқыту: нақты жағдаяттарды шешу арқылы оқушы логикалық ойлауын дамытады.

Жобалық әдіс: топпен немесе жеке жұмыс істей отырып, оқушылар практикалық шешім табуды үйренеді.

Сараланған тапсырмалар: оқушылардың деңгейіне қарай есептер беру арқылы олардың дербес қабілеттері ескеріледі.

Интербелсенді әдістер: пікірталас, сұхбат, рөлдік ойындар арқылы оқушы пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Үшіншіден, математика сабағында өмірлік жағдаяттарды ескеретін есептер жиі қолданылуы тиіс. Мысалы:

Отбасылық бюджет құрастыруға арналған есептер;

Тұрмыстық заттардың бағасын салыстыру;

Мектепке жету уақыты мен қашықтықты есептеу;

Электр қуатын тұтыну мөлшерін есептеу;

Сауда-саттықпен байланысты пайыздық есептер.

Төртіншіден, бағалау жүйесін өзгерту де маңызды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру үшін стандартты бақылау жұмыстары жеткіліксіз. Сондықтан портфолио, жобалық жұмыс, өзін-өзі бағалау, сыныптастарының бағалауы сияқты түрлері қолданылуы тиіс. Бұл оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, шығармашылықпен ойлау, жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бірнеше ұлттық бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. 2012 жылы қабылданған «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық жоспар» осы бағытта жасалған алғашқы ауқымды құжат болды. Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұны аясында енгізілген критериялды бағалау, PISA тестілеуі, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық зерттеулерге қатысу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейі анықталып отырады [1].

Математика пәні бойынша PISA тапсырмалары оқушылардың шынайы өмірлік жағдаятта математикалық білімді қолдану қабілетін тексереді. Мысалы, келесі тапсырма типін алайық:

“Айгүл дүкеннен көйлек сатып алды. Көйлек бағасы 12 000 теңге. Ол 20% жеңілдікпен сатылып жатыр. Айгүл қанша ақша үнемдеді?” Бұл есеп оқушының пайыз ұғымын өмірмен байланыстыра алатынын тексереді. Мұндай тапсырмалар оқушының пәнге қызығушылығын оятады әрі нақты жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді [2].

Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану да тиімді. Математикалық сауаттылықты дамытуда интерактивті платформалар, онлайн тестілер, бейне сабақтар, математикалық симуляторлар арқылы оқушының өз бетімен іздену қабілеті дамиды. Мұғалімдердің рөлі ерекше. Мұғалім оқушының тек пәндік білімін ғана емес, өмірлік дағдыларын дамытуға да бағытталуы тиіс. Мұғалімнің сабаққа қоятын сұрақтарының мазмұны, тапсырмаларды өмірмен байланыстыра білуі, сабақты ұйымдастыру шеберлігі – оқушының функционалдық сауаттылығына әсер ететін негізгі факторлар [3].

Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес, математикалық құзыреттілік – негізгі құзыреттердің бірі болып табылады. Ол оқушының логикалық, сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты өңдеу, бағалау және шешім қабылдау қабілеттерін қамтиды. Демек, функционалдық сауаттылық – білім берудің түпкі мақсатына жету құралы [4].

Бесіншіден, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда пәнаралық байланыстың рөлі зор. Математика сабағында география, биология, физика, экономика пәндерімен байланыс орнату арқылы оқушының дүниетанымын кеңейтуге болады. Мысалы:

Географиямен байланыс – әртүрлі мемлекеттердің валюталарын салыстырып, айырбас бағамдарын есептеу.

Физикамен байланыс – қозғалыс жылдамдығы, уақыт пен қашықтық арасындағы байланыс.

Биологиямен байланыс – адамның жүрек соғысын, тыныс алу жиілігін график түрінде көрсету, орташа мәндерін табу.

Экономикамен байланыс – несие, салық, депозит пайыздарын есептеу арқылы қаржылық сауаттылықты арттыру.

Алтыншыдан, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқушы портфолиосын жүргізу тиімді әдістердің бірі. Бұл тәсіл арқылы оқушының жеке өсу траекториясын, жетістіктері, қиындықтары және өзіндік рефлексиясы жүйеленіп, мұғалім мен ата-анаға нақты ақпарат береді. Портфолиоға жобалар, есептер, өзіндік ізденіс нәтижелері, күнделікті бақылаулар енгізілуі мүмкін.

Жетіншіден, рефлексия және кері байланыс механизмдері функционалдық сауаттылықты арттыруда маңызды рөл атқарады. Әр сабақтың соңында оқушылардан «Мен бүгін не үйрендім?», «Бұл білімді өмірде қайда қолданамын?» деген сұрақтарға жауап алу – оқушылардың сыни және рефлексивтік ойлауын дамытады. Сонымен қатар, мұғалімнің кері байланыс беруі – оқушының келесі әрекетке нақты бағыт алуына мүмкіндік береді.

Сегізіншіден, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда дифференциалды оқыту тәсілінің орны ерекше. Әр оқушының жеке ерекшелігін ескере отырып, тапсырмалар күрделілік деңгейіне қарай жіктеліп берілуі керек. Мысалы, қабілеті жоғары оқушыларға күрделі өмірлік жағдаяттар негізінде тапсырмалар, ал оқуда қиналатын оқушыларға жеңілдетілген нұсқалар беріледі. Бұл тәсіл оқушылардың өз мүмкіндігін тиімді пайдаланып, білімге деген қызығушылығын арттырады.

Тоғызыншыдан, сабақ барысында математикалық модельдеу элементтерін енгізу тиімді. Оқушылар нақты өмірлік проблемаларды математикалық модель арқылы шешуді үйренеді. Мысалы:

Қоғамдық көліктегі жолаушылар ағынын есептеу;

Дүкендегі жеңілдіктер жүйесін модельдеу.

Ауа райына байланысты өнімділік көрсеткіштерін болжау.

Оныншыдан, оқушының зерттеушілік дағдысын қалыптастыру – функционалдық сауаттылықты дамытудың жоғары деңгейі. Математика сабағында шағын зерттеу жобаларын енгізу арқылы оқушы өз бетінше мәлімет жинап, талдау жасап, қорытынды шығаруға машықтанады. Мысалы, «Мектеп асханасындағы күнделікті тағам бағасын есептеу», «Мектеп оқушыларының телефонына кететін орташа шығын» сияқты нақты деректерге негізделген зерттеу жұмыстары оқушыларды өмірлік дағдыларға баулиды.

Қорыта келе оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – заман талабына сай сапалы білім берудің негізгі шарты. Математика сабағында бұл мақсатқа жету үшін пәнді өмірмен байланыстыру, оқытудың белсенді әдістерін енгізу, түрлі деңгейдегі тапсырмаларды қолдану, бағалаудың жаңа түрлерін енгізу, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруы қажет. Функционалдық сауаттылықты дамытуы – тек пәндік білім беру емес, оқушыны өмірге бейімдеу, қоғамда өз орнын таба алатын тұлға қалыптастыру жолы. Сондықтан білім беру мазмұны мен әдістемесі осы бағытта үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық жоспар».

2.OECD. PISA 2022 Assessment and Analytical Framework: Mathematics, Reading, Science and Creative Thinking. Paris: OECD Publishing, 2021.

3.Жанбырбаева, А. «Функционалдық сауаттылықты дамытудың жолдары». // Білім беру технологиялары. – 2020. – №3. – Б. 24-27.

4.Тлеуғалиева, М.Қ. «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында функционалдық сауаттылықты дамыту». // Педагогика және психология. – 2019. – №4. – Б. 38-42.

5.Nurgalieva, G. (2022). "The role of mathematical tasks in developing functional literacy of students". Kazakh National Pedagogical University Bulletin. – №1(75), 92–97.

ЧИТАТЕЛЬСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ – КЛЮЧ К ПОНИМАНИЮ МИРА НА ПРИМЕРЕ ТРКМ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Жумабекова Кызгалдак Владимировна, Умбетова Гулим Меиркуловна

учитель русского языка и литературы,

педагог - модератор

КММ «Средняя школа села Узынагаши»

Жамбылского района Алматинской области

Аннотация: В статье рассматривается важность формирования читательской грамотности как одного из ключевых компонентов функциональной грамотности учащихся. Чтение рассматривается не только как технический навык, но как средство развития критического мышления, способности анализировать, интерпретировать и применять информацию. Особое внимание уделяется урокам русского языка и литературы как эффективной площадке для развития этих компетенций. В работе представлены методы и приёмы, направленные на повышение читательской активности, а также практические подходы, апробированные в образовательном процессе. Анализируются результаты внедрения этих подходов и делается вывод о значимости системной работы по формированию читательской культуры у школьников.

Ключевые слова: читательская грамотность, функциональная грамотность, критическое мышление, методы обучения.

Annotation: The article explores the importance of reading literacy as a key component of students' functional literacy. It emphasizes the role of critical thinking in meaningful reading. Effective methods and strategies for enhancing reading engagement in Russian language and literature lessons are presented. The study highlights practical approaches, their outcomes, and their contribution to the holistic development of learners.

reading literacy, functional literacy, critical thinking, teaching methods, literary education.

Аңдатпа: Мақалада оқырмандық сауаттылықтың оқушылардың функционалдық сауаттылығының құрамдас бөлігі ретіндегі маңыздылығы қарастырылады. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқырмандық сауаттылық пен сыни ойлаудың өзара байланысына ерекше назар аударылады. Мәтінді түсіну мен талдау дағдыларын дамытуға бағытталған әдістер мен нәтижелер ұсынылады.

Оқырмандық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, сыни ойлау, оқыту әдістері.

В условиях стремительного роста информационных потоков современному человеку важно уметь не только читать, но и осмысленно воспринимать, анализировать и применять полученную информацию. Именно поэтому читательская грамотность рассматривается как важнейший компонент функциональной грамотности учащихся. Особенно эффективной площадкой для её формирования являются уроки русского языка и литературы, где чтение становится не механическим процессом, а осмысленной деятельностью, способствующей развитию критического мышления и самостоятельного суждения. [1]

Цель данной статьи — рассмотреть значение читательской грамотности как инструмента осознанного освоения мира и выявить эффективные методы её формирования в школьной практике.

Для достижения этой цели в статье ставятся следующие задачи:

- раскрыть понятие читательской грамотности и её актуальность в современном образовании;
- проанализировать связь между читательской грамотностью и критическим мышлением;
- описать методы и приёмы развития читательской грамотности на уроках русского языка и литературы;
- представить практические результаты и наблюдения при использовании указанных подходов.

Читательская грамотность сегодня рассматривается не как умение просто читать по слогам, а как способность осмысленно воспринимать информацию, интерпретировать её и использовать в новых ситуациях. Международные исследования, в частности PISA, подчёркивают, что читательская грамотность — это важнейшая компетенция, необходимая для обучения, саморазвития и участия в жизни общества. [2]

На уроках русского языка и литературы учащиеся ежедневно работают с текстами. Однако без специальных приёмов и задач традиционное чтение превращается в поверхностное ознакомление. Именно поэтому важно формировать у школьников умения выделять основную мысль, находить причинно-следственные связи, оценивать информацию и выражать своё мнение на основе прочитанного. Эти навыки напрямую связаны с развитием критического мышления, которое сегодня становится неотъемлемой частью читательской грамотности. Критическое мышление — это не критика ради критики, а умение анализировать, аргументировать и принимать обоснованные решения. В процессе чтения учащиеся учатся не просто воспринимать текст, но и задавать вопросы, замечать подтексты, определять точку зрения автора, соотносить её со своей позицией. [3]

Например, на уроке литературы при чтении рассказа А. Платонова ученики могут задаться вопросами:

- Почему автор изображает героя именно таким?
- Какие эмоции вызывает повествование?
- Согласны ли мы с поступками персонажей? [4]

Такой подход развивает личностное отношение к тексту и формирует умение мыслить глубже, чем на уровне сюжета.

Методы и приёмы развития читательской грамотности

Для эффективного формирования читательской грамотности на уроках применяются разнообразные методики:

- Чтение с остановками: педагог задаёт вопросы по мере чтения, вовлекая ученика в активное осмысление текста (например: «Как вы думаете, что произойдёт дальше?»).
- Толстые и тонкие вопросы: ученики учатся формулировать вопросы разного уровня сложности — от фактических до аналитических и оценочных.

Органайзер: навыки критического чтения.

ОРГАНАЙЗЕР: НАВЫКИ КРИТИЧЕСКОГО ЧТЕНИЯ		
Навык	Пример задания	Цель
Выделение главной мысли	Назовите основную мысль абзаца	Формирование умения обобщать
Поиск информации	Найдите факт, подтверждающий...	Работа с деталями и фактами
Оценка аргументации	Согласны ли вы с мнением автора?	Развитие собственного суждения
Интерпретация текста	Объясните, что скрыто «между строк»	Формирование аналитического мышления

Рисунок -1

Этот органайзер — таблица для анализа текста с элементами критического мышления. Органайзер делает чтение осмысленным и структурированным, а также способствует формированию читательской и критической грамотности.

- Кластер или интеллект-карта: визуализация идей и тем, представленных в тексте, помогает систематизировать содержание.



Рисунок – 2



Рисунок – 3

- Интерпретация цитаты: ученики анализируют высказывание героя или автора, размышляют о его значении.

- Сравнительное чтение: учащиеся сопоставляют два текста (например, стихи и прозу на одну тему) и выявляют различия в подходах авторов.

Пример: На уроке литературы ученикам предлагается сравнить образ Родины в стихотворениях Есенина и Тютчева. Это задание требует не только понимания текста, но и способности анализировать, сравнивать, делать выводы, что напрямую связано с критическим мышлением.

Практическое применение и результаты

В практике применяя данные подходы, наблюдается следующее:

- Ученики начали внимательнее читать тексты, задавая себе вопросы в процессе;
- Возрастает интерес к обсуждениям на уроке, увеличивается глубина суждений;
- Повышается качество письменных работ: в сочинениях появляются аргументы, логика, личная позиция;
- В процессе подготовки к оценочным мероприятиям (НИКО, PISA, ВПР) учащиеся легче справляются с заданиями, требующими анализа текста.

Читательская грамотность — это не просто учебный навык, а основа осознанного восприятия информации и важнейшая жизненная компетенция. Её связь с критическим мышлением придаёт ей особую значимость. Уроки русского языка и литературы создают благоприятные условия для развития этого навыка, при условии целенаправленного и системного подхода. [8]

Использованная литература:

1. Елжасова А. А. Читательская грамотность как основа функциональной грамотности учащихся // Білім және еңбек. – 2021. – №3. – С. 15–18.
2. Министерство образования РК. Методические рекомендации по развитию функциональной грамотности школьников. – Астана: МОиН РК, 2022. – С. 5–17.
3. Исакова Г. Ж. Развитие критического мышления школьников на уроках литературы // Өрлеу. Методический вестник. – 2020. – №2. – С. 22–26.
4. Назарбаева С. А. Смысловое чтение – путь к успешному обучению // Современная школа Казахстана. – 2022. – №4. – С. 10–14.
5. OECD. PISA 2018 Results: Reading Literacy. – Paris: OECD Publishing, 2019. – Vol. 1. – P. 25–55.
6. Ахметова А. Т. Оқуға үйрету және оқыту арқылы оқу сауаттылығын дамыту. – Астана: Фолиант, 2023. – С. 40–62.
7. Сулейменова Э. Д. Формирование читательской компетенции учащихся через проектную деятельность // Вестник Кокшетауского университета. – 2021. – №4. – С. 35–39.
8. Зайцева Н. В. Методика развития читательской грамотности. – М.: Просвещение, 2020. – С. 12–29.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мухаметжанова Каухар Акатаевна

*Алматы облысы, Іле ауданы,
«№26 орта-мектебі» МКМ
информатика пәні мұғалімі*

Қазіргі заман талаптары білім берудің мазмұны мен әдістеріне түбегейлі өзгеріс енгізіп отыр. Бүгінгі мектепте оқыту үдерісі тек теориялық білімді меңгертумен шектелмеуі керек; басты мақсат – оқушының алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді қолдана алуына жағдай жасау. Бұл міндет ХХІ ғасыр дағдыларын, соның ішінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыруды көздейді. Функционалдық сауаттылықтың негізгі мәні – оқушының білімді механикалық түрде жаттап қана қоймай, оны талдай алу, салыстыра білу, нақты проблемаларды шешу барысында шығармашылық тұрғыдан қолдана білу қабілеті. Осы тұрғыдан алғанда, информатика пәнінде функционалдық тапсырмаларды енгізу – оқыту үдерісін жандандыратын, оның практикалық маңызын арттыратын тиімді әдістердің бірі. Информатика – тек компьютерлік сауаттылықты меңгертетін пән ғана емес, оқушыларды алгоритмдік ойлауға, логикалық қорытынды жасауға, деректерді талдауға, технологиялық шешімдер ұсынуға үйрететін заманауи ғылым саласы. Сондықтан осы пәнде құрастырылатын функционалдық тапсырмалар оқушының теориялық білімін нақты өмірмен ұштастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар оқушыларды ойлау мәдениетін қалыптастыруға, мәселені бірнеше қырынан қарастыра білуге, ақпаратты тиімді өңдеп, құралдарды орынды пайдалануға баулиды. Мысалы, Excel бағдарламасында отбасы бюджетінің үлгісін жасау арқылы оқушы қаржылық сауаттылықтың алғашқы элементтерін меңгереді; Python тілінде дене салмағының индексін есептейтін шағын бағдарлама құрастыру денсаулық туралы мәліметті талдауға үйретеді; Arduino платформасында датчиктермен жұмыс жасау оқушының инженерлік ойлауын дамытады; ал Scratch ортасындағы анимациялар мен ойындар шығармашылық қабілетті жетілдіреді. Осы тапсырмалардың әрқайсысы нақты өмірлік жағдаятқа негізделіп, оқушының ІТ құралдарын қолдану шеберлігін тереңдетеді. Функционалдық тапсырмалардың тағы бір артықшылығы – оқушының оқу мотивациясын арттыруы. Өйткені «неге бұл білім қажет?» деген сұраққа оқушы нақты жауап алады. Тапсырма нақты өмірге жақын болған сайын, оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, оқу әрекетіне белсенді қатысады. Сонымен қатар, мұндай тапсырмалар пәнаралық байланысты күшейтіп, информатика пәнінің математиканың, физиканың, географияның, биологияның, тіпті тіл пәндерінің дамуымен өзара сабақтас екенін көрсетеді. Функционалдық тапсырма – бұл оқушыны практикалық мәселелерді шешуге жетелейтін, олардың информатикадан алған білімін өмірмен байланыстыратын тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар оқу процесін жандандырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Мысалдар:

- ✓ Excel-де отбасы бюджетінің кестесін құру.
- ✓ Python тілінде дененің салмақ индексін (BMI) есептейтін бағдарлама жазу.
- ✓ Arduino-да температураны өлшеп, дисплейге шығару.
- ✓ Scratch арқылы өз ойыныңды іске асыратын анимация жасау.
- ✓ Бұл тапсырмалар оқушылардың алгоритмдік ойлауын, логикалық пайымдауын және сандық сауаттылығын дамытуға үлкен үлес қосады.

Тиімді функционалдық тапсырмаларды құрастыру ерекшеліктері

Функционалдық тапсырманы әзірлегенде келесі маңызды қағидаларды ескеру қажет:

- ✓ Нақты мақсат. Әр тапсырма белгілі бір оқу мақсатына жетуге бағытталуы тиіс.

Мысалы, "Ақпаратты визуалдау" тақырыбына диаграмма құру тапсырмасы сай келеді.

✓ Өмірмен байланыс. Тапсырмалар өмірге жақын, күнделікті мәселелерге негізделген болуы керек. Бұл оқушының "Не үшін үйреніп жатырмын?" деген сұрағына нақты жауап береді. Мысалы: Қаржылық сауаттылық: Отбасы бюджеті (Excel)

Тапсырма: Ата-ананың көмегімен бір айдағы отбасының барлық шығындары мен кірістерін Excel кестесіне енгізіңіз.

Қажеттілік:

✓ Қарапайым формулаларды қолдану: соманы қосу, айырмасын табу, орташа шығынды есептеу.

✓ Диаграмма құру: Шығындардың қай санатқа (тамақ, коммуналдық қызметтер, киім, ойын-сауық) көп жұмсалғанын диаграмма арқылы көрсетіңіз.

✓ Талдау: Ең көп және ең аз шығын қай санатқа кеткенін анықтап, болашақта шығындарды қалай оңтайландыруға болатыны туралы қорытынды жасаңыз.

Не үшін керек? Бұл тапсырма оқушыға Excel-дің тек кестелер жасауға арналған құрал емес, нақты қаржыны басқарудағы пайдалы көмекші екенін көрсетеді. Оқушы ерте жастан-ақ қаржылық сауаттылықтың негіздерін, яғни ақшаны қалай жоспарлау және үнемдеу керектігін түсіне бастайды.

Денсаулыққа мән беру: Дене салмағының индексі (Python)

Тапсырма: Пайдаланушының бойы мен салмағын сұрайтын, содан кейін оның дене салмағының индексін (BMI) есептейтін Python бағдарламасын жазыңыз. Нәтижеге сәйкес "Салмағыңыз қалыпты", "Артық салмақ" немесе "Салмақ жетіспеушілігі" деген хабарлама шығарыңыз.

Қажеттілік:

✓ Айнымалыларды енгізу.

✓ Арифметикалық амалдарды қолдану ($BMI = \text{салмақ} / (\text{бой}^2)$).

✓ Шартты операторларды (if, elif, else) пайдаланып, нәтижені талдау.

Не үшін керек? Бұл тапсырма оқушыға бағдарламалаудың тек ойындар немесе күрделі жобалар жасауға арналмағанын, сонымен қатар күнделікті өмірдегі денсаулыққа қатысты мәліметтерді талдау үшін де қолданылатынын көрсетеді. Оқушы өз денсаулығына назар аударуға және өзіне қажетті ақпаратты бағдарлама арқылы алуға үйренеді.

Қала ішінде бағдар табу: Карта және маршрут (Геоинформатика)

Тапсырма: Сіздің үйіңізден мектепке дейінгі маршрутты Google Maps-ке енгізіңіз. Содан кейін, бұл маршрутты HTML-құжатына ендіріп, маршруттың жалпы қашықтығы, жүру уақыты және бағыттағы негізгі нысандар туралы қысқаша мәтін жазыңыз.

Қажеттілік:

✓ Карта сервистерімен жұмыс істеу.

✓ HTML негіздерін қолдану.

✓ Ақпаратты визуалдау және мәтінді сипаттау дағдылары.

Не үшін керек? Бұл тапсырма оқушыға интернеттегі деректерді тек тұтынып қана қоймай, оны өз мақсатына сай пайдалануға және өңдеуге болатынын көрсетеді. Ол нақты бір мәселені (қалай жету керек?) шешу үшін заманауи құралдарды қалай біріктіруге болатынын түсінеді.

✓ IT құралдарын меңгеру. Әр тапсырма арқылы оқушы белгілі бір бағдарламалық құралмен (Excel, Scratch, Python, Arduino және т.б.) жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

✓ Нақты нәтиже. Тапсырма соңында оқушы нақты бір өнім (код, кесте, бағдарлама, сайт макеті немесе робот қозғалысы) жасауы қажет.

✓ Деңгейге сай келу. Тапсырма оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сәйкес құрылады (мысалы, 5-сыныпқа блоктық бағдарлама, 10-сыныпқа Python).

Пәнаралық байланыстың маңызы. Информатикадағы функционалдық тапсырмалар басқа пәндермен тығыз байланыста болғанда оқушының білімі тереңдей түседі.

Байланысты пән	Мысал тапсырма
Математика	Excel-де пайыз, орташа мән және ең жоғары баллды есептеу.
Физика	Arduino арқылы қозғалысты, жарықты немесе дыбысты басқару.

География	Қазақстан облыстарының климаттық деректерін кестеге түсіріп, диаграмма жасау.
Биология	Дененің салмақ индексі (BMI) есептейтін бағдарлама құру.
Қазақ тілі	Презентацияға мәтін жазу, сайтқа мақала енгізу.
Ағылшын тілі	Scratch немесе Python командаларының мағынасын түсіну және аудару.

Мысалы, физика + информатика интеграциясы арқылы роботқа ультрадыбыстық сенсор орнатып, оның кедергіден айналып өту алгоритмін жазу тапсырмасы оқушының техникалық және логикалық ойлауын бірдей дамытады.

Роботқа ультрадыбыстық сенсор орнату: физика + информатика

Бұл тапсырмада оқушылар информатика (бағдарламалау) мен физика (толқынның таралуы, қашықтықты өлшеу) пәндерінен алған білімдерін біріктіреді.

Тапсырма мақсаты:

- Физикалық принцип: Ультрадыбыстық толқынның кедергіден шағылып кері оралуы арқылы қашықтықты өлшеу.
- Информатикалық принцип: Arduino тақтасын бағдарламалап, сенсордан келген деректерге сәйкес роботтың қозғалысын басқару алгоритмін құру.

Жобаның сипаттамасы:

1. Arduino микроконтроллері (роботтың "миы" қызметін атқарады).
2. Ультрадыбыстық сенсор (мысалы, HC-SR04 моделі), ол ультрадыбыстық толқынды жіберіп, кедергіден шағылған толқынды қабылдайды.
3. Моторлар мен дөңгелектер (роботтың қозғалу бөлігі).

Алгоритм:

- ✓ Бастау: Робот алға қарай қозғалады.
- ✓ Деректерді қабылдау: Ультрадыбыстық сенсор алдындағы кедергіге дейінгі қашықтықты үздіксіз өлшейді.
- ✓ Шартты тексеру: Егер өлшенген қашықтық белгілі бір мәннен (мысалы, 20 см) аз болса, робот тоқтайды.
- ✓ Әрекет ету: Робот артқа шегініп, бір жаққа (мысалы, оңға) бұрылады.
- ✓ Қайталау: Осы цикл қайталанады.

Бұл тапсырма оқушының тек теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, оны нақты, қолмен ұстайтын жобаға айналдыруға мүмкіндік береді. Ол алгоритмдік ойлауды, мәселені шешу дағдысын және инженерлік тәсілді қалыптастырады.

Бағалау ерекшеліктері. Функционалдық тапсырмаларды бағалағанда тек соңғы нәтижені ғана емес, келесі критерийлерді де ескеру маңызды:

- ✓ Процесс пен логика: Оқушының мәселені қалай шешкені, алгоритмдік қадамдарының дұрыстығы.
- ✓ Құралды қолдану шеберлігі: Формуланың, кодтың немесе сенсордың дұрыс жұмыс істеуі.
- ✓ Шығармашылық пен ұқыптылық: Жобаның дизайны, кодының құрылымы және қосымша идеялардың болуы.

Бағалау критерийлерінің үлгісі:

Критерий	Сипаттамасы
Құралды дұрыс қолдану	Формула, код немесе сенсор нақты жұмыс істейді.
Дизайн мен ұқыптылық	Кесте, код немесе жоба таза әрі құрылымды.
Логикасы	Шешім бірізді және түсінікті.
Шығармашылық	Қосымша идеялар, анимациялар, безендіру қолданылған.

Қорыта айтқанда, информатика пәнінде функционалдық тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың сандық сауаттылығын ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін, өмірлік дағдыларын және шығармашылығын дамытуға ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар білімді жай ғана жаттаудан гөрі, оны тиімді қолдануға үйретеді. Мұғалімдердің

әр сабақ жоспарлау барысында осындай тапсырмаларды қолдануы — оқушылардың келешектегі табысты болуына салынған ең маңызды инвестиция болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Орта білім беру ұйымдарына арналған «Информатика» пәнінен жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы (5–11 сыныптар) / ҚР БҒМ. – Астана, 2022. – 38 б.
2. Сұлтанғазина Г.Ж., Ахметова Г.Қ., Баймұхамбетова З.Ә. Информатика пәнінен оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 264 б.
3. Мырзабекова А.Қ. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі // Білім берудегі жаңартылған мазмұн: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2020. – Б. 125–129.
4. Ерғалиева Н.Ә., Нұрғалиева Г.Б. Функционалдық тапсырмалардың мазмұны мен құрылымы // Информатика және білім. – 2022. – №3 (45). – Б. 18–25.
5. Бабаев С.Б., Көшекбаев Н.М. Информатикадан есептер шығару әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2019. – 240 б.
6. Интернет желісі материалдары

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА АРНАЛҒАН
ТАПСЫРМАЛАР**

Байдилданова Айгерім

*Алматы облысы Іле ауданы Көкқайнар ауылы"
«№29 орта мектеп " КММ*

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған әдістер мен тапсырмалар қарастырылады. Функционалдық сауаттылықтың негізгі компоненттері – оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтары талданып, оларды қалыптастырудың тиімді тәсілдері ұсынылады. Мәнмәтіндік тапсырмалар, жобалық жұмыстар, проблемалық жағдаяттар және интерактивті ойындардың оқу үдерісіндегі рөлі көрсетіліп, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудағы маңызы айқындалады. Мақала мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту ғана емес, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін күнделікті өмірлік жағдайларда тиімді пайдалану қабілеті [1]. Бұл ұғым ЮНЕСКО, PISA секілді халықаралық білім беру ұйымдарының зерттеулерінде кеңінен қарастырылып, әлемдік білім беру тәжірибесінде маңызды көрсеткіш ретінде қабылданған.

Қазақстан Республикасының білім беру саясаты да бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуға ерекше мән береді. Бастауыш буын оқушыларының функционалдық сауаттылығы оқу, жазу, математикалық есептеу, проблемаларды шешу және ақпаратты талдау сияқты негізгі дағдыларды қамтиды. Аталған дағдыларды тиімді қалыптастыру үшін оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін, қызықты әрі мазмұндық жағынан құндылығы жоғары тапсырмаларды әзірлеу аса маңызды.

Осы мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмаларды құрастырудың әдістемелік негіздері, оларды оқу процесінде қолдану жолдары және педагогикалық тиімділігі талданады.

Функционалдық сауаттылық ұғымы және оны бастауыш сыныпта дамыту әдістері

Функционалдық сауаттылық – адамның қоғамда белсенді әрекет етуіне, өздігінен дамуына және өмір бойы білім алуына мүмкіндік беретін кешенді дағдылар жүйесі. Бұл ұғым білім алушының теориялық білімді практикалық жағдайларда тиімді қолдана алу қабілетін

сипаттайды. Халықаралық білім беру стандарттары бойынша функционалдық сауаттылық үш негізгі компоненттен тұрады [2]:

- Оқу сауаттылығы – мәтінді түсіну, оның мазмұнын талдау, ақпараттан негізгі ойды ажырата білу, сондай-ақ өз ойын жазбаша түрде сауатты жеткізе алу қабілеті;

- Математикалық сауаттылық – күнделікті өмірде кездесетін сандық мәліметтерді түсіндіру, талдау және өмірлік жағдаяттарға байланысты математикалық есептерді шешу дағдысы;

- Жаратылыстану сауаттылығы – табиғи құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру, қоршаған ортамен өзара байланыстарды анықтау және ғылыми білімді тәжірибеде қолдану қабілеті.

Аталған компоненттерді бастауыш мектеп кезеңінде мақсатты түрде дамыту оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың күнделікті өмірде бағдарлай білуіне және түрлі мәселелерді өз бетінше шешуіне негіз қалайды.

Бастауыш буында бұл дағдылар баланың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, өздігінен шешім қабылдауын және ақпаратпен жұмыс істеу икемін дамытуды мақсат етеді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында түрлі педагогикалық әдістер мен оқыту тәсілдері қолданылады [3].

1. Мәнмәтіндік тапсырмалар Бұл әдіс оқушыларды өмірлік жағдаяттарға негізделген практикалық тапсырмалар арқылы ойлануға және шешім қабылдауға ынталандырады. Мысалы:

- «Сенде 500 теңге бар. Нанның бағасы – 120 теңге, сүттің бағасы – 250 теңге. Сатып алғаннан кейін қанша ақша қалады?»

- «Мектепке 8:30-да бару қажет. Автобус қатынасы 7:00-де басталады. Қай уақытта міну тиімді?»

2. Жобалық жұмыстар Жобалық әдіс оқушылардың ақпаратты өз бетімен іздеу, оны талдау және нәтижесін ұсыну дағдыларын дамытады. Мысалдар:

- «Отбасының айлық бюджетін жоспарлау жолдары»;

- «Мектептегі су құбырында ақау орын алса, мәселені шешу үшін қандай әрекеттер жасау қажет?»

3. Проблемалық жағдаяттарды шешу Бұл әдіс оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін, шешім қабылдау дағдысын және жауапкершілігін қалыптастырады. Мысалы:

- «Досыңның орманға қоқыс тастағанын көрсең, қандай шешім қабылдай едің?»

- «Көшеде адасып қалған балаға қалай көмектесуге болады?»

4. Интерактивті ойындар Ойын арқылы оқыту бастауыш сынып жасындағы балалардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалдар:

- «Саудагер» ойынында оқушылар есептеу дағдыларын пайдаланып, тауар сатып алу және сату үдерісін модельдейді;

- «Картамен саяхат» ойынында балалар карта бойынша бағытты анықтауды үйренеді.

Аталған әдістер оқушылардың алған білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдану дағдысын жетілдіруге, белсенді ойлауына және өз бетінше әрекет ету қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Тапсырмалардың түрлері

Оқу сауаттылығын дамыту тапсырмалары

Мәтінмен жұмыс:

Балаларға қысқа мәтін беріледі, оны оқып, негізгі ойды анықтау қажет.

Мысал:

Мәтін: «Бір күні Айгүл мектептен келе жатып, жолда жатқан күшікті көрді. Ол күшікті үйіне алып барып, тамақ берді. Күшік оған риза болды.»

Тапсырма:

- Мәтіннің негізгі кейіпкерлерін ата.

- Айгүл қандай іс-әрекет жасады?

Кроссворд шешу: Балаларға белгілі тақырыпта кроссворд құрастыру немесе оны шешу ұсынылады.

Математикалық сауаттылыққа арналған тапсырмалар

Қарапайым есептер: Балаларға өмірде кездесетін жағдайларға негізделген есептер беріледі.

- Мысал: «Айгүл 3 алма сатып алды. Оның әрқайсысы 50 теңге тұрады. Барлығы қанша ақша кетті?»

Графиктермен жұмыс: Балаларға график немесе диаграмма беріледі, олардан ақпаратты оқып, сұрақтарға жауап беру сұралады.

Әлеуметтік дағдыларды дамыту тапсырмалары

Рөлдік ойындар: Балаларға түрлі әлеуметтік жағдайларды ойнау ұсынылады.

Мысал: «Сенің досың ойыншықтарын ұмытып кетті. Сен оған не айтар едің?»

Сұхбат алу: Оқушылар өз отбасы мүшелерінен немесе сыныптастарынан белгілі бір тақырыпта сұхбат алуы тиіс.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларын функционалдық сауаттылыққа баулу – қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық маңызды бағыттарының бірі. Бұл дағдылар оқушылардың болашақта әлеуметтік ортада белсенді әрекет ете алуына, өз бетімен шешім қабылдауына, ақпаратты саналы түрде талдап, оны нақты жағдайларда қолдануына негіз болады. Функционалдық сауаттылық деңгейінің жоғары болуы – тұлғаның өмірлік мәселелерді тиімді шеше алу қабілетінің көрсеткіші.

Бастауыш сынып кезеңінде енгізілген өмірлік мәні бар тапсырмалар, мәтінмен жұмыс, математикалық есептер, жобалық әрекеттер мен интерактивті ойындар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын күшейтеді. Мұндай тапсырмалар балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, коммуникациялық дағдыларын, ақпараттық мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, оқушылардың өз пікірін дәлелдей білу, әртүрлі мәселені жан-жақты қарастыру, топпен жұмыс жасау және ынтымақтастық қарым-қатынас орнату қабілеттерін дамытады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қолданылатын әдістер мен технологиялардың тиімділігі олардың жүйелі, мақсатты және кешенді түрде жүзеге асырылуына тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, сабақтағы оқу материалдарын өмірлік жағдаяттармен байланыстыра білуі, оқушының жеке ерекшелігін ескеріп, саралап оқытуы – сапалы нәтижеге қол жеткізудің маңызды шарттары.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – болашақта өмірлік дағдылары дамыған, түрлі жағдайға бейімделе алатын, жауапкершілігі жоғары, жан-жақты тұлға тәрбиелеудің тиімді жолы. Бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуі білім алушылардың ХХІ ғасыр талаптарына сай құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді және олардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени ортада еркін бағдарлануына негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік стандарты. <http://www.edu.gov.kz>.

2. PISA бағдарламасы бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. <https://www.oecd.org/pisa/>.

3. ЮНЕСКО-ның білім беру саласындағы функционалдық сауаттылық туралы зерттеулері. <https://www.unesco.org/education/>.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы. Мемлекеттік бағдарламаның толық мәтіні: <https://www.akorda.kz>.

5. Оқу сауаттылығы бойынша оқу-әдістемелік құралдар. <https://www.okulyk-edu.kz>.

6. Қ. Ахметова. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары. *Педагогика журналы*, 2023. <https://edu.kz/science-journals>.

7. С. Нұртазина. *Білім беру мазмұнын жаңарту: тәжірибе және даму перспективалары*. Алматы: Мектеп баспасы, 2022.

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЦИФРОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ



ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАДАН ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Адилханов Олжас, Айтахунова Гаухар

*Алматы облысы, Іле ауданы,
«№38 мектеп-гимназиясы" КММ
математика пәні мұғалімдері*

Аңдатпа: Қазіргі таңда білім беру жүйесінде ақпараттық-қатынастық технологиялардың (АҚТ) рөлі артып келеді. Бұл мақалада оқушылардың математикадан логикалық есептерді шешу қабілетін жетілдіруде ақпараттық-қатынастық технологиялардың тиімді қолданылуы қарастырылады. АҚТ құралдары, мысалы, интерактивті тақталар, математикалық бағдарламалар мен онлайн платформалар, оқушыларға логикалық ойлау дағдыларын дамытуға, математикалық ұғымдарды терең түсінуге және күрделі есептерді шешуге көмектеседі. Мақалада АҚТ-ның білім беру процесіндегі рөлі, оқушылардың қызығушылығын арттыру және дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытудағы маңыздылығы туралы айтылып, олардың математика пәніне деген қызығушылығын жоғары деңгейде сақтауға әсері зерттеледі. Математика пәні, әсіресе логикалық есептерді шешу барысында АҚТ-ны тиімді қолдану оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. АҚТ-ның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушылардың білім алу процесі интерактивті, қызықты әрі тиімді болады.

Аннотация: В настоящее время возрастает роль информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в системе образования. В данной статье рассматривается эффективное применение информационно-коммуникационных технологий в совершенствовании способности учащихся решать логические задачи по математике. Инструменты ИКТ, такие как интерактивные доски, математические программы и онлайн-платформы, помогают учащимся развивать навыки логического мышления, глубоко понимать математические концепции и решать сложные задачи. В статье будет рассказано о роли ИКТ в образовательном процессе, важности повышения интереса учащихся и развития навыков самостоятельной работы, изучено их влияние на поддержание высокого уровня интереса к математике. Эффективное использование ИКТ по математике, особенно при решении логических задач, дает большие возможности для развития аналитического мышления учащихся. Используя возможности ИКТ, процесс обучения учащихся становится интерактивным, интересным и эффективным.

Annotation: Currently, the role of information and communication technologies (ICT) in the education system is increasing. This article discusses the effective use of information and communication technologies in improving the ability of students to solve logical problems in mathematics. ICT tools such as interactive whiteboards, math programs, and online platforms help students develop logical thinking skills, gain a deep understanding of mathematical concepts, and solve complex problems. The article will talk about the role of ICT in the educational process, the importance of increasing student interest and developing independent work skills, and their impact on maintaining a high level of interest in mathematics. The effective use of ICT in mathematics, especially in solving logical problems, provides great opportunities for the development of

analytical thinking of students. Using the possibilities of ICT, the learning process of students becomes interactive, interesting and effective.

Қоғамның ой-санасының өсуі, жаңа сапалық деңгейге шарықтау кезеңі, еліміздің егемендік алып, әлемнің өркениетті елдерінің қатарына қосылуы жаңа заман жастарынан жаңашылдықты, ізденімпаздықты талап етеді. Бұл орайда математика пәні басты мәнге ие. АҚТ құралдары оқу процесін интерактивті, қызықты әрі тиімді етіп, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға, оқу материалдарын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Математика пәні логикалық ойлауды, талдау мен тұжырым жасауды қажет ететін сала болғандықтан, оның мазмұны мен әдістемесі жаңаша көзқарасты талап етеді. Оқушылардың математикадан логикалық есептерді шешу қабілетін дамыту мәселесі маңызды, себебі бұл қабілет олардың жалпы интеллектуалды деңгейін, аналитикалық ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ақпараттық-қатынастық технологиялардың мүмкіндіктері оқу үдерісіне инновациялық әдістер мен құралдар енгізуге мүмкіндік береді, бұл оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырады. АҚТ құралдарын тиімді пайдалану арқылы оқушылар логикалық есептерді шешудің әртүрлі тәсілдерін үйреніп, өзіндік білім алу дағдыларын қалыптастыра алады. Осыған байланысты, математика пәнін оқытуда АҚТ қолданудың өзектілігі артып отыр, себебі бұл әдіс оқушылардың білім сапасын жақсартуға, оқыту процесін жандандыруға және олардың логикалық ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Оқытудың жаңа ақпараттық- қатынастық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық -қатынастық технологиялардың маңызы зор. Соңғы жылдары компьютерлік телекоммуникациялық техниканың және технологияның рөлі мен орны түбегейлі өзгерді. Қазіргі технологияның дамуы мен оның қолданылуының деңгейі материалдық базасының дамуымен ғана емес, оның жаңа білімді игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады. Кейінгі кезде оқыту үдерісінде компьютер, электронды оқулық, мультимедиялық, ғаламтор сияқты жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялардың дидактикасы мен технологиясы кеңінен қолданылып келе жатқаны мәлім. Оған Э.В.Еврейнов, В.А.Каймин, В.В.Гриншкун, О.Околов, Л.Х.Зайнутдинова, П.С.Булкин, Б.И.Волков, Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев және т.б ғалымдар мен әдіскерлердің зерттеулері айғақ бола алады.

Жасанды интеллект, сараптаушы жүйелер, логикалық программалау жүйесімен танысу және адамның компьютермен сұхбатын ұйымдастыру үшін құрылған декларативті программалау тілдерінің бірі Visual Prolog. Бұл программа логикалық есептерді шығаруға арналған әмбебап құрал болып табылады. Интеллектісі бар ми интеллектуалды есептерді шешуге бағытталған болса, бұл процесті ойлау немесе интеллектуалды іс-әрекет деп атаймыз. Интеллект және ойлау органикалық түрде теоремаларды дәлелдеу, логикалық талдау, жағдайларды ажырату, іс-әрекетті, ойынды болжау және белгісіздік жағдайында басқару сияқты тапсырмалармен байланысты. Осылайша, интеллект деп мидың қабылдау, еске сақтау және бағытталған түрде білімді оқу барысында түрлендіруді пайдалана отырып тәжірибе және түрлі жағдайларға байланысты бейімдеу негізінде интеллектуалды есептерді шешу мүмкіндігін атаймыз. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Қоғамдағы ақпараттандыру процесстерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-қатынастық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Ақпараттық-қатынастық технологиялар — бұл білім беру процесіне жаңа мүмкіндіктер мен әдістер енгізуге мүмкіндік беретін құралдар мен ресурстар. Олар оқушыларға математикалық теорияларды, формулаларды және логикалық ұғымдарды түсінуге көмектеседі. АҚТ-ны қолдану оқушылардың математика пәнін терең түсінуіне, өз бетімен жұмыс істеуге және ойлау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда елімізде

білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

АҚТ құралдары арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін арнайы бағдарламалар мен қосымшаларды қолдануға болады. Мысалы, геометрия мен алгебраның негізгі ұғымдарын түсіндіретін интерактивті сабақтар мен виртуалды эксперименттер оқушылардың материалды терең меңгеруіне ықпал етеді.

Интерактивті тақталар мен бағдарламалар. Интерактивті тақталар мен арнайы бағдарламалар оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға және олардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Мұндай тақталар арқылы оқушылар есептерді бірлесіп шешіп, нәтижелерді бірден көреді. Мысалы, Geogebra сияқты бағдарламалар геометрияны оқытуда кеңінен қолданылады. Ол оқушыларға геометриялық фигураларды құрастыру және олардың қасиеттерін зерттеу мүмкіндігін береді.


Математикалық онлайн платформалар. Онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар оқушыларға математикадан логикалық есептерді шешу барысында қолдау көрсетеді. Мұндай платформалар, мысалы, Khan Academy, Brilliant, Mathway, Quizlet сияқты сайттар мен қосымшалар арқылы оқушылар өздігінен жаттығулар жасап, күрделі есептерді шешу жолдарын үйрене алады. Бұл ресурстар оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырып, олардың өзін-өзі дамытуына ықпал етеді. Осылардың ішінде бір онлайн платформаға тоқталайық.

Quizlet-бұл онлайн карта генераторы бағдарламасы. Онда визуалды, мәтіндік және дыбыстық қолдануды қолдана отырып, кез-келген пән бойынша карталар жасауға болады.


1. Quizlet полиаспекті қолдану.
2. Навигация және интерфейс.
3. Материалдарды дайындауға жұмсалған оқытушының жұмыс уақытын оңтайландыру.
4. Өзара әрекеттесу режимдерінің әртүрлі нұсқалары.
5. Әлеуметтік медиа интеграциясы және мобильді қосымшалармен үйлесімділік.

Quizlet қосымшасының құралдары мен интерфейсі командалық жарыс форматында қайталауды тиімді және жылдам ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл Интернетке қол жетімді интерактивті тақтаны және оқушылардың смартфондарын, сондай-ақ интернетке қосылуды қажет етеді. Сабақта Quizlet-ті сәтті қолдану үшін тек мұғалімге тіркелу жеткілікті. Ойын басталмас бұрын мұғалім Quizlet қосымшасындағы QR кодын интерактивті тақта экранына шығарады, оны студенттер смартфондарымен сканерлейді, осылайша ойынға қатысады.

Оқушылар бір-біріне толық сеніп, дұрыс жауапты табу үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек, өйткені жауапты тек бір рет таңдауға болады. Кем дегенде бір рет қателескен команда есепті нөлге теңестіреді және стартка оралады. Қатысушылардың смартфон экрандарында: сұрақтар мен жауаптар. Осы уақыт ішінде интерактивті тақтада командалар тізімі және олардың жинаған ұпайлары көрсетіледі



Жарыстың ұзақтығы сұрақтардың санына немесе олардың күрделілігіне байланысты. Атап айтқанда, алгебра сабағында бұл іс-шара тапсырма түріне байланысты ұзағырақ уақыт алуы мүмкін. Жарыстың қорытындысына келгенде қатысушылар барлық сұрақтарға тезірек жауап беретін команда жеңеді. Бұл орын алғаннан кейін тиісті ақпарат интерактивті тақтада да, оқушылардың смартфондарында да пайда болады. Ойынның соңында әр команданың қателіктерін жеке-жеке өңдеңіз, өйткені қызмет барлық статистиканы және дұрыс/бұрыс жауаптарды көрсетеді. Төмендегі суретте көрініп тұрғандай есептерді карта түрінде, тест түрінде, қайталау мақсатында беруге болады. Ол сұрақтарды алып, өзі тест, карта, қайталау сұрақ түрінде өзгертеді.



Мұғалімдер үшін тиімді жақтары:

1. Мұғалімнің уақытын үнемдеу - бұл материалды бағдарламаға бір рет енгізу және оны басқа жиынтықтарды құру үшін негіз ретінде пайдалану мүмкіндігі.
2. Әр түрлі топтармен, әр түрлі оқушылармен, әр түрлі деңгейлермен бір рет жасалған жиынтықты бірнеше рет пайдалану.
3. Көшіру, жиынтықтарды біріктіру және жаңа карталар жиынтығын құру мүмкіндігі.
4. Оқытушының өз мәтіндік материалдарын импорттау мүмкіндігі.


Жасанды интеллект. Математиканы оқытуда ЖИ технологияларын пайдалану оқу процесін жеңілдетіп, олардың дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект (ЖИ) логикалық есептерді тиімді шығаруда маңызды рөл атқарады, себебі ол адамға қиын немесе уақытты көп алатын тапсырмаларды жылдам әрі дәл орындауға қабілетті.

ЖИ алгоритмдері үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, логикалық заңдылықтарды тауып, нәтижелерді болжам жасау үшін қолданады. Мысалы:

1. Жылдамдық және дәлдік: ЖИ күрделі логикалық есептерді тез арада шешеді, адамның қателіктерін азайтады және шешімдер арасында ықтимал ең тиімдісін таңдауға мүмкіндік береді.
2. Үлкен деректермен жұмыс: ЖИ үлкен деректер жиынтығын талдай отырып, нақты заңдылықтарды анықтап, осы негізде шешімдер ұсына алады. Бұл әсіресе ғылыми зерттеулерде, медицинада, қаржылық талдауда өте маңызды.
3. Оптимизация: ЖИ жүйелері белгілі бір мақсатқа жету үшін ресурстарды ең тиімді пайдалану жолдарын іздеуге қабілетті. Бұл өндірістік процестерде немесе логистикада шешімдер қабылдауды жеңілдетеді.

Логикалық есептерді шешуде жасанды интеллектті қолдануға мысалдар келтірейік.

№1 есеп	№2 есеп
1 мен 100 аралығында (1 мен 100 қоса алғанда) 1 цифрі неше рет кездеседі. Есептің шешуін ЖИ 1 минутта шығарып берді. Бұл смартфонда орнатылған программада есептің шешуін жазды. Шешуі:	Алма мен банан сатып алу туралы есеп. Адам 2 алма мен 3 бананға 12 теңге төледі. Сонымен қатар 3 алма мен 2 бананға 13 теңге төледі. Бір алма мен бір бананның бағасын табыңыз. Шешуі:



Қорыта айтқанда, жасанды интеллекттің логикалық есептерді шешудегі маңызы — тиімділікті арттырып, көптеген салаларда өнімділікті жоғарылатуға мүмкіндік береді. Ақпараттық-қатынастық технологияларды математикадан логикалық есептерді шешу қабілетін жетілдіруде қолдану оқушылардың білімін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Оқушылар АҚТ құралдары арқылы математикалық дағдыларды меңгеріп қана қоймай, логикалық ойлау қабілетін дамытады. Бұл әдістер білім беру процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Сондықтан мұғалімдер АҚТ-ны оқу үдерісіне енгізу арқылы өз оқушыларының математикалық білім деңгейін көтеруге қол жеткізе алады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану — қазіргі қоғам дамуының негізгі бағыттарының бірі. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы оқушылардың өз мамандығына деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың кәсіби құзыреттілігін кеңейтеді, шығармашылық әлеуетін шыңдайды және ғылыми дүниетанымын қалыптастырады. Бұл үдеріс еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға тікелей ықпал ететіні сөзсіз. Жаһандану жағдайында ақпарат ағынының жеделдеуі мен интернет ресурстарын еркін пайдалану мүмкіндігі жастардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың жеке ойлау ерекшелігін дамытуға, өз ойын талдап, дәлелдей білуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, ақпараттық технологияларды жүйелі қолдану оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, жаңа ақпаратты өз бетінше талдауға және оның бір қырын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Мұндай дағдылар болашақ кәсіби қызметінде білімді тиімді қолдана алатын, шығармашыл әрі икемді маман қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. ХХІ ғасырдың қарқынды жаһандану дәуірінде математикалық және алгоритмдік ойлау дағдылары барлық саладағы мамандар үшін аса қажет құзыреттердің біріне айналып отыр. Ұлттық экономиканы дамытуға үлес қосатын, технологиялық прогреске бейімделген, бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру үшін мектеп қабырғасында математикалық ойлауды, логикалық пайымдауды және цифрлық сауаттылықты дамыту — бүгінгі күннің өзекті міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. “Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және білім беру” (авторлар: Н.А. Әбдіқалықова, М.Қ. Шаханов) — 2016 ж Алматы: Қазақ университеті.
2. Ақпараттық технологияларды білім беру үдерісінде қолдану. Алматы: ЖШС “Білім”. Жұмабекова, Г.Н. (2015).
3. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды қолдану: теориясы мен тәжірибесі. Вербицкая, Л.И., Симонова, Н.С. (2020). Санкт-Петербург: Бизнес-Пресс.
4. Интернет ресурстарын оқу үдерісінде пайдалану. Мұсабаев, Ә.Е. (2020). Алматы: ЖШС “Білім”.
5. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және оқытудағы инновациялар. Ермакова, Н.А., Құрманалиева, С.С. (2019). Алматы: Білім.
6. “Цифрлық құралдар арқылы логикалық ойлауды дамыту” (авторлар: А.Қ. Сейітқалиев, Т.Р. Балажанов) — (2019). Алматы: ЖШС “Білім”.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ DAҒДЫСЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Құрманәлі Мәлдір Ғаниқызы

*«Millennium Schools Abyroi School Almaty» ЖШС
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Аңдатпа: Мақалада цифрлық технологиялардың қазіргі білім беру кеңістігіндегі рөлі және олардың оқушылардың жазылым дағдысын дамытуға ықпалы ғылыми тұрғыдан талданады. Жаһандану жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жылдам дамуы педагогтерден жаңа құзыреттерді меңгеруді талап етеді. Жазылым дағдысының когнитивтік, психологиялық және эмоционалдық даму үшін маңызы қарастырылып, жазылымды жетілдіруге арналған онлайн платформалардың ерекшеліктері сараланады. Сонымен қатар цифрлық ортада жазу дағдысын дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік тәсілдер ұсынылады.

Аннотация: В статье исследуется роль цифровых технологий в современном образовательном процессе и их влияние на развитие письменных навыков учащихся. В условиях стремительного развития информационно-коммуникационных технологий повышается необходимость формирования у педагогов цифровых компетенций. Рассматривается значение письменной деятельности для когнитивного, психологического и эмоционального развития. Приводится характеристика онлайн-платформ, направленных на совершенствование навыков письма, а также предлагаются эффективные методические подходы к развитию письменной грамотности в цифровой среде.

XXI ғасыр қоғамының даму қарқыны мен технологиялық прогресс білім беру саласында елеулі өзгерістерді қажет етеді. Қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) тек қосымша құрал ретінде ғана қарастырылмайды, сонымен қатар білім мазмұнын жаңарту, оқыту процесін тиімді ұйымдастыру және оқушылардың оқу мотивациясын арттыруда негізгі рөл атқарады. АКТ-ны пайдалану мұғалімге сабақ жоспарлаудың дәстүрлі әдістерінен тыс жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді, соның ішінде мультимедиялық ресурстар, интерактивті платформалар, онлайн сабақтар, виртуалды зертханалар және білімді бағалау құралдарын тиімді интеграциялау мүмкіндігі туады. Цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу тек материалдық құралдардың ғана өзгеруі емес, сонымен қатар педагогикалық тәсілдердің де трансформациясын талап етеді. Мұғалімнің рөлі тек білім беруші ретінде шектелмей, технологияны педагогикалық тәжірибе мен мазмұнды біліммен үйлестіре білетін кәсіби маманға айналады. Мұндай маман әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін дербестендіріп, тиімді оқу жолдарын ұйымдастыра алады. Сонымен қатар, ол жаңа технологиялық құралдарды қолдану арқылы оқыту сапасын арттыруға, оқушылардың ақпаратты меңгеру қабілетін дамытуға және олардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алады [1].

Қазіргі білім беру контекстінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру тек пәндік біліммен шектелмей, технологиялық және педагогикалық білімнің өзара интеграциясын талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, XXI ғасырдың мұғалімі – бұл жаңа технологияларды меңгерген, оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалана білетін, оқушылардың когнитивтік және эмоционалдық дамуына ықпал ететін заманауи педагог. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дұрыс қолдана білетін мұғалімдер білім беру сапасын арттырып, оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыра отырып, оларды келешек өмірге, кәсіби және әлеуметтік ортаға тиімді дайындайды. Білім беру саласындағы цифрлық трансформация мұғалім құзыреттілігінің жаңа моделдерін қажет етеді. Осы бағытта П. Мишра мен М. Келер ұсынған ТРАСК моделі технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білімдердің кірігуін сипаттайды [2]. Бұл модель цифрлық технологияларды тиімді пайдалану үшін мұғалімнің иеленуі тиіс әрекеттік, әдіснамалық және пәндік білімнің

бірлігін көрсетеді. Бұған қоса, соңғы жылдары қолмен жазу дағдысының төмендеуі байқалуда. Бірқатар елдердің оқу бағдарламасында жазбаша жазуға бөлінетін уақыт азайтылып, оның орнына клавиатурамен теру дағдысын дамытуға басымдық берілген. Дегенмен, нейропсихологтар мен педагог-зерттеушілер қолмен жазудың баланың когнитивтік дамуына әсерін ескермей, оны толық алмастыру мүмкін еместігін атап өтеді.

Жазылым дағдысының когнитивтік және психологиялық негіздері

Қолмен жазу – механикалық әрекеттен әлдеқайда күрделі когнитивтік үдеріс. Профессор А. Лурияның еңбектерінде жазу әрекетінің сөйлеу, ойлау және есте сақтау процестерімен тығыз байланысы ғылыми түрде дәлелденген. Жазу барысында мида жаңа нейрондық байланыстар қалыптасып, ақпаратты талдау, құрылымдау және мағыналық өңдеу күшейеді. Функционалдық томография нәтижелері қолмен жазу кезінде Брока аймағының жоғары белсенділік танытатынын көрсетеді. Бұл тілдік ақпаратты өңдеудің, сөздік қорының және синтаксистік құрылымдардың белсенді жұмыс істейтінін дәлелдейді [3]. Ал клавиатурамен теру кезінде бұл белсенділіктің төмендеуі байқалады.

Вашингтон университетінің зерттеушілері жүргізген тәжірибелер қолмен жазу баланың ойды тиянақты, реттелген және логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізуіне ықпал ететінін айғақтаған [4]. Қағаз бен қаламның тактильді әсері зейінді шоғырландыруды арттырып, ақпараттың ұзақ мерзімді жадыда сақталуына көмектеседі. Қолмен жазу дағдысын меңгеру баланың оқу жылдамдығын, орфографиялық сауаттылығын, шығармашылық ойлау қабілетін және ұсақ моторикасын айтарлықтай дамытады. Осы факторлардың барлығы тұлғаның интеллектуалдық әлеуетінің артуына әсер етеді.

Жазылым дағдысын цифрлық технологиялар арқылы дамыту мүмкіндіктері

Қазіргі цифрлық орта оқушылардың жазылым құзыреттілігін дамытуға арналған кең ауқымды ресурстар ұсынады. Онлайн платформалар жазылымды ғана емес, оқылым, тыңдалым және айтылым дағдыларын кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Boomwriter

Оқушыларға бірлескен әңгіме құрастыруға, мәтін жазуға және ынталандыру мақсатында бір-бірінің жұмыстарын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл платформа оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыта отырып, мәтін құрастыру дағдысын жетілдіреді.

Padlet

Цифрлық пинборд форматы арқылы мәтін, сурет, бейне, гиперсілтеме орналастыруға жағдай жасайды. Топтық жазылым жұмыстарын ұйымдастыруда тиімді.

Storyjumper

Балаларға иллюстрация негізінде оқиға құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл платформа оқылым және жазылым дағдыларын интеграциялай отырып дамытады.

Storybird

Оқушылардың топтық және жұптық жұмысын қолдайтын, көрнекілікке негізделген сторителлинг платформасы. Мәтін құрастыру дағдыларын дамытып, креативті ойлауды ынталандырады.

Жазылымды дамытуға арналған цифрлық әдістер

Оқушылардың жазылым дағдысын жүйелі қалыптастыру үшін келесі әдістер тиімді деп саналады:

1. Электронды хат жазу – коммуникациялық мәдениетті, мәтінді құрылымдауды және негізгі ойды қысқа әрі нақты жеткізуді қалыптастырады.

2. Күнделік жазу – рефлексия дағдысын дамытады, эмоциялық интеллектіні күшейтеді.

3. Әдеби кейіпкер немесе кітап туралы мәтін жазу – талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

4. Блог жүргізу – медиа сауаттылықты және цифрлық жазылым құзыреттілігін арттырады.

5. Аудиожазба негізінде мәтін құрастыру – ойды өңдеу, артық ақпаратты ажырата білу қабілетін дамытады.

6. Сурет бойынша әңгіме құрастыру – визуалды-когнитивтік негіздегі шығармашылық жазуды дамытады.

7. Touch typing (көзсіз теру) – жазу жылдамдығын арттырып, моторлық есте сақтауды күшейтеді.

Қорытындылай келе жазылым дағдысы когнитивтік, психологиялық және тұлғалық дамуға әсер ететін маңызды құзырет болып табылады. Цифрлық технологиялар бұл дағдыны дамытуға қосымша мүмкіндіктер ұсынады, алайда қолмен жазудың дәстүрлі формаларын толық алмастыра алмайды. Сондықтан білім беру жүйесінде қолмен жазу мен цифрлық жазылымның өзара үйлесімділігін камтамасыз ету маңызды.

Технологияны педагогикалық мақсатта тиімді қолдану оқушылардың жазылым мәдениетін қалыптастырып, олардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Паес Е.Д. Цифровые технологии в образовании: использование учебных объектов. — Sciencia Scripts, 2020.
2. Mishra, P., & Koehler, M.J. Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge. Teachers College Record, 2006.
3. Янкович О. Современные мультидисциплинарные цифровые технологии. — Sciencia Scripts, 2021.
4. Бакрадзэ Д.Ш. Читай. Думай. Обсуждай. Пиши. — Palmarium Academic Publishing, 2020.
5. Шумкова К. Актуальные вопросы развития цифровых технологий в образовании. — LAP Lambert Academic Publishing, 2019.

DIGITAL STORYTELLING AS A TOOL FOR LANGUAGE LEARNING

Тұрымбетова Айсана Омірбекқызы

Алматы облысы, Талғар ауданы, Еркін ауылы
«№27 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі



Abstract: Digital storytelling is increasingly being used as an effective pedagogical method in language education. It merges traditional narrative skills with digital media tools, enhancing student engagement, creativity, and communication skills. The aim of this research is to analyze the effectiveness of digital storytelling as a tool to support language acquisition and literacy development in classroom contexts. The study utilizes qualitative content analysis, classroom observation, and case study approaches. Results show that digital storytelling allows learners to express themselves in multimodal formats, encourages collaborative learning, and strengthens both receptive and productive language skills. It also supports differentiated instruction by allowing students to work at their own pace and according to their language proficiency. The integration of visuals, audio, and text fosters deeper understanding, cultural exchange, and learner autonomy. The article presents best practices for implementing digital storytelling in language learning environments and offers suggestions for teachers to improve student outcomes through this innovative approach.

Аннотация: Цифровое сторителлинг всё чаще используется как эффективный педагогический метод в языковом образовании. Он объединяет традиционные навыки повествования с инструментами цифровых медиа, повышая вовлеченность студентов, их

креативность и коммуникативные умения. Цель данного исследования — проанализировать эффективность цифрового сторителлинга как средства поддержки освоения языка и развития грамотности в условиях учебного процесса. В исследовании применены качественный контент-анализ, наблюдение в классе и метод кейс-стади. Результаты показывают, что цифровой сторителлинг позволяет обучающимся выражать себя в мультимодальных форматах, стимулирует совместное обучение и укрепляет как рецептивные, так и продуктивные языковые навыки. Он также способствует дифференцированному обучению, позволяя студентам работать в собственном темпе и в соответствии со своим уровнем владения языком. Интеграция визуальных, аудиальных и текстовых элементов способствует более глубокому пониманию, культурному обмену и развитию автономии обучающихся. В статье представлены лучшие практики внедрения цифрового сторителлинга в процесс изучения языков и предложены рекомендации для преподавателей по повышению образовательных результатов с помощью этого инновационного подхода.

- 2.Түсіндіру: 3D модель арқылы Жердің қабаттарын көрсету (қыртыс, мантия, ядро).
- 3.ЖИ-мен жұмыс: ChatGPT-ден әр қабат туралы қарапайым тілмен түсіндірме алу.
- 4.Сергіту: Quizizz немесе Kahoot арқылы тез сұрақ-жауап ойыны.
- 5.Қорытынды: Оқушылар ЖИ көмегімен өз сөзімен түсіндіреді.

Мұғалімге арналған ұсыныстар:

•Алдын ала дайындық: ЖИ құралдарын сабаққа енгізбес бұрын, мұғалім олардың мүмкіндіктерімен танысып, қауіпсіздігін тексеріп алу қажет.

•Оқушы жасына сай бейімдеу: Бастауыш сынып оқушыларына күрделі терминдерді ЖИ арқылы жеңілдетіп беру маңызды.

•Этика және қауіпсіздік: Оқушыларға ЖИ-мен жұмыс істеу кезінде интернеттегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру қажет. Жаратылыстану пәнінде Жасанды интеллектті тиімді қолдану — бұл оқытудың заманауи және болашаққа бағытталған жолы. Ол оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, пәнді тереңірек түсінуге, өздігінен білім алуға бағыттайды. Бастауыш сынып оқушылары үшін ЖИ - тек құрал ғана емес, білім әлеміне жол көрсетуші серіктес бола алады.

Қолданылатын ЖИ құралдары:

Пайдалану тәсілі:

Күн жүйесі, Google Earth, NASA AI Explorer

3D модель арқылы ғаламшарларды көрсету, табиғат құбылыстары (жаңбыр, жел, бұлт)

ChatGPT, AI video tools (Pictory, Synthesia), құбылысты видео, анимация түрінде түсіндіру.

Адам ағзасы, BioDigital Human

Ағзаның құрылымын бөліп көрсету, әр бөлікті жеке түсіндіру, экология, климаттың өзгеруі

AI data visualizers, деректермен жұмыс, климат карталарын талдау

Қорытындылай келе, жаратылыстану пәнінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану — білім сапасын арттырудың маңызды құралы. Цифрлық сауаттылығы дамыған оқушы — заманауи қоғамға бейімделген, сыни ойлай алатын, ақпаратпен жұмыс істей алатын тұлға. Сондықтан бастауыш мектеп мұғалімдері цифрлық құралдарды оқыту үдерісіне жүйелі түрде енгізіп, оқушылардың осы бағыттағы дағдыларын дамытып отыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты.

2. Әлімқұлова А.Т. Цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану жолдары // Білім

беру технологиялары. – 2023.

3. www.bilimland.kz

4. www.learningapps.org

5. www.kundelik.kz

6. Сатыпалды. А.Ғ. Бастауыш сыныпта жаратылыстану сабақтарында оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту / А.Ғ. Сатыпалды, Л.А. Ақынова, 2024

7. Рассел Григг (2020) Бастауыш мектеп мұғалімі: шеберлікті шыңдау: Оқулық. Нұр-Сұлтан

8. Аквилева Г.Н., Клепина З.А. «Дүниетану» пәнін оқыту әдістемесі. – М.: Академия, 2014. 288 б.

9. Аквилева Г.Н., Клепина З.А. Бастауыш мектепте жаратылыстану пәнін оқыту әдістемесі бойынша практикум. – М.: Академия, 2008. – 144 б.

10. www.openai.com

11. www.kahoot.com

12. www.biodigital.com

13. www.google.com/earth

КАК РАБОТАЮТ МЕТОДЫ СПИСКОВ В PYTHON: ПРОСТОЕ ОБЪЯСНЕНИЕ С ПРИМЕРАМИ

Джарылгамысова Гаухар Сарсембаевна

«АО» филиал НЦПК "Өрлеу" институт

профессионального развития по Алматинской области»

«Естественно-математического направления»

старший преподаватель кафедры

Списки являются одной из самых важных и наиболее широко используемых структур данных в Python, составляя основу для хранения, организации и манипулирования данными. Они представляют собой упорядоченную последовательность элементов, что позволяет обращаться к ним по индексу, и способны хранить элементы различных типов данных одновременно.

Подавляющее большинство методов списков в Python реализуют механизм изменения "на месте" (in-place). Это означает, что при вызове метода (например, `list.sort()`, `list.reverse()`, `list.append()`) изменения применяются непосредственно к существующему объекту списка в памяти. Новый объект при этом не создается.

В соответствии со стандартом и соглашением Python, методы, которые изменяют объект на месте, обычно возвращают значение `None`. Это соглашение служит важной цели: оно явно указывает разработчику, что метод не создает новый объект, и помогает предотвратить распространенную ошибку. Если разработчик ожидает, что метод, изменяющий список на месте, вернет новый список, и пытается присвоить результат выполнения переменной (например, `sorted_list = my_list.sort()`), переменная `sorted_list` неизбежно получит значение `None`, в то время как оригинальный список `my_list` будет успешно модифицирован.

Если требуется получить новый отсортированный список, сохраняя при этом исходный список нетронутым, следует использовать встроенную функцию `sorted()`. Функция `sorted()` принимает любой итерируемый объект и возвращает новый список, обеспечивая четкое разграничение между изменением на месте и созданием нового объекта.

Метод `reverse` в Python: перестановка элементов списка в обратном порядке.

Перестраивает элементы списка в обратном порядке. Модифицирует исходный объект на месте, возвращая при этом `None`.

`reverse()`:

`my_list = [1, 'two', 'a', 4]`

`my_list.reverse()` # Вернем `None`, `my_list = [4, 'a', 'two', 1]`

Метод `sort` в Python: сортировка списка.

Сортирует элементы списка. Модифицирует исходный объект на месте, возвращая при этом `None`.

`sort(key=None, reverse=False)`, где `key=None` — функция, принимающая аргументом элемент, используемая для получения из этого элемента значения для сравнения его с другими, `reverse=False` — флаг, указывающий следует ли производить сортировку в обратном порядке

`my_list = [1, 'two', 'a', 4, 'a']` # Попытка упорядочить/сравнить несравнимые типы вызовет исключение

`my_list.sort()` # `TypeError: unorderable types: str() <= int()`

Отсортируем так, чтобы 'a' были в конце.

`my_list.sort(key=lambda val: val == 'a')` # Вернем `None`, `my_list = [1, 'two', 4, 'a', 'a']`

Фактически мы отсортировали в соответствии `my_list` с маской `[False, False, False, True, True]`

Метод `append(x)` – добавление одного объекта

Метод `append(x)` добавляет единственный элемент `x` в самый конец списка. В его работе крайне важно то, что независимо от типа данных аргумента `x` — будь то число, строка — `append()` всегда добавляет его как единый элемент. Таким образом, длина списка увеличивается ровно на 1.

Добавляет элемент в конец списка. Метод `append` изменяет исходный список, возвращая при этом `None`.

`append(x)`, где `x` - объект, который требуется добавить в список.

`my_list=["a", "b", "c"]`

`my_list.append("d")` # вернем `None`,

`my_list.append(3)` # Вернем `None`, при этом `my_list = ["a", "b", "c", "d", 3]`

Для добавления множества элементов используйте `extend()`.

Метод `extend(iterable)` – расширение итерируемым объектом

Метод `extend(iterable)` дополняет список элементами из указанного итерируемого объекта. В отличие от `append()`, `extend()` добавляет каждый элемент из переданного объекта по отдельности в конец текущего списка. Аргументом `iterable` может быть любой итерируемый объект, такой как список, кортеж или множество. Стоит отметить, что при

расширении строкой, `extend()` добавляет каждый символ строки как отдельный элемент к списку.

При использовании `extend()`, итоговая длина списка увеличивается на общее количество элементов, содержащихся в итерируемом объекте.

Дополняет список элементами из указанного объекта `iterable`. Модифицирует исходный объект на месте, возвращая при этом `None`. `extend(iterable)`, где `iterable` объект, поддерживающий итерирование, элементами которого требуется дополнить список

```
my_list = []
my_list.extend([1, 2, 3]) # my_list = [1, 2, 3]
my_list.extend('add') # my_list = [1, 2, 3, 'a', 'd', 'd']
```

Для добавления одного элемента используйте метод **`append()`**.

Различия между методами добавления элементов глубоко влияют на структуру данных и производительность:

Характеристика	<code>append()</code>	<code>extend()</code>
Назначение	Добавляет один элемент в конец списка.	Добавляет несколько элементов из итерируемого объекта.
Тип аргумента	Принимает один элемент (любого типа данных)	Принимает итерируемый объект (список, кортеж, строка)
Итоговая длина списка	Увеличивается на 1	Увеличивается на количество элементов в аргументе (k)

Помимо этих методов, для объединения списков можно использовать оператор конкатенации `+`. Однако использование `+` создает новый список, вместо того чтобы модифицировать существующий. Поскольку `extend()` работает `in-place`, он минимизирует выделение новой памяти и является более эффективным выбором для частого или крупномасштабного добавления элементов к существующему списку.

Метод `insert(i, x)` – точечная вставка

Метод `insert(i, x)` используется для вставки элемента `x` перед указанным индексом `i` в списке. Для вставки элемента все последующие элементы списка должны быть сдвинуты, что требует перемещения `n-i` элементов.

`insert(i, x)`, где `i` – позиция (индекс), перед которой требуется поместить элемент. Нумерация ведётся с нуля. Поддерживается отрицательная индексация, а `x` – элемент, который требуется поместить в список.

```
my_list = [1, 3]
my_list.insert(1, 2) # my_list = [1, 2, 3]
my_list.insert(-1, 4) # my_list = [1, 2, 4, 3]
```

Использованная литература:

1. *Лутц М. Изучаем Python*, 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс, 2011. – 1280 с.
2. *Златопольский Д.М. Основы программирования на языке Python*. – М.: ДМК Пресс, 2017. – 284 с.
3. *Лутц М. Программирование на Python*, том I, 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс, 2011. – 992 с.
4. *Лутц М. Программирование на Python*, том II, 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс, 2011. – 992 с.
5. *Гэддис Т. Начинаем программировать на Python*. – 4-е изд.: Пер. с англ. – СПб.: БХВ-Петербург, 2019. – 768 с.
6. *Лучано Рамальо Python. К вершинам мастерства*. – М.: ДМК Пресс, 2016. – 768 с.
7. *Свейгарт, Эл. Автоматизация рутинных задач с помощью Python: практическое руководство для начинающих*. Пер. с англ. — М.: Вильямс, 2016. – 592 с.



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Сулеимова Куралай Адилевна

Жетісу облысы, Талдықорған қаласы

«№2 орта мектеп» КММ

биология пәнінің мұғалімі

Қазіргі заманда білім беру саласы терең өзгерістерге ұшырауда. Әсіресе инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім алуға мүмкіндік жасау – ұлттық білім саясатының басым бағыттарының біріне айналды. Мұндай білім беру жүйесінің тиімді жүзеге асуы – қоғамның адамгершілік деңгейінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар елдің даму көрсеткіші.

Инклюзивті білім беруді сапалы ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) рөлі ерекше. Заманауи цифрлық технологиялар оқу мазмұнын бейімдеп қана қоймай, оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сай орта қалыптастырып, тең мүмкіндіктерге жол ашады.

Инклюзивті білім беру: ұғымы мен маңыздылығы

Инклюзивті білім беру – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ұйымдарына қосу, оларға бейімделген ортада білім беру, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Бұл жүйенің басты мақсаты – барлық балаларды тең, әділ және сапалы біліммен қамтамасыз ету.

Инклюзивті білім мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Әр баланың оқуға деген құқығы тең;
- Оқушының жеке қабілеті мен ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ білім беру кеңістігінде білім алуына жағдай жасайды;
- Білім беру мекемесін бейімдеуді, педагог кадрлардың кәсіби даярлығын арттыруды, ата-аналармен, көмекші мамандармен тығыз жұмыс істеуді талап етеді;
- Оқу ортасы балаға бейімделеді, керісінше емес;
- Баланың мүмкіндігі шектеулі болғанымен, әлеуеті шексіз;
- Әлеуметтік әділеттілік пен теңдік.

Инклюзивті білім беру – тек ерекше қажеттілігі бар балаларға ғана емес, жалпы ортадағы барлық оқушыға арналған орта. Мұндай білім беру жүйесінде оқушылар арасындағы өзара түсіністік, көмек, құрмет және ынтымақтастық қалыптасады.

Заманауи технологиялардың мүмкіндіктері

Инклюзивті білім беруде цифрлық технологиялар әртүрлі бағытта қолданылады:

1. Оқу материалдарын бейімдеу

- Көру, есту, сөйлеу қабілеттерінде шектеуі бар балаларға арналған дауыстап оқитын бағдарламалар, экран үлкейткіштер, Брайль дисплейлері;
- Интерактивті тақта мен мультимедиялық құралдар арқылы көрнекілік арттырылып, есте сақтау қабілеті мен зейін шоғырланады;
- Қиын мәтіндерді қарапайым тілге аудару немесе суретті түсіндіру арқылы оқушының түсінуін жеңілдету;
- Электронды оқулықтар мен бейне-сабақтар арқылы материалды қайта-қайта қарап, өз қарқынымен меңгеруге мүмкіндік беріледі.

2. Сандық білім беру платформалары

• Google Classroom, Microsoft Teams, Zoom, Moodle сияқты платформалар арқылы қашықтан оқыту мен сабаққа қатысу қолжетімді;

- Мұғалім мен ата-ана арасындағы байланыс нығайып, кері байланыс жүйелі жүреді;
- Адаптивті оқу платформалары оқушының деңгейіне сай тапсырма ұсына алады.

Адаптивті оқу платформалары — оқушының оқу үлгеріміне, дағдыларына және білім деңгейіне қарай жекелендірілген тапсырмалар ұсынатын цифрлық жүйелер. Мұндай платформалар автоматты түрде оқушының жауаптарын талдайды, қай тақырыпта қиналып жатқанын анықтайды және соған сәйкес оқу мазмұнын бейімдеп отырады.

Адаптивті платформалардың мүмкіндіктері:

- Оқушының білім деңгейіне сай тапсырма береді (қиындығы біртіндеп артады немесе жеңілдейді);
- Оқу үрдісін дербестендіреді — әр оқушы өз қарқынымен оқиды;
- Қателер бойынша кері байланыс беріп, қайталап үйрену мүмкіндігін жасайды;
- Мұғалімге талдау нәтижелерін ұсынып, оқу процесін басқаруды жеңілдетеді.

Мысалдар:

• Khan Academy, Edmodo, SMART Learning Suite, BilimLand — бұл платформалар Қазақстан мектептерінде жиі қолданылады.

• Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылар үшін бұл жүйелер оқытуда тең мүмкіндік береді, өйткені тапсырмалар оқушыға артық қысым жасамай, оны ынталандырады.

3. Тілдік және сөйлеу дағдыларын дамыту

• Логопедиялық бағдарламалар мен мобильді қосымшалар (мысалы, «BalApp», «Logopedist», «Dyslexia App») балалардың дыбыстық есту, дұрыс сөйлеу, оқу және жазу қабілеттерін дамытуға арналған;

• Визуалды түсіндірулер мен бейнероликтер сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға ерекше көмек көрсетеді.

4. Мотивация мен өзін-өзі дамыту

• Ойын технологиялары (геймификация), танымдық викториналар, тесттер арқылы оқушының қызығушылығы артады;

• Жетістікке жету мүмкіндігі мотивацияны арттырады, бұл балалардың өз-өзіне деген сенімін қалыптастырады.

5. Қашықтықтан оқыту мүмкіндігі

• Денсаулығына байланысты мектепке келе алмайтын оқушыларға үйден немесе ауруханадан оқуға мүмкіндік береді;

• Онлайн сабақтар арқылы бірдей білім мазмұнына қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

6. Ойын технологиялары және мотивация

• Танымдық ойындар арқылы оқушының есте сақтау, логикалық ойлау, зейін сияқты қабілеттері дамиды;

• Визуалды бейнелер мен анимациялар арқылы оқыту процесі қызықты әрі түсінікті болады.

Мұғалімнің рөлі мен кәсіби даярлығы

Заманауи технологиялардың тиімді қолданылуы – мұғалімнің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Инклюзивті ортада жұмыс істейтін педагог:

- Сандық сауаттылықты жетік меңгерген;
- Әр оқушының психологиялық ерекшелігін ескеріп, білім мазмұнын бейімдей алады;
- АКТ құралдарын әдістемелік тұрғыда дұрыс қолдана біледі;
- Логопед, дефектолог, психолог сияқты мамандармен бірлесіп жұмыс жүргізеді.

Қазіргі уақытта көптеген мұғалімдер инклюзивті білім беру саласы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, өз тәжірибесін жаңа деңгейге көтеруде. Сонымен қатар, онлайн платформаларда (NIS EdTech, BilimLand, Coursera) ұсынылған ресурстарды пайдалану арқылы кәсіби дамуын жалғастыруда.

Қазіргі тәжірибе: Қазақстандағы мысалдар

Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу бағытында бірқатар ілгері қадамдар жасалуда:

- Мектептерде ресурстық кабинеттер мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметтері құрылуда;
- “1 оқушы – 1 құрылғы” қағидаты бойынша планшет, ноутбук, проекторлармен жабдықталған сыныптар пайда болуда;
- Бірқатар мектептерде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған жеке бейімделген цифрлық сабақтар жүргізілуде.

Мысалы, Алматы, Астана, Шымкент қалаларындағы бірнеше мектепте Брайль қарпін үйрететін интерактивті планшеттер, сөйлеуді синтездейтін құрылғылар, аудиооқулықтар енгізілді. Инклюзивті білім беруде заманауи технологияларды пайдалану биология пәні бойынша оқу үдерісін барынша қолжетімді әрі тиімді етеді. Мұндай әдістер барлық оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың толыққанды білім алуына мүмкіндік береді. Биология пәнінде инклюзивті білім беру технологияларын пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға және әртүрлі мұқтаждықтарды ескере отырып, оларды қызықты әрі терең білім алу процесіне тартуға болады.

1. Жасушаның құрылымы (Интерактивті тақта + 3D модельдер)

Сабақ тақырыбы: Жасушаның құрылымы және оның функциялары
Мақсаты: Оқушыларға жасушаның құрылымы мен әртүрлі бөліктерінің функцияларын түсіндіру.

Технологиялар мен құралдар:

- Интерактивті тақта: Жасушаның негізгі бөліктерін (ядро, митохондрия, хлоропласт, жасуша қабырғасы) көрсететін бейнемазмұндарды, суреттерді және графиктерді пайдалануға болады. Интерактивті тақтада жасушаның 3D моделін көрсету оқушыларға оның құрылымын нақты әрі терең түсінуге мүмкіндік береді.
- 3D модельдер: Жасушаның бөліктерін нақты көру үшін 3D модельдермен жұмыс жасау өте пайдалы. Оқушылар жасушаның бөліктерін визуализациялап, оларды әртүрлі бұрыштан көре алады.
- Виртуалды зертханалар: Оқушылар виртуалды зертханаларда жасуша құрылымымен танысып, тәжірибелер жүргізу мүмкіндігіне ие болады. Мысалы, жасушаның бөліну процесін немесе жасуша ішінде заттардың тасымалдануын виртуалды түрде көруге болады.

Сабақ барысы:

1. Теориялық бөлім: Мұғалім жасушаның әрбір бөлігінің қызметін түсіндіреді, интерактивті тақтада әрбір органелланы көрсетеді.

2. Интерактивті жұмыс: Оқушылар 3D модельде жасушаның бөліктерін зерттейді. Оқушылар жасушаны жинақтап, әртүрлі бұрыштан көріп, оның бөліктерін анықтайды.

3. Жаттығу: Оқушыларға жасушаның бөліктерін анықтау тапсырмасы беріледі, мысалы, жасуша бөліктерін атау және олардың қызметін түсіндіру.

Қорытынды: Оқушылар жасушаның құрылымы мен әрбір органелланың қызметін тереңірек түсінеді. Мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін 3D модельдер мен бейнемазмұндар қосымша көмек көрсетеді, өйткені оларды көру арқылы түсіну жеңілдейді.

2. Адам ағзасындағы қан айналым жүйесі (Виртуалды тәжірибе + Анимациялар)

Сабақ тақырыбы: Адам ағзасындағы қан айналым жүйесі

Мақсаты: Оқушыларға адамның қан айналым жүйесінің құрылымы мен жұмыс істеу принциптерін түсіндіру.

Технологиялар мен құралдар:

- Виртуалды зертханалар: Оқушыларға қан айналым жүйесінің жұмысын виртуалды зертханаларда көруге мүмкіндік беріледі. Мысалы, виртуалды плазмалық мембрана арқылы қанның ағымын, жүрек соғуын және қанның ағымдық жолдарын бақылауға болады.

- Анимациялар: Қан айналымы жүйесінің жұмысын түсіндіру үшін анимацияларды пайдалану өте пайдалы. Мұнда жүрек, қан тамырлары, артериялар мен веналар туралы бейнемазмұн көрсетуге болады. Бұл оқушыларға қанның ағымын және жүректің қызметін түсінуге мүмкіндік береді.

- Мобильді қосымшалар: Оқушыларға адам ағзасының қан айналым жүйесін зерттеуге арналған қосымшалар мен бағдарламалар пайдалануға болады.

Сабақ барысы:

1. Теориялық бөлім: Қан айналым жүйесінің негізгі мүшелері, жүрек, қан тамырлары мен олардың қызметтері түсіндіріледі.

2. Виртуалды зертхана: Оқушылар қан айналым жүйесінің жұмысын виртуалды зертхана арқылы көріп, қанның ағымын, жүректің соғуын және қанның жүру жолдарын зерттейді.

3. Анимация: Мұғалім анимация арқылы қан айналымының принциптерін түсіндіріп, оқушылардың назарын нақты процестерге аударады.

4. Жаттығу: Оқушыларға қан айналымы жүйесін суреттеуді немесе қан ағымының түрлерін сипаттауды тапсырмалауға болады.

Қорытынды: Оқушылар қан айналым жүйесінің құрылымы мен қызметін нақты түсінеді. Виртуалды тәжірибелер мен анимациялар оқушыларға теорияны практикалық тұрғыда көрсетуге көмектеседі, бұл олардың білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

3. Өсімдіктердің фотосинтезі (Видеолар + Субтитрлер)

Сабақ тақырыбы: Өсімдіктердің фотосинтез процесі
Мақсаты: Оқушыларға фотосинтез процесінің негізгі кезеңдерін және оның өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.

Технологиялар мен құралдар:

- Бейнемазмұндар: Фотосинтез процесін түсіндіру үшін анимациялар мен бейнемазмұндарды қолдануға болады. Бұл бейнемазмұндар процесстерді көрсету арқылы оқушыларға фотосинтездің қалай өтетінін көрсетуге көмектеседі.

- Субтитрлер: Есту қабілеті төмен оқушылар үшін бейнемазмұндарға субтитрлер қосуға болады. Бұл оқушыларға ақпаратты дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді.

- Интерактивті тапсырмалар: Оқушылар фотосинтездің кезеңдерін түсіну үшін тесттер мен практикалық тапсырмалар орындауы мүмкін.

Сабақ барысы:

1. Теориялық бөлім: Мұғалім фотосинтездің негізгі кезеңдерін түсіндіреді, оның маңыздылығы мен өсімдіктер үшін қаншалықты қажет екендігі туралы айтады.

2. Бейнемазмұн: Оқушыларға фотосинтез процесін көрсететін бейнемазмұн немесе анимация көрсетіледі.

3. Субтитрлер: Бейнемазмұндарға субтитрлер қосу есту қабілеті шектеулі оқушыларға да түсінікті болуына мүмкіндік береді.

4. Жаттығу: Оқушыларға фотосинтез процесін сипаттайтын тапсырма беріледі немесе олар суреттегі фотосинтез кезеңдерін анықтайды.

Қорытынды: Оқушылар фотосинтездің негізгі кезеңдерін түсінеді, ал бейнемазмұндар мен субтитрлер мүмкіндігі шектеулі оқушыларға қосымша көмек көрсетеді.

4. Экология және қоршаған орта (Онлайн зерттеулер + Пікірталас)

Сабақ тақырыбы: Экология және қоршаған орта

Мақсаты: Оқушыларға экологияның негізгі принциптері мен қоршаған ортаның адам өміріне әсері туралы түсінік беру.

Технологиялар мен құралдар:

- Онлайн зерттеулер: Оқушылар экология мәселелері бойынша интернет арқылы ақпарат іздей алады. Бұл тапсырма зерттеу жұмыстарына негізделіп, оларды қоршаған орта мәселелері туралы көбірек білуге үйретеді.

- Графиктер мен диаграммалар: Оқушылар экологиялық статистика мен деректерді көру үшін графиктер мен диаграммаларды қолдана алады.

- Пікірталас: Оқушылар экология мәселелері бойынша пікірталас өткізіп, әртүрлі пікірлерді тыңдайды.

Сабақ барысы:

1. Теориялық бөлім: Экология және қоршаған орта мәселелері түсіндіріледі, экологиялық теңгерімнің маңыздылығы жайлы сөз болады.

2. Онлайн зерттеу: Оқушыларға экология мәселелері бойынша зерттеу жүргізу тапсырмасы беріледі.

3. Пікірталас: Экология мәселелеріне қатысты пікірталас өткізіліп, оқушылар өз көзқарастарын білдіреді.

Инклюзивті білім беру – қоғамның өркениеттілігінің көрінісі. Бұл бағыттағы табыс – мұғалім, ата-ана, оқушы және технология арасындағы үйлесімді байланысқа тікелей тәуелді. Заманауи ақпараттық технологиялар – ерекше білім қажеттіліктері бар балалар үшін сапалы, қолжетімді және теңдей білім алуға мүмкіндік беретін басты құрал. Сондықтан инклюзивті білім беруде АКТ қолдану тек техникалық емес, әлеуметтік және моральдық маңызы бар шешім. Бұл – баланың болашағын құруға бағытталған маңызды инвестиция.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2020). *Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері*. Астана.

2. UNESCO. (2021). *Inclusive Education: Global Monitoring Report*. Paris.

3. Әбеннова, А. А., Сүлейменова, З. Ә. (2019). *Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру әдістері*. Алматы.

4. Тілеубекова, Р. Ә. (2021). *Цифрлық технологиялар және инклюзивті білім: теория мен практика*. Нұр-Сұлтан.

5. Бегалиева, А. Т., Нұрпейісова, Г. Б. (2020). «Инклюзивті білім беру: ақпараттық технологиялардың рөлі». // *Білім беру және инновация*, №4(28), 85–90 б.

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУАУЫНЫҢ IV ДЕҢГЕЙІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ



Шажабаета Гульбакыт Иманжановна

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы

«Қарғалы ауылының №1 орта мектебі» КММ

логопед-дефектолог

Аннотация: Бұл әдістемелік материал мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілінің дамуы мен түзетілуіне ойын әдістерін қолдану тәжірибесін қарастырады. Материалда сөйлеу тілінің жалпы дамуының IV деңгейіндегі балаларға арналған тиімді түзету-дамыту тәсілдері, соның ішінде танымдық және дамытушы ойындардың маңызы мен рөлі нақтыланған. Ұлттық ойындардың, атап айтқанда асық ойынының баланың тілдік, логикалық және психомоторлық

дағдыларын қалыптастырудағы тәрбиелік мәні көрсетіледі. Ойын арқылы баланың сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдары сипатталған. Материал мектепалды даярлық топтары тәрбиешілері мен логопедтерге, сонымен қатар ата-аналарға арналған практикалық ұсынымдар мен мысалдарды қамтиды.

Аннотация: Данный методический материал рассматривает опыт использования игровых методов в развитии и коррекции речи у детей дошкольного возраста. В материале уточнены эффективные коррекционно-развивающие подходы для детей с IV уровнем общего недоразвития речи, в том числе значение и роль познавательных и развивающих игр. Отмечено воспитательное значение национальных игр, в частности игры в асык, в формировании речевых, логических и психомоторных навыков у ребенка. Описаны пути развития речевых способностей, расширения словарного запаса и формирования связной речи через игру. Материал включает практические рекомендации и примеры, предназначенные для воспитателей подготовительных групп, логопедов, а также родителей.

Сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балаларды жан-жақты зерттеу нәтижелері мен оларды ұзақ жылдар бойы түзету-дамыту тәжірибесі сөйлеу тілі дамымауының төртінші деңгейін анықтады. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) – баланың сөйлеу тілі жас ерекшелігіне сай толық қалыптаспаған жағдай. Логопедияда СТЖД төрт деңгейге бөлінеді. IV деңгейде баланың сөйлеу тілі сырттай толық қалыптасқандай көрінгенімен, күрделі сөздік-логикалық тапсырмаларды орындау барысында қиындықтар байқалады: байланыстырып сөйлеуі жеткіліксіз дамыған, сөздік қоры шектеулі, грамматикалық қателер кездеседі.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) – сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы. Бұл бұзылыста ақыл-ойы мен есту қабілеті қалыпты балалардың сөйлеу тілінің компоненттерінің қалыптасуының бұзылуы (фонетика, лексика, грамматика). Бұл бұзылыс тұрақтылығымен сипатталады және түзету жұмысында арнайы тәсілдерді қолдануды талап етеді. Аталған бұзылыс сөйлеу тілінің мүлдем жоқ болуынан толық дамымауына дейінгі деңгейде болуы мүмкін, бірақ фонетикалық және грамматикалық дамымаудың нышаны сақталады.

СТЖД деңгейлерінің сипаттамасы

- Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының екінші деңгейі – ымдау мен былдыр сөздерден басқа бұрмаланған болса да, айтарлықтай тиынақты қолданылатын сөздер пайда болады. Мысалы: *Қыт. Бадя тана теуіп дүй.* (Қыс. Балалар шана теуіп жүр). Грамматикалық тұлғаларды ажырату бір мезгілде байқалады. Кейбір грамматикалық категорияларға қатысты болады. Бұл процесс әлі де болса едәуір тұрақсыз екендігін сипаттайды және мұндай баланың сөйлеу тілінің дамымауының қатты тежелгендігін көрсетеді.

- Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының үшінші деңгейі – сөйлем құрамындағы лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық элементтердің жетілмеуімен сипатталады. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалар айналасындағы адамдармен тілдесіп, сөйлесе алады, дегенмен өз ойын нақты әрі түсінікті жеткізе алмайды. Кейде бала дұрыс айта алады деп есептелетін кейбір дыбыстар да еркін сөйлеген кезде жеткілікті дәрежеде анық естілмейді. Фонематикалық топтағы екі немесе бірнеше дыбыстың бір дыбыспен алмастырылуы немесе бірнеше дыбыстың бір мезгілде шатастырылуы кезінде дифференциацияланбаған дыбыстардың айтылуы бұрмаланып өзгереді.

- Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының төртінші деңгейі – балалардың мектепалды даярлау тобына келіп түсуі алдында, өткен жылдарда сөйлеу тілі бұзылыстары түзелген болса да, сөйлеу тілі компоненттерінің (фонетика, лексика, грамматика) дәл сол берілген уақытта белгіленген шамаға келмеуіне байланысты. Сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық компоненттерінің толық жетілмеуін, яғни сөйлеу тілінің төртінші деңгейіне Т.Д.Филичева жатқызды. Бұл деңгейдегі балалар басқа

адамдармен қарым-қатынас жасайды, қарапайым сөздерді қолданады, арасында күрделі сөйлемдер де кездеседі. Дыбыс айтуында күрделі бұзылыстар байқалмайды, қарапайым дағдыларды меңгерген. Дыбыс артикуляциясы солғын, сөйлеудің мәнерлігі жеткіліксіз, дикциясы анық емес.

Сөздің дыбыстық-буындық құрамының жетілмеуі, дыбыстарды шатастыруы, фонемаларды қабылдап, ажырату қабілетінің төмендігі баланың фонема жасау, айту процесінің әлі де болса толық жетілмегенінің белгісі болып табылады. Төртінші деңгейдегі балалар сөздерге көптік жалғауын дұрыс жалғай алмайды (мысалы: ағашдар – ағаштар, көйлектар – көйлектер, киімдар – киімдер, шалбардар – шалбарлар).

СТЖД балалардың көпшілігі фонематикалық есту, қабылдау қабілеттерінің төмендігіне, жетілмеуіне тән. Соның салдарынан мектепте оқудың алғашқы кезеңінде көптеген балалардың жазу дағдыларын меңгеруде қиындықтар туындайды.

Ойын – негізгі әрекет

Мектепке дейінгі жастағы басты әрекет – ойын екенін естен шығармау керек, осы ойын арқылы бала барлығын жақсы меңгере түседі. Мүмкіндігінше, баламен күн сайын сюжеттік-рөлдік ойындар шынайы заттардың орнын алмастыратын құралдарды пайдалану абстрактілі ойлауды және қиялдауды өте жақсы дамыта алады.

Мектеп алды даярлықта баланы дамытатын, өсіретін әрі тербелейтін негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой-өрісін қалыптастырады.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар

3. Сөздік дидактикалық ойындар

А.С.Макаренко айтқандай: «Ойын — балалар өмірінде өте маңызды. Егер үлкендер үшін жұмыс пен қызмет ету қаншалықты маңызды болса, балалар үшін ойын да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскенде де жұмыста сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады».

Дидактикалық ойындарды ойнату барысында тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып нәтижеге жетуге болады. Дидактикалық ойындар баланың қабылдау деңгейіне байланысты таңдалады. Бала сабақта меңгерген материал туралы түсінігін кеңейту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ол ойындар сабақтың тақырыбына, мақсатына сай таңдалып алынады.

Сөйлеу тілінің IV деңгейін дамытуға арналған ойындар

Сөйлеу тілінің дамымауының төртінші деңгейін ойын және карточкалар арқылы қалай дамытуға болады?

1. Сөздік қорды дамыту

- «Кім көп сөз біледі»

Мақсаты: Баланың байланыстырып сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету.

Шарты: Сурет бойынша ертегіні әңгімелеп беріп, енді рөлдермен (анасы-бала, баласы-ана рөліне) ауысып, баланың ертегі мазмұнына көңіл бөліп тыңдау.

«Суретті ата» – логопед карточка көрсетеді, бала атауын айтады және сол туралы сөйлем құрайды.

- «Төртінші артық»

Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту, жалпылауға үйрету.

Шарты: Берілген заттарды көрсетіп, артығын тауып қалған заттарды жалпылау.
Мысалы: қой, сиыр, ешкі, жылқы.

- «Кубиктер сөйлейді»

Мақсаты: Көру қабілеті, есте сақтау және сөйлем құрау арқылы сөйлеу тілін дамыту.

Нұсқау: Кубикті лақтыру арқылы түскен суретке сөйлем құрау.

2. Дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру

- «Қайталашы» – логопед айтқан сөзді немесе сөз тіркесін дұрыс қайталау.

3. Грамматикалық құрылымдарды жетілдіру

- «Сөйлемді толықтыр» – жартылай айтылған сөйлемді бала аяқтайды.

4. Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру

- «Суреттер тізбегі» – бірнеше суреттер ретпен қойып, сол бойынша әңгіме құрау.

Асық ойынының тілдік дамуға әсері

Н.К.Крупская қимыл-қозғалыс ойындары туралы былай деп жазған: «Ойын — өсіп келе жатқан бала ағзасына қажеттілік...» Ұлттық ойындардың баланың тілдік дамуына тигізер әсері мен тәрбиелік мәні зор. Сонымен бірге, бұл ойындар дене бітімінің сымбатты әрі әсем қалыптасуына оң ықпал етеді.

Асық ойыны — қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі. Асық — тек ойын құралы ғана емес, баланың ақыл-ойын, есте сақтау қабілетін, зейінін, логикалық ойлауын, ұсақ моторикасын және сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін тиімді құрал.

Асық ойынының дамытушылық бағыттары

1. Танымдық және логикалық ойлауды дамыту:

- Санай білу дағдысы қалыптасады – балалар асықты санап, топтастырып, салыстыру арқылы математикалық ұғымдарды меңгереді.

- Логикалық ойлау дамиды – асықтың орналасуына қарай жеңу стратегиясын құру, қандай әдіспен ату керектігін таңдау арқылы логикасы дамиды.

- Кеңістікті бағдарлау қабілеті артады – алысты-жақынды ажырату, дәл көздеу және нысананы таңдау арқылы кеңістікті бағдарлауы жетіледі.

2. Есте сақтау және зейінді арттыру:

- Ойын кезінде балалар асықтардың орналасуын, қай асық қайда жатқанын есте сақтайды.

- Қозғалысты қадағалап, өз кезегін күтуді үйренеді.

3. Тіл дамыту және сөздік қорды байыту:

- Балалар ойын барысында асықтың түсін, орналасуын, қозғалысын сипаттап үйренеді.

- Жаңа сөздермен танысады (мысалы, «шік», «табан», «бүк», «алшы»).

- Сөйлеу дағдыларын жетілдіреді, сөйлем құрау қабілеті артады.

4. Ұсақ моториканы және координацияны дамыту:

- Асықтарды жинау, лақтыру, қолмен реттеу арқылы ұсақ моторика жетіледі.

- Бұл жазу дағдыларына да оң әсерін тигізеді.

5. Шығармашылық қабілеттер мен әлеуметтік дағдыларды дамыту:

- Балалар жаңа ойын ережелерін ойлап табады, шығармашылық дағдылары дамиды.

- Топпен ойнау арқылы достық қарым-қатынас, бір-бірін құрметтеу, топтық жұмыс дағдылары қалыптасады.

Асық ойындары – тек ұлттық мұра емес, сонымен қатар баланың ақыл-ойын, сөйлеуін, есте сақтау қабілетін, моторикасын дамытуға көмектесетін таптырмас әдіс. Ойын барысында:

- Баланың математикалық қабілеті жетіледі.
- Логикалық ойлау дағдылары қалыптасады.
- Сөздік қоры мен сөйлеу дағдылары артады.

- Зейін мен есте сақтау қабілеті күшейеді.
- Қолдың ұсақ моторикасы дамиды.
- Әлеуметтік дағдылар (ынтымақтастық, достық, тәртіп) қалыптасады.

Логопед мамандары түзету жұмыстарында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыруды ойын арқылы жүзеге асыруға ерекше мән береді. Ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтырған әрекетке ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті – ойнау мен сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, сондықтан бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз – барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Демек, баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Ойын ұйымдастыруды өзіңіз жетекші бола отырып, баланы ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оны ойната отырып, ойлануға бағыттап, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашасыз, ойынға қызықтыра отырып, зейінін, қиялын дамытасыз. Сонымен қатар, ойын барысында бала қатарластарымен алғашқы қарым-қатынасқа түседі. Ойын ойнарда баланың жас ерекшелігін ескерген жөн.

Ойын да, оқыту да баланың жасына сай болу керек. Балаға таңдалатын білім оның ақыл-ойына сай, талабын шабыттандыратындай, ой-өрісін дамытып, іскерлігін арттыратындай, бастаған істің нәтижесіне жетуге ұмтылдыратындай мазмұнды болуы керек. Халқымыз қоршаған ортаның қыр-сырын баланың санасына ойын арқылы жастайынан сіңіруге мән берген. Сөйлеу тілінің дамымауының IV деңгейін түзету ойын арқылы жүргізілген жағдайда, бала сөйлеу дағдыларын қызығушылықпен дамытады, сөздік қоры кеңейеді, байланыстырып сөйлеу қабілеті қалыптасады. Ойын әдісі логопедиялық жұмысты жеңілдетіп қана қоймай, баланың психоэмоционалдық жағдайына да оң әсер етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ.С. Тебеннова – А.Р. Рымханова «Арнайы психология» Алматы, 2011 ж.
2. Грищенко Л. Л. «Устранение дефектов речи», «Семья и детский сад» №1, 2005 г.
3. Зайцева Г. Л. «Дактилология. Жестовая речь» М., 1991 г.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА НЕГІЗГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУ МЕН ҚОЛДАУДЫҢ ӘМБЕБАП СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Асылбекова Сандугаи Советовна

*Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы
«Қарғалы №3 орта мектебі» КММ
физика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші*

Анатоция: Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында негізгі мектеп оқушыларын оқыту мен қолдаудың әмбебап стратегияларын қолдану мәселесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – әртүрлі білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға бірдей қолжетімді, тең дәрежелі білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді анықтау. Зерттеу критерийлері ретінде оқытудағы теңдік, бейімделгіш оқыту әдістерінің тиімділігі және психологиялық қолдаудың рөлі алынды.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, педагогикалық бақылау, құжаттарды талдау және тәжірибелік әдістер қолданылды. Әмбебап дизайнға негізделген оқыту тәсілдері, дифференциацияланған тапсырмалар, ынталандырушы орта құру, әлеуметтік-эмоциялық қолдауды ұйымдастыру – зерттеуде қарастырылған негізгі стратегиялар болып табылады. Негізгі мектепте білім алып жатқан оқушылардың оқу жетістіктеріне, сыныптағы белсенділігіне және өзіндік сенімінің артуына инклюзивті әдістердің оң әсері байқалды. Мақалада осы тәсілдердің білім беру процесіне тиімді енгізілу жолдары сипатталып, мұғалімдер мен мамандарға арналған практикалық ұсыныстар берілген. Зерттеу нәтижелері әмбебап стратегияларды жүйелі қолдану оқыту сапасын арттыруға және барлық оқушылардың толыққанды қатысуына мүмкіндік жасайтынын көрсетті.

Аннотация: В данной статье рассматриваются универсальные стратегии обучения и поддержки учащихся основной школы в условиях инклюзивного образования. Цель исследования — выявить эффективные педагогические подходы, способствующие созданию равнодоступной образовательной среды для всех учеников, независимо от их индивидуальных особенностей. Критериями исследования являются равенство в обучении, результативность адаптивных методов и роль психологической поддержки. В работе применялись методы сравнительного анализа, педагогического наблюдения, изучения документов и практической апробации. Основное внимание уделено стратегиям, основанным на принципах универсального дизайна обучения, использованию дифференцированных заданий, созданию мотивирующей среды и организации социально-эмоциональной поддержки. В ходе исследования установлено положительное влияние инклюзивных методов на учебную мотивацию, успеваемость и самооценку учащихся. В статье предложены практические рекомендации по внедрению универсальных стратегий в образовательный процесс. Полученные результаты подтверждают, что системное применение данных подходов способствует улучшению качества обучения и активному включению всех учеников в учебную деятельность.

Annotation: This article examines universal strategies for teaching and supporting secondary school students in an inclusive education environment. The purpose of the study is to identify effective pedagogical approaches that contribute to the creation of an equally accessible educational environment for all students, regardless of their individual characteristics. The criteria for the study are equality in learning, the effectiveness of adaptive methods, and the role of psychological support. The work used the methods of comparative analysis, pedagogical observation, document study, and practical testing. The main attention is paid to strategies based on the principles of universal learning design, the use of differentiated tasks, the creation of a motivating environment, and the organization of social and emotional support. The study established the positive impact of inclusive methods on academic motivation, academic performance, and self-esteem of students. The article offers practical recommendations for the implementation of universal strategies in the educational process. The results confirm that the systematic use of these approaches helps to improve the quality of education and the active inclusion of all students in educational activities.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар әртүрлі сәтсіздіктерге байланысты эмоцияларды жиі сезінеді. Олар көбіне айналасындағы адамдардың шеттетуі мен өшпенділігіне тап болады. Соның нәтижесінде олардың басым көпшілігі айналасындағыларға сенімсіздікпен қарап, мұндай ортада өмір сүру қабілеттеріне күмән туғызады. Педагогтер мұндай оқушыларда өзін-өзі төмен бағалау, депрессия, мазасыздық пен қорқыныш, ашу-ыза және т.б. сезімдердің пайда болу қаупін түсінуі керек.

Сыныптағы психологиялық ахуал

Сыныптағы ахуал — сынып ұжымының психологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын көп компонентті ұғым. Бұл түсінік кейде «сынып ортасы», «сынып кеңістігі», «психологиялық климат», «сыныптағы жағдай» немесе «сынып экологиясы» терминдерімен

де аталады. Яғни, мұнда оқыту үдерісінің мәнмәтіні мен оқушы мотивациясының маңызды қыры қарастырылады. Сыныптағы психологиялық ахуалдың басты мақсаты — оқыту мен оқушы дамуына қолайлы орта қалыптастыру. Осыған қатысты үш негізгі факторды ерекше атап өту қажет:

- Қарым-қатынастар: қолдау және өзара көмек беру дәрежесі.
- Тұлғалық даму: тұлғалық өсу және өзін-өзі жетілдіру деңгейі.
- Жүйені белгілі бір қалыпта ұстау: сыныптағы тәртіп; педагогтердің өз қызметінің

мақсаттарын түсіну дәрежесі; тұрақты бақылау және өзгерістерге дайын болу.

Сыныпта сенімді және эмоционалдық қауіпсіз орта қалыптастыру

Сіз мұндай шырғалаң шеңберді бұзу үшін мынадай әрекеттер жасай аласыз:

- оқушылардың эмоцияларын/уайымдарын және осы сезімдер олардың оқуға ынтасына қалай әсер ететінін түсінесіз;
- жағымды эмоцияларды күшейтетін және жағымсыз сезімдерді әлсірететін орта қалыптастырасыз;
- күн сайын оқушылар мектепке әртүрлі көңіл-күймен келетінін және оларға эмоциялар кедергі келтіруі мүмкін екенін түсінесіз;
- оқыту барысында жағымды эмоцияларды қолдануға тырысасыз;
- келесі сипаттамаларға сәйкес келетін орта қалыптастыруға тырысасыз: тұрақтылық; қайталанымдық; қауіпсіздік; жылулық; эмпатия; қолдау; сенімділік; қатыстылық сезімі; әділдік және тыныштық;
- әрдайым барлық оқушыларға олардың бүкіл сынып үшін қажет екенін, оларды оқудағы ықтимал қиындықтарға қарамастан тұлға ретінде, сол қалпында қабылдайтынын түсінуге мүмкіндік бересіз;
- оқушылар жеке тұлғаны қандай да бір бұрмалаусыз қабылдайтын шынайы қарым-қатынастарды дамытасыз, оларға құрмет пен жылулық, қажет болған жағдайда жанашырлық танытасыз;
- оқушыларға қолдау көрсетесіз, олардың қажет екенін және оларды күтетінін түсінуіне мүмкіндік бересіз: «мені мектепте мұғалім күтеді», «ауырған кезде мектепке бара алмайтындықтан, мен ауырғым келмейді»;
- сыныптағы әрбір оқушыға маңызды рөл бересіз және «оқушылар қауымдастығын» құрасыз;
- қолайлы жағдайда шиеленісті азайту және оқу процесін жақсы көңіл-күймен өткізу үшін әзіл-күлкіні қолданасыз [2]

Мен өз тәжірибемнен 9-сыныпқа арналған физика сабағын жоспарлау үдерісінің қысқа мерзімді жоспарын ұсынамын. Сыныпта 24 оқушы білім алады. Олардың ішінде пәнге жоғары қызығушылық танытатын 12 оқушы бар. Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес 1 оқушы ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар (ЕБҚ). Бұл оқушы мінез-құлық және эмоционалдық қиындықтарға ие, қолайсыз психологиялық жағдайларға тап болған, ата-анасының немесе анасының қамқорлығынсыз қалған бала болып табылады. 9-сынып оқушыларының барлығының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың оқу процесіне толыққанды қатысуына мүмкіндік беретін «Механикалық жұмыс. Энергия» тақырыбы бойынша физика сабағын өткізуді жоспарлап отырмын. Сабақтың оқу мақсаттары (ОҚ) және сабақ мақсаты нақты, қолжетімді және өлшенетін түрде SMART форматына сәйкес анықталды. Олар уақытпен шектелген, нәтижеге бағытталған және оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқушылар: механикалық жұмыс пен энергия байланысын графиктік тәсілдермен анықтай отырып, есептер шығарады. ЕБҚ: механикалық жұмысқа мысалдар келтіреді.

Осы сабақта барлық оқушыларды оқуға тарту үшін мен сабақтың әртүрлі кезеңдерінде келесі әдіс-тәсілдерді жұмыс формаларын қолдануды жоспарлап отырмын. Сабақ жоспарында жоспарлаған «Сұрақ ілмегі», «Three opinions», «Who faster» әдістерін пайдалана отырып, оқу мақсатына жетуді қамтамасыз етеді, сондықтан механикалық жұмыс пен энергия байланысын графиктік тәсілдермен анықтай отырып, есептер шығарады. Оқу мақсатына сәйкес, сабақтың мақсатына жету үшін белсенді оқыту әдісін қолдануды жоспарлап отырмын. Сабақтың басы, ортасы кезеңіндегі /топтық, жұптық жұмыс түрлері оқу мақсатына жетуге бағытталған тиімді коммуникативті дағдыларды, өзара әрекеттестік пен өзара оқуды дамытуға бағытталған. Жоспарланған әдістер 9-сынып оқушыларының жеке және ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторларға ұшырап, (ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған оқушыларды ескере отырып, графикалық органайзер бойынша салыстыру жұмысын жоспарладым. Оқушылардың сабақтағы ынтасы мен үлгерімінің әртүрлі деңгейін, оқушының қарым-қатынасындағы қиындықтарды ескере отырып, менің жоспарлауым топтастыру тәсілін саралау арқылы топтық жұмыс арқылы өзара әрекеттесуді және топтарға арналған әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қамтыдым. Сонымен, «Three opinions» әдісі бойынша 1-топ күш жұмысы және энергия анықтамасын, формулаларын анықтайды; 2-топ күш жұмысының графиктік тәсілдерін анықтайды; 3-топ жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіреді; Тапсырмалардың бұл құрылысының арқасында әркім үшін күрделіліктің оңтайлы деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін ыңғайсыздықты болдырмауға болады. Оқушының басым бөлігі оқу мақсатына сай механикалық жұмыс пен энергия байланысын графиктік тәсілдермен анықтай отырып, есептер шығарады. ЕБҚ механикалық жұмысқа мысалдар келтіреді.

Бұл әдістер:

- Сабақтың сапалы өтуіне,
- Оқушылардың белсенді қатысуына,
- Нақты нәтижеге бағытталған білім алуына мүмкіндік берді.

Оқушылар сабаққа қызығушылықпен қатысып, логикалық ойлау, дәлелдеу, өз ойын еркін жеткізу сияқты дағдыларын көрсетті. Мұғалім тарапынан жүргізілген сабақтарға талдау барысында да әдістемелік шеберліктің артуы, сабақ құрылымының логикалық әрі мақсатты болуы байқалды.

Қорыта келе инклюзивті білім беру жағдайында негізгі мектеп оқушыларын оқыту мен қолдаудың тиімділігі – педагогтердің білім беру процесін барлық оқушыға бейімдеп ұйымдастыруына тікелей байланысты. Бұл мақалада қарастырылған әмбебап стратегиялар – оқушылардың жеке және ерекше қажеттіліктерін ескеруге, олардың білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әмбебап дизайнға негізделген оқыту тәсілдерін, сараланған тапсырмаларды, ынталандырушы орта мен әлеуметтік-эмоциялық қолдауды жүйелі қолдану — оқу үдерісіне барлық оқушыны тартуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оқушылардың өз-өзіне сенімділігі артып, пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігі жоғарылады, ал ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар оқу процесіне еркін араласа алды. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен дұрыс таңдалған әдістемелік амалдар — сабақтың тиімділігі мен оқушылардың табысты оқуына ықпал ететін негізгі факторлар екені айқындалды. Сабақта қолданылған белсенді әдістер мен саралау тәсілдері оқу мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, инклюзивті білім беру жағдайында әмбебап стратегияларды қолдану – білім сапасын арттырудың және әрбір оқушының әлеуетін толық ашудың тиімді құралы болып табылады. Болашақта осындай тәсілдерді кеңінен қолдану – жалпы білім беретін мектептердің инклюзивті мәдениетін дамытуға зор үлес қосатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Взаимодействие субъектов образовательного процесса – основа социальной эффективности образования: учеб.-метод. пособие / под общ. ред. И.В. Васютенковой. СПб.: ЛОИРО, 2011. 130 б.
2. Леонтьев, А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Смысл; Изд. центр «Академия», 2004. 352 б.
3. Буренина Е.Е. Развитие субъектности обучающихся как основа социальной эффективности инклюзивной школы. //Инклюзивное образование: преемственность инклюзивной культуры и практики: сборник материалов IV Международной научно-практической конференции / гл. ред. С.В. Алехина. – М.: МГППУ, 2017. – 512 б. – 23-26-б.
4. Соловей Р. Инклюзивное образование: методологический гид для учреждений общего начального и среднего образования. – Кишинев, 2014. – 157 б.
5. Большой энциклопедический словарь. [Электрондық ресурс] <https://dic.academic.ru/dic.nsf/enc3p/171278> (қаралған күні: 25.01.2022).

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ



Махмет Ақерке

*Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы
«Садыр атындағы орта мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі*

Қазіргі инклюзивті білім беру жүйесі – барлық балалардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Әсіресе бастауыш сыныпта арнайы білім беру қажеттіліктері бар (АББҚ) балаларға тиімді қолдау көрсету – олардың әрі қарайғы білім жолының іргетасын қалайды. Бұл кезеңде мұғалімдер тек білім беруші емес, сонымен қатар эмоционалдық, әлеуметтік және психологиялық қолдаушы ретінде де әрекет етеді.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалар – бұл оқу бағдарламасын меңгеруде немесе әлеуметтік ортада өздігінен бейімделуде қиындықтарға тап болатын балалар. Олардың қатарына тірек-қимыл аппараты бұзылған, көру немесе есту қабілеті шектеулі, сөйлеу тілі дамымаған, зерде дамуы тежелген, аутизм спектрі бұзылыстары бар, гиперактивті немесе зейін жетіспеушілігі бар оқушылар жатады. Осы топтағы балаларды оқытуда арнайы педагогикалық тәсілдерді, бейімделген бағдарламаларды және қосымша қолдау қызметтерін қолдану қажет.

Бастауыш сыныпта қолдаудың маңыздылығы

Бастауыш білім – баланың танымдық, әлеуметтік және тұлғалық дамуының негізі қаланатын алғашқы баспалдақ. Осы кезеңде арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктерін ескеріп, жеке қолдау көрсету – олардың мектепке бейімделуін, оқуға деген қызығушылығын арттырады. Мұндай балаларға арналған тиімді қолдау әдістері олардың әлеуетін толық ашуға, оқу жетістіктерін арттыруға және психологиялық кедергілерді жеңуге көмектеседі.

Қолдаудың тиімді әдістері

1. Жеке білім беру бағдарламасын (ЖББ) жасау

Әр оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктеріне сай ЖББ құру – ең басты шарттардың бірі. Бұл бағдарламада оқыту мақсаттары, әдістері, қолданылатын ресурстар және бағалау критерийлері нақты көрсетілуі тиіс.

2. Саралап оқыту әдістері

Мұғалім әр оқушының даму деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды жеңілдетіп немесе күрделендіріп бере алады. Саралап оқыту баланың өз мүмкіндіктеріне сәуіне ықпал етеді.



3. Қолдау мамандарымен бірлесе жұмыс істеу

Арнайы педагог, дефектолог, логопед, психолог сияқты мамандармен жүйелі жұмыс – АББҚ бар оқушыларға кешенді көмек берудің кепілі. Мұндай ынтымақтастық оқушының білімдік қана емес, психо-эмоционалдық дамуын да қамтамасыз етеді.

4. Оқытуда визуалды және практикалық құралдарды қолдану

Арнайы қажеттіліктері бар балаларға абстрактілі ұғымдарды меңгеруде қиындықтар туындайды. Сондықтан көрнекі құралдар, суреттер, сызбалар, мультимедиялық ресурстар, тактильді материалдар қолдану – оқу материалын түсінуге зор көмек береді.



Психологиялық-педагогикалық қолдау

АББҚ бар балалар жиі психологиялық күйзеліс, қорқыныш, өзіне сенбеушілік сияқты қиындықтарға тап болады. Мұғалімнің мейірімді қарым-қатынасы, қолдауы, оң мотивация беруі олардың әлеуметтенуіне оң әсер етеді.

5. Құқықтық және әлеуметтік қолдау

Инклюзивті білім беруді дамытуда ата-аналармен, мектеп әкімшілігімен және жергілікті білім беру басқармаларымен тығыз байланыс қажет. Ата-аналарға консультациялық көмек беру, оқу процесіне тарту – бала дамуына қосымша серпін береді.

6. Бағалау жүйесін бейімдеу

АББҚ бар оқушыларға арналған бағалау жүйесі икемді болуы тиіс. Қалыптастырушы бағалау, дескрипторлар арқылы бағалау, жетістікті оқушының жеке прогресіне сай өлшеу – әділ әрі қолдаушы бағалау тәсілдеріне жатады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін сабақта жайлылық жасау — педагогтардың ерекше дағдылар мен әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың оқу процесін тиімді әрі қолайлы етуге бағытталады. Бұл жағдай әрбір баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оқу ортасын қалыптастыруға бағытталған, себебі әр оқушының қажеттіліктері әртүрлі. Мұндай оқушылардың сабақта жайлы жағдай жасау үшін қолданылатын негізгі стратегиялар мен әдіс-тәсілдер төмендегідей:

Жеке тәсіл қолдану

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескеру маңызды. Мұндай оқушылардың оқудағы қиындықтары мен мүмкіндіктері әртүрлі болуы мүмкін. Сол себепті мұғалімнің әрбір оқушыға жеке назар аударып, оның

қажеттіліктеріне сәйкес оқу жоспарын жасау маңызды. Мысалы, көздері нашар көретін оқушылар үшін арнайы құралдар (үлкейту құралдары, тактильді материалдар) қолдану, сөйлеу қабілеті шектеулі оқушыларға арналған қосымша уақыт беру және басқалар.

Оқу ортасын оңтайландыру

Оқу орнында жайлылық жасау үшін физикалық жағдайларды жақсарту да маңызды рөл атқарады. Бұл – жайлы орындықтар, жарықтың жеткілікті болуы, шу деңгейінің төмендігі, арнайы технологиялық құралдардың қолданылуы. Мысалы, дыбысты оқшаулауға арналған құралдар мен арнайы жарықтандыру жүйелері, сенсорлық бөлмелер немесе тыныштықты сақтау үшін басқа да мүмкіндіктер ұсынылуы мүмкін.

Сенсорлық және визуалды құралдар қолдану

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін сенсорлық және визуалды құралдар маңызды көмекші құрал бола алады. Мысалы, көру қабілеті төмен оқушыларға арнап үлкен әріптермен жазылған оқу материалдарын немесе арнайы мәтіндерді қолдануға болады. Сондай-ақ, оқушыларға түрлі түсті карточкалар, графиктер, суреттер немесе дыбыстар арқылы ақпаратты жеткізу әдістері тиімді болуы мүмкін.



Оқытудың түрлі әдістерін қолдану

Оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану өте маңызды. Оқушының зейіні мен оқу стиліне сәйкес (визуалдық, аудио, кинестетикалық) түрлі әдістер мен стратегияларды қолдану оқушының білім алуына оң әсер етеді. Мысалы, теориялық ақпаратты ауызша түсіндірумен қатар, оны графикалық немесе бейнемазмұн арқылы көрсеткен пайдалы.

Эмоционалды қолдау көрсету

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар жиі эмоционалды қиындықтарға тап болады. Сол себепті оқушыларды психологиялық тұрғыдан қолдау, олардың өзін-өзі бағалауы мен сенімділігін арттыру маңызды. Мұғалім оқушыларға қолдау көрсету үшін жылы қарым-қатынас орнатып, қиындықтарға түсіністікпен қарап, оларды үнемі мадақтап, қолдап отыруы керек.

Жеке және топтық жұмыс

Жеке және топтық жұмыстың теңгерімді қолданылуы да өте маңызды. Топтық жұмыс оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, тапсырмаларды икемді түрде ұсыну қажет. Жеке жұмыс оқушының өз күшіне сенімділігін арттыруға, топтық жұмыс болса, өзара көмек көрсету арқылы әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Уақытты басқару

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың білім алуында уақытты басқару мәселесі де маңызды. Мұндай оқушылар көбінесе тапсырмаларды орындауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, сондықтан мұғалімдер қосымша уақыт бөліп, тапсырмаларды орындауда жан-жақты қолдау көрсетуі қажет. Әр түрлі тапсырмаларды орындау үшін уақыттың икемді болуы сабақтың тиімділігін арттырады.

Оқу нәтижелерін бағалау әдістері

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін бағалау әдістері де ерекше болуы керек. Олар үшін дәстүрлі бағалау жүйесі тиімді болмауы мүмкін, сондықтан олардың жетістіктерін бағалау кезінде жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Балалардың жетістіктерін бақылап, дамыту бағытында қорытынды жасау үшін бейімделген бағалау жүйелерін қолдану керек.

Қорыта келе бастауыш сыныпта арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың тиімді әдістерін жүйелі түрде қолдану – олардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жеке тұлға ретінде дамуына жол ашады. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі, ата-аналармен өзара әрекеттестігі, инклюзивті ортаның қолайлы жағдайы – осы процестің табысты болуына ықпал ететін басты факторлар. Инклюзивті білім – тең мүмкіндік пен адами құндылықтарды насихаттайтын қоғамның жарқын келешегіне бастайтын жол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Инклюзивті білім беру тұжырымдамасы.
3. Айтбаева А. «Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері». Алматы, 2022.
4. Воронкова В.В. «Специальная педагогика и психология».
5. UNESCO. "Inclusive Education: Guidelines for Education Systems" (2020).

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРМЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Уразова Айнагул Бактығалиевна

Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кеніті
«24 лицей» КММ дене шынықтыру пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аннотация: Мақалада ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен дене шынықтыру сабақтарында жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Жасанды интеллект арқылы әр оқушының жеке даму траекториясы жасалып, қозғалыс-қимыл дағдылары жетілдіріледі, денсаулық көрсеткіштері бақыланады және ойын элементтері арқылы оқу қызықты әрі мотивациялық болады. Мақалада педагогикалық шарттар мен мұғалімнің рөлі атап өтілген, технологияның адам орнын алмауы, керісінше оқу процесін қолдауы қажеттігі көрсетілген. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект құралдарының инклюзивті білім беру кеңістігінде оқушылардың танымдық, физикалық және эмоционалдық дамуын тиімді түрде қолдай алатынын дәлелдейді.

Түйін сөздер: ерекше білім, дене шынықтыру, жасанды интеллект, инклюзивті білім, жеке даму, қозғалыс-қимыл дағдылары, ойын арқылы оқыту, денсаулық мониторингі, педагогикалық шарттар.

Бүгінгі жаһандану мен цифрлық технологиялар дәуірі білім беру философиясын, әдістемесін және мазмұнын түбегейлі өзгертуде. ХХІ ғасыр – әрбір тұлғаның даралығы мен әлеуетін толыққанды ашуды талап ететін, инклюзивті қоғам құруға ұмтылған кезең. Қазіргі заманда әрбір баланың қабілеті мен мүмкіндігін барынша ашу – ұстаздық этиканың басты талабы. Әсіресе ерекше білім беру қажеттілігі (ЕБҚ) бар оқушылар үшін жаңа технологиялар олардың ішкі әлеуетін ашатын, инклюзивті ортаны қалыптастыратын ғана емес, сонымен қатар оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттестіктің сапасын арттыратын маңызды құралға айналууда.

Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары дене шынықтыру сабақтарында сенімді серік болып, әр оқушыға жекеленген, қауіпсіз және мотивациялық бағыт ұсынуға мүмкіндік

береді. Дене шынықтыру – тек физикалық даму емес, сонымен бірге әлеуметтік бейімделу мен эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастырудың да негізгі өзегі. ЖИ құралдарын қолдану арқылы мұғалім оқушылардың қозғалыс белсенділігін бақылап қана қоймай, олардың дене және эмоциялық дамуын үйлестіруге, әрі сабақтың тиімділігін ғылыми негізде арттыруға мүмкіндік алады. Бұл мақала ЕБҚ бар оқушылармен жұмыс істеуде ЖИ құралдарын тиімді қолданудың педагогикалық-әдістемелік аспектілерін және оның инклюзивті білім берудегі орнын тереңірек талдайды.

ЖИ Құралдарының Педагогикалық Әлеуеті

Жасанды интеллект – бұл деректерді өңдеу, талдау және болжау арқылы адамның танымдық үрдістерін модельдей алатын инновациялық технология. Дене шынықтыру сабағында бұл құралдарды пайдалану оқушының қимыл-қозғалыс дағдыларын ғана жетілдіріп қоймай, оқу процесін жекелендіру, қызықты ету және қауіпсіздік деңгейін арттыру арқылы жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

1. Жеке Даму Траекториясын Ғылыми Негізде Қалыптастыру

Әрбір оқушының физиологиялық, психологиялық және моторлық дайындығы әртүрлі. ЕБҚ бар оқушылар үшін бұл айырмашылықтар әдеттегі оқу жоспарларының тиімділігін төмендетеді.

- Адаптивті оқу ортасын құру: ЖИ жүйелері оқушының бастапқы деректерін (диагнозы, физикалық даму деңгейі, сабақтағы реакциясы) жинақтап, оның негізінде Жеке Оқу Жоспарын (Individualized Educational Plan - IEP) цифрлық форматта нақтылайды. Бұл ЖИ алгоритмдерінің ең маңызды функциясы.

- Жүктемені дифференциациялау: ЖИ моторлық қабілеті баяу оқушылар үшін жаттығулардың қиындық деңгейін, қайталау санын және жалпы жүктемесін біртіндеп, оптималды даму аймағына сәйкес арттырып отырады. Бұл оқушының үнемі шамадан тыс күш жұмсаусыз, тұрақты жетістікке жетуін қамтамасыз етеді.

- Психологиялық қолдау: Жүйе оқушының даму динамикасын көрсететін визуалды есептер беріп, оның өзіндік бағасын арттыруға және алға қарай ұмтылуына мотивациялық хабарламалар арқылы ықпал етеді.

2. Қимыл-Қозғалысты Тану (Motion Tracking) Және Педагогикалық Кері Байланыс

Кескін тану технологияларына негізделген ЖИ бағдарламалары (мысалы, \$MoveNet\$, \$OpenPose\$) оқушының жаттығуларды орындау техникасын жоғары дәлдікпен бақылап, жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

- Биомеханикалық талдау: ЖИ оқушының дене мүшелерінің кеңістіктегі орналасуын, бұрыштарын және қозғалыс ырғағын талдайды. Бұл әсіресе ЕБҚ бар оқушылардың координациясын, тепе-теңдігін және моторикасын дамыту үшін аса қажет.

- Дерек кері байланыс: Жүйе анықтаған қателіктерді (мысалы, дұрыс емес қалып, шектен тыс амплитуда) нақты уақыт режимінде визуалды, дыбыстық немесе кинестетикалық (вибрация арқылы) нұсқаулар беру арқылы түзетуге мүмкіндік береді. Мұндай жекелендірілген нұсқаулық мұғалімнің физикалық қатысуынсыз да сапалы оқуды қамтамасыз етеді.

- Мұғалімнің рөлі: ЖИ ұсынған деректер мұғалімге жалпы топты бақылаудан гөрі, ерекше назар аударуды қажет ететін жеке оқушыға нақты көмек көрсетуге уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

3. Ойын арқылы оқыту және әлеуметтік инклюзия

Геймификация – оқушылардың, әсіресе ЕБҚ бар балалардың назарын аударып, мотивациясын ұзақ мерзімге сақтаудың тиімді құралы. ЖИ оқыту процесіне интерактивті және әлеуметтік элементтерді енгізеді.

- Виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) элементтері: ЖИ-мен интеграцияланған бұл технологиялар оқушыларды қызықты виртуалды әлемдерге енгізеді (мысалы, виртуалды кедергілерден өту, жылдамдықты қажет ететін ойындар). Бұл оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың қиялын дамытады.

- Ұжымдық ойындар мен жарыстар: ЖИ барлық оқушылардың қабілетін ескере отырып, оларды тең командаларға бөледі немесе жеке нәтижелерді салыстырады. Бұл ЕБҚ бар оқушылардың да өзін ұжымның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне, әлеуметтік-эмоциялық дамуына және инклюзияны нығайтуға ықпал етеді.

4. Денсаулық мониторингі және қауіпсіздік кепілдігі

ЕБҚ бар оқушылармен жұмыс істеуде қауіпсіздік мәселесі басты әдістемелік қағида болып табылады. ЖИ сенсорлық құрылғылармен интеграциялану арқылы бұл міндетті тиімді орындайды.

- Физиологиялық деректерді жинау: Смарт-құрылғылар (акселерометрлер, жүрек соғысы мониторлары) арқылы оқушының физикалық көрсеткіштері (жүрек соғысы ырғағы, тыныс жиілігі, қан қысымы, шаршау деңгейі) үздіксіз бақыланады.

- Қауіптің алдын алу: ЖИ жиналған деректерді талдай отырып, оқушының шамадан тыс жүктелуін немесе денсаулығындағы қауіпті өзгерістерді болжап, мұғалімге шұғыл ескерту береді. Бұл сабақ барысын дер кезінде тоқтатуға немесе жаттығуды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл – білім берудегі сақтандыру медицинасының элементі.

Әдістемелік және ұйымдастырушылық шарттар

ЖИ құралдарын ЕБҚ бар оқушылармен тиімді енгізу және қолдану үшін кешенді педагогикалық және ұйымдастырушылық шарттарды орындау қажет.

1. Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін арттыру: ЖИ платформаларымен, деректерді талдау құралдарымен және сенсорлық жабдықтармен жұмыс істеу дағдысы негізгі талап болып табылады. Мұғалімдерді үнемі оқыту, курстар өткізу және тәжірибе алмасу – табысты интеграцияның кепілі.

2. Технологияны адаптациялау: Оқушылардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкес келетін, қолжетімді және ыңғайлы (Accessibility) интерфейстерді таңдау. Мысалы, көру қабілеті төмен оқушылар үшін дыбыстық нұсқауларды, ал есту қабілеті төмен оқушылар үшін визуалды және мәтіндік кері байланысты қамтамасыз ету.

3. Ата-анамен және мамандармен серіктестік: ЖИ жинаған деректерді ата-аналармен, логопедтермен, психологтармен және медициналық қызметкерлермен бөлісу арқылы оқушының жалпы даму жоспарын кешенді түрде түзету және қолдау. Бұл – мультидисциплинарлық команда жұмысының негізі.

4. Этика және құпиялылық: Оқушылардың дербес деректерінің (физиологиялық көрсеткіштер, қозғалыс деректері) сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – болашақтың тілі, ол ұстаздың шеберлігін арттыратын, әрі педагогикалық үдерістің сапасын көтеретін қуатты құрал.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен дене шынықтыру сабағында ЖИ құралдарын тиімді қолдану – инклюзивті білім берудің жаңа кезеңі. Ол:

- Оқытуды терең жекелендіруді қамтамасыз етеді;
- Қауіпсіздік пен денсаулықты ғылыми негізде бақылайды;
- Оқушылардың мотивациясын және әлеуметтік инклюзиясын арттырады.

Мұғалімнің шығармашылық еркіндігі мен технологияның қуаты тоғысқанда, әрбір бала, оның ерекшелігіне қарамастан, өзінің дене шынықтыру әлеуетін толық тауып, табысты тұлға ретінде қалыптаса алады. Инклюзивті білім беру кеңістігіндегі жасанды интеллект тек көмекші құрал емес – ол әрбір баланың жүрегіне және оның үздік даму жолына апаратын жаңа, сенімді көпір болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Инклюзивті білім берудің тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
2. UNESCO. Artificial Intelligence and Inclusive Education. – Paris, 2022.
3. Kaia Health. AI-based Physical Therapy Applications. – 2024.
4. Нұрғалиева А. Цифрлық дәуірдегі білім берудің жаңа бағыты. – Алматы, 2023.
5. Смит Дж. Инклюзивті білім берудегі инновациялар: AI-дің рөлі. – Астана: Ғылым баспасы, 2024.



ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ВОСПИТАНИЕ И СОЦИАЛИЗАЦИЯ



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Жұмабекұлы Баян, Мұратханқызы Дина

Қытай Халық Республикасы,

Сиань шет тілдері университетінің

қазақ тілі кафедрасы

Түйіндеме: Көшпелі мәдениет негізінде қалыптасқан ұлттық құндылықтар қазақ қоғамының дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындауда маңызды рөл атқарады. Ұлттық құндылықтар жүйесінің өзегін үлкенді құрметтеу, кішіні аялау, қонақжайлық, ерлік рухы және табиғатқа жауапкершілік құрайды. Мақалада аталған құндылықтардың тарихи негіздері мен мазмұндық қырлары қарастырылады. Сонымен бірге олардың бала тәрбиесіндегі көріністері мен қазіргі замандағы маңызы талданады. Қазақ отбасылары қонақ күту дәстүрі арқылы әдеп нормаларын қалыптастырып, атырлық жырлар арқылы ерлікке бағытталған мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады, ал экологиялық тәрбие арқылы қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дағдыларын дамытады. Бүгінгі жаһандану жағдайында көшпелі мәдениетке негізделген ұлттық құндылықтарды сақтау және жаңғырту Қазақстандағы бала тәрбиесінің мәдени негізін күшейтеді және білім беру жүйесіне көпқырлы құндылықтық бағдар береді. Алдағы уақытта осы құндылықтардың негізін сақтай отырып олардың қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған теориялық және қолданбалы зерттеулерді жалғастыру маңызды.

Кілт сөздер: қазақ халқы, ұлттық құндылықтар, көшпелі мәдениет, бала тәрбиесі, салт-дәстүр.

I. Көшпелі тұрмыс ұлттық құндылықтарының қайнары мен өзегі

Тарихта кез келген өркениет пен этномәдени дамудың негізі – сол халық өмір сүрген табиғи орта. Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығын тандауы да табиғи жағдайларға бейімделудің нәтижесі болды. Моңғол үстіртінен Қыпшақ даласына дейін созылған дәстүрлі көшпелі аймақтарда өсімдік жамылғысы мен экожүйе малдың үздіксіз жаюына төзімсіз еді. Сондықтан мезгілімен қоныс аударып отыру экологиялық тепе-теңдікті сақтау үшін маңызды шешім болды. [1, 59 б.]

Бір өңірде қысқа уақыт аялдау және жаңа жайылымға дер кезінде көшу өсімдіктердің қалпына келуіне мүмкіндік берді. Осылайша табиғи ресурстар ретімен пайдаланылып, халық тіршілігінің тұрақты дамуына жағдай жасалды.

Алайда көшпелі өмір тек шаруашылық ресурстарын тиімді пайдаланумен шектелмейді. Даланың қатал табиғаты — боран, қуаңшылық, жұт сияқты құбылыстар адамның төзімділігін сынаған. Осындай ортада Тәңіріге және Жер-Суға табыну секілді табиғат культтері қалыптасты. Анимистік түсініктер уақыт өте келе табиғатты құрметтеу және оны қорғау жөніндегі этикалық қағидаларға айналды. Бұл көзқарастар дала этикасының маңызды іргетасын құрады.

Экологиялық этикамен қатар, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі өзге де моральдық ұстанымдардың тамыры көшпелі өмір салтында жатыр. Ру-тайпалық құрылымға тән үлкенді құрметтеу, өзара тәуелділікке және жәрдемге негізделген жомарттық пен қонақжайлық, адалдық пен ержүректікке сүйенген қайсарлық, сөзге беріктік — мұның бәрі дала кеңістігі мен оның табиғи-әлеуметтік заңдылықтарымен тікелей байланысты құндылықтар.

Қазақ қоғамында ру-тайпа ұғымы әлеуметтік қатынастардың өзегін құрайды. Танысу барысында адамның руы немесе қажет жағдайда жеті атасы сұралады. Қазақтың үш жүзі ірілі-ұсақ ру-тайпалардан тұрады, олар одан әрі әулеттер мен отбасыларға бөлінеді. Көші-қон және күнделікті тіршілік көбіне «ауыл» ауқымында жүзеге асырылады. Ауыл — бір ру немесе бір-біріне жақын бірнеше әулеттің бірлестігі. [2, 15 б.]

Табиғаттың күрделі жағдайларында өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдардың пікірі шешім қабылдауда ерекше маңызға ие болған. Үлкендер қоғамда беделді орын алып, рухани тірек әрі салт-дәстүрдің мұрагері қызметін атқарды.

Үлкенді құрметтеу іс жүзіндегі әрекеттер арқылы көрінеді. Мысалы, үлкенді төрге отырғызу, дастарқанда тамақты алдымен ұсыну сияқты әдеттер кең тараған. Ақсақалдың сөзі ру ішіндегі және қауымдық деңгейдегі шешімдерге негіз болып есептеледі. Осындай құрметке ие болған қариялар өз кезегінде кейінгі буынды қорғау және бағыттау міндетін атқарған. Нәтижесінде «үлкенге құрмет, кішіге ізет» қағидасы қазақ қоғамындағы негізгі этикалық талапқа айналды. Бұл — дала тұрмысының қажеттіліктерінен туындап, табиғи орта заңдылықтарының әлеуметтік-этикалық деңгейде көрініс табуы.

Осындай ұстанымдар ғасырлар бойы қалыптасып, қазақ халқының мінез-құлық нормаларын жүйеледі. Көшпелі өмір салтынан туындаған әрбір құндылық пен қағида біртіндеп жинақталып, қазақтардың ұлттық құндылықтар жүйесін құрады. Бұл жүйе халықтың менталитетін айқындап қана қоймай, қазіргі Қазақстандағы бала тәрбиесі мен білім беру тәжірибесіне де ұзақ мерзімді ықпал етіп келеді.

II. Көшпелі тұрмыс құндылықтарының бала тәрбиесімен сабақтастығы

Бала тәрбиесінде адамгершілік тәрбие ерекше мәнге ие. Әрбір халық өзінің дәстүрлі мәдениетін адамгершілік тәрбиенің мазмұнымен ұштастыра отырып, жас ұрпақтың құндылықтық бағдарын біртіндеп қалыптастырады және олардың мінез-құлық нормаларын санасына сіңіреді.

1. Бала тәрбиесіндегі «үлкенді сыйлау, кішіні аялау» идеясы

Қазақ қоғамында үлкенді құрметтеу бала тәрбиесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Жас ұрпаққа ерте жастан жасы үлкен адаммен жолыққанда амандасу, үлкеннің алдынан кесе өтпеу, ер бала оң қолмен қол алысып сәлем беру секілді әдеп нормалары үйретілген. Үлкендерге «Сіз» деп сөйлеу әдептіліктің белгісі саналып, «сен» деп қарым-қатынас жасау дөрекілік ретінде бағаланған. Ресми жағдайларда немесе бейтаныс адамдармен сөйлескенде, жасына қарамастан «Сіз» деген қаратпа сөзді қолдану өзара құрметтің мәдени көрінісі ретінде орныққан. Қазіргі Қазақстан қоғамында да бұл талаптар жалпыға ортақ үйлесімді мінез-құлық нормалары болып сақталып отыр.

Киіз үй — қазақ халқының ежелгі баспанасы, ал оның ішкі кеңістігінің ұйымдастырылуы дәстүрлі әдеп нормаларына негізделген. Кіреберіске қарама-қарсы орналасқан ең жоғары орын — «төр» деп аталады және ол үйдің ең мәртебелі орны болып есептеледі. Төрге, әдетте, жасы үлкен немесе қоғамдық беделі жоғары адам отырғызылған. [3, 22 б.] Үлкен кісі үйге кіргенде балалар мен жастар орнынан тұрып, жол береді немесе өз орындарын ұсынады. Жастар мен балалардың отыру тәртібі де жас ерекшелігі мен иерархиялық жолды сақтай отырып жүзеге асады. Қонақ күту кезінде де алдымен үлкендердің төрге шығуы — үлкенге құрмет көрсетудің дәстүрлі үлгісі.

Қазіргі әлеуметтік ортада да бұл үлгілер өз маңызын жоғалтқан жоқ. Жиналыстарда, қоғамдық іс-шараларда немесе көлікте орын тапшы болған жағдайда жастардың үлкендерге орын беруі қалыптасқан мәдени әдептің жалғасы ретінде қабылданады. Көп жағдайда ер адамдардың әйелдерге орын ұсынуы да қоғамдағы этикалық нормалардың бірі ретінде сақталуда.

2. Бала тәрбиесіндегі қонақжайлық мәдениеті

Ұланғайыр қазақ даласында ауылдар бір-бірінен қашық орналасқандықтан, жол жүрудің машақаты әрбір қазаққа белгілі болды. Осы тұрғыдан, қазақ халқы жол жүріп келе жатқан адамды, таныс-бейтанысына қарамастан, қонақ ретінде қарсы алу дәстүрін қалыптастырды. Қонаққа қонуға ұсыныс жасау, ас-суын беру сияқты әрекеттер көшпелі

өмірдің негізгі қағидаларының бірі болып саналды. Қонаққа жағдай жасау, қажеттілігін қамтамасыз ету — өзара көмек пен сүйеніштің көрінісі, әрі кең жайлауда қауымдық тіршіліктің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды элемент болды. Бұл қағида бала тәрбиесінде кішіпейілдік, жомарттық, қонаққа құрмет көрсету сияқты моральдық дағдыларды ерте жастан қалыптастыруға ықпал етті.

Қазақ отбасында әрбір бала қонақ күтудің белсенді қатысушысы болып есептеледі. Бұл тек үлкендерге жәрдемдесу ғана емес, баланы әдепке, қонақ қабылдау дәстүріне үйретудің тиімді әдісі болып саналады. Бала дастархан жаю, қонақты қарсы алу, шай-су ұсыну сияқты істерге қатысады. Сонымен қатар, кейбір рәсімдерді бала өз бетінше орындай алады. Мысалы, асқа отырар алдында қол жуу — дастархан мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады және тазалыққа мән берудің белгісі ретінде қарастырылады. Бұл міндет әдетте үйдегі кенже немесе жас балаға жүктеледі. Балалар қолына құмған мен леген алып, қонақтарға бірінен соң бірін су құяды, соңынан таза сүлгі ұсынады. Ас аяқталған соң бұл рәсім кері ретпен қайталанады. Балалар суды байыппен құюға, легенді нық ұстауға, төгіп-шашпауға тырысады, осылайша тәртіп пен мұқияттыққа үйренеді. Қонақ қолын жуғаннан кейін баланың әрекетін мақтап, ақ тілегін білдіру дәстүрі бар.

Қазіргі Қазақстанда да балаларға қонақ күту әдебі ерте жастан үйретіледі. Мысалы, туған күн немесе шағын мерекелік шара кезінде ата-аналар баласына достарын үйге шақырып, өз атынан қонақасы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бала өзін үй иесі ретінде таныстырады, қонақтарды қарсы алып, сыйлы орынға жайғастырады, үйде дайындалған тағамдармен күтеді. Мұндай тәжірибе жомарттық пен қонақжайлықты қалыптастырып қана қоймай, өзгелерге ықылас пен қамқорлық көрсету дағдысын дамытуға ықпал етеді. Бұл дәстүр баланың қоғамдағы этикалық нормаларды меңгеруіне және мәдени құндылықтарды сақтауға үйрететін маңызды құрал болып табылады.

3. Бала тәрбиесіндегі ерлік рух

Қазақ отбасында балаға ерлік пен батырлық рухты дарытуға айрықша мән беріледі. Бұл ұлттық сананы тәрбиелеудің, елдік сана мен патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Ауыз әдебиетінің әртүрлі жырлары арқылы халық қаһармандарының ерлігін дәріптеу жас ұрпақты жігерге, әділдікке және Отанға сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Қазақ қоғамында арнаулы жыр-дастандарды жатқа айтатын жыршы-жыраулар ерекше рөл атқарады. Олар ел аралап «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сияқты классикалық эпостарды ауыздан-ауызға жеткізген. Бұл шығармалардағы кейіпкерлер отанға адал болуды, достыққа берік болуды, жауға қасқайып қарсы тұруды үлгі етеді. Осындай мәдени ортада өскен бала ерлік пен әділетті бағалауды, достықты қастерлеуді және сөзге беріктікті табиғи түрде меңгереді, сол құндылықтарды өз бойына сіңіреді. Қазіргі Қазақстанда бұл идеялар оқу бағдарламалары мен тәрбие жұмыстарына енгізіліп, жас ұрпақтың ұлттық мәдениетке деген танымын және мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Батырлық рухтың жасөспірімдердің өміріне тигізетін тағы бір маңызды әсері — ұлттық ойындар мен дәстүрлі спорт арқылы дене шынықтыру. Ежелгі қазақ қоғамында бәйге, көкпар, күрес сияқты дәстүрлі сайыстар балалардың батырлық жырлардан алған әсерін нақты тәжірибемен бекіткен ерекше жаттығулар болып есептелген. Қазіргі мектептерде дене шынықтыру сабақтарында қазақ күресі, асық ойыны, тоғызқұмалақ, садақ ату сияқты ұлттық спорт түрлері таныстырылады. Уақыт пен материалдық жағдайдың шектеулілігіне байланысты барлық элементтерді толық меңгерту мүмкін болмауы мүмкін, бірақ мұғалімдер дәстүрлі мәдениет пен спортты ұштастырып, негізгі қағидалар мен ережелерін үйретуге ұмтылады.

Сонымен қатар, Наурыз мерекесі сияқты ұлттық деңгейдегі айтулы күндерде мемлекеттік және жергілікті мерекелік бағдарламалар аясында дәстүрлі спорт сайыстары ұйымдастырылады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында түрлі мәдени шаралар, өнер көрмелері және спорттық ойындар өткізіледі. Мұндай орта балаларға ұлттық бояуы бар

мерекелік атмосфераны сезіндіре отырып, ұлттық спортты меңгеру мен дәстүрлі құндылықтарды ұрпаққа сабақтастыруға мүмкіндік береді.

4. Бала тәрбиесіндегі қоршаған ортаны қорғау идеясы

Қазақтың бала тәрбиесіндегі табиғатты қорғау қағидаты табиғатқа ілтипатпен қараудан, жануарлар мен өсімдіктерді, орман-тоғайларды аялаудан және жер мен суды ластанудан көрінеді. Бала жасынан еститін ертегілер, мақал-мәтелдер мен тақпақтарда табиғатты қадірлеу мен қорғау туралы мазмұндар кездеседі. Мысалы, «әр нәрсенің киесі бар» деген анимистік түсінік халық әдебиетінде әртүрлі тыйым сөздерге айналып, балаларды табиғатқа зиян келтірмеуге баулиды. Күнделікті өмірде балаларға шөпті жұлмау, ағашты сындырмау, су көздерін былғамау, өзен-көлге, бұлақ пен құдыққа қоқыс тастамау немесе лас су төкпеу сияқты ережелер үйретіледі. Сонымен қатар, ағашты тек тұрмысқа қажетті мөлшерде пайдалану, орманды ретсіз кесуге жол бермеу және табиғатқа ықпалын азайту қағидаты сақталады.

Тәрбиелік үдерісте үлкендер «киесі атады» сияқты ескертпелерді қолданады. Бұл тәсіл балаға табиғатқа ілтипатпен қарау сезімін біртіндеп сіңіреді, тіршіліктің бастауы ретінде табиғатты ұғындыруға және оны ұқыппен қорғау дағдысын қалыптастыруға қызмет етеді.

Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтар отбасылық тәрбиеде төрт түлікті күтіп-бағумен қатар, жабайы құстар мен аңдарды да аялауды үйретеді. Балаларға жануарлардың адамға беретін пайдасы — тамақ, сусын, көлік ретінде қолданылатыны түсіндіріледі, бұл олардың жанашырлық сезімін оятады. Күнделікті тұрмыста малды жәбірлеу немесе мазалау қатаң тыйым салынады. Аңшылық тек табиғат заңдылықтарын сақтау шартында, белгілі мезгілде және мөлшерден аспай жүргізіледі.

Осы ұстанымның мәні — табиғат заңдарын құрметтеу, адам мен жануарлардың тіршілік ортасын сақтау және экожүйелік тепе-теңдікті қамтамасыз ету. Нәтижесінде, балада адам мен табиғаттың үйлесімді өмір сүруіне бағытталған саналы көзқарас қалыптасады.

Қорытындылай келе, көшпелі өмір салты негізінде қалыптасқан қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесі Қазақстанның мәдени дәстүрі мен әлеуметтік нормаларына терең сіңген және бала тәрбиесіне ұзақ мерзімді ықпал етеді. Үлкенді сыйлау мен кішіні аялау әдеттері, қонақжайлық мәдениеті, батырлық рухын ауыз әдебиеті арқылы дарыту және табиғатты қорғау ұстанымдарының ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы балаларды адамгершілікке тәрбиелейді, сонымен қатар жаһандану заманында ұлттық сипат пен рухани болмысты айқындайды.

Қазіргі кезеңде осы құндылықтарды заманауи білім беру қағидаттарымен үйлестіру бала тәрбиесіне жан-жақты, көпқырлы бағдар ұсынуға мүмкіндік береді. Бір жағынан, дәстүрлі әдеп пен қағидалар құрмет, жауапкершілік және өзара жәрдем сияқты ізгі мінездерді қалыптастырады. Екінші жағынан, заманауи педагогикалық әдістер мен қоғамдық талаптармен үйлестіру дәстүрлі моральдық ұстанымдарға жаңа өміршендік береді. Алдағы міндет — ұлттық мәдениеттің мәйегін сақтай отырып, бұл бағытты үздіксіз жаңартып, тәжірибеде тереңдету. Сол кезде ұлттық құндылықтар жүйесінің тәрбиелік әлеуеті жүйелі түрде арта береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 海山. 蒙古高原游牧文化中的环境道德及其现实意义 [J]. 中央民族大学学报(哲学社会科学版), 2012 (5).
2. 夏依提哈孜·再依那勒. 孙玉翠. 哈萨克族传统游牧社会道德教育路径探究 [J]. 伊犁师范学院学报(社会科学版), 2014 (4).
3. Масағұтова Э., Ахметжанова У. Қазақ халқының өнегелік салт-дәстүрлері. — Астана: ҚР «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2024.
4. 哈萨克族简史 [M]. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1987.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Оразбекова Елзат

*Жетісу облысы, Сарқан қаласы
«Ақын Сара атындағы орта мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың көрнекті ағартушысы, педагог, жазушы, этнограф және қоғам қайраткері. Ол Қазақстанда алғашқы зайырлы мектептердің ашылуына бастама жасады және ұлттық ағарту ісінің негізін қалаған тұлға. Өмірінің көп бөлігін бала оқыту мен ағартушылық қызметке арнаған қазақтың ұлы педагогі Ыбырай Алтынсарин қазіргі Қостанай облысы Затобол ауданында 1841 жылы 20 қазанында өмірге келді.

Ыбырай үш жасқа келгенде әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасының тәрбиесін алады. Атасы Балғожаның тұжырымды сөздеріне ықылас қойып, шешендер сөзін тыңдап өседі. Атасы Ыбырайды тоғыз жасқа келгенде 1850 жылы 22 тамызда Орынбордағы Шекара комиссиясының жанынан ашылған мектепке орналастырады. Ол мектепке алғашқы шәкірттердің бірі болып қабылданады.

Мектепті үздік бітірген соң, Ыбырай қазақ балаларына арнап мектеп ашу ісіне белсене кіріседі де 1864 жылы Торғайда тұңғыш рет қазақ балаларына арналған зайырлы мектеп ашады. Мектептің ашылуы – қазақ қоғамы үшін үлкен жаңалық болды. Кейінірек ол Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе сияқты жерлерде де мектептер ашуға үлес қосады.

Балғожа би немересін адамгершілікке, білімге, еңбекке, қажырлылыққа, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеген.

Ол оқудағы немересіне өз ойын хатпен былай жеткізген:

*Үміт еткен көзімнің нұры - балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!*

Ы.Алтынсарин мектеп ашуға асықты. Облыстық басқармаға мектеп ашу туралы өтініштер жазады. 1860 жылы осы өтініштер негізінде басқарма Ы.Алтынсаринге Торғайдан қазақ балаларына арнап бастауыш мектеп ашуға рұқсат береді. Өзін осы мектепте орыс тілінен сабақ беруге тағайындайды. Бірақ жергілікті үкімет көмек бере қоймайды, мектеп ашу ұзаққа созылады. Араға төрт жыл салып өзінің жинаған қаржысына 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай жерінде қазақ балаларына арнап өзі армандаған алғашқы бастауыш мектебін ашады. Ал 1868 жылы Торғайдағы қазақ мектебі бір кластық орыс-қазақ училищесі болып қайта құрылады және осы жылы Ырғыз қаласында екі кластық орыс-қазақ училищесін ашады. Ұлы педагогтің мақсаты қазақ қыздарына арнап мектеп ашу да болды. Ол қазақ даласында Ырғызда 1887 жылы қыздарға арнап мектеп-интернат ашты. Оның қыздар мектебін ұйымдастыруы ұлы ағартушының ең ұлы еңбегі болды.

Ағартушылық іске кірісуіне 1874 жылы орыс географиялық қоғамына мүше болуы және 1875-1876 жылдары Орынбор, Қазан, Петербург қалаларына барып, оларды оқу ісімен танысуы әсер етеді. Сол жақтардан оқушыларға қажет кітаптар, әдістемеліктер әкеледі. Осы кезден бастап барлық іс-әрекетін балаға білім беру мен ағартушылық қызметке арнайды.

Ыбырайдың Орынборда оқуы, өз бетімен ізденуі, орыс-татар интеллигенциясымен араласуы оның өмірге көзқарасының қалыптасуына көп жағдай жасайды. Осындай ұзақ та, тұрақты ізденіп оқу арқылы ол мектеп ашу ісіне іштей дайын болған.

Ы.Алтынсарин Н.Ильминскийге: «Қаңтардың сегізі күні менің көптен күткен ісім жүзеге асып, мектеп ашылды және оған қазақтың тамаша да, сүйкімді де, зерек те 14 ұл баласы қабылданды. Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай кірістім» деп жазады. «Осы хатында балаларды қалай оқытатыны туралы да жазады. Ол өзінің оқыту әдістеріне жетілген педагог екенін де дәлелдеп жазған. Бұл ретте педагогтің грамматика сабағын қалай өткізетіні туралы жазғаны ерекше көңілге қонымды, тартымды және қызық. Ол өз сабағын белгілі жүйемен жүргізіп, бірте-бірте ілгерілеп, тереңдей береді.

Қазақ еліндегі қараңғылықтың торын бұзып, ел көзін ашу, тағылық зардабын тартқан халықтың аянышты тағдырына аз да болса көмек ету азаматтық борышым деп түсінген. Ағарту ісін өзінің адамгершілік мұраты санаған Ыбырай сол жолға бас тігеді. Қандай қиындықтар болса да, ағарту ісін өзінің адал еңбегімен, қажырлы күресімен, оның үгітшісі ретінде адал атқарады.

Ыбырай оқулықтар жазуға да зор көңіл бөлді. 1879 жылы ол «Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулығын шығарды. Бұл кітапта балаларға арналған тәрбиелік мәні бар әңгімелер, өлеңдер мен мысалдар жинақталған. Сонымен қатар, ол «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты оқулық та жазған.

Ы.Алтынсарин мектеп ашқан кезде оқулық, әдістемеліктер болмады. Осы қиындықтарды жеңу үшін балаларға арнап өзінің «Қазақ хрестоматиясын» жазды. Оны 1879 жылы жазылған алғашқы оқулық ретінде танимыз. Хрестоматияға өзі осы жылдары жаза бастаған қысқа өлеңдерін, әңгімелерін, ертегілерін кіргізді, халық ағарту идеясын көтерді. Осы оқулықтың алғашқы беттеріндегі өлеңдері «Кел, балалар, оқылық», «Өнер – білім бар жұрттар» жастарды оқуға, білімге, өнерге шақырды, халыққа білім мен өнердің елдің дамуы үшін маңыздылығын түсіндірді, ескі көзқарасқа соққы берді, озық мәдениетті үлгі етті, ең бастысы сарқылмайтын байлық ол білім екенін уағыздады. Жазушы-педагог өз шығармалары арқылы қазақ әдеби тілінің негізін салуда көп еңбектенді, тіл, стиль жағынан байытты.

Ұлы педагогтің мектеп ашу жолындағы қоғамдық қызметі ерекше. Ол өз өмірін мектепке арнаған педагог. Бұрын жұқанасы да жоқ жерден жаңа үлгідегі мектеп ашып, оның барлық ісін жасау, жүйелеу оңай болған жоқ. Кертартпа күштер, халық арасындағы мәдениеттің төмендігі, халықтың санасын улаған діни түсініктер, әкімдердің кедергі жасауы көп кесірін тигізеді. Ыбырайдың халқына деген ізгі ниеттерінің іске асуына осындай кедергілер көп болды. Кертартпалылықтың көп болғанына қарамастан Ыбырай қазақ балаларын оқыту, оларға мектептер ашуды жалғастыра берді. Орынборға қарасты қазақ өлкелерінің көп жерінде болыстық бастауыш мектептер ашып, қалалардағы орыс мектептеріне қазақ балаларын орналастырды. Мектептер арқылы қазақ балаларын оқуға тартып, олардың білімді, мәдениетті болып шығуына және сол оқыған балалар арқылы қазақ еліне әсер етуді өзінің негізгі мақсаты деп білді. Ашылатын мектептердің қай жерде ашылуына, қандай мектеп болатынына аса зор көңіл бөліп отырды.

Ыбырай – терең ойлы ағартушы педагог. Ол дүниені тануға, өмірді өзгертуге деген зор үмітпен өмір сүрді. Өз ісінің мақсаты мен маңыздылығын білді. Ол талантты педагог қана емес талантты жазушы. Оның қаламынан «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Таза бұлақ», «Надандық», «Данышпан қаз» сияқты көркем туындылар шықты. Бұл әңгімелерінде адамгершілікті, еңбекті, білімді насихат етеді. Бұлар көркемдігі жағынан шоқтығы биік шығармалар. Қазақ әдебиетіндегі алғашқы шағын прозасының көркем үлгісі. Бұған адамгершілік мәселесін көтерген «Шеше мен бала», «Бір уыс мақта», «Мейірімді бала», «Әдеп», «Әділдік» сияқты шағын әңгімелері куә. Басқа да әңгімелерінде қанағатсыздық, қулық-сұмдық, озбырлық, көпсөзділік, өсек айту, өтірікшілдікті сынап-мінеп

отырады. Жазушы сарандықты, салақтықты, ұқыпсыздықты еріншектікті өзінің «Сарандық пен жинақтылық», «Өтіріктің залалы», «Тақаппарлық», т.б. әңгімелерінде көтерді.

Ыбырай оқытушылық, ағартушылық жұмысты өзіндік жеке мақсат деп есептеген емес. Оның қоғамдық мәніне тереңнен түсініп, ол игілік үшін өзін құрбан етуге даяр болған адам. Қазақ еліндегі қараңғылықтың торын бұзып, ел көзін ашу, тағылық зардабын тартқан халықтың аянышты тағдырына аз да болса көмек ету азаматтық борышым деп түсінген. Ағарту ісін өзінің адамгершілік мұраты санаған Ыбырай сол жолға бас тігеді. Қандай қиындықтар болса да, ағарту ісін өзінің адал еңбегімен, қажырлы күресімен, оның үгітшісі ретінде адал атқарады.

Ол бала оқытумен қатар басқа да қызметтер атқарады, әкімдер ортасында да болады. Бірақ өзі жазғандай «жалқау әкімдер» ортасынан кетіп білімділер ортасында болуды армандайды. «Қазанда болсам, жақсы адамдарды көрсем, олардың ақылын тыңдап, тәлім алсам деген менің әлдеқашанғы тілегім...», – дейді ол Ильминскиге.

Ыбырай Алтынсарин ескіліктің кертартпалық керенаулығына, әкімдердің орынсыз қуғынына шыдап бақты. Алған бетінен қайтпай, дамылсыз ізденіп, дегеніне жету үшін соңғы демі қалғанша тапжылмай қызмет етті. Ол қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі қайшылықтарды ашып қана қойған жоқ, өмір шындығын танытты. Халықты мектеп ашып оқуға, білімге шақырған бірден-бір жазушы, ақын, педагог. Жаңалықтың жаршысы.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин әлемдік және Ресей педагогикасы мен дидактикасының жетістіктерін меңгере отырып, халықтық педагогика дәстүрлерін пайдалануды қазақ балаларын оқытуға арналған мектептер ашу жолында өз қызметінің басты педагогикалық, дидактикалық тұғырына айналдырғаны хақ. Ы.Алтынсарин жиған-терген халықтық педагогика дәстүрлерін зейінімен, ынта-ықыласымен, аса жауапкершілікпен оқу-тәрбие үдерісіне ендіруге тырысты. Сол кездегі Ресей миссионерлерінің шовинистік ықпалына қарамастан, ұлттық мектептерде ауызекі шығармашылығы, фольклорлық музыка, эстетикалық тәрбие нысандарын молынан пайдалана білді.

Қазақ хрестоматиясына ендірілген материалдардың көпшілігі қазақ халқының танымдық, нанымдық, ұғымдық және сенімдік сипаттағы, адамгершілік, өнегелілік, ақылгөйлік тұрпаттағы тәлімдік мазмұнда болды. Хрестоматияда шешендік өнерге ерекше мән берілді, балалардың тілін жаттықтыру, сөз сөйлеу мәдениетіне баулу арқылы әділдікке, тапқырлыққа, әділеттілікке тәрбиелеуді мақсат етті.

Ы.Алтынсарин балаларға арналған әңгімелердің барлығында да достыққа, жолдастыққа, ұстамдылыққа, еңбекқорлыққа, туған елін, жерін сүйуге, табиғат сұлулығын жан-тәнімен сезініп, аялай білушілікке үйретуді, бір сөзбен айтқанда ізгілік пен отаншылдыққа тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойды. Ыбырайдың демократиялық және ағартушылық ұстанымдарының бүгінгі қазақ мектебін қайта құруда да маңызы зор екендігін мойындаған жөн.

Ы.Алтынсарин, қазақ балалар әдебиетінің және қазақ әдеби тілінің негізін салушы ретінде қазақ әдебиеті мен қазақ оқу-ағарту саласында халықтың ой-санасын өзгертуші реформатор және тәрбие жаршысы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары, Алматы, Ғылым, 1985.
2. Ы.Алтынсарин. Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. Алматы. «Атамұра» баспасы. 2014ж.
3. Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы. «Санат» баспасы. 1997ж.
4. Г.Рысбекова Г. Развитие педагогических идей и просветительская деятельность Ы.Алтынсарина в Казахстане в второй пол. XIX в. И первой четверти XX в дисс. К.п.н. КАО 2001, - 146 с, 16.
5. Т.Т.Тажибаев. «Казахская школа при пограничной комиссии» 1850-1969, Алматы 1961, 39 стр.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Айтқұлова Диана Нәзірқызы

«№21 орта мектеп» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақ тіліндегі экологиялық мазмұндағы мәтіндерді оқу үрдісіне тиімді енгізу – оқушылардың оқу сауаттылығын арттырумен қатар, олардың экологиялық танымын кеңейтуге, қоршаған ортаға деген көзқарасын тәрбиелеуге ықпал ететін маңызды педагогикалық тәсілдердің бірі. Бұл мәтіндер арқылы оқушылар табиғат құбылыстары, экожүйе элементтері, қоршаған ортаның ластану себептері мен салдары, сонымен қатар адам мен табиғат арасындағы өзара байланыс туралы кешенді мағлұмат алады. Мәтін мазмұнында ұсынылатын ақпараттар тек тілдік материал ғана емес, сонымен қатар экологиялық білім көзі ретінде қызмет атқарады [1.49].

Оқу барысында оқушылар экологиялық терминдермен, ғылыми ұғымдармен танысып, жаңа лексикалық бірліктерді меңгереді, бұл олардың тіл байлығын арттырып қана қоймай, ғылыми стильде ой қорытуға, дәлелді пікір айтуға мүмкіндік береді. Мәтінмен жұмыс істеу барысында оқушы негізгі ойды табу, ақпаратты талдау, салыстыру, қорытынды жасау сияқты жоғары деңгейлі когнитивтік дағдыларды меңгереді. Сонымен қатар, экологиялық мәселелерді саралау барысында оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамып, табиғатты қорғауға қатысты белсенді азаматтық ұстаным қалыптасады [1.63].

Экологиялық тақырыптағы мәтіндер оқушылардың табиғатқа деген эмоционалдық-эстетикалық қарым-қатынасын нығайтып, олардың бойында қоршаған ортаға жанашырлық, қамқорлық секілді адами құндылықтарды орнықтыруға ықпал етеді. Бұл бағыттағы оқу материалдары экологиялық мәдениеттің қалыптасуына, табиғатты сақтау мен қорғауға бағытталған көзқарастың тәрбиеленуіне, сондай-ақ ұлттық және жаһандық деңгейдегі экологиялық проблемалар жөнінде тереңірек түсініктің қалыптасуына негіз болады. Осылайша, қазақ тіліндегі экологиялық мәтіндер оқу үрдісінде тек танымдық әрі тәрбиелік құрал ғана емес, сонымен қатар оқушының тұлғалық дамуына бағытталған интеграциялық мазмұндағы білім көзіне айналады.

Қазақ тіліндегі экологиялық мазмұндағы мәтіндерді оқу үрдісінде қолдану – оқушылардың танымдық қабілетін, тілдік құзыреттілігін және экологиялық сана-сезімін қалыптастырудың тиімді тәсілі болып табылады.[2.25]. Мұндай мәтіндер оқушыларға қоршаған ортаның жағдайы, табиғаттағы тепе-теңдіктің маңызы, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық апаттардың себептері мен салдары жөнінде кең көлемді мағлұмат береді. Сонымен қатар, мәтін мазмұнына сәйкес берілетін тапсырмалар мен сұрақтар арқылы оқушылар өз ойын нақты әрі дәлелді түрде жеткізуге, мәтіндегі ақпаратты талдауға, салыстыруға және қорытынды жасауға дағдыланады.[2.28]

Экологиялық мәселелерге деген белсенді азаматтық ұстаным қалыптасады

Қазақ тіліндегі экологиялық мәтіндер – мазмұны жағынан бай, құрылымы жағынан әртүрлі мәтіндер қатарына жатады. Бұл мәтіндерде табиғат құбылыстары, экожүйенің сақталуы, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға байланысты мәселелер көтеріледі. Осындай мәтіндермен жұмыс барысында оқушылар бірқатар өзекті экологиялық проблемалармен танысады: климаттың өзгеруі, ауаның ластануы, ормандардың жойылуы, судың тапшылығы, қалдықтардың көбеюі және т.б. Оқушылар бұл мәселелердің пайда болу себептерін, салдарын және оларды шешу жолдарын мәтін арқылы таниды.

Оқу барысында оқушы тек мәтінді түсініп қоймай, оны саралайды, негізгі ақпаратты іріктейді, мәтіндегі деректерді өз көзқарасымен ұштастырып, шешім қабылдауға дағдыланады. Сонымен қатар, экологиялық терминологиямен танысып, ғылыми стильдегі

сөйлеу дағдылары қалыптасады. [3.33]. Бұл – тіл байлығын арттырып қана қоймай, логикалық ойлауды, жүйелі сөйлеуді және өз ойын дәлелді жеткізуді талап ететін маңызды әрекет.

Экологиялық мазмұндағы мәтіндер оқушылардың табиғатқа деген эмоционалдық қатынасын қалыптастырып, қоршаған ортаны аялауға, қамқор болуға, табиғат байлығын ұқыпты пайдалануға тәрбиелейді. Мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеті, авторлық көзқарас, сипатталған жағдайлар оқушыларды адам мен табиғаттың өзара байланысын тереңірек түсінуге жетелейді. [3.36]

Ең бастысы – мұндай мәтіндер оқушы бойында экологиялық мәселелерге бейжай қарамауға, нақты әрекет жасауға деген қажеттілікті оятады. Нәтижесінде, олар тек теориялық тұрғыда білім алып қана қоймай, оны күнделікті өмірде қолдануға талпынады. Осы бағытта жүргізілген жүйелі жұмыс барысында оқушыларда табиғатты қорғауға бағытталған белсенді азаматтық ұстаным қалыптасады. Бұл ұстаным – олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Оқушы өз ортасында экологиялық сауатты көзқарас ұстанып, өзгелерге үлгі бола алатын азамат ретінде қалыптасады. Қазақ тіліндегі экологиялық мазмұндағы мәтіндерді оқу процесінде тиімді қолдану – оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың, сыни ойлау дағдыларын дамытудың, сонымен қатар табиғатқа жанашырлықпен қарайтын саналы ұрпақ тәрбиелеудің тиімді жолы. Мұндай мәтіндер арқылы оқушы тілдік білім алып қана қоймай, экологиялық мәдениетке қанығып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйренеді. [4.27]

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі экологиялық мәтіндер оқу сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай мәтіндер арқылы оқушы тек мәтінді түсінуді ғана емес, табиғатқа жанашырлықпен қарауды, өз ой-пікірін дәлелмен жеткізуді, сыни тұрғыдан пайым жасауды үйренеді. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқушының тілдік, танымдық және экологиялық мәдениетін қатар дамыта отырып, оны ХХІ ғасыр талабына сай тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақ тіліндегі экологиялық мазмұндағы мәтіндерді оқу үдерісінде пайдалану оқу сауаттылығын арттыруда және экологиялық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай мәтіндер оқушыларға экологиялық білім мен түсінік беріп қана қоймай, олардың тілдік дағдыларын дамытуға, сыни ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік туғызады. Экологиялық тақырыптағы мәтіндерді жүйелі түрде қолдану арқылы оқушылар қоршаған орта мәселелеріне саналы түрде қарайтын, табиғатты қорғауға бейімделген жауапты азамат болып қалыптасады. Сонымен қатар, экологиялық мәтіндер оқушылардың сөздік қорын байытып, ғылыми стильдегі тілдік құрылымдарды меңгеруге ықпал етеді. Оқу процесінде экологиялық мазмұнды мәтіндерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу мотивациясын көтереді. Бұл бағыттағы жұмыс – ұлттық тәрбие мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруда, жас ұрпақтың болашақта жауапты және белсенді азамат болып өсуінде аса маңызды.

Осы орайда, қазақ тіліндегі экологиялық мәтіндерді оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларына, сабақ жоспарларына кеңінен енгізу ұсынылады. Бұл оқушылардың жан-жақты дамуына, сондай-ақ табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты орнатуға өз үлесін қосады. Сонымен қатар, экологиялық мәтіндерді оқу сауаттылығын дамытуда қолдану — бұл пәнаралық білімді нығайтып, оқушылардың пән аралық байланыстарды түсінуіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде олардың кешенді ойлау қабілетін дамытып, білімдерін өмірлік жағдайларға тиімді қолдануға септігін тигізеді. Осылайша, қазақ тіліндегі экологиялық мазмұндағы мәтіндерді жүйелі түрде оқыту оқу үрдісінде функционалдық сауаттылықты дамыту мен экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдарында осы бағыттағы әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, сабақ жоспарларына экологиялық мазмұндағы мәтіндерді кеңінен енгізу қажеттілігі артады. Бұл әрекеттер оқушылардың жан-жақты дамуына, саналы азамат болып қалыптасуына және табиғатты қорғауға бағытталған ұлт болашағын құруға негіз болады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Айтбаева, А. А. (2012). Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары. – Алматы: Қазақ университеті.
2. Әлкебаева, Д. (2021). Экологиялық білім беру – заман талабы. // «Білім берудегі жаңа бағыттар» журналы, №4, 25–28-бб.
3. Жұбанова, М. (2018). Қазақ тілі сабақтарында экологиялық тәрбие беру жолдары. // Қазақ тілі мен әдебиеті, №6, 33–36-бб.
4. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. (2020). Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламалары (орта білім). – Астана.
5. Қабатаева, Ж. М. (2020). Мәтін арқылы оқу сауаттылығын дамыту. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті.
6. Мұхамеджанова, С. (2016). Мәтінмен жұмыс істеу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. // Білім, №1, 15–17-бб.
7. Ыбырайымова, А. (2022). Экологиялық мәтіндердің оқушы танымын дамытудағы рөлі. // Ұстаздар әлемі, №3, 18–21-бб.

ӘКЕ ӨНЕГЕСІ – ЕР БАЛАНЫҢ ЕРТЕҢГІ ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



Дүйсенбеков Қайрат Молдағалиұлы

Алматы облысы, Қонаев қаласы

«Қонаев қаласының көпсалалы колледжі» КММ
оқытушысы

Аннотация: Мақалада ер бала тәрбиесіндегі әке өнегесінің тұлғалық даму мен патриоттық сана қалыптастырудағы маңызы қарастырылады. Автор алғашқы әскери дайындық пәні мен отбасындағы тәрбие, әсіресе әке рөлі арасындағы өзара байланысты саралай отырып, ұл баланың бойында жауапкершілік, тәртіп, ерлік, азаматтық ұстаным секілді қасиеттерді қалыптастыруда әке өнегесінің шешуші рөл атқаратынын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздейді. Педагогикалық және

психологиялық теориялар негізінде тәрбиенің сабақтастығы мен үздіксіздігі сипатталып, білім беру үдерісінде әке мен ұстаз ынтымақтастығының қажеттілігі дәлелденеді.

Аннотация: В статье рассматривается значение отцовского примера в воспитании мальчиков, в формировании их личностного развития и патриотического сознания. Автор анализирует взаимосвязь между семейным воспитанием, особенно ролью отца, и школьной дисциплиной «Начальная военная подготовка», обосновывая решающее значение отцовского влияния в формировании у юношей таких качеств, как ответственность, дисциплина, мужество и гражданская позиция. На основе педагогических и психологических теорий описываются преемственность и непрерывность воспитательного процесса, а также подчеркивается необходимость сотрудничества между отцом и педагогом в системе образования.

Abstract: This article explores the importance of a father's example in the upbringing of boys, particularly in shaping their personal development and patriotic consciousness. The author examines the interrelation between family upbringing—especially the father's role—and the subject "Initial Military Training," scientifically substantiating the decisive role of paternal influence in cultivating responsibility, discipline, courage, and civic values in boys. Based on pedagogical and psychological theories, the article highlights the continuity of the educational process and emphasizes the need for collaboration between fathers and teachers within the educational system.

Қазіргі таңда ұлттық білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – азаматтық ұстанымы айқын, отаншыл, рухани кемел әрі жауапкершілігі жоғары тұлғаларды тәрбиелеу болып табылады. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтап, жас ұрпақтың бойында адамгершілік, отансүйгіштік, ерлік пен еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру – мемлекеттің рухани қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының басты кепілі. Бұл бағыттағы тәрбиелік үдерістің өзегі – отбасы, ал оның іргетасы саналатын әке өнегесі ұл баланың өмірлік бағдарын айқындауда ерекше маңызға ие.

Отбасылық тәрбие – жеке тұлғаның мінез-құлқын, өмірлік көзқарасын, құндылықтар жүйесін қалыптастыратын ең алғашқы және ең ықпалды әлеуметтік орта. Осы тұрғыда әке тұлғасы – баланың сана-сезімінде ерлік пен жауапкершіліктің, еңбексүйгіштік пен әділеттіліктің символы ретінде орнығады. Әке тек материалдық қамқоршы емес, рухани жетекші, өмірлік ұстаз. Ол өз іс-әрекеті, мінезі мен шешімдері арқылы ұлына өмірдің мәнін, ер адамның қоғамдағы орнын, отбасындағы рөлін іс жүзінде көрсетеді. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында әке – отбасының тірегі, береке мен тәртіптің бастауы ретінде қабылданған. «Әке – асқар тау, ана – бұлақ, бала – жағалауы» деген даналық сөздер қазақ отбасындағы рухани иерархияны дәл бейнелейді. Бұл түсінік әкенің бейнесін ұл баланың алдында биік моральдық өлшем, мінез-құлық эталоны ретінде орнықтырып, оны азаматтық және рухани кемелдікке жетелейтін өнегелік бағдарға айналдырған. Ұл баланың бойындағы батылдық, сабыр, қайсарлық, намыс, еңбекқорлық сияқты қасиеттердің бастауында көбіне әке тәрбиесі жатады. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні де – дәл осы ер мінезді, ұлтжанды, тәртіпті ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған оқу-тәжірибелік орта. Бұл пән арқылы жасөспірімдер тек әскери дағдыларды меңгеріп қана қоймай, өз елін қорғау сезімін, азаматтық жауапкершілікті, ұйымшылдық пен өзара көмек дағдыларын бойына сіңіреді. Сабақ барысында үйретілетін саптық тәртіп, ұжымдық әрекет, жауынгерлік рух секілді элементтер ер баланың тұлғалық дамуында ерекше рөл атқарады.

Алайда бұл пәннің тәрбиелік әлеуеті әке өнегесімен ұштасқанда ғана толық жүзеге асады. Өйткені мектеп қабырғасында қалыптасқан тәртіп пен патриоттық сезім, отбасындағы әке тәрбиесімен жалғасқанда ғана тұрақты мінезге айналады. Егер ұл бала сабақта әскери құрмет пен тәртіпті үйренсе, ал үйде әкесінен сол құндылықтардың нақты көрінісін байқаса – мұндай тәрбие жүйелі және нәтижелі болады. Керісінше, әкенің бейнесі әлсіз немесе отбасындағы рөлі төмен болған жағдайда, мектептегі тәрбие жалғыз қалып, өз әсерін толық көрсете алмайды.

Сондықтан алғашқы әскери дайындық пәні мен отбасындағы әке тәрбиесін өзара сабақтастыру – ұл баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің тиімді педагогикалық тетігі. Бұл өзара байланыс жасөспірімнің бойында жауапкершілік, тәртіп, батылдық, ерлік пен азаматтық ұстаным сияқты қасиеттердің қалыптасуына жағдай жасайды. Мектеп мұғалімдері мен әкелер арасындағы ынтымақтастық, бір-бірін толықтыратын тәрбиелік ықпал – болашақ ер азаматтың өмірлік бағытын дұрыс айқындауына негіз болады.

1. Әке өнегесі – тұлғалық дамудың тірегі

Педагогика ғылымында «тәрбие – үлгі арқылы беріледі» деген қағида бар. Бұл тұжырымның өміршеңдігі – оның тәрбиенің табиғи заңдылығын дәл бейнелеуінде. Бала ең алдымен тыңдаған сөзден емес, көрген өнегеден үйренеді. Сол өнеге көзі – әке тұлғасы. Әке – ұл бала үшін мінездің айнасы, өмірлік бағдардың бастауы, ал оның іс-әрекеті мен ұстанымы – ер жетіп келе жатқан жасөспірімнің мінез-құлқы мен өмірлік бағытының негізгі үлгісі.

Әкенің күнделікті өмірдегі шешімдері, қарым-қатынасы, еңбекке, отбасына және қоғамға деген жауапкершілігі баланың бейсанасында терең із қалдырады. Мұндай бейне тек сөз арқылы емес, іс арқылы қалыптасады. Себебі бала тәрбиесінде эмоциялық байланыс пен сенім маңызды рөл атқарады: ұл бала өз әкесіне сенсе – соның жолымен жүруге тырысады, ал сенімсіздік болса, өзге мінез үлгілерін сырттан іздей бастайды.

Әке өнегесі ұл бала бойында өмірлік маңызы бар көптеген қасиеттердің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Атап айтқанда:

- Жауапкершілік пен дербестік – өз шешіміне жауап бере білу, қиындықтардан қашпау;
- Тәртіп пен табандылық – басталған істі соңына дейін жеткізу, мақсатқа адал болу;
- Сабыр мен ұстамдылық – эмоцияны басқару, ақылмен әрекет ету;
- Намыс пен отансүйгіштік – өз отбасына, еліне деген құрмет пен борыш сезімі.

Осындай қасиеттер ұл балаға туа бітпейді, олар отбасындағы күнделікті қарым-қатынаста қалыптасады. Мысалы, әкенің сөзінде бірізділік болса, уәдесінде тұратын адам болса – балада сенімділік пен әділдік сезімі қалыптасады. Ал егер әке өз ісінде жалтақ, уәдесін орындамайтын болса, ұл да сол мінезді еріксіз қабылдайды.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, ер бала өз бейнесін көбіне әке арқылы анықтайды. З.Фрейдтің тұлға теориясында бұл кезең «идентификация» деп аталады, яғни бала өзін маңызды ересек тұлғамен теңестіру арқылы өзінің болмысын таниды. Демек, әке бейнесі қандай болса, ұлдың өзін-өзі бағалау жүйесі де соған сай қалыптасады. Мәселен, еңбекқор, әділ, сабырлы әке ұлын да сондай болуға бейімдейді. Ал агрессивті, немқұрайлы әке тәрбиесінде өскен балада сенімсіздік пен қорғансыздық сезімі қалыптасуы мүмкін.

Қазақтың дәстүрлі педагогикасында әкенің беделі ерекше дәріптелген. Халық «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп, отбасындағы еңбек пен мінез мектебін ұрпақ тәрбиесінің іргетасы ретінде таныған. Әке мен ұл арасындағы байланыс – тек туыстық емес, рухани сабақтастық. Ұл әкесінен өмірге көзқарасты, елге қызмет етудің үлгісін, қиындыққа мойымауды үйренеді. Осындай өнеге арқылы ер бала тек тұлғалық емес, әлеуметтік кемелдікке де жетеді.

Бүгінгі заманда бұл мәселенің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Қоғамдық өзгерістер, ақпараттық ағын, әлеуметтік желілердегі ықпалдар жасөспірімнің мінез-құлқын түрлі бағыттарға бұрып жібере алады. Сондықтан әкенің рөлі – баланың рухани тірегін сақтау, оны шынайы өмірге дайындау. Әке ұлының алдында өз мінезімен, шешімдерімен, адалдығымен үлгі болғанда ғана ол ұл болашақта нағыз азамат, отбасына, еліне адал тұлға болып қалыптасады.

Сондықтан педагогикалық тұрғыдан алғанда, әке өнегесі – баланың тұлғалық дамуының тірегі ғана емес, бүкіл ұлт тәрбиесінің іргетасы. Ұл бала тәрбиесіндегі әке рөлін жандандыру – қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қауіпсіздігінің де кепілі болып табылады.

2. Психологиялық өзара әрекет және әке рөлі

Психология ғылымында баланың тұлғалық қалыптасуында әлеуметтік орта мен рөлдік модельдердің ықпалы шешуші мәнге ие екені дәлелденген. Адамның мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымдары көбіне үлгіге еліктеу арқылы қалыптасады. Бұл құбылысты көрнекті ғалым А. Бандура өз еңбектерінде «әлеуметтік үйрену теориясы» арқылы түсіндіреді. Оның пікірінше, бала өз ортасындағы маңызды тұлғалардың іс-әрекетін бақылау, бағалау және соны қайталау арқылы мінез нормаларын игереді.

Ер бала үшін мұндай маңызды тұлға көбіне – әке бейнесі. Әке баланың санасында ер адамның мінезін, қоғамдағы орнын, өмірлік жауапкершілігін бейнелейтін басты модель ретінде қалыптасады. 7–16 жас аралығында бұл байланыс ерекше қарқынды жүреді. Дәл осы кезеңде ұл бала бейсаналы түрде әкесінің мінез-құлқына, дауыс ырғағына, тіпті өмір сүру салтына еліктеп, өзіндік тұлғалық бейнесін құра бастайды.

Психологтар мұны «идентификация» деп атайды — яғни бала өзін маңызды тұлғамен теңестіру арқылы жеке тұлғалық қасиеттерін дамытады. Егер әке ұлымен ашық қарым-қатынас орнатып, өз ісімен, сөзімен үлгі бола білсе, балада өзін-өзі бағалау, сенімділік, мақсаттылық, ерік-жігер секілді қасиеттер тұрақтанады. Керісінше, әке тәрбиесі мен назарынан айырылған ұл балада төмендегідей мінездік әлсіздіктер байқалады:

- тәртіпсіздік және еріксіз мінез-құлық;
- өз-өзіне сенімсіздік;
- мақсатсыздық пен енжарлық;
- ерік-жігердің төмендеуі және эмоционалдық тұрақсыздық.

Мұндай жағдайлар, әсіресе, қазіргі урбанизацияланған қоғамда жиі кездеседі. Жұмысбастылық, ата-ананың шектен тыс материалдық қам-қарекеті немесе отбасындағы эмоционалдық суықтық — баланың әкемен психологиялық байланысын әлсіретеді. Ал әке тәрбиесінің әлсіреуі ұл баланың әлеуметтік бейімделуін қиындатып, агрессия, немқұрайлылық, өз-өзіне сенімсіздік секілді мәселелердің туындауына алып келеді.

Осыған байланысты білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі – отбасы мен мектеп арасындағы тәрбиелік ынтымақтастықты күшейту. Психологиялық тұрғыда мұғалім мен әке арасындағы бірлескен жұмыс ұл балаға екіжақты – эмоционалдық және әлеуметтік қолдау береді. Мұндай өзара әрекет нәтижесінде тәрбиенің бірізділігі мен сабақтастығы сақталып, жасөспірімнің тұлғалық дамуы үйлесімді бағытта жүреді.

Сондықтан мектеп пен әке ынтымақтастығы – тәрбиелік табыстың негізгі кепілі. Әкенің қатысуы мен педагогикалық қолдауы үйлесім тапқанда ғана тәрбие жүйесі толыққанды нәтиже береді.

3. Алғашқы әскери дайындық пен әке тәрбиесінің сабақтастығы

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні – жасөспірімнің бойында тәртіп, жауапкершілік, ұйымшылдық, ерлік және патриоттық сана қалыптастыруға бағытталған маңызды оқу-тәжірибелік орта. Бұл пәннің мазмұнында тек әскери білім мен физикалық дайындық қана емес, сонымен қатар азаматтық борыш сезімі мен ұлттық рухты тәрбиелеу элементтері бар.

Пән бағдарламасына:

- саптық және тактикалық дайындық;
- әскери-спорттық жарыстар;
- алғашқы көмек пен азаматтық қорғаныс негіздері;
- төтенше жағдайлардағы іс-қимыл ережелері;
- көшбасшылық және ұжымдық өзара көмек дағдылары кіреді.

Бұл бағыттағы жұмыстар ұл баланың бойында табандылық, тәртіп, өзгені қорғауға ұмтылу сияқты азаматтық қасиеттерді қалыптастырады. Дегенмен, мұндай тәрбиенің нәтижелілігі тек мектеп қабырғасымен шектелмей, отбасында, әсіресе әке тәрбиесімен жалғасқанда ғана шынайы сипат алады.

Мысалы, әскери-спорттық сайыстарға қатысып жүрген жасөспірім егер үйде әкесінің тарапынан моральдық және практикалық қолдау көрсе – оның бойында мақтаныш сезімі, жауапкершілік пен өзіне деген сенімділік артады. Әке мен ұл арасындағы бұл өзара қолдау жасөспірімнің бойында әскери-патриоттық құндылықтарды терең сіңіруге мүмкіндік береді.

Тәрбиелік жұмыстың тиімді болуы үшін төмендегідей шарттардың орындалуы маңызды: Отбасындағы қолдау – мектепте үйренген дағдылар мен құндылықтар отбасында жалғасын табуы тиіс; Әке мен мұғалім ынтымақтастығы – ортақ мақсатқа бағытталған тәрбие жүйесі баланың мінез-құлқына тұрақтылық береді; Талап пен өнегенің үйлесімі – тәртіп пен жауапкершілікті тек сөзбен емес, іс жүзінде көрсету қажет.

Білім беру тәжірибесінде дәлелденгендей, алғашқы әскери дайындық пәні мен отбасындағы әке тәрбиесі өзара сабақтас болған жағдайда, ұл бала тек пәндік білімді ғана емес, өмірлік ұстанымды да меңгереді. Ол өз елін қорғауға дайын, ерік-жігері мықты, патриот азамат ретінде қалыптасады. Осылайша, алғашқы әскери дайындық пен әке өнегесінің сабақтастығы – тәрбиенің үздіксіздігін қамтамасыз ететін пәрменді тетік. Бұл байланыс жас ұрпақтың тұлғалық, рухани және азаматтық кемелденуінің негізін құрайды.

Ұл бала тәрбиесі – ұлттың рухани қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығын айқындайтын маңызды қоғамдық құбылыс. Әрбір ұлттың келешегі оның ұлдарының қандай азамат болып қалыптасуына тікелей байланысты. Сол себепті ұл баланы жауапкершілікке, тәртіпке, намыс пен отансүйгіштікке баулу – бүкіл тәрбиелік жүйенің басты бағыты болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, әке өнегесі – ер баланың тұлғалық дамуы мен ер азамат ретінде кемелденуінің тірегі. Әке өз мінезімен, өмірлік тәжірибесімен, шешім қабылдау мәдениетімен, қоғамдағы рөлімен баласына көрнекі үлгі бола алады. Әке тәрбиесінің басты ерекшелігі – оның сөзінен гөрі іс-әрекетінде, күнделікті өмірде көрсеткен мінез-құлқында.

Дәл осы іс жүзіндегі өнеге ұл баланың дүниетанымын қалыптастырып, өмірлік бағыт-бағдарын айқындайды.

Алғашқы әскери дайындық пәні – мектеп жүйесіндегі ер балаларды азаматтық борышқа, тәртіп пен ұйымшылдыққа, ел қорғау идеясын сіңіруге бағытталған маңызды оқу және тәрбиелік құрал. Бұл пәннің басты құндылығы – жасөспірім бойында ерлік, табандылық және патриоттық сана қалыптастыру. Алайда бұл тәрбиенің нәтижелі болуы үшін пәндік білім мен отбасы тәрбиесі арасында өзара байланыс орнауы қажет. Әке өнегесі мен алғашқы әскери дайындық пәнінің сабақтастығы жасөспірімнің азаматтық болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мектептегі тәрбие мен үйдегі ата өнегесі өзара үйлесім тапқанда ғана тұлғаның ішкі тұрақтылығы, ерік-жігері мен ұлттық рухы нығаяды. Мұндай біртұтас жүйе ұл баланы тек әскери білім алуға емес, өз отанына адал, жауапты және қайсар азамат болуға жетелейді.

Қорытындылай келе, білім беру мен отбасы – біртұтас тәрбие кеңістігі. Мұғалім – кәсіби бағыт беруші болса, әке – рухани бағдаршы. Осы екі ортаның бірлескен, жүйелі және өзара сенімге негізделген жұмысы ғана болашақта саналы, табанды әрі отансүйгіш ұл тәрбиелеудің кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дьюи, Дж. *Education and Experience*. – New York: Macmillan, 1938.
2. Bandura, A. *Social Learning Theory*. – Prentice Hall, 1977.
3. Сухомлинский В.А. *Балаларға жүрек беру*. – Алматы: Рауан, 1990.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*.
5. Момышұлы Б. *Ұшқан ұя*. – Алматы: Жазушы, 1975.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. *Қазақ тәрбиесі*. – Алматы: Санат, 1995.
7. *Психология және педагогика бойынша ғылыми мақалалар жинағы*, №1, 2022.
8. Айтмамбетова Б. *Тұлға тәрбиесі және отбасындағы тәрбие үрдістері*. – Алматы: 2019.
9. Сарбасова Г.К. *Әлеуметтік педагогика негіздері*. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.

ЧТО ЧИТАЕТ НАШЕ ПОКОЛЕНИЕ?



Тасболатова Дана Галиевна

Алматинская область, Карасайский район, с.Енбекши

КГУ «Средняя школа села Енбекши»

учитель русского языка и литературы

Любая книга, независимо от времени ее создания и характера обращения, существование во времени и пространстве, является способом коммуникации. Выполняя эту главную функцию, она способствует развитию, обучению, образованию, воспитанию, формированию мировоззрения отдельного человека и целого общества.

По словам Н.И.Пирогова «*Учитесь, читайте, размышляйте и извлекайте из всего самое полезное*». Актуальность темы исследования заключается в том, что от современной молодежи зависит, какие нравственные ценности будут преобладать в нашей стране и от чего это будет зависеть.

Задачи:

- Изучить читательские интересы обучающихся в школе.
- Раскрыть, какую роль в их жизни играет чтение.

Наше поколение читает разное — выбор сильно зависит от возраста, интересов и среды.

В настоящее время я считаю свою тему особенно актуальной, поскольку проблема снижения интереса к чтению приобретает всё больший масштаб. Люди разных возрастов, особенно молодёжь, всё реже обращаются к книгам, отдавая предпочтение интернет-контенту, социальным сетям или прослушиванию музыки. Современное поколение всё чаще ориентируется на яркие, визуальные и массовые формы досуга.

Даже среди старшего поколения наблюдается снижение уровня литературной культуры. Это во многом связано с усиливающимся влиянием западной культуры, которая оказывает значительное воздействие на мировоззрение, особенно молодёжи.

Важно понимать, что от нынешней молодёжи зависит, какие нравственные ориентиры и культурные ценности будут доминировать в будущем. Именно поэтому мне важно узнать мнение как молодых, так и пожилых людей по этому вопросу.

Пути решения проблемы снижения интереса к чтению и рекомендации по расширению круга чтения:

1. Создание мотивации к чтению

- Вовлечение через современные книги, близкие по теме и стилю.
- Использование буктрейлеров, обсуждений, квестов по книгам.

2. Интеграция цифровых технологий

- Электронные и аудиокниги, приложения для чтения (LitRes, MyBook).
- Онлайн-челленджи: «30 книг за 30 дней» и т.п.

3. Пример взрослых и учителей

- Личный интерес к чтению со стороны родителей и педагогов формирует у детей привычку.

4. Школьные проекты и книжные клубы

- Совместное обсуждение книг, выбор для чтения по интересам, а не только по программе.

5. Доступ к качественной литературе

- Пополнение библиотек новинками, комиксами, современными авторами.

Рекомендации по расширению круга чтения:

1. Чередовать жанры и авторов

- Пробовать классику, фэнтези, научпоп, биографии и др.

2. Составлять личный читательский план

- Поставить цель — 1 книга в месяц, и выбрать по вкусу.

3. Обращать внимание на рецензии, рейтинги, буктоки

- Это помогает найти интересные новинки и тренды.

4. Вести читательский дневник или блог

- Кратко записывать впечатления и делиться ими.

5. Читать вместе с друзьями/семьёй

- Совместное чтение и обсуждение повышают интерес и вовлечённость.

Памятка для родителей:

Как пробудить у ребёнка интерес к чтению:

1. Подавайте личный пример

Ребёнок с большей вероятностью будет читать, если видит, что читают родители.

2. Читайте вместе

Читайте вслух, обсуждайте героев, задавайте вопросы — это сближает и развивает интерес.

3. Подбирайте книги по интересам ребёнка

Темы, которые близки (приключения, динозавры, волшебство, техника и т.д.), вызывают живой отклик.

4. Используйте современные форматы

Комиксы, аудиокниги, интерактивные книги — это тоже путь к чтению.

5. Не заставляйте — вдохновляйте

Позвольте ребёнку самому выбирать, что читать. Не критикуйте за выбор.

6. Создайте уютную «зону чтения»

Тихое место, любимая книжка и мягкий плед — мелочь, а мотивация повышается.

7. Хвалите за прочитанное

Даже за одну страницу — важно поддерживать интерес, а не контролировать объём.

8. Обсуждайте книги

Спросите: «Какой герой тебе больше всего понравился и почему?» — разговор оживляет интерес.

9. Регулярно ходите в библиотеку или книжный магазин

Сделайте это традицией — как семейное приключение.

10. Не бойтесь современных книг

Важно не «что именно» читает ребёнок, а что он чувствует при этом — интерес, удовольствие, размышления.

Использованная литература

1. Аксарова В.Я., Сафонова Н.К. Читающий подросток в мире взрослых: поиски гармонии.

2. Харитонов О. И. Дети и чтение на рубеже XXI века: Литературные пристрастия современных подростков: итоги исследования. Волгоград, 2001.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН РУХАНИЯТТЫҢ НЕГІЗІ

Тулкибаева Куралай Досымжановна

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы

“В.Г.Белинский атындағы орта мектебі” КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттың рухани қазынасы, ел болашағының тірегі. Орыс сыныптарында бұл пәнді оқытудың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді меңгертумен қатар, оқушыларға ұлттық құндылықтарды, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін таныстыру. Қазақ тілін меңгеру – Қазақстанда тұратын әрбір азаматтың парызы ғана емес, сонымен қатар оның болашағына ашылған үлкен мүмкіндік. Орыс сыныптарында сабақ беру – өзіндік ерекшелігі мен жауапкершілігі жоғары жұмыс. Себебі бұл сыныптардағы оқушылар үшін қазақ тілі – екінші тіл. Әдебиет сабағында оқушылар тек көркем мәтінді оқып қана қоймай, қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы мен көрнекті тұлғалары туралы тереңірек мағлұмат алады. Мысалы, Абайдың өлеңдерін оқу арқылы олар адамгершілік, еңбекқорлық пен білімге ұмтылу туралы ой түйеді. Мұқағали поэзиясы туған жерге деген сүйіспеншілікті оятса, Ыбырай мен Ахмет шығармалары оқушыларды білім мен тәрбиеге бағыттайды.

Цифрлық дәуір қазақ тілін меңгертудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынып отыр. Онлайн жаттығулар, бейнематериалдар, цифрлық сөздіктер және басқа да интерактивті ресурстар оқушылардың тіл үйрену үдерісін жеңілдетіп, қызықты ете түседі. Бұл – мұғалімдерге де әдістемелерін түрлендіріп, сабақты тиімді әрі тартымды өткізудің үлкен мүмкіндігі.

Тілдік материалды меңгеруге бағытталған жаттығулар оқушының тілді дұрыс түсінуі мен қолдануына ықпал етеді. Мысалы, септік жалғауларын өткеннен кейін, сөйлемде олардың қайсысын қолдану керектігін табу – оқушының теорияны практикалық жағынан меңгеруіне жол ашады. Сонымен қатар, сөйлемдегі түсіндірілген сөзді тауып қосу, сөйлемді өзгерту, аяқтау, кеңейту немесе тарылту сияқты тапсырмалар – оқушыны сөйлеуге, ойды нақты жеткізуге баулиды. Мұндай жаттығулар алғашқы тапсырмалардан күрделірек болғанымен, тілдік дамуға үлкен септігін тигізеді.

Сөйлеу дағдыларын дамытуда түрлі әдіс-тәсілдер тиімді:

- сурет арқылы әңгіме құрату,
- оқыған мәтіннің мазмұнын әңгімелету,
- мақал-мәтелдерді сөйлеу барысында қолдануға үйрету,
- тақпақ жаттату,
- өлең айту, т.б. Мұның барлығы оқушының тіл байлығын арттырудың тиімді жолдары.

Оқушының тілін дамытуда оқыған кітабының мазмұнын қазақ тілінде әңгімелетудің маңызы зор. Мұндай жұмыс түрін 5–6-сыныптардан бастап енгізу өте тиімді. Бұл жұмыс сабақ барысында жүзеге асырылады. Алайда, оқу әдісін меңгермеген оқушы өздігінен кітап оқуға ынталы бола бермейді. Сол себепті ең алдымен оқушыны анық әрі шапшаң оқуға үйрету қажет. Оқу әдісін жақсы меңгерген оқушы ғана өздігінен кітап оқуға дағдыланады.

Сонымен қатар, тақпақ жаттау мен өлең айту да оқушының тілін дамытудың тиімді жолы. Әр сыныпта оқушы бірнеше тақпақ жаттайды, бұл тақпақтар, әдетте, оқулықтарда беріледі. Ал ән айту, өлең жаттау – тіл дамытуға өз үлесін қосатын жұмыстар болғанымен, бұл көбіне үйірмелік форматта ұйымдастырылады. Мақал-мәтелдермен жұмыс та тіл дамытуда ерекше орын алады. Оқулықтарда ұсынылған мақал-мәтелдерді талдау кезінде оқушылар оның мағынасын дұрыс түсінуі керек. Сонда ғана оларды өз сөзінде орынды қолдануға үйренеді.

Сөйлеу жаттығулары – оқушыны тілдік материалды сөйлеуде дұрыс және еркін қолдануға дағдыландыруға бағытталады. Алдымен оқушы тілдік материалмен танысып, оны меңгереді, содан кейін сол материалды сөйлеу барысында қолдануға жаттығады. Осы ретте сөйлеу жаттығулары ерекше рөл атқарады. Мәтін арқылы оқушы тілін дамыту.

Оқушы тілін дамытуда мәтіндердің атқаратын қызметі орасан зор. Мәтін – оқушыға білім беретін, оны оқуға, ойлауға, сөйлеуге және тәрбиеленуге үйрететін негізгі құрал. Сонымен қатар, мәтін қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге дағдыландырып, оқушының тіл байлығын арттыруға көмектеседі. Алайда мәтін бұл қызметтерді толық атқаруы үшін белгілі бір талаптарға сай болуы қажет. Ең алдымен, мәтін оқушының жас ерекшелігіне, танымдық деңгейіне және білім дәрежесіне сәйкес болуы керек. Сондықтан әр сыныпта қолданылатын мәтіндердің мазмұны мен күрделілік деңгейі де әртүрлі болады. Мазмұны тым қиын, оқушы түсіне алмайтын мәтіндерді сабақта қолданбаған жөн. Мәтін оқушыны қызықтыратындай, тартымды болуы қажет. Қызықты мәтінді оқушылар оңай қабылдайды және оны жақсы меңгереді. Сонымен қатар, мәтіннің тәрбиелік мәні де маңызды рөл атқарады. Ол оқушыны достыққа, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелеуі тиіс. Мәтіндер арқылы оқушылар қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен, ұлттық мерекелерімен және жетістіктерімен танысады. Бұл – оларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және мәдени сананы қалыптастыруға баулиды. Мәтінді аудару – тіл үйренудегі және тіл дамытудағы маңызды тәсілдердің бірі. Алғашқы кезеңде мәтінді аударуды мұғалім өзі көрсетеді, кейін оқушылар өз бетімен аударды. Мәтінді аудармас бұрын ондағы жаңа сөздермен алдын ала жұмыс жүргізілуі тиіс. Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарға жазбаша жауап беру – оқушының жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәтінмен жүргізілетін ауызша тіл дамыту жұмыстары жазбаша түрде де орындалады. Бұл – оқушының тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуда тиімді әдіс болып табылады.

Сөйлеу тілі мен жазбаша тілдің байланысы.

Сөйлеу тілі мен жазба тіл өте тығыз байланысты. Сөйлеу тілінде де, жазбаша тілде де қолданылатын тілдік тұлғалар ортақ. Бұл тұлғалар екі жағдайда да бір мағынада қолданылады және олардың тілдік қызметі өзгермейді. Сондықтан екінші тілді үйретуде ауызша және жазбаша жұмыстар қатар жүргізілуі тиіс. Тыңдауға үйрету мақсатында жүргізілетін жұмыс түрлері сөйлеуге үйретумен тығыз байланысты екенін естен шығармау қажет.

Жазбаша тілді дамыту.

Оқушының жазбаша тілін дамыту бастауыш сыныптан бастап қолға алынады. Жаттығуларды жазбаша түрде орындау — жазбаша тіл дамытудың алғашқы сатысы және маңызды алғышарты болып табылады. Алайда оқушының жазбаша тілін жетілдіруде мазмұндама мен шығарма жұмыстарының орны ерекше. Мазмұндама – тіл дамытудың маңызды тәсілдерінің бірі. Ол оқушыны мәтінге сүйене отырып, өз ойын жазбаша түрде жеткізе білуге үйретеді. Мазмұндама барысында оқушы мәтін мазмұнын түсініп қана қоймай, оны жүйелі түрде қайта баяндауға дағдыланады. Шығармаға жақын мазмұндама – оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың тиімді жолы. Мұндай жұмыстарда оқушы мәтін мазмұнын өзінше жалғастырады, мәтіннің басына кіріспе қосады немесе мәтін желісіне байланысты өз ойынан оқиғалар енгізеді. Бұл — баланың еркін ойлауын, тілдік қорын және жазу дағдысын қалыптастырады. Шығарма — оқушының жазбаша тілін дамытудағы ең маңызды жұмыстардың бірі. Бұл – оқушының дербес шығармашылық қабілетін дамытатын жазбаша жұмыс түрі. Шығарма жазуға үйрету — ұзақ уақыт пен жүйелі жұмысты қажет ететін күрделі үдеріс. Шығарма нақты бір тақырып аясында жазылады. Сондықтан оқушы тақырыпты толық ашу үшін қажетті сөздік қорды меңгеруі тиіс. Мұғалім оқушының сөздік қорын жақсы білетіндіктен, оның мүмкіндігіне сай, қолданыстағы сөздерге негізделген тақырыптарды таңдағаны тиімді. Бұл оқушының өз ойын еркін және түсінікті жеткізуіне жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті – жай пән ғана емес, ұлттың рухани тірегі, ұрпақ тәрбиесінің негізі. Бұл пән арқылы оқушылар ана тілінің байлығын танып, ұлттық дүниетаным мен мәдениетті бойына сіңіреді, адамгершілік пен рухани құндылықтарды меңгереді. Орыс тілді сыныптарда білім алатын оқушылар қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін, салт-дәстүрін терең түсініп, құрметтей білсе – бұл еліміздің бірлігі мен қоғамдық келісіміне қосылған үлкен үлес. Мұндай тәрбиенің негізі – тіл мен әдебиетте. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі тек тіл үйретуші ғана емес, ұлттық тәрбие беруші, рухани бағыт көрсетуші тұлға болуы тиіс. Мұғалімнің міндеті – оқушыны тілге баулумен қатар, елін, жерін сүйетін, ұлттың тарихын құрметтейтін, мәдениетіне жанашыр болатын азамат қалыптастыру. Қазақ тілін меңгеру – тек білім алудың амалы емес, бұл – мемлекеттің төл тіліне, халқына, тарихына деген құрмет пен азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. Сол себепті қазақ тілі мен әдебиетін оқыту – ел болашағын тәрбиелеудің бірден-бір жолы екенін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Артықова Т.М., Қыстаубаева Ж. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. А., 2005 ж.
- 2.Бақыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.166.
- 3.Қуанышбаева А.Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.А: Қазақ тілі: Әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №2, 2004. 47 б.
- 4.Оралбаева Н., Жақсылықова Қ., Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.



ПЕДАГОГ ШЕБЕРХАНАСЫ МАСТЕРСКАЯ ПЕДАГОГА



БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ



Картбаева Дарига Андреевна
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
«Алматы облысы бойынша кәсіби дамыту институты»
филиалы
«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы»
кафедраның аға оқытушысы

Биология пәнін оқытудағы жиынтық бағалау (ЖБ) – оқушылардың белгілі бір оқу бөлімі немесе тоқсан бойынша меңгерген білімдерін, біліктерін және дағдыларын жан-жақты және объективті бағалауға арналған маңызды құрал. Жоғары сапалы ЖБ тапсырмаларын әзірлеу оқу процесінің тиімділігін арттыруға және оқу нәтижелерінің шынайылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1. Жиынтық бағалау (ЖБ) – оқушылардың тапсырмаларын әзірлеудің негізгі қағидаттары

А. Оқу мақсаттарына сәйкестік (Валидтілік)

ЖБ тапсырмалары міндетті түрде оқу бағдарламасының және оқу жоспарының нақты оқу мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Биологияда бұл мақсаттар көбінесе мыналарды қамтиды:

- Білу және түсіну: Терминдерді, ұғымдарды, процестерді (мысалы: фотосинтез, митоз) білу және оларды түсіндіре алу.

- Қолдану: Биологиялық білімді стандартты жағдайларда (мысалы: генетикалық есептер шығару) немесе жаңа жағдайларда қолдану.

- Талдау және синтездеу: Деректерді (кестелер, графиктер) талдау, тәжірибе нәтижелерін қорытындылау, биологиялық жүйелердің өзара байланысын құрастыру.

- Бағалау: Биологиялық мәселелер бойынша дәлелді пікір білдіру, шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау.

Б. Тапсырмалардың әртүрлілігі

Тек бір ғана форматтағы (мысалы, тек тест) тапсырмаларды қолдану оқушының білімін толық аша алмайды. Сондықтан тапсырма түрлері әртүрлі болуы керек:

Тапсырма түрі	Сипаттамасы	Бағаланатын дағды
Жабық түрдегі тапсырмалар	Бір дұрыс жауабы бар таңдау, сәйкестендіру, қысқа жауап.	Білу, түсіну, есте сақтау.
Ашық түрдегі тапсырмалар	Толық жауапты, түсіндірмені, талдауды қажет ететін тапсырмалар.	Қолдану, талдау, синтездеу, бағалау.
Контекстке негізделген	Кесте, график, диаграмма, тәжірибе сипаттамасы негізіндегі сұрақтар.	Деректерді талдау, ақпараттық сауаттылық, проблеманы шешу.

В. Критериалды бағалаудың анықтығы

Әрбір тапсырмаға арналған бағалау критерийлері (дескрипторлар) мен балл қою кестесі (рубрикасы) анық әзірленуі тиіс. Олар оқушыға қай жерде қателік жібергенін және нені жақсарту керектігін түсінуге көмектеседі.

2. Биологиялық ЖБ тапсырмаларының тиімді түрлері

Биология сабақтарында ЖБ әзірлеуде төмендегі тапсырма түрлерін қолдану тиімді:

2.1. Зертханалық немесе тәжірибелік жағдайларға негізделген тапсырмалар

Биология – тәжірибелік пән. Тапсырмалар оқушыдан биологиялық тәжірибенің кезеңдерін, деректерін талдауды және қорытынды жасауды талап етуі керек.

- Мысал: "Өсімдіктің транспирация жылдамдығына әртүрлі жағдайлардың (температура, жарық) әсерін зерттеу тәжірибесінің нәтижелері кестеде берілген. Кестедегі деректерді пайдаланып, транспирация жылдамдығына әсер ететін факторлар туралы екі қорытынды жасаңыз."

- Бағаланатын дағды: Талдау, қорытындылау, ғылыми зерттеу дағдылары.

2.2. Сыртқы нысандарды (суреттер, схемалар) пайдалану

Тапсырмалар оқушыдан суретте берілген органелланың, мүшенің немесе процестің бөліктерін атауды, олардың қызметін түсіндіруді талап етуі керек.

- Мысал: "Жасушаның микроскопиялық суретіне қарап, $\mathbf{A}$, $\mathbf{B}$ және $\mathbf{C}$ әріптерімен белгіленген органеллаларды анықтаңыз және олардың әрқайсысының негізгі қызметін сипаттаңыз."

- Бағаланатын дағды: Визуалды ақпаратты тану, түсіну, сипаттау.

2.3. Проблемалық сұрақтар және шешім қабылдау

Оқушыларға биологиялық білімді қолдану арқылы шешім қабылдауды талап ететін өмірлік немесе ғылыми мәселелер ұсынылады.

- Мысал: "Адамның генетикалық ауруын анықтау үшін $\mathbf{X}$ отбасында қандай генетикалық зерттеу әдісін қолданған тиімді? Осы әдістің екі артықшылығын негіздеңіз."

- Бағаланатын дағды: Қолдану, бағалау, дәлелдеу.

2.4. Терминдер мен ұғымдарды байланыстыру

Биологиялық ұғымдар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды немесе салыстыруды талап ететін тапсырмалар.

- Мысал: "Митоз бен мейоз процестерін салыстырып, олардың нәтижелеріндегі екі маңызды айырмашылықты көрсетіңіз және осы айырмашылықтардың биологиялық маңызын түсіндіріңіз."

- Бағаланатын дағды: Талдау, синтездеу, логикалық байланыс орнату.

3. ЖБ тапсырмаларын сараптау және пилоттау

Әзірленген ЖБ тапсырмаларының сапасын қамтамасыз ету үшін келесі қадамдарды орындау маңызды:

1. Сараптама: Тапсырмаларды басқа әріптестермен бірге талқылау. Олардың оқу мақсаттарына сәйкестігін, тілінің түсініктілігін, бағалау критерийлерінің объективтілігін тексеру.

2. Пилоттау: Мүмкіндік болса, ЖБ-ны кішігірім оқушылар тобында (бағаға қоспай) өткізіп көру. Бұл тапсырмалардың орындалу уақытын, қиындық деңгейін және тапсырма мәтініндегі түсініксіз тұстарды анықтауға көмектеседі.

3. Критериалды келісім: Бағалауды жүзеге асыратын мұғалімдердің барлығы бірдей критерийлерді қолдануын қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілген қағидаттар мен әдістемелік ұсыныстарды қолдану арқылы мұғалімдер биология сабақтарында оқушылардың білім сапасын шынайы бағалайтын және оларды одан әрі дамуға ынталандыратын тиімді жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлей алады. Тиімді жиынтық бағалау (ЖБ) тек тапсырмаларды әзірлеумен ғана шектелмейді. Ол бағалауды жүргізу, объективті тексеру және оқушының келесі қадамдарын айқындайтын сапалы кері байланыс (КБ) беруді қамтиды.

1. Жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу

ЖБ-ның объективті және әділ өтуі үшін келесі ережелерді сақтау маңызды:

А. Әкімшілік және ұйымдастырушылық дайындық

• Нұсқаулықтың анықтығы: ЖБ басталмас бұрын, оқушыларға тапсырмаларды орындауға берілетін нақты уақытты, балл қою ережелерін және рұқсат етілген (мысалы, калькулятор, периодтық кесте) немесе тыйым салынған (мысалы, ұялы телефон) заттарды анық түсіндіру қажет.

• Ортаны қалыптастыру: Бағалау процесі кезінде оқушылардың бір-бірімен сөйлесуіне немесе көшіруіне мүмкіндік бермейтіндей орындықтардың орналасуын реттеу.

• Сұрақтарға жауап беру: Бағалау басталғаннан кейін мұғалім тек тапсырманың мағынасына қатысты емес, тек ұйымдастырушылық сұрақтарға (мысалы, "Менің атымды қай жерге жазу керек?") ғана жауап беруі керек.

Б. Тексерудің объективтілігі

• Критерийлерді қатаң ұстану: ЖБ тапсырмаларын тексеруде бұрын әзірленген бағалау критерийлерінен (рубрикалардан) ауытқымау керек. Әр дескриптор бойынша берілген балл санына қатаң сәйкестік болуы тиіс.

• Анонимді тексеру (мүмкін болса): Егер мүмкіндік болса, оқушылардың атын жасырып, тексеруді анонимді түрде жүргізу мұғалімнің субъективті пікірін азайтуға көмектеседі.

• Қос тексеру (күрделі тапсырмалар үшін): Эссе немесе күрделі талдауды қажет ететін тапсырмаларды екі мұғалімнің тексеруі (немесе мұғалімнің кейбір жұмыстарды қайта тексеруі) бағалаудың сенімділігін арттырады.

2. Сапалы кері байланыс (КБ) берудің маңызы

Жиынтық бағалаудың ең маңызды кезеңі – кері байланыс. ЖБ-ның кері байланысы формативті сипатқа ие болуы және оқушының болашақ оқуына бағыт беруі тиіс.

А. Кері байланысқа қойылатын талаптар

Критерий	Сипаттамасы	Мысал (Биология)
Нақтылық	Жалпы сөздер емес, нақты қателіктер мен жетістіктерге бағытталу.	"Сен көмірсудың функциясын жақсы түсінгенсің, бірақ нәруыздың екінші реттік құрылымын сипаттауда қателік жібергенсің."
Өзектілік	Оқушының қазіргі білімі мен дағдыларына қатысты болу.	"Бұл қателікті түзету үшін \$ДНК\$ репликациясы тақырыбын қайталап, ферменттердің рөлін ерекше қарастыр."
Бағыттылық	Нені жақсарту керектігі және оны қалай істеу керектігі туралы ұсыныстар беру.	"Тапсырма 3-тегі генетикалық есепті шығару үшін, алдымен ата-анасының генотипін анықтаудан баста."
Ынталандыру	Оқушының күш-жігерін мойындау және одан әрі оқуға ынталандыру.	"Сен графикті талдауды жақсартқансың, бұл үлкен прогресс! Осылай жалғастыр!"

Б. Кері байланыс беру тәсілдері

1. "Екі жұлдыз, бір тілек" әдісі: Оқушының жұмысындағы екі жетістігін (жұлдыз) және бір жақсартуды қажет ететін тұсын (тілек) көрсету. Бұл оң мотивацияны сақтай отырып, дамуға бағыт береді.

2. Дескрипторлар арқылы КБ: ЖБ-ның балл қойылған кестесін оқушыға қайтарып, ол қай дескриптор бойынша балл жинамағанын анық көрсету. Бұл оқушыға нақты қай білігін немесе дағдысын қайта қарау керектігін көрсетеді.

3. Өзара кері байланыс: Оқушылардың бір-бірінің жұмыстарын бағалау критерийлері бойынша тексеруін ұйымдастыру (мұғалімнің бақылауымен). Бұл оқушылардың сыни ойлауын және критерийлерді түсінуін арттырады.

4. Жекелеген консультациялар: Күрделі қателіктер жіберген оқушылармен жеке отырып, оның қателерін талқылау және түзету жолдарын бірге жоспарлау.

Қорытынды ұсыныс

Жиынтық бағалаудың соңында берілген сапалы кері байланыс оқушы үшін бағаға қарағанда әлдеқайда құнды. Егер КБ дұрыс берілсе, ЖБ – аяқталу емес, келесі оқуға көпір болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ). Критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.
2. "Назарбаев Зияткерлік Мектептері" ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы. Пәндер бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар жинақтары
3. "Назарбаев Зияткерлік Мектептері" ДББҰ. Мұғалімдерге арналған критериалды бағалау бойынша оқу құралдары.
4. Онлайн ресурстар
5. PISA (Program for International Student Assessment) және TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study)
6. Критериалды бағалау бойынша вебинарлар мен оқыту материалдары.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ШЕТЕЛДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Науканова Алма

*«Шығыс Қазақстан көпсалалы колледжі» КМҚК
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы*

Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының шығармаларын шетелдік аудиторияға қазақ тілін оқыту процесінде тиімді пайдаланудың әдістемелік жолдары қарастырылады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері арқылы тіл үйренушілердің лексикалық қорын байыту, грамматикалық құрылымдарды меңгерту, сонымен қатар тәрбиелік мәні жоғары мазмұндарды жеткізу жолдары ұсынылады. Мақалада әсіресе балалар мен жасөспірімдерге арналған тәрбиелік шығармалар негізінде практикалық мысалдар келтірілген.

Қазақ халқының ұлы ойшылы, ақыны Абай Құнанбайұлы – ұлттық әдебиеттің ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінің өкілі. Оның поэзиясы мен қара сөздері терең философиялық ойларға, этикалық және тәрбиелік мазмұнға толы. Бүгінгі таңда Абай мұрасын тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің түрлі елдерінде қазақ тілін оқыту барысында тиімді құрал ретінде пайдалану өзекті.

Шетелде қазақ тілін үйренушілердің мотивациясын арттыру, тілдік ортаға бейімдеу және мәдени-рухани түсінігін тереңдету үшін Абай шығармаларын қолдану – заманауи әдістемелік талаптарға толық жауап береді.

Шетелде қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері

Қазіргі таңда Ресей, Түркия, Қытай, Иран, Өзбекстан, Польша, Корея сияқты мемлекеттерде қазақ тілі шетел тілі ретінде оқытылуда. Бұл оқыту барысында оқушылардың жас ерекшелігі, тілдік деңгейі, мотивациясы ескеріледі.

Қазақ тілін оқытудың басты қиындықтарының бірі – оқулықтар мен көрнекі құралдардың тапшылығы және оқушылардың қазақ әдебиетінен бейхабарлығы.

Абай шығармалары (поэзиясы мен қара сөздері) осы қиындықтарды шешуге көмектеседі, өйткені олар:

- Сөздік қорды байытады;
- Оқылым мен тыңдалымды дамытады;
- Мәдениетаралық түсінікті қалыптастырады;
- Тәрбиелік мән береді.

Абай шығармалары арқылы тіл үйретудің әдістемелік жолдары

Абай шығармалары арқылы тіл үйретуде келесі әдістерді қолдану тиімді:

1. Коммуникативтік әдіс: Өлеңді талдағаннан кейін оның мазмұны бойынша сұхбат жүргізу, ой бөлісу арқылы сөйлеу дағдысын дамыту.

2. Интерпретациялық әдіс: Мәтінді мағыналық тұрғыдан терең талдау, Абайдың философиялық ойларын түсіндіру.

3. Интерактивті әдістер: Рөлдік ойындар, викториналар, онлайн жаттығулар арқылы оқушының сабаққа белсенді қатысуын арттыру.

4. Деңгейлік және жас ерекшелігін ескеру: Оқушының тілдік деңгейіне сай материал таңдау, балалар мен жасөспірімдерге арналған жеңіл, тәрбиелік мазмұндағы өлеңдерді пайдалану.

Практикалық мысал: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі

Сабақ тақырыбы: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі арқылы тіл үйрену

Мақсаты:

- Өлең мазмұнын түсіну, негізгі идеяны тану;
- Жаңа сөздерді меңгеру және сөздік қорды байыту;
- Тәрбиелік ой түю.

Тапсырмалар реті:

1. Өлеңді тыңдау және мәнерлеп оқу.
2. Түсінбеген сөздермен сөздік жұмысын жүргізу (аударма, түсіндіру).
3. Сұрақтарға жауап беру арқылы оқылым түсінігін тексеру.
4. Топпен пікірталас ұйымдастыру (Мысалы: Абай айтқан бес дұшпан мен бес асыл іс бүгінгі қоғамда қаншалықты маңызды?).

5. Өлең идеясына негізделген шағын эссе жазу.

Қосымша ұсыныстар мен әдістемелік нұсқаулар

Абай шығармаларын тиімді қолдану үшін оқытушыларға келесі ұсыныстар беріледі:

- Сабақ жоспарларына Абай шығармаларын жүйелі түрде енгізу.
- Аудио/видео материалдарды (өлеңді ән күйінде тыңдату, анимациялық бейнелер) пайдалану.

• Тәрбиелік мазмұнға ерекше назар аудару, оны оқушылардың өз елдерінің мәдени құндылықтарымен салыстыруға ұсыну.

Мысал: «Интернатта оқып жүр» өлеңімен жұмыс

«Интернатта оқып жүр» атты өлең – қазақ жастарының білім алудағы ұстанымдары мен адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын маңызды туынды. Өлең мазмұны қарапайым әрі өмірлік мағынаға толы болғандықтан, оны оқыту процесінде кешенді әдістермен тиімді пайдалануға болады:

1. Лексикалық жұмыс: «Интернат», «ата-ана», «ақыл», «сабыр», «тәртіп» сияқты тұрмыстық және оқуға байланысты сөздерді талдап, оларды өмірлік жағдаяттарда қолдануды үйрету.

2. Грамматикалық құрылымдар: Өлеңде кездесетін бұйрық рай, тәуелдік жалғауы сияқты грамматикалық категорияларды сөйлем құрау барысында меңгерту.

3. Тыңдалым мен оқылым дағдысы: Өлеңді тыңдату және дауыстап оқу арқылы айтылым, екпін, интонацияға назар аудару.

4. Мәдениетаралық салыстыру: Оқушылар өлеңдегі тәрбиелік ойларды анықтап, оларды өз елдерінің мәдениетімен салыстырады.

5. Шығармашылық тапсырма: «Менің оқуға көзқарасым» тақырыбында шағын эссе жазу немесе рөлдік ойын ұйымдастыру.

Қорытындылай келе Абай шығармалары – шетелдік аудиторияға қазақ тілін үйретудің әмбебап құралы. Оның поэзиясы мен прозасы тілді меңгертумен қатар, ұлттық болмысты, адамгершілік пен парасатты тәрбиелеуге бағытталған. Жас ерекшелігіне қарай бейімделген әдістер мен заманауи технологияларды пайдалану арқылы Абай мұрасын оқыту процесіне сәтті енгізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 320 б.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 147 б.

б.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНІҢ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСЫ – БҮГІНГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ



*Абишаева Сандугаш Мырзағалиқызы,
Алматы облысы Жамбыл ауданы
«Сұңқар орта мектебі МДШО» КММ
информатика пәнінің мұғалімі*

Аннотация: Бұл мақалада қазіргі білім беру үдерісінде информатика пәнінің өмірмен байланысын арттыру қажеттілігі туралы баяндалады. Мақсаты – оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыру арқылы заманауи қоғамға бейімделуін қамтамасыз ету. Зерттеу барысында оқыту әдістері мен ақпараттық технологияларды интеграциялау тәсілдері қарастырылды. Мақалада

нақты педагогикалық жағдайларға сүйене отырып, пәннің күнделікті өмірмен тығыз байланысы мысалдар арқылы сипатталады. Зерттеу сапалы сипатта жүргізіліп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдары анықталды.

Цифрлы дәуірге аяқ басқан қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялардың рөлі зор. Мектеп қабырғасында оқытылатын информатика пәні оқушыларды тек компьютерлік сауаттылыққа ғана емес, күнделікті өмірлік жағдайларда ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларына үйретуі тиіс. Бұл бағытта пән мазмұны мен оқыту әдістемесінің өмірмен байланысы басты назарда болуы қажет. Қазіргі қоғам – бұл цифрлық технологиялармен тығыз байланысты кеңістік. Кез келген салада – медицина, құқық, бизнес, ауыл шаруашылығы, білім беру – ақпараттық жүйелер мен сандық құралдарды қолдану бірінші кезекке шықты. Мұндай ортада өмір сүру үшін адам тек тұтынушы ғана емес, сонымен қатар технологиялық шешімдерді түсінетін, қолдана алатын, кей жағдайда жасап шығара алатын тұлға болуы тиіс. Осы бағытта мектептегі информатика пәні шешуші рөл атқарады. Информатика тек «компьютерді қосу» немесе «мәтін теру» пәні емес, ол – сыни ойлауды дамытатын, талдау, жоспарлау, алгоритм құру, ақпаратпен жұмыс істеу сияқты өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыратын сала.

Информатика пәнін өмірмен байланыстыру – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Сабақ барысында оқушыларға интернет қауіпсіздігі, деректерді сақтау, цифрлық этика, электронды үкімет қызметтері және онлайн банкінг жүйелері туралы ақпарат беру – білімнің тәжірибеде қолданылуын қамтамасыз етеді. Мысалы, «Электронды үкімет» тақырыбы аясында оқушылар egov.kz порталымен жұмыс істеуді үйреніп, өмірлік маңызы бар қызметтерді өз бетімен алуға дағдыланады. Сонымен қатар, алгоритмдік ойлау – оқушылардың логикалық және жүйелі түрде шешім қабылдау қабілетін дамытады. Күнделікті өмірде кездесетін есептерді информатика арқылы шешуге болады:

- Excel арқылы жеке бюджет жүргізу
- Интернетте қауіпсіздік ережелерін сақтау
- Электрондық поштаны пайдалану, құжаттарды жөнелту
- Цифрлық құрылғылар арқылы оқу немесе жұмыс істеу
- Бағдарламалау арқылы автоматтандырылған шешімдер жасау

Оқушыны IT ортаға бейімдеу

Қазіргі оқушы – болашақ маман. Мектеп кезінен бастап IT саласының негіздерімен танысқан оқушы болашақта бағдарлама жазушы, аналитик, жүйе әкімшісі немесе өзге де технологиямен байланысты мамандықтарды меңгере алады. Бұл үшін Scratch, Python сияқты

бағдарламалау тілдері, жобалық жұмыстар, цифрлық шығармашылық тапсырмалар қолданылады.

STEM мен интеграция

Информатика пәні – STEM білім берудің негізгі компоненттерінің бірі. Оны математика, физика, биологиямен байланыстыра оқыту оқушыларға нақты ғылымдарды терең түсінуге көмектеседі. Мысалы, физикадағы қозғалыс моделін бағдарламалау арқылы көрнекі көрсетуге болады. Немесе химиядағы реакциялар тізбегін анимация жасау арқылы түсіндіруге болады.

Сандық қауіпсіздік және медиа сауаттылық

Информатика сабағында тек техникалық емес, этикалық нормалар да қарастырылады. Оқушыларға жалған ақпаратты ажырату, кибербуллингтен сақтану, авторлық құқықты сақтау, желідегі қауіптер туралы ақпарат беру – өмірлік маңызы бар білім.

Информатика – кәсіптік бағдар: Информатика сабағында оқушы IT-мамандықтарымен танысып қана қоймай, өз бағытын айқындауға мүмкіндік алады. 3D-модельдеу, сайт жасау, видеомонтаж, робототехника сынды элементтер оқушыны нақты мамандыққа бейімдей алады. Scratch, Python, HTML секілді бағдарламалау құралдары оқушыларды шығармашылыққа баулиды. Сонымен қатар, электронды үкімет порталымен жұмыс, онлайн қызметтерді пайдалану, қаржы сауаттылығы сияқты тақырыптар да оқытудың өмірмен байланысын күшейтеді.

Қорыта келе информатика – тек компьютерлік бағдарлама емес, ол – заманауи өмірдің маңызды құралы. Сондықтан оны өмірмен байланыстыра оқыту – қазіргі мектеп мұғалімінің басты міндеттерінің бірі. Бұл тәсіл оқушыларды белсенді азаматтық ұстанымы бар, цифрлық сауатты тұлға етіп қалыптастыруға жол ашады. Қорыта келе, информатика пәні қазіргі қоғамның даму қарқынына толық сәйкес келетін, өмірмен тығыз байланысты білім саласы екенін айтуға болады. Оқушыны тек техникалық құралмен таныстыру емес, оны сол құралды шығармашылықпен, қауіпсіз қолдануға бейімдеу – мұғалімнің басты міндеті. Информатика – тек пән емес, болашаққа бастар жол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР БҒМ жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы
2. С.Қ. Айтмұхамбетов. Информатика пәнін оқыту әдістемесі
3. Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы
4. ЮНЕСКО. Цифрлық сауаттылық стандарттары (2023)
5. ҚР Президенті жанындағы Цифрлық даму агенттігінің мәліметтері

БІЛІМ АЛУШЫНЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУДА МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ РӨЛІ

Мәдениет Қалима, Адамова Саруар Кыдырқожаевна

Алматы обл., Жамбыл ауданы

"Т.Сарсенбеков атындағы орта мектеп" КММ,

"К.Абсаметова атындағы орта мектеп" КММ

Аннотация: Бұл мақалада математика пәнінің білім алушыларды кәсіби бағдарлаудағы рөлі қарастырылады. Математика сабақтарын пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастыру, жобалық және практикалық жұмыстарды қолдану арқылы оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауға ықпал ету жолдары талданады. Сондай-ақ, пәнді өмірмен ұштастыру мен STEM-білім беру бағытының маңызы атап өтіледі.

Түйінді сөздер: математика, кәсіби бағдар, пәнаралық байланыс, STEM, жобалық әдіс.

Аннотация: В статье рассматривается роль учебного предмета «Математика» в профессиональной ориентации обучающихся. Анализируются способы формирования осознанного выбора профессии через организацию межпредметных связей, использование

проектных и практико-ориентированных заданий. Особое внимание уделяется значению интеграции математики с реальной жизнью и направлению STEM-образования.

Ключевые слова: математика, профессиональная ориентация, межпредметные связи, STEM, проектный метод.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу. Бұл ретте кәсіби бағдарлау жұмыстары ерекше маңызға ие. Кәсіби бағдарлау – оқушының жеке қызығушылықтарын, қабілеттерін және еңбек нарығындағы сұранысты ескере отырып, мамандық таңдауға бағытталған мақсатты жұмыс, ал бұл үдерісте әрбір пәннің, соның ішінде математика пәнінің өзіндік орны бар.

Математика – логикалық ойлау, дәлелдеу, талдау және модельдеу қабілеттерін дамытатын ғылым. Осы қасиеттер қазіргі заманғы көптеген мамандықтардың негізін құрайды. Сондықтан математика пәні арқылы оқушылардың белгілі бір кәсіби бағытқа бейімделуіне мүмкіндік туғызу – мұғалімнің кәсіби бағдарлық қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

Математика – тек есептер шығару ғана емес, ол – нақты ойлау мәдениетін қалыптастыратын құрал. Білім алушылардың аналитикалық қабілетін, жүйелі түрде ойлауын, шешім қабылдау дағдыларын дамыту – болашақтағы кәсіп таңдауына тікелей әсер етеді. Мысалы, инженерия, ақпараттық технология, қаржы, экономика, архитектура, деректер талдауы, логистика сияқты салаларда математикалық білім – негізгі талаптардың бірі.

Математика сабағында кәсіби бағдар беру мынадай бағыттарда жүзеге асуы мүмкін:

- Мамандықтарға байланысты нақты есептерді қолдану (мысалы, банк саласындағы пайыздық есептеулер, құрылысшының өлшемдік есептері).
- Оқушыларды STEM бағытындағы мамандықтармен таныстыру.
- Ақпараттық технологиялармен байланысты математикалық модельдеу тапсырмалары.
- Жобалық жұмыстар мен зертханалық тапсырмалар арқылы оқушыны нақты өмірлік жағдаяттарға бағыттау.

Сонымен қатар, математикалық пән олимпиадалары, ғылыми жобалар, кәсіптік бағдар клубтары да оқушының қабілетін ашып, болашақ кәсібіне жол сілтейді.

Математика пәнін кәсіби бағдармен ұштастыруда пәнаралық байланысты орнату – оқушының болашақ мамандығын нақты елестетуге мүмкіндік береді. Әсіресе, математика пәнін басқа пәндермен (физика, информатика, география, экономика, биология, технология және т.б.) кіріктіре оқыту арқылы білім алушыларды нақты кәсіп түрлеріне бағыттауға болады.

1. Математика+Физика=Инженерлік бағыттар

Мысалы, құрылыс инженері, электротехник, механик болғысы келетін оқушылар үшін математикалық формулалар мен заңдылықтарды физикалық үдерістермен байланыста түсіндіру маңызды. Мұндай оқушыларға нақты жобалар (ғимарат сызбаларын жасау, күш пен қысымды есептеу, құрылымдық беріктікті талдау) арқылы бағыт-бағдар беруге болады.

2. Математика + Информатика = IT саласы

Бүгінгі таңда сұранысқа ие мамандықтардың бірі – бағдарламашы, веб-дизайнер, деректер сарапшысы (Data Analyst) және жасанды интеллект маманы. Бұл бағыттарға математикадағы логика, алгоритм, функция, координаттар жүйесі, ықтималдық теориясы сияқты тақырыптар өте қажет. Python немесе Scratch негізіндегі программалау элементтерімен сабақтарды біріктіре өткізу – оқушыны нақты IT саласына жақындатады.

3. Математика + География = Экономист, логист, урбанист

Жол қозғалысын есептеу, маршруттарды оңтайландыру, көлік логистикасы, қала жоспарлау – мұның бәрінде географиялық координаттар мен математикалық есептер қатар қолданылады. Геоақпараттық жүйелер (GIS) – осындай пәнаралық байланыстың жарқын мысалы.

4. Математика + Биология = Медицина мен фармацевтика

Дозаны есептеу, медициналық статистика, зерттеу нәтижелерін өңдеу – медицина мамандығын таңдаған оқушы үшін қажет дағдылар. Эпидемиология, генетика, нейроғылым сияқты салаларда математикалық модельдер қолданылады.

5. Математика + Экономика = Қаржы секторы

Банк қызметкері, бухгалтер, экономист, қаржылық талдаушы мамандықтарына қызығатын оқушылар үшін пайыздық есептеулер, функциялар, графиктер мен диаграммалар құру, статистикалық талдау дағдылары өте маңызды. Мұндай сабақтарда банк калькуляторлары, қаржылық модельдеу тапсырмаларын енгізу тиімді.

Жобалық және практикалық бағыттағы жұмыс түрлері

Математика пәні аясында кәсіби бағдар берудің тиімді жолы – жобалық әдісті қолдану. Оқушылар өздері таңдайтын мамандыққа қатысты есептер немесе модельдер құру арқылы теорияны практикамен байланыстырады.

Мысал жобалар:

- «Бюджетті жоспарлау: отбасы қаржысын басқару» (экономист мамандығына бағыт)
- «Қала ішіндегі ең қысқа жолды табу» (логист немесе урбанистке байланысты)
- «Ғимарат негізін жобалау» (құрылыс инженері)
- «Ауылшаруашылық өнімдерінің статистикалық есебі» (агроэкономист)
- «Бағдарламалау логикасы және функциялар» (IT мамандықтары)

Сонымен қатар, оқушыларды кәсіби бағдарлау мақсатында кәсіпорындармен, ЖОО-лармен байланыс орнатып, нақты мамандармен кездесулер ұйымдастыру да олардың кәсіби бағытын қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Қорытындылай келе, математика пәні білім алушыны тек академиялық тұрғыда дамытумен шектелмей, оның кәсіби бағдарлануына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Пәнді оқыту барысында логикалық ойлау, талдау, жүйелеу және дәлелдеу дағдыларының қалыптасуы – оқушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауға негіз болады.

Математика сабақтарында пәнаралық байланыстарды орнату, жобалық және практикалық тапсырмаларды енгізу, сондай-ақ STEM-білім беру тәсілдерін қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың кәсіби бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер оқушының жеке қабілеттерін ашуға, шығармашылық әлеуетін дамытуға және нақты өмірлік жағдаяттарда білімін қолдануға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, мектеп пен жоғары оқу орындары, өндіріс орындары арасындағы ынтымақтастықты дамыту, кәсіби орта өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру – кәсіби бағдар берудің тиімділігін арттыратын маңызды факторлардың бірі.

Осылайша, математика пәнін кәсіби бағдармен ұштастыра оқыту – қазіргі заман мұғалімінің инновациялық қызметінің маңызды бағыты. Бұл бағыт оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың болашақта еңбек нарығына бейімделген, жауапкершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қалиев, & Т.Сейсембеков, (2018). Математика және логикалық ойлау. Алматы: Мектеп.
2. С.Әбенев, (2020). Оқушыларды кәсіпке бағдарлау әдістері. Астана: НЗМ баспасы.
3. Л.Жұмабаева, (2019). STEM-білім беру: тәжірибе және болашағы. Алматы: Рауан.
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2021). Орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.
5. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/2331186X.2025.2461978>
6. <https://www.mdpi.com/2227-7102/14/12/1352>
7. https://www.researchgate.net/publication/381745623_Perception_of_IT_teachers_on_their_methodological_development_A_case_at_Kazakhstan_universities

АРУЛАР ЖЫРЫ – РУХТЫҢ ҮНІ: АҚСУЛЫҚ ҚАЗАҚ АҚЫН ҚЫЗДАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ КӨРКЕМДІК ПЕН ҰЛТТЫҚ ҮНДЕСТІК (ойтолғау-мақала)

Сагимбекова Бакыт Советхановна
Жетісу облысы, Ақсу ауданы
«Абай атындағы орта мектеп КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-шебер

Жер жәннаты атанған Жетісу – қазақтың алтын тамыры, тарих пен тағдыр тоғысқан қасиетті өңір. Сол Жетісудың арынды Ақсу аймағы – табиғаты әсем, топырағынан талай талант түлеткен киелі мекен. Осы өңірдің Көкжайдақ (бұрынғы Қосағаш) ауылынан шыққан ақын қыздардың жыр әлемі – ел руханиятының асыл қазынасына айналған құбылыс. Бұл өлкеден тараған нәзік үн мен өр мінез тоғысы қазақ поэзиясына жаңа тыныс, ерекше әуен, шынайы сыр алып келді.

Ақсудың ақ таңындай жарқ еткен ақын қыздар – туған жердің топырағынан нәр алып, өлең өлкесіне ізгілік пен сұлулықтың сәулесін сепкен жандар. Олардың жырларында Көкжайдақтың самал желі, Ақсу өзенінің арынды үні, Жетісу тауларының мұнарлы көркі, аналардың әлдіі мен елдің ерлік рухы қатар өріледі.

Қазақ поэзиясында әйел қаламгерлердің орны қашанда ерекше. Нәзік жүрек иесі бола тұра, олар сөз өнерінде батыл, ой мен сезімді тең ұстаған, ұлттық рухтың асқақ үнін жеткізген. Солардың ішінде Ақсу жерінен шыққан ақындар да ұлтымыздың өлең керуеніне өзіндік қолтаңба қалдырып, ақындық өрелерімен даралана білді.

Кезінде Арқаның арқалы ақыны Біржан салдың өзі Жетісу еліне арнайы іздеп келуіне себепкер болған, айтыстың бұлбұлы атанған Сара Тастанбекқызы – сол рухани көштің алдыңғы сапында тұрған дара тұлға. Сараның өнері – тек сөз сайысының үлгісі ғана емес, ол – әйел теңдігі мен еркін ойдың, адамдық қадір мен ар-намыстың жырмен өрілген манифесі. Оның өмірі мен өлеңі, тағдыры мен таланты Ақсу топырағынан бастау алып, күллі қазақтың рухани байлығына айналды.

Сараның ізін жалғаған кейінгі ақын қыздар да туған жер рухын, ұлт намысын, әйел әлемінің нәзік сырларын жырларына арқау етіп, Жетісу поэзиясының алтын желісін жалғап келеді. Олар – уақытпен үндескен, рухпен сөйлеген, ел мен жерге махаббатын өлеңмен өрнектеген жыр абзалдары.

Ақын Сара өз жырларында адами құндылықтарды, әсемдік пен нәзіктікті, әйел тағдырын, ел мен жерге, жетім мен жесірге қатысты әлеуметтік мәселелерді көтеріп, оны көркем тілмен жеткізе білді. Сара шығармашылығының биік шыңы – оның «Біржан салмен» айтысы екені белгілі. Ақынның суырып салма ақындығымен қатар, жазба поэзиядағы қыры да айрықша. Оның «Жүрек», «Ашындым», «Арсалаң алдында», «Жүрек сыры», «Жайлауда», «Әбіштің аруағына», «Хош бол, елім», «Тұзақ» секілді өлеңдері ақынның ойлы да сыршыл болмысын танытады.

Қанипа Әбдірахманқызы Бұғыбаева да – қазақ поэзиясына өзіндік өрнек қосқан талантты ақын. Ол Жетісу өңіріндегі Ақсу өзенінің бойын жайлаған Көкжайдақ ауылында туған. Ақын өлеңдерінде адалдық, сұлулық, ел мен жерге, сүйген жар мен балаға деген махаббат басты тақырыпқа айналады. Қанипа Бұғыбаева – өр рухты, терең ойлы, оқырманға ой салатын сыршыл жырларымен танылған қаламгер. Оның «Екінші дәптер» (1965), «Ақ сүт» (1968), «Қара торғай» (1970), «Аруана» (1973), «Ана жыры» (1974), «Жыр және жүрек» (1977), «Қыз дәурен» (1979), «Көк белестер» (1982), «Менің дауысым» (1984), «Гүлдер көзін ашқанда» (1989) атты өлең жинақтары жарық көрген.

Ақын 1993 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған Түркі елдері поэзиясының II фестивалінің жеңімпазы атанған. Сондай-ақ 2001 жылы Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға арналған мүшәйраның I дәрежелі дипломымен марапатталған, 2002 жылы Жамбыл ауданының Құрметті азаматы атанды. Оның өлеңдері орыс, неміс, өзбек, қырғыз және қытай тілдеріне аударылған.

Сағыныш Сабыржанқызы Намазшамова – бүгінгі қазақ поэзиясының нәзік үнді өкілдерінің бірі. Ол 1978 жылы Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қосағаш ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің бакалавриатын және магистратурасын тәмамдаған.

Ақынның өлеңдері «Жыр маржаны» атты он томдық қазақ поэзиясы антологиясына, сондай-ақ қазақ ақындарының испан, әзербайжан, түрік, қырғыз, саха тілдерінде жарық көрген жинақтарына енген. Германияның «Haus für Poesie» поэзия үйі ұйымдастырған жоба аясында Гейдельберг қаласындағы «Wunderhorn» баспасынан шыққан «*VERSSchmuggel. Поэзиялық диверсия*» атты кітапқа да оның туындылары енгізілген. Сағыныш Намазшамова көркем аудармамен де айналысады, балаларға арналған өлеңдер жазады. Оның «Бақыттың бағасы» (2007), «Сағыныш» (2009), «Менің мифім» (2021–2024) атты жыр жинақтары жарық көрді.

Ақын шығармашыл жастардың халықаралық «Шабыт» фестивалінің (2007) жеңімпазы, балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық «Ер Төстік» (2021) және «Жас өрен» (2022) байқауларының жүлдегері. 2015 жылы Мемлекеттік стипендия иегері атанып, 2022 жылы «Әдебиет» аталымы бойынша «Assyl Tas» қорының стипендиясын иеленді. Қазақстан Жазушылар одағы мен «Janp» әдеби клубының мүшесі.

Ақын Сара, Қанипа Бұғыбаева және Сағыныш Намазшамова – бір топырақтан түлеп ұшқан үш бұлбұл, үш нәзік те өр рухты жыр иесі. Бір ауылдың аялы топырағынан нәр алып, қазақ поэзиясының кең аспанында әрқайсысы өз жұлдызын жарқырата жандырған. Қалам қарымдары мен поэтикалық өрнектері әртүрлі болғанымен, олардың жырларынан ортақ бір әуен – ұлт рухы, әйел парасаты және туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік үні естіледі.

Үш ақынның өлеңдерінде нәзіктік пен қайсарлық, сағыныш пен сезім, адалдық пен елге деген іңкәрлік тоғысады. Олар – өз дәуірінің шындығын жүрек сүзгісінен өткізіп, поэзия тілімен өрнектей білген өрелі тұлғалар. Олардың жырларында қазақ қызының намысы, ананың мейірімі, ақын жүректің адалдығы тоғысқан.

Ақсудан шыққан ақын қыздардың шығармалары – ұлт руханиятының асыл қазынасы. Бұл жырлардан ел мен жерге деген сүйіспеншіліктің, адам мен табиғат арасындағы үйлесімнің, қазақ әйелінің рухани биіктігінің айқын бейнесін көреміз.

Сондықтан да «Арулар жыры – рухтың үні» атты курс мектеп оқушыларына әдебиет пәні арқылы берілетін білімді толықтыратын, ұлт рухын, тіл мен әдебиетті сүюге баулитын құнды бағдарлама болып табылады. Мұндай сабақтар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ізгілік пен рухани байлыққа құрмет сезімін қалыптастырады.

Арулар жыры – тек өткеннің үні емес, ол – рухтың мәңгілік жалыны, ел ертеңіне бағытталған үміт пен сенімнің символы. Олардың өлеңдері – жүректерге жылу, ұлт санасына нұр құятын рухани жарық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. М.Балақаев. «Тіл мәдениет және қазақ тілін оқыту». Алматы-1989.
2. М.Балақаев. «Қазақ тілінің мәдениеті». Алматы-1971.
3. Р.Сыздықова. «Сөз күдіреті». Алматы- 1997.



ӘДІСКЕР МЕТОДИСТ



ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ӨСУІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Джантлеев Сейтжан Салемханович

Іле ауданы білім бөлімі

Іле ауданының әдістемелік орталығының әдіскері

Әрбір педагог өзінің қызметтік үдерісінде өзінің кәсіби даму деңгейін өзгертіп отыруға мүмкіндігі бар және сол қажеттілікке ие бола алады. Кәсіби педагогикалық дамудың әртүрлі кезеңдері кәсіби құзіреттіліктің әртүрлі деңгейлеріне сәйкес келеді. Мұғалімнің қызметтік іс-әрекетінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның кәсіби даму деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуда біліктілікті арттырып отыру қажет. Жаңартылған орта білім беру мазмұнын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты болады. Әсіресе ұстаз өз пәнін жетік біліп тұрса, өз пәнінің тақырыптарына байланысты қызықты тапсырмалар жасап соны өз сабағында қолданса, яғни, үздіксіз жұмыс жасаса онда зор жетістікке ие бола алады. Жаңашылдықты қолдана отырып оқушылармен бірлесіп жұмыс істей білу, оның пікірімен санасу, оқушының жеке ойын білу, ынтымақтастық ортада жұмыс жасау сияқты қабілеттерді үйреткенде, ондай мұғалімнің педагогтің кәсіби шеберлігі арта түседі. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оқушының мектепте ғана емес, өмірде де табысты болуына әсерін тигізбей қоймайды. Әлемдегі озық мектептердің білім беру жүйелеріне үңілсек, білім беру жүйесі жақсы болса да, білім алудың алғашқы жылдары біліктілігі сәйкес келмейтін мұғалімнен оқыған оқушылар жетістікке қол жеткізе алмаған, содан кейінгі жылдары да олардың сол олқылықты жоюға мүмкіндігі жетпей жататынын атап айтқан. Бұдан шығатыны: баланы оқытатын мұғалім алдымен өзінің оқыту сапасын арттыруы қажет. Осы мәселе басты болып табылады. Яғни, ұстаздың кәсіби біліктілігін арттыруда оқыту әдістемесі мен технологияларды, пәннің мазмұны мен бағалау жүйесін білу, оны мықты үйрену негізгі мақсат болу керек. Әр педагогтің алдында өзіндік мақсаттары мен міндеттері болуы тиіс. Қазіргі уақытта кәсіби даму бұрынғыдай бес жылда бір рет жүзеге аспайды, керісінше үздіксіз оқуды талап етеді. Үйренгенді бірден тәжірибемен ұштастырып, өз әріптесімен ынтымақтастық байланыс орнатқанда ғана сіңімді болады деп ойлаймын. Сондықтан мұғалім өз алған білімін әрдайым ортаға салып бөлісіп, түрлі тренингтер ұйымдастырып, әріптестеріне көрсетіп тәжірибесімен алмасу керек.

Педагогтерге арналған жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстар мұғалімдерге қажетті кәсіби дағды мен құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған болуы керек. Өз ойым мұғалімдерге ұсынылатын әр курстың міндеттері болуы шарт. Олар:

1. Ыңғайлы уақытта оқу мүмкіндігі;
2. Жеделдетілген оқу мүмкіндігі;
3. Курс материалдарына қол жеткізу 24/7;
4. Білім беру бағдарламалары ҚР Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген;
5. Жұмыс пен оқытуды үйлестіру.

Мысалы, мен пән бойынша бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау курсы оқытын болсам, бағалаудың теориялық аспектілерін, критериялды бағалаудың мазмұнын, құрылымы мен қағидаттарын түсініп біліп аламын. Екіншіден, курста үйренгенімді: оқыту әдістемесі мен технологияларды мектепшілік оқуда жалғастырсақ, теориялық білілімізді практикада қолдана отырып, алған білілімізді бекітуге мүмкіндік болады. Семинар, вебинарлар ұйымдастырып, коучингтер өткізу арқылы мектептің барлық мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін

жетілдіру үшін ең тиімді және қолжетімді болады. Жаңартылған білім беру мазмұнын терең түсіну үшін, оқу мақсаттары бойынша дұрыс білім беру үшін кәсіби біліктілікті ұстаздармен бірігіп отырып дамыту мейлінше тиімді болары сөзсіз. Бұл педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыруда әр мектепте осындай ұжымдық қолдау көрсетілгенде, мектепаралық желілік қоғамдастықтар ұйымдастырылғанда мұғалімдер бір-бірінен кеңес алып, оқу семинарлары мен шеберлік сабақтарына қатыса алады. Бір сөзбен айтқанда курстарда оқыған кәсіби біліктілігін енді практикада қолданып, Выготский айтқандай «жақын арадағы даму ортасында» тәжірибелі ұстаздардан тәлімгерлік алады. Тәлімгер ұстаз тәжірибесі аздау мұғалімдермен, жас мамандармен тәжірибе алмасады, сабақтарына қатысып өз ойларымен бөліседі, қандай да бір олқылық тұстары болса, оны жақсартуға және жеке кәсіби даму бағытын құруға көмектеседі. Мұндай жұмыстардың тиімділігі де, қызығы да сол – тәжірибелі ұстаздар үйрететін әріптесінің жұмысын бағаламайды, керісінше кәсіби қолдау көрсетеді. Үшіншіден, өз бетінше білім алудың ең ыңғайлы түрі онлайн оқу болып табылады. Пандемия кезінен бастап оқудың бұл түрін жетік меңгеріп келеміз. Енді мұғалім еш шектеусіз, өзін толғандырған тақырыпта, кәсіби жетілуіне қажет боп тұрған кез келген көмекті ақылы немесе тегін курстар, онлайн вебинарлар мен семинарлар, пікірталас алаңына қатысу арқылы білім алып, тәжірибе алмасуға және идеялар алуға мүмкіндігі бар. Мен жоғарыда айтып өткен білім алудың үш түрі жүзеге асқанда педагогтің кәсіби біліктілігін арттыру жүйесі бір жерге шоғырланады. Мұғалімнің кәсіби біліктілігін шыңдау үдерісінде табысқа жетудің жолы – оқып-білген теориялық білімін күнделікті сабақ беру қызметінде қолданып жақсартып отыру.

Кәсіби тәжірибе жинақталғанда педагогтің таңдаған бағыты оның кәсіби дамуына ықпал етеді. Себебі дұрыс бағытта кәсіби өскен мұғалімнің идеалды болмаса да, толыққанды бір бейне қалыптасады. Яғни алдымен жас маман немесе өзін енді кәсіби тұрғыда дамытып бастаған педагогты ынталанушы, одан кейін теорияны практикамен ұштастырып, сол жұмысқа бейімделеді. Әрі қарай педагог ізденіс үстінде жүріп ресурсқа еркін қол жеткізе алатын жағдайда болады, сөйтіп оқытудың озық жаңа технологияларын белсенді пайдаланатын педагогқа көтеріледі.

Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуына мынадай іс-әрекеттерді негізге алуға болады:

- 1) Жаңартылған орта білім беру мазмұны бойынша курстардан өту;
- 2) Жаңа технологияны қолдану және оны тарату барысында іс-тәжірибені жетілдіру;
- 3) Оқу мен оқытуда көшбасшылық ету;
- 4) Мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал ететін желілік қоғамдастықта тәжірибе алмасу, жұмыс жүйесін қалыптастыру;
- 5) Пәндік құзыреттілікті артыру үшін өткізілетін олимпиадаға, конкурстарға қатысу;
- 6) Жинақталған іс-тәжірибесін тарату.
- 7) Ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа араласу.

Педагог өзін дамытып, кәсіби біліктілігін артырып, зерттеушілікке өткенде түрлі қиындықтарды көреді және оны шешуге ұмтылады. Кәсіби іс-әрекетіне шығармашылықпен қарап, білім берудегі инновацияның дамуына байланысты педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Сондықтан зерттеуші педагог қазіргі инновацияларды зерделеп, бақылап жүріп сараптау арқылы өзін-өзі дамытады. Өзін-өзі дамытып жүріп біліктілігін арттырады, өз білімін жетілдіреді, білімін толықтырады, ғылыми конференцияларда баяндама жасайды, түрлі әдістемелік-практикалық семинарларды жүргізеді, өзі де қатысады. Сөйтіп зерттеуші педагог жас маманның немесе кәсіби деңгейін енді ғана көтеріп жүрген мұғалімге, әріптестеріне айтарлықтай ықпал етеді.

Ұстаз өзінің кәсіби біліктілігін арттыруда деңгейден деңгейге өткен сайын сапалық өзгерістерді байқайды. Ал егер мұғалім ол өзгерістерді байқамаса немесе өзінің өсу деңгейіне талдау жасап көрмесе, онда педагогте кәсіби даму болмайды, қызметтегі үдерісі бірқалыпты жүреді. Себебі педагогтің кәсіби қалыптасуы педагогикалық және ұйымдастырушылық қағидатқа негізделеді. Ал педагогтің жаңа технологияларды оқу үрдісінде тиімді пайдаланып, тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін кәсіби біліктілікті дамыту мақсатының нәтижелерін,

кемшілігі мен жетістіктерін үнемі саралап отыруда бақылаудың тиімді жолы – мониторинг жүргізу. Сондықтан педагогтердің әлеуметтік және кәсіби позицияларының нақты болуы педагогикалық мамандыққа қойылатын маңызды талаптардың бірі. Білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру міндеттері әдетте мұғалімге қойылатын талаптардың өсуімен және сапасын дамытумен байланысты. Кәсіби даму нәтижесінде педагог өзінің барлық оқу мен оқыту тәжірибесі барысында өз кәсіби дағдылары мен іскерліктерінің деңгейін және сапасын сақтауға мүмкіндік алады. Шынайы бейнедегі кәсіби маман үздіксіз білім алу, біліктілікті арттыру және тәжірибе жинақтау арқылы ғана танылады.

Қорытындылай келе, кәсіби даму – бұл жүйелі түрде жүзеге асырылатын, білім саласында үнемі жетілу мен кеңеюге бағытталған, тұлғалық қасиеттердің дамуы мен жаңа кәсіби білім мен дағдыларды меңгеру арқылы бүкіл еңбек жолында қойылған міндеттерді шеше алуға мүмкіндік беретін үдеріс. Кәсіби маманға айналу барысында мұғалім өзінің жеке қасиеттеріне сүйене отырып, жағдайларды дамытуға, өзгертуге және түрлендіруге белсенді әрекет ететін тұлғаға айналады. Яғни, кәсіби маман өз кәсіби өмір жолын саналы түрде өзгертіп, өзін-өзі дамыту мен кәсіби тұрғыдан жетілдіруге ұмтылады. Педагогтың кәсіби шеберлігі – бұл кәсіби өзін-өзі жетілдіруге деген мотивациядан, жедел әрекет ету қабілетінен және жеке ресурстардан тұратын жүйелі білім беру процесі. Осы орайда, мұғалімнің жүйелі түрде өзін-өзі кәсіби тұрғыдан дамытып отыруы және бойындағы тұлғалық қасиеттерді үнемі нығайтып отыруы аса маңызды. Сонымен қатар, әрбір педагогтің кәсіби өсуіне қолдау көрсету және оған сенім арту – білікті басшы мен қолдау көрсететін әріптестерге тікелей байланысты. Педагог өз ортасында қолдауға ие болып, тәжірибесімен ашық бөлісіп отырса, сөзсіз жоғары жетістіктерге қол жеткізе алады деп нық сеніммен айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015

1. Коллективная монография ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области. Повышение качества профессионального развития педагога. – Қарағанды, 2015. 18-19 б.

2. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы

3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011861>

ЖАС ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАМУЫНДАҒЫ ТӘЛІМГЕРЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Ергасенова Гульнар Жумановна

*«Өрлеу» БАҒО» АҚФ «Алматы облысы бойынша ҚДИ» филиалы
Жетісу облысы бойынша өкілдігінің аға оқытушысы*

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның үнемі өзгеріп отыратын талаптарына сай болуы тиіс. Бұл үдерісте білім беру мазмұнын жаңарту, заманауи технологияларды енгізу және оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру үшін педагог кадрлардың кәсіби деңгейі шешуші рөл атқарады. Әсіресе, жоғары оқу орындарын бітіріп, мектеп табалдырығын алғаш аттаған жас мамандардың кәсіби қалыптасуы ерекше назар аударуды талап етеді. Дәл осы кезеңде олардың теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, әдістемелік дағдыларды меңгеру және ұжымға бейімделуі қиындық туғызады. Бұл мәселелерді шешудің ең тиімді және жүйелі жолы – тәлімгерлік (менторлық).

Тәлімгерлік – бұл тәжірибелі, жоғары білікті педагогтің жас маманға оның кәсіби және тұлғалық өсуіне көмектесу мақсатындағы ұзақ мерзімді, бағытталған қолдауы.

Тәлімгерліктің басты мақсаты – жас педагогтің кәсіби күйіп қалуының алдын алу, оның жұмысқа деген ынтасын сақтау және тез арада толыққанды маман ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл мақала жас педагогтердің кәсіби дамуындағы тәлімгерліктің маңызын, оның атқаратын негізгі міндеттері мен оның білім беру сапасына әсерін талдауға арналады.

1. Жас маманның кәсіби бейімделу кезеңіндегі қиындықтары

Кез келген кәсіби ортада, әсіресе педагогика саласында, жас маман үшін алғашқы жылдар ең күрделі кезең болып саналады.

- Әдістемелік тәжірибенің жетіспеушілігі: Жас мұғалімдер сабақтарды заманауи талаптарға сай тиімді жоспарлау, оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне сай оқыту әдістерін таңдау, критериалды бағалауды дұрыс жүргізу сияқты практикалық дағдыларда қиналады.

- Психологиялық қысым және стресс: Жаңа жұмыс орны, оқушылар контингенті, ата-аналармен жұмыс және әкімшілік талаптар жас педагогқа психологиялық тұрғыдан ауыр жүк болады. Нәтижесінде, кейбір жас мамандар алғашқы 3-5 жыл ішінде мамандығын тастап кетуге мәжбүр болады.

- Ұйымдастырушылық және нормативтік шатасулар: Мектептің ішкі тәртібі, құжат айналымы, есеп берулер және білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді меңгеру көп уақыт пен күшті талап етеді.

Дәл осы кезеңде тәжірибелі тәлімгердің бағыт-бағдар беруі жас маманға маңызды тірек болып, кәсіби дамуына серпін береді.

2. Тәлімгерліктің кәсіби дамудағы негізгі міндеттері мен рөлі

Тәлімгерліктің маңызы жас педагогке тек кәсіби білім берумен шектелмейді, ол оның тұлғалық және әлеуметтік қалыптасуына да ықпал етеді.

- Кәсіби шеберлікті арттыру: Тәлімгер жас маманды өз сабақтарына қатыстырып, ашық сабақтар өткізіп, оларды талдауға үйретеді. Заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістерді (мысалы, белсенді оқыту, АКТ) тиімді қолдануға үйрету арқылы оның педагогикалық құзыреттілігін арттырады.

- Психологиялық қолдау және сенім қалыптастыру: Тәлімгер жас маман үшін сенімді орта қалыптастырады. Ол оның сәтсіздіктерін түсіністікпен қабылдап, жетістіктеріне қуанады. Бұл жас мұғалімнің өзіне деген сенімділігін арттырып, кәсіби қызметке деген құлшынысын нығайтады. Тәлімгердің қолдауымен жас маман жұмыстағы стресс пен эмоционалдық күйзелістерді жеңуді үйренеді.

- Ұжымға бейімделуді жеделдету: Тәлімгер жас маманды ұжым мүшелерімен, мектеп әкімшілігімен таныстырып, қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Оны мектептің дәстүрлері мен мәдениетімен таныстыру арқылы әлеуметтік бейімделу үдерісін жеделдетеді.

- Рефлексиялық дағдыларды дамыту: Кәсіби дамудың негізгі шарты – өзін-өзі талдау және өзінің педагогикалық әрекеттерін үздіксіз бағалау. Тәлімгер жас мұғалімге өз сабақтарын, жетістіктері мен кемшіліктерін сыни тұрғыдан талдауға, сол талдау негізінде жеке даму жоспарын құруға үйретеді. Бұл – өмір бойы білім алу қағидатын ұстанудың негізі.

3. Тиімді тәлімгерлік моделін құрудың тиімділігі

Тәлімгерліктің жоғары тиімділігіне жету үшін оны жүйелі түрде ұйымдастыру қажет.

- Тәлімгерді дұрыс таңдау: Тәлімгер жоғары кәсіби біліктілікке ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалық қасиеттерге, әсіресе коммуникациялық және эмпатиялық дағдыларға ие болуы керек. Тәлімгер мен тәлім алушының өзара келісімі және сенімді қарым-қатынасы – табысты тәлімгерліктің маңызды шарты.

- Нақты бағдарлама: Тәлімгерлік процесі нақты жоспарға негізделуі тиіс. Жоспар жас маманның қажеттіліктерін ескере отырып, бірнеше бағытты (әдістемелік, психологиялық, ұйымдастырушылық) қамтуы керек. Мысалы, алғашқы тоқсанда құжаттамаға, екінші тоқсанда сабақ өткізу шеберлігіне басымдық беру.

- Нәтижелерді бақылау және бағалау: Жас педагогтің кәсіби өсу динамикасын (сабақтарды талдау карталары, оқушылардың жетістіктері, аттестация нәтижелері) жүйелі түрде бақылап отыру қажет. Бұл тәлімгерлік бағдарламасының тиімділігін көрсетіп, қажет болған жағдайда түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Жас мамандарды тұрақтандыру, олардың кәсіби деңгейін жедел көтеру және білім берудің жалпы сапасын арттыру үшін тәлімгерлік бағдарламаларына инвестиция салу – мектеп әкімшілігі мен білім беру ұйымдары үшін стратегиялық маңызы бар шешім.

Қорытындылай келе тәлімгерлік – жас педагогтердің кәсіби дамуындағы тек қажеттілік ғана емес, сонымен қатар табысты қалыптасудың шешуші факторы. Бұл жүйе жас маманға алғашқы қиындықтарды жеңуге, кәсіби біліктілігін арттыруға, мектеп ортасына тез және тиімді бейімделуге мүмкіндік береді. Тәжірибелі ұстаздардың қолдауы арқасында жас педагогтер өз мамандығына деген адалдығын нығайтып, болашақта өздері де білікті тәлімгерлер қатарын толықтыра алады.

Ұлы Абайдың "Пайда ойлама, ар ойла" деген даналығын жадында ұстайтын, өзін-өзі үздіксіз жетілдіруге ұмтылатын жаңа формациялы ұстаздарды қалыптастыруда тәлімгерліктің маңызы зор. Сондықтан, білім беру ұйымдарындағы тәлімгерлік жүйесін дамыту және оның тиімділігін арттыру – мемлекетіміздің білімді, білікті ұрпақ тәрбиелеу жолындағы маңызды қадамы болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана, 2007 ж
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Педагогтердің кәсіби даму тұжырымдамасы. – Астана, 2020 ж
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары білім беру жүйесінде қолдану. – Алматы: Санат, 2014 ж
4. Қасенова Ә. Педагогикалық менеджмент және тәлімгерлік негіздері: оқу құралы. – Алматы, 2021 ж
5. Жұмабаева А.Ж., Оспанова Г.Ж. Жас педагогтің кәсіби бейімделуі: тәжірибе және әдіснамалық негіздер. – Алматы: Рауан, 2019 ж
6. Сарбасова Т.С. Менторинг және коучинг – педагогтің кәсіби дамуын қолдау технологиясы // Білім беру кеңістігі. – 2022 ж
7. Халықова Г. Педагог-психологтың жас мамандармен жұмысы // Педагогика. – 2021 ж